ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ ЖАППАЙ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫ МЕН РЕСЕЙДЕГІ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ

ҰЖЫМДЫҚ МОНОГРАФИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ ЖАППАЙ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫ МЕН РЕСЕЙДЕГІ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ

ҰЖЫМДЫҚ МОНОГРАФИЯ

Алматы, 2022

ӘОЖ 94(574)(035.3)
ҚБЖ 63.3(5Қаз)
Ж 63

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесі 2022 ж. 13 қаңтардағы № 8 хаттамамен баспаға ұсынған. AP08856865 «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшіндісі: орналасуы мен бейімделуі» жобасы аясында жарияланды.

Редакциялық кеңес:
З.Е. Қабылдинов, А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, А.С. Мусағалиева

Пікір жазғандар:

М.К. Төлекова – тарих ғылымдарының докторы, профессор
А.Т. Қапаева – тарих ғылымдарының докторы, профессор

Ж 63 XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: Ұжымдық монография / А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, С.Н. Мамытова, З.К. Курманов, Ө.И. Исенов, А.С. Мусағалиева, Р.Ж. Байдалы, Р.Д. Кубеев. – Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022. – 259 б.

ISBN 978-601-7342-72-2

Ұжымдық монография 1929-1933 жж. ашаршылық пен сол кезеңдегі қазақ халқының мәжбүрлі көші-қоны – босқыншылық тарихын қарастырады.

Еңбекте XX ғ. 20-жж. соңы – 30-жж. басындағы Қазақстандағы ашаршылық пен босқыншылықтың алғышарттары, барысы, Қазақстанмен шектес аймақтардағы босқындардың ахуалы, босқыншылықпен күрес тарихы нақтыланады. Қазақстандағы 1929-1931 жж. шаруалар көтерілістері мен қазақтардың ауа көшуі халық наразылықтары тұрғысынан қарастырылып, көтерілісшілердің шекарадан өтуі мен «ауа көшу» мәселесі де жаңа деректер негізінде ашылады.

Монографияда босқыншылық тарихының аймақтық ерекшеліктері қарастырылады. Ресейдің Қазақстанмен шектес аймақтары бойынша Батыс Сібірдегі босқын қазақтардың бейімделу мәселелері, қазақтардың Алтай өлкесіне мәжбүрлі түрде қоныс аударуы, Еділ бойындағы босқын-қазақтар деген бөлімшелер негізінде көрсетілген.

Орта Азия республикалары бойынша қазақ босқындарының тарихы аштықтан Қырғызстанға қашқан қазақтардың жасалған көмек негізінде аман қалуы, Өзбекстанда қазақ босқындарын орналастыру мәселелері, Қарақалпақстандағы қазақ босқындарының тағдыры, Тәжікстандағы қазақ босқындарының тағдыры, орналасу ерекшеліктері және Түрікменстандағы қазақ босқындарының тарихы жаңа архивтік құжаттар мен естеліктер негізінде ашылады.

Монография гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандарға, жоғарғы оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, оқытушылар қауымына, сондай-ақ ел тарихын сүйер көпшілік қауымға арналған.

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТжЭИ, 2022
© ИП «Мадияр»

АЛҒЫСӨЗ

Өткенге көз жіберу, халық жадындағы оқиғаларды анықтап, оларға қисынды, әрі әділ баға беру, одан сабақ алу адамзат танымына тән құбылыс. Тарихын білуге ұмтылыс әр халықтың ерекшелігін анықтау үшін де қажет. Соның ішінде Қазақстандағы XX ғ. 20-30-жж. ашаршылықтар тақырыбында қарастырылмаған мәселелер әлі де жеткілікті: мысалы, шетке кеткен босқындар тарихы, олардың жолда қырылғандары (бұл жерде өз бетінше ашаршылықтан өлгендермен бірге, арнайы бұйрықпен шекарадан өтерде атылғандар), босқындардың барған жерлеріндегі жағдайы, орналасуы, жаңа орынға бейімделуі (көмек ала алды ма, қандай қиындықтар көрді, жергілікті халықпен қарым-қатынасы қандай болды, жұмыспен, азық-түлікпен қамтылды ма, жұмыска тұрды ма т.б.). Нәтижесі қандай болды? Босқындар барған елдердегі ахуал ше? Босқындарды кері қайтару жөніндегі шаралар мен сыртқа кеткен босқындарды қайтару үшін арнайы комиссиялардың қызметтері қандай болды? Босқындардың ұрпақтары бар ма? Сондай-ақ, аштық салдарынан жас балалар көп шетінеді. Оның бір көрінісі – елге қайтуға жиналғандардың ішінде 10 жасқа дейінгі балалар сирек кездесті. Яғни, босқыншылық тарихына қатысты анық-қанығын білуге тұратын мәселелер көп және тақырып өзектілігін жоймай отыр.

Қазіргі уақытта XX ғ. 20-30-шы жылдары орын алған ашаршылықтар кезеңінде дала халқының мәжбүрлі көші-қонының тұтас көрінісін қалпына келтіру және олардың көршілес республикалар мен алыс шетелдер аумағына босып қашуы мен ауа көшуі, жаңа жерлерге бейімделуі тарихын анықтау бағытында бірқатар зерттеулер де жүріп жатыр.

Тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс - деген тұжырымды ұстана отырып, жоба орындаушылары халқымыздың тең жартысынан айырылған 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың алғашқы жартысындағы ашаршылық пен соның салдарынан Ресейге, Орталық Азия республикаларына және көршілес елдерге көшіп, босқыншылыққа ұласқан тарихты, босып кеткен қандастарымыздың қилы тағдырын зерттеуді қолға алды.

Ұжымдық монография «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшпелілері: орналасуы мен бейімделуі» атты жоба бойынша жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі болып табылады.

Кітаптың тақырыбында көрсетілгендей, авторлар негізінен қазіргі Орталық Азиядағы Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан республикаларына және Ресейдің Қазақстанмен шекаралас аймақтарындағы Батыс Сібір, Алтай өлкесі және Еділ бойына босқыншылықпен барған қазақтар тарихына көбірек көңіл бөліп, арнайы қарастырды. Ал, еліміздің шығыс бөлігінде орын алған босқыншылық тарихы алдағы зерттеулердің еншісінде.

Дегенмен, деректерде, зерттеулерде кездесетін мәліметтер негізінде шығыстағы босқыншылық үрдісінің жалпы бағыты, барысы, салдарлары және нәтижелері де монографияда сөз болады.

Монографияның авторлары: А.И. Құдайбергенова – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының БҒҚ, тарих ғылымдарының докторы, доцент (Кіріспе, 1 тарау §1, 2 тарау §2.1, §3, §4, 4 тарау §1, §3, Қорытынды); З.К. Курманов – Қырғыз Республикасы Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық академиясының проректоры, тарих ғылымдарының докторы,

профессор (1 тарау §4.2, 4 тарау §2), М.М. Қозыбаева – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры, PhD доктор (3 тарау §1, §2), С.Н. Мамытова – Астана IT университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы (1 тарау §2, 3 тарау §3), А.С. Мұсағалиева – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы (2 тарау §2.2), Ө.И. Исенов – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты (Кіріспе, 1 тарау §4.2, 2 тарау §1, 4 тарау §5), Р.Ж. Байдалы – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор (4 тарау §4, §6), Р.Д. Кубеев – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері (1 тарау §3, 3 тарау §4).

Кітапты дайындаған және жауапты редакторы т.ғ.д., доцент А.И. Құдайбергенова, жекелеген мәтіндерді орыс тілінен аударғандар: А.И. Құдайбергенова, С.Н. Мамытова, А.А. Бекенова және А. Әжібек.

Ескерте кетер жайт, монографияның әрбір авторы жазған мәтіндерінің мазмұны мен сапасына тікелей өзі жауапты.

З.Е. Қабылдинов
т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және
этнология институтының директоры

КІРІСПЕ

Кеңестік билік әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа тәртіптерін қалыптастыруды тап жауларын талқандау, жеке меншікті жою, халық жауларын анықтау мен қуғындау, сондай-ақ, адамдарды теңестіру мақсатында бірқатар саяси, экономикалық қайта құруларды күштеу, міндеттеу әдістерін қолдану жолымен жүргізді. Кеңестік биліктің Қазақстанның ерекшелігін ескермей жүргізген саясаты 1921-1922 жж. ашаршылық пен босқыншылыққа, 1929-1933 жж. ашаршылық пен босқыншылыққа әкелді. «Жұт жеті ағайынды» демекші халық арасында осы жылдары тараған жұқпалы аурулар мен індеттер де халықты титықтатты.

1916 ж. бастап 1930 жылдарды қоса қамтығанда, әсіресе Кеңес билігі орнаған жылдары қазақ жерінде болған оқиғалардың барлығына тән ортақ ұғымдар бар. Олар: «ашаршылық», «босқыншылық», «індеттер», «мал қырылуы» «босқындар», «жаппай өлім-жітім», «босқын қазақтар» және т.б. Солардың ішінде 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншудан басталып, 1929-1933 жж. ашаршылық жылдарында жаппай орын алған босқыншылықтың тарихы терең зерттелмеген. Сан қырлы қазақ ұлтының дамуында тағдырлы орны бар босқыншылық тарихын зерттеу қазақстандық тарих ғылымында ерекше өзекті.

XX ғасырдың 20-30 жылдары кеңестік биліктің үдемелі индустрияландыру, ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру саясаты Кеңестер Одағының құрамындағы Қазақстан, Еділ бойы, Орал, Сібір, Украина, Солтүстік Кавказ аймағын аштық нәубетіне ұшыратты.

Ірі байлардың, кулактардың, жартылай феодалдардың (орта шаруалар мен шаруалардың) мүлкін тәркілеу, мәжбүрлеп ұжымдастыру, күштеп отырықшыландыру, күштеп астық және ет дайындау, «Үш масақ туралы» заң т.б. бойынша жазалауды жүзеге асыру саяси науқандарының бір салдары халықтың ауа көшуі болды. Кеңес үкіметінің әкімшілдік-бұйрықты саясатының құрбанына айналарын білген қазақ байлары мен дін өкілдері – имам, молда, ишандар кеңес өкіметі салған азап пен ажал құрығынан ата-қоныста тастап көшіп кету арқылы құтылу мүмкін екендігін түсінді. Олар кеңес өкіметінің өктем саясатына өз қарсылықтарын көшіп кету арқылы білдірді. Алдымен байлар мен әртүрлі әлеуметтік топ өкілдері тұтас ауылдарымен көшті; содан соң, шаруа көтерілістерін басып-жаншудан қашқандар: көтеріліс жетекшілері мен қатысушылар елмен шектес аймақтарға ауды, артынан ашыққан халық аман қалу амалы ретінде сыртқа босты. Бұл үдеріс республиканың барлық өңірлерін қамтыды. Нәтижесінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың табиғи-тарихи дамуының дәстүрлі түрі мен үдерісі күштеп үзілді.

Осы жылдары бейбіт халықты жаппай қуғын-сүргінге салудың құқықтық негізі қалыптасты: соттан тыс заңсыз тетіктердің – үштіктердің, бестіктердің, Айрықша кеңестердің жазалаудың қолданыстағы құқықтық қағидаттарын өз бетінше қолдану жолымен жүзеге асыруы арқасында адамгершіліктің жалпыадамзаттық қағидалары мен жалпы танылған халықаралық құқықтық қағидаттарға қайшы келетін жазалау жүйесі іске қосылды.

Жазалаулармен, бұйрықтық тәсілмен жүргізілген саясат нәтижесінде Қазақстанда жайлаған аштықтың ең басты себебінің бірі – ет дайындау науқанын жүргізу болды. Ірі және орташа байлардың мал-жанымен сыртқа көшуі, мал басының азаюы, ет салығы мөлшерінің орындалмауы, соған орай әрбір ауылға салынған салық мөлшерін ауыл тұрғындарының (соның ішінде кедейлерлердің де) өндіріп беруге міндеттелуі жаппай мәжбүрлі көшті – босқыншылықты үдетті. Сондай-ақ, оған тағы бір себеп – КСРО-ның индустрияландыру саясатын жүзеге асыруға шешім қабылдауы. Ол үшін Ресейде жаңа зауыт-фабрикалар салу көзделді.

Өйткені кеңес үкіметі батыстағы бақталас капиталистік елдерді қуып-жеткісі келіп, осы индустрияландыру саясатын жүзеге асыруды қолға алды. Өйткені компартия шеткері аймақтарға ешқашан сенген емес. Оларда жұмыс күші жоқ, маман жұмысы жоқ деп ойлады. Сөйтіп, «ДнепроГЭС», «Сталинград трактор зауыты» сияқты ірі-ірі зауыттарды салды, ал ол зауыттарға шикізатты, руданы Қазақстаннан, Оралдан, Сібірден тасыды», - профессор Талас Омарбековтың айтуынша, ең бастысы - осы зауыт-фабрикаларда жұмыс істеп жүрген адамдарды етпен қамтамасыз ету керек болды. Сондықтан Қазақстанға ет дайындайтын акционерлік қоғамдар жіберіледі. «Осы қоғамдардың өкілдері Қазақстанға келіп, 1928 жылдан бастап қатты жұмыс істеді. Содан Қазақстанда туған кез келген бұзауды контрактацияға отырғызды, яғни қазақ шаруасы бұзауды 12 айлыққа дейін сақтауға міндеттелді. Құнажын (3 жасар) болған соң оны етке өткізуі тиісті болды. Бұзау өлетін болса, халық жауы ретінде, үкімет саясатына қарсы адам ретінде сотталады. Осының салдарынан Қазақстандағы төрт түлік малдың басы күрт кеміп кетті. 1930 жылдан 1933 жылға дейін 40 миллион бас малдан төрт миллионы ғана қалды. Оның 15 миллионы орталыққа, яғни Ресейдегі өндірістік қалаларға жөнелтілді, ал қалған тоғыз миллионы ғана Қазақстан ішінде ішкі тұтынуға қалды. Кеңестік билік жартылай көшпелі қазақ халқынан малды түгелдей дерлік сыпырып алды. Күн көрісінің көзіне айналған төрттүлік малынан айырылған қазақ ашаршылыққа душар болды. Аштыққа ұшыраған қазақ отбасы қолындағы жалғыз ақсақ түйесін, немесе сиырын сойып алуға да құқы болмады. Қолындағы жеке малын сою үшін ауыл кеңестік төрағасының атына арыз жазып, жазбаша рұқсатымен ғана сойып алуға болатын болды. Рұқсатсыз өзінің жеке малын сойған үшін қылмыстық жауапқа тартылатын болды.

Нәубет жылдарындағы халқымыздың көрген қасіреті мен аштық азабының тарихы архив қорларында хатталған. Қазақстанды жайлаған аштықтан аман қалу үшін ата қоныс мекендерін тастап ауа көшкен босқындар тарихына кезек берейік.

Қазақстаннан мәжбүрлі қоныс аударудың бірқатар түрлері байқалды. Байларды, жартылай байлар мен кулактарды тәркілеуге байланысты ауа көшудің *бірінші түрі,* шет аймақтарға көш болып табылады. Қазақстаннан шет аймақтарға көш, басым көпшілігінде, Қазақстанның шекаралық аймақтарында орын алды. Ауа көшіп қоныс аудару көбіне көктем-жаз мезгілінде жүзеге асырылған. Өйткені жыл мезгілінің күз-қыс айларында тау асуларынан өту малға да, адамға да өте қауіпті болатын. Ауа көшкендер көлемі артқан соң, Кеңес билігі босқындарды шекарадан ары өткізбеу, кері қайтару шараларын жүргізді. Мысалы, 1930 ж. ОГПУ құжаттарына сүйенсек, барлығы Қазақстан аумағынан тау асып, Қытай жеріне өтпек болған босқындардан, шекара асуларынан өту кезінде 10 636 адам ұсталған. 1931 жылдың алғашқы екі тоқсанында шекара аспақ болғанда ұсталған адамдардың саны 15 мыңға жеткен. Кеңес Үкіметі аштыққа ұшыраған ауылдарға көмек көрсетпек түгел, олардың шетел асып жұмыс іздеп, нәпақа тауып аман қалуды ойлаған амалдарының жүзеге асыруларына жол бермей, ажал аузына айдады.

1931 ж. егіннің шықпай қалуынан, мал басының күрт кемуінен, салық мөлшерін төлеуге күші жетпей, күн-көріске қажетті азығы таусылған халықтың көші-қон толқынының *екінші түрі* Қазақстанның ауыл халқының республика ішінде, сондай- ақ қалалар мен күн көріске ыңғайлы деген өңірлерге жұмыс іздеп босып кетуін айтсақ болады. Шын мәнінде, 1931 жылдың күзінде басталған ауа көшкен босқындар көші-қоны әлдеқайда көп адамды қамтыды.

«Аштықтан қашқан» босқындар легінің бір бағыты Қазақстанның солтүстігінен көршілес Батыс Сібір аймақтарына бағытталды. Ашаршылық қамытын киген аш босқындар алдымен көршілес республикалардағы қазақ ауылдарына, өз отандастарына, жақын және алыс туыстарына барды. Бірақ Сібір ауылдары бірнеше жүз мың аш қазақтарды қабылдай алмады. Өйткені осы кезде ол

аймақтарда да бай-құлақтарды тап ретінде жою науқаны жүріп жатқан болатын. Байлардың шаруашылығын тәркілеу, дауыс беру құқығынан айыру, кулактарды жер аудару, салықтар түрлерін салу, жазалау және т.б. шараларын қолданып жүріп жатты. Аштыққа ұшыраған қоныс аударушылар өз қандастары тұратын қазақ ауылдарына қалайда тұрақтап қалудың амалын жасады. Жесірлер екінші, үшінші әйелдер ретінде тұрмысқа шықса, кейбіреулер жас қыздарын бойжеткен жастағы қыз деп жергілікті тұрғындарға тұрмысқа беріп, құда-жекжат болып қалды. Басқалары малшы, жалшы, үй қызметшісі ретінде жалданып, тұрақтап қалуға тырысты. Көбісі соңғы алтын, күміс және басқа да зергерлік бұйымдарды нанға айырбастады. Босқындар тұрақтап қалған аймақ аумағында «қоныс аударушылар» қатарынан біртіндеп жаңа қоныстар-колхоздар құрылды. Мысалы, Омбы облысында Есілкөл (Исилькол) ауданында осылайша «Бақабас» ауыл – колхозы құрылған. Борисовскіде – «Наймандар», Любинскіде (Горький) – «Бельсенді» және т.б. колхоздар құрылған. Мұндай жаңа фермалардың халқы Қазақстаннан келген босқын жерлестерін өздерінің қожалықтарына құшақ жая қабылдаған. Босқындар есебінен Сібір қазақ ауылдарының халқы бірнеше есеге өсті.

Ашаршылықтан Ресейге ауа көшкен қазақ босқындарының жұмыс тапқан негізгі қалалары - Новосибирск, Омбы, Барнаул болды. Кузбассқа барған қазақ босқындары Кемеров, Сталинск, Ленинск-Кузнецк, Киселевск, Прокопьевск шахталарына жалданып, Татарск, Барабинск, Рубцовск, Славгородқа теміржол арқылы жетуге тырысты. Бірнеше ондаған мың босқындар аймақтың тау-кен кәсіпорындарында қара жұмысшы болды. Бірақ 1930-1932 жылдары кәсіпорындар Қазақстандағы аштық салдарынан босқындардың тым көптігінен оларды жұмысқа ала алмады. 1932 жылдың басында Орта Еділде Қазақстаннан барған 50 000-ға жуық босқын болды. Бұл босқындар негізінен Батыс Қазақстанның Ақтөбе мен Орал өңірлерінен барғандар. 1932 жылы 23 ақпанда 200-ге жуық босқындар Илецк және Орынбор станцияларын әртүрлі жұқпалы аурулардан зардап шеккендер паналаған.

Қазақстанның оңтүстік аймақтарынан сыртқа қашқан босқындар толқынының бір бағыты көрші Қырғызстанға ауған халықтың көші болды, онда 1930-1933 жылдары шамамен 100 000 адам болды. 1932 жылдың бірінші жартысында Алматы округінің әкімшілігі Қырғызстанның солтүстігіне 7300 отбасының (35000-40000 адам) кетуін тіркеді. Округ басшылығы өз халқының Қырғызстанның солтүстік бөлігіне, Талас пен Шу алқабына қашып кетулерін айыптады, бұл босқындардың көпшілігі Оңтүстік Жетісудағы Ұлы жүз руларының шопандары жайлайтын қоныстан кеткендер, ал Тарбағатай мен Жоңғар Алатауы жотасының малшылары қоныстарын тастап Қытайға көшкен, деп болжайды. Орта Еділдегідей, босқындарды қайтару әрекеттері оларды қабылдауға тиісті ұйымның жоқтығынан сәтті болмады, дегенмен бұл проблемалар қоныстану комитетінің басшылығына белгілі болды.

Оңтүстік аймақтардан кеткен босқын қазақтардың бір бөлігі Орта Азияда: Қарақалпақстанға, Өзбекстанға, Тәжікстанға, ал 1929-1930 жылдары ауа көшкен қазақтар легі Түрікменстанға барды. Одан ары қарай Иран мен Ауғанстанға ұжымдастыру және отырықшыландыру кезеңінде 5000-ға жуық қазақ шаруашылығы ауа көшіп барған. Ауғанстан мен Иранға ауа көшкен босқын қазақтардың қоныс аударуы ол елдерге барудың жол қиындығымен қатар жолдың қашықтығына және КСРО-ның оңтүстік шекараларын әскерилердің қорғауының күшеюіне байланысты «көшіп бару» жаппай сипат алған жоқ.

Қазақстан Қаржы ХК-нің Қазақ өлкелік партия комитетіне 9 тамыз 1931 ж. жолдаған мәлімет бойынша Қазақстанның 27 ауданынан (47 аудан мәліметтері жоқ) халық негізінен Орта Азия республикалары мен Қытайға босты. Мысалы, 1930 ж. мен 1931 ж. 5 тамызы аралығында Өзбекстанға 3436 қожалық 187909 малды айдап кеткен болса, Түрікменстанға 7371 қожалықтан 319 725 бас мал, Тәжікстанға, сәйкесінше,

1767 - 88 350; Қырғыстанға, сәйкесінше, 1031 - 33 595, Қытайға, сәйкесінше, 563 - 2276, ал Қаракалпақстанға, сәйкесінше, 2355 қожалық 11 262 малдарымен өтіп кеткен [1, 136].

Қаракалпақстанға, ол жерге тұрақтамай одан ары қарай кеткен қожалықтар Қаракалпақ жеріне жақындау орналасқан Қазақстанның Қазалы, Арал, Шалқар, Темір, Табын, Ақтөбе және т.б. аудандарынан ауа көшкендер болды.

1929-1931 жылдар арасында Алматы округінің Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекшіқазақ, Бүйен Ақсу, Сарқан, Жаркент және Бөрібаев аудандарындағы шаруалардың күштеп ұжымдастыру мен шаруашылық-саяси науқандарға наразылығы олардың жаппай босқыншылығымен астасып жатты. Белгілі ғалым Қ.С. Алдажұманов өз зерттеуінде 1930 жылдың басы, жаппай шаруалар толқуы мен көтерілістері кезінен бастап Қазақстаннан тұрғылықты жерінен 281230 қожалық босып кетсе, соның 83 мыңы Солтүстік-батыс Қытай мен Ауғанстанға қашқанын көрсеткен [2]. Жаппай ашаршылық жағдайында босқыншылық қазақ ауылдарын ғана емес, орыс қоныс аударушылардың деревняларын да қамтыды. Алматы округінен 51198 қожалық сыртқа босқын болып кеткен [3, 83 п.].

«Неткен тәтті ең быламық, жей алмадық жыладық», деген зар заманды бастан кешкен қазақ халқы ұлт ретінде жойылмаудың амалын іздеп ауа көшіп босқан халықтың тағдыр тәлкегінің ақиқаты осындай болған.

Аштықтың құрсауына түскен халқымыз аштықтан аман қалу мен ұрпақтарын ашаршылық құрығынан құтқарудың амалы мәжбүрлі «қоныс аудару» екенін түсінді. Аштықтың азабын тартқан бұқара халыққа ауа көшіп босқаннан басқа жан сақтаудың амалын көрмеді. Бұл біріншіден.

Екіншіден, алғашқыда көшкендер ірілі-ұсақты азғантай малдарын алып кетті. Соңғы қоныс аударғандар малсыз қара бастары бала-шағасымен жаяу көшті. Соңғыларын көшті деуге келмейді, олар бір үзім нан іздеп босып кетті.

Сонымен бірге айтарымыз, кеңестік биліктегі жоғары лауазымды шенуніктер аштықтан босқан қазақтарға «босқындар» (беженцы) емес, «көшіп кеткендер» (откочевники) ұғымын қолданды, яғни, осы жылдардағы дағдарысты ұлттық дамудың «жоғары» деңгейіне - отырықшылыққа бет алған әлеуметтік топтың ауыр да өтпелі кезеңі деп қарастырды. Осылай кеңестік солақай саясаттың өрескел қателігі мен биліктің жауапкершілігінен жалтару мақсатында «көшіп кеткендер» (откочевники) ұғымын қолданды. Мәжбүрлі көші-қонның шетке бағытталған бірінші түрін ашаршылықтан туындаған «босқыншылық», «босып көшу», ал үдере көшіп, жан сауғалап барған көші-қоншыларды «босқындар» деп атау дұрыс болды. Біз осы зерттеуде мәжбүрлі көшкен халыққа «босқындар» деген атау беріп қарастырамыз.

Үшіншіден, кеңес дәуірінде жарияланған еңбектер саяси биліктің көзқарасына бейімделген архив құжаттарына сүйенгендіктен, халық қозғалыстарын сотқарлардың (бандиттердің) топтарының бас көтерулері түрінде көрсетеді. Ал, сол архив құжаттарын зерделеген кезінде, олардың ішінен шынайы оқиға барысын байқауға болатында мәліметтер де кездесіп қалады. Ал халықтың жадында сақталған пікірлерді сараптасақ, онда арасында батыры да, мергені де бар, момын шаруасы басым халықтың көтерілу мақсаты болмаған. Кеңестік биліктің алпауыт қарулы күшіне қарсы келуге қаймыққан халық намаз кезінде жиналар жері - мешіт-медреседе бас қосып, ішкі ойын ақтаратын еді. Осындай сәттер тыңшылар сөзінде «қарсылық топ жиналды, пікірлері билікке қарсы» дегендей сөздерді жеткізген соң, ОГПУ құжаттарында ресми түрде «бандиттер, сотқарлар мен басбұзарлар» деген атаумен беріліп, біртіндеп, жазалау шараларын жүргізбекші болғандығына байланысты қарсылық көрсетуге мәжбүр болған, арты қарулы қақтығыстарға ұласқан халық көтерілістері болып табылады.

Сондықтан «бандиттік» (банда-итальян тілінде қаракшылар отряды дегенді білдіреді екен), «контрреволюциялық» деген сипаттамаларды теріске шығару қажеттігіне орай, көтеріліске шыққан халық топтарының барлығының бұзақылар (бандиттер) тобы еместігіне назар аударамыз [4, 18].

Төртіншіден, ауыл халқының саны күрт азайған. Аштық жылдары көптеген ауылдар қаңырап бос қалды. Қалаға жұмыс іздеп, барған ауылдан кеткен аш адамдар есебінен қала халқы көбейген. 1933 жылдан бастап ата қонысына қайта оралған аштық боскындарының ата қонысына оралуларының есебінен ауыл тұрғындарының саны өсе бастаған.

Бесіншіден, жаппай қоныс аудару қазақтардың ұжымшар құру, отырықшыландыру саясатына қарсылық, ұжымдық наразылық формаларының бірі болды және аштықтан аман қалудың бірден-бір амалы болғандығын зерттеулер нәтижесінде дәлелденді.

Алтыншыдан, ескеретін бір мәселе, жаппай аштыққа қазақ халқы 1930 жылдардан бастап ұшыраған жоқ. Мәселен, Маңғыстау өңірінің халқы аштыкка бірінші болып, 1928 жылдың көктемінен бастап ұшыраганын бүгінгі зерттеулер дәлелдеп отыр [5]. Өлкеде «Аққоян» жұтынан мал қырылып, малдан айырылған адамдар аштық пен аурудан өлді, сондай-ақ, шетке нәпака іздеп ауа көшті. Кенестік биліктің бай-құлақтарды тәркілеу саясатынан қашқан байлар мал-мүлкімен Түрікменстан, Қаракалпакстан, Өзбекстан, әрісі Иран, Ауған жеріне дейін жетсе, 1928 жылы аштыкка ұшыраған адай, табын руларының өкілдері Түрікменстан мен Астраханьға босып барганын архив құжаттары айғақтайды.

Жалпы, Қазақстаннан тысқары елдерге көшу, жаппай боскыншылык пен боскындардың кері оралу үдерісі 1928 жылы басталып, 1937 жылға дейін созылды, тіпті 1937 жылы кейін қайта оралу үдерісі жалғасып жатты.

2021 жылдан бері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандарды ақтау тапсырмасына қатысты қазақстандық ғалымдар ізденіс шараларын жүргізуде. Республикалық, өңірлік, қалалық мемлекеттік комиссия жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін есімдерін, тарихын анықтау жұмыстарын жүргізуде. Солардың ішінде ауа көшкен боскындар тобы да бар. Сол боскындардың ішінде арнайы саяси әрекетіне қатысты, бандалық топқа қатысы бар, шекараны заңсыз бұзды деп ресми жазаланғандары, қуғын-сүргінге ұшырағандары бар. Боскындардың осы тобы арнайы шешім негізінде жазаланғандықтан, олар ақтау үдерісіне кіреді. Ал, ашаршылық жылдарында ауа көшкен боскындардың басым бөлігі қуғын-сүргінге ұшырағандар тобы ретінде есептелінгенімен, ауа көшкені үшін арнайы жазалау, сот шешімі болмағандықтан, оңалту-ақтау үдерісіне есімдері кіргізілмейді. Алайда, тарихи әділдік үшін, зобалаң жылдар құрбандары ретінде атын атап, түсін түстеп, ата-баба дәстүрімен құран бағыштап, құрмет көрсету сауапты іс болар еді. Мысалы, Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің қорларынан [6] сол кездегі Қызылорда округының ауыл-ауылдары бойынша ауа көшкендер (откочевники деп берілген) тізімі кездесті. Ондай тізімдер Қазақстанның басқа да өңірлерінен де кездесті. Боскыншылыкка ұшыраған адамдардың тізімдерін анықтап, толығымен кеңес дәуірінде қуғынға ұшырағандар деп атап, ақтау шараларына тұтастай кіргізсек те тарихи әділдік толық орындалды деп айта алмаспыз. Алайда, шетте жүрген қандастарымыздың елге қайта оралуына негіз болатын тарихи құжаттың бірі пайда болар еді.

А.И. Құдайбергенова, т.ғ.д., доцент,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
Ө.И. Исенов, т.ғ.к., доцент
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

I ТАРАУ XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘЖБҮРЛІ КӨШІ-ҚОНЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік мәселелері

А.И. Құдайбергенова

Жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізін осы ұғымдарды бейнелейтін және түсіндіретін, билік пен азаматтық қоғам арасындағы шынайы тарихты анықтауда маңызды көмек болатын ғылыми, әлеуметтік-ақпараттық тәсілдер жүйесі құрады. Жалпы ғылыми әдістермен бірге эмпирикалық жалпылау, босқындардың ұрпақтарының естеліктеріне жүгіну, сұхбат алу әдісінің нәтижесін талдауды ғылыми әдістермен ұштастыра қолдану, архив құжаттары, әдістемелік мәні зор зерттеулерді пайдалану арқылы тақырыпты ашуға тырыстық. Сонымен бірге, жүйелілік, мерзімдік және пәнаралық тәсілдер мен дәстүрлі талдау, біріктіру, жинақтау әдістері қолданылды. Алға қойған міндеттерді шешуде ғылыми, объективті деректер жүйесін негіз етіп, отандық (қазақ, орыс тілдеріндегі) және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасау, салыстыру, оларда кездесетін қисынды әдістер мен теорияларды қолдануды басшылыққа алдық.

Сонымен, бейбіт уақытта, 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басында жаппай ашаршылықтың салдарынан миллиондаған адамдардың қайтыс болуы, көпшілігі қазақтар болған босқындардың республикамен шектес аймақтарға, одан ары шетелге ауа көшуі ұлт тарихындағы ірі апатқа әкелді. Ол апаттың жаңғырығы әлі күнге сезіледі және бұл апат кеңестік биліктің солақай саясатының нәтижесі болды. Бұл қазіргі тұжырым.

Ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанда, Украинада, Солтүстік Кавказда, Еділ бойында және басқа да бұрынғы КСРО-ның аймақтарында болған ашаршылық тарихы көптеген жылдар бойы КОКП мен кеңестік тоталитарлық мемлекеттің ең үлкен құпиясы еді. Айтылған күнде, ашаршылық байлар мен жергілікті атқамінерлердің қателігінен туындады. Ал, қашып барған жерлерде қазақтарға көмек көрсетілді деп жазылды. Бірақ, большевиктік тәжірбие негізіндегі қайта құрулар нәтижесінде бұрынғы КСРО-ның негізгі ауыл шаруашылықты (мал шаруашылығы және астық өнімдерін егу) аймақтары халқының ашаршылыққа ұшырағандығы, тұрақты мекендерінен тыс аймақтарға қашуға мәжбүр болғандығы, зардаптары туралы әңгімелер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халық жадында үнемі сақталып келді. Тегеурінді кеңес билігі құламай тұрып-ақ халық жадындағы мәліметтер, куәгерлердің естеліктерінде сақталған ашаршылық пен босқыншылық тарихы әділ бағасын күткен ірі мәселе болды. Соның ішінде босқыншылық тарихы – күрделі тақырыптың бірі. Осы күнге дейін 1929-1933 жж. ашаршылықтың тарихы біршама зерттелгенімен, босқыншылық мәселесі толық ашылған жоқ.

Сондықтан, осы монографияда XX ғасырдың 20-жж. соңы - 30-жж. жаппай ашаршылық кезеңінде Орта Азия республикалары мен Ресейдің шектес аумақтарына қоныс аударған қазақ босқындарының сол жерлердегі бейімделу ерекшелігін, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жағдайын архивтік және жазбаша материалдарды, оқиға куәгерлері мен олардың ұрпақтарының ауызша естеліктерін анықтау, пайдалану, зерттеу және талдау негізінде жүргізілген кешенді зерттеудің нәтижесі берілді.

Ең алдымен, ашаршылық пен босқыншылық тарихына қатысты негізгі ұғымдарды қазіргі тарихи тұжырымдамалық көзқарас тұрғысынан нақтылайық:

1-ден, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың жарлығымен құрылған және Мемлекеттік хатшының тікелей басшылығымен жұмыс жасап жаткан Қазақстандағы қуғын-сүргін құрбандарын толық заңды және саяси ақтау туралы арнайы Мемлекеттік комиссия тәуелсіздік жылдарындағы тарихшылардың еңбектеріне сүйене отырып, қуғын-сүргінге ұшыраған халықтың бірқатар топтарын ақтау үшін аты-жөнін анықтау шараларын жүргізуде. Ақталуға тиісті халық топтарына жататындар: тәркіленген ірі байлар, кулактар, жартылай феодалдар (орташалар мен шаруалар); күштеп ұйымдастыру мен отырықшыландыру кезіндегі құрбандар; күштеп астық және ет тапсыру жоспарын орындамағандары үшін жазаланғандар, «Үш масақ туралы» Заң бойынша жазаланғандар және т.б. қуғынға ұшырағандар топтары. Солардың ішінде тәркілеуден қашқандар (шетелге малдарымен, ауылымен кеткендер, малын сатып, өздерінің тегін жасырып, әр түрлі жұмыстарға жалданғандар т.б.) бар. Олардан бөлек, дәстүрлі қазақ қоғамына тән рулық-шаруашылықты жүйе негізінде бай ауылдарымен бірге көшкендер, салық мөлшерінің көптігіне байланысты қарсылық білдіріп, көтерілістерге қатысқандар, үкіметке қарсы шықты деген себепті жазалануден қашқандар; аштықтан босып, ауа көшкендер, күн-коріс мүмкіндігі болмай корші аймақтардан пана іздегендер және т.т. Сондықтан, халықтың осы топтарының барлығын «Кеңестік билікке қарсы халық наразылығы мен қарсылық қозғалыстарына қатысқандар» деп айтамыз.

2-ден, тәркіленуден қашкан байлар мен кулактардың ауа көшуін, Қазақстандағы шаруалар көтерілістері мен қазақтарды жаппай босқыншылыққа ұшыратқан үдере көшуін халықтың Кеңес билігіне қарсы наразылығынан туған қарсылық қозғалыстарының түрлері деп атаймыз. Осы жерде, байлардың малын айдап, сатып, тәркілеуден қашканын, малдарымен ауыл-ауыл болып көшкенін 1928 ж. құжаттарда-ақ, халықтың наразылығы деп атағанына назар аудартамыз [7, 37 п.]. Бүкіл Қазақстанды қамтыған бұл қарсылықтарды ғалым К. Нұрпейіс «ұлт-азаттық қозғалыс» деп бағалады [8]. Белгілі ғалым М.Қ. Қойгелдиев бұл бас көтерулерді ұлт-азаттық, антиколониалдық және антиимпериалистік сипат алған қозғалыс деп көрсетті [9, 267].

Сондықтан, XX ғ. басындағы ашаршылықтар кезіндегі тұрғылықты мекенінен халықтың жаппай мәжбүрлі көшуі - босқыншылықты қазақ қоғамының қалыптасқан дәстүрлі тұрмысы, болмысы тұрғысынан алғанда Кеңес билігіне қарсы қарсылықтың түрі болғанын атап көрсетеміз!

3-ден, бұл тұжырымның Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумы комиссиясының «ҚазОАК және ҚазАКСР ХКК-нің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай қожалықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Ірі және жартылай феодалдық байларды тәркілеуге қарсы іс-қимыл үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» және 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығының социалистік жолмен қайта құрылуын нығайту және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар туралы» қаулыларын зерттеу жөніндегі 1992 ж. жариялаған қорытындысында ашаршылық пен босқыншылық тарихына қатысты көрсетілген негізгі ұғымдар мен олардың түсініктерінде алғаш аталып кеткеніне назар аудартамыз [10]. Себебі 1992 ж. Егеменді Қазақстан газетінде жарияланған Жоғарғы Кеңес комиссиясының қорытындысында ол туралы: «Қазөлкеком, ҚазОАК, ХКК, КСРО-ның Қазақстан бойынша БМСБ ӨӨ (ОГПУ ПП) басшылығының халыққа қарсы саясаты, сондай-ақ ОАӘО мен басқа да әскери округ бөлімдерінің қолбасшылығы 1929–1932 жылдары үкіметке қарсы жаппай (372) бой көрсетуге іс жүзінде арандатты, сөйтіп Қазақстан халқына жазалау шаралары және көптеген қуғын-сүргінмен, тұрғындарды туған жерлерінен қуып

жіберумен жалғасқан азамат соғысы таңылды» деп атап көрсеткен болатын [10, 1-3 б.].

Тәркілеулердің барысында, алым-салық түрлері мен мөлшерінің шамадан тыс көптігі мен үздіксіздігі нәтижесінде орын алған көтерілістердің соңы халықтың республикадан тыс жерлерге, соның ішінде шетелдерге үдере көшуіне жалғасты. 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейінгі кезеңде ғана Қазақстан жерінен 281230 шаруа қожалығы көшіп кетті, олардың елеулі бөлігі Қытайдың, Иран мен Ауғанстанның жеріне ауып барды. Ашаршылық жылдары республика шегінен тыс жерлерге барлығы 1130 мың адам көшті, олардың 676 мыңы біржола кетті де 474 мыңы кейіннен Қазақстанға қайтып келді [10]. Үкімет бас көтерген халыққа қарсы тұрақты әскерлердің және КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы Мемлекеттік біріккен саяси басқарма органдарының (ОГПУ) күшімен аяусыз жазалау акциясын жүргізді. 1929–1931 жылдардағы ірі көтерілістер мен толқуларға қатысқаны үшін КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Мемлекеттік біріккен саяси басқарма (БМСБ - ОГПУ) органдарының өзі ғана 5551 адамды соттап, оның 883-ін атып жіберді деген мәліметтерді көрсете отырып, шаруалар көтерілістерін және оның халықтың республикадан тыс жерлерге, соның ішінде шетелдерге үдере көшумен жалғасуын - халық наразылығының түрлері да деп атады. Белгілі тарихшы Қ.С. Алдажұманов: «Кеңес өкіметіне қарсылық түрі - шаруалардың күштеп ұжымдастыру мен шаруашылық-саяси науқандарға қарсы көтерілістері олардың жаппай босқыншылығымен астасып жатты» деп атап көрсетті [11, 83-84]. Сол себепті де осы монографияда Қазақстандағы 1929-1932 жж. шаруалар көтерілістері және қазақтардың ауа көшуі - халық наразылығы түрлері ретінде қарастырылады, сондай-ақ, көтерілісшілердің шекарадан өтуі негізінде қазақтардың «ауа көшуін» зерттеуге арнайы параграф берілді.

Келесі ұғым «босқын» деген терминге байланысты.

«Босқын» деген ұғым елдегі саяси жағдайларға, төтенше оқиғаларға қатысты (мысалы соғыс, көтеріліс, қуғын-сүргін, азаматтық қақтығыс, стихиялы апаттар) елден қашуға мәжбүр болып саяси баспана іздеумен анықталуы керек [12, 25].

XX ғ. басындағы босқыншылықтар жазбаша құжаттар мен ресми тарихи деректерде: орыс тілінде «откочевка», «укочевка», тіпті көшпелі қазақтардың коныс аударғаны «переселение» деген ұғымдармен көрсетілген. Архив қорларындағы құжаттарда Қазақстаннан тыс жерлерге көшіп кеткендерді «откочевники», көшуді «откочевка», шетелге қашқандары кей құжаттарда «укочевка» деген атаулармен бергенімен барлығының аудармалық мағынасы «көшіп кету», «көшпелі халықтың көшуі», «ұйымдастырылмаған көш» т.б. деген мағынада түсіндірілді. Сондай-ақ, 1928-1932 жылдардағы көтеріліске қатысушылардың жазадан қашуы мен шекарадан өтуін «откочевки», «Банд откочевки», «бандқозғалыс», «жаппай көшу» ұғымдарымен көрсеткен. Әділдік үшін айтайық, қауіпсіздік қызметкерлері баянаттарында қалыпты шаруашылық жағдайындағы көштен бұл көштің өзгешелігін олар «саяси көш» деп өзгешелеген екен [12, 29)]. Мысалы, Орынбор облысы біріккен мемлекеттік архивінің қорындағы құжаттан байқағаным, сол өлкеге босып барғандарды «қоныстанушы қазақтар» («переселенцы казахи») деп көрсеткен. Мәжбүрлі көшкендерден қайта оралғандарды «возвращенцы» деген атаумен атаған. Яғни, «босқын» ұғымын қолданбаған. Айта кету керек, бұл ұғымдардың қазақ тілінде қолданылатын мағынасы одан кең: «ауа көшу», «үдере көшу», «босып кету», «босқыншылық». Бұлар халықтың жадындағы мәжбүрлі көштің атаулары және мағынасы болып табылады.

1916 ж. бастап айтсақ, алдымен патшалық, сонан соң кеңестік саясат халықтың негізгі бөлігін тұрғылықты жерлерінен мәжбүрлі түрде қашуына, өзге елде мәжбүрлі мекендеуіне әкелді.

1929-1933 жж. ашаршылық пен босқыншылық Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 ж. 27 тамыздағы «Бай қожалықтарды тәркілеу туралы», 1928 ж. 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу және жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы», 1930 ж. 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулыларына сәйкес жаппай жүргізілген тәркілеулерден бастау алды. Халық сол кезеңдегі мәжбүрлі көші-қонды «ауа көшу», «амалсыздан көшіп кету», «үркіншілік», «үдере көшу», «босқыншылық», «шұбырынды босқыншылық», «қанды босқын» атауларымен атап, халық өлімін «шыбындай қырылды», «ісіген местей кеуіп, теңкиіп-теңкиіп өліп жатты» «көмусіз қалды» деп көрсетті. Сондай-ақ, саяси билік өкілдерін «атқамінерлер», «уәкіл», «жандайшаптар», «шаш ал десе, бас алушылар» деген теңеулермен атап, осы ұғымдар арқылы жаңа биліктің халыққа саяси қысымын көрсетті.

Сондықтан, 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншудан бастап қазақтың елден тыскары аймақтарға қашуын босқыншылық, шетке кетуге, мәжбүрлі көшке душар болған әрбір адамды – босқын деп атауға әбден қисынды!

«Босқын» ұғымын алғаш қолданған еңбектің біріне М. Малышева и В. Познанскийдің «Казахи - беженцы от голода в Западной Сибири. 1931 - 1934 год» (Алматы, 1999) еңбегін жатқызамыз [13]. Авторлар ХХ ғасырдың 20-30 жж. Сібірге қашқан қазақ халқының ірі тобының өмір сүру үшін күресінің тарихын зерттеді. Қазақ халқы үшін демографиялық дағдарыстардың қайғылы салдарын анықтады: 1921-1922 жылдардағы ашаршылық, 1930-1934 жылдардағы ашаршылық тарихын қарастырды. Сталиндік жүйенің шаруалардың азық-түліктерін сорып алуына қарсы қарсылықтарын басу, жазалау, байлықтарынан айыру, қуғын-сүргін саясатын атап өтті. Сібірдегі орыс халқының қазақ диаспорасымен, босқын қазақтардың қазақ этносын құтқарудағы байланыстарының әсерін қарастырды.

Сондай-ақ, босқындар тарихын тарихилық, шынайылық тұрғысынан, архив құжаттарының негізінде алғашқылардың бірі болып Талас Омарбеков зерттеді. Тарихшы-ғалымның «20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті» атты монографиясының бесінші тарауы босқыншылық тарихына арналған. Ғалым отандық тарих ғылымында ғалым тұңғыш рет мәселені ғылыми тұрғыда зерттеп, босқыншылықтың себептерін ашып көрсетті [14, 256-257 бб.]. Ғалымның «Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын күйрету, ет және астық дайындау науқандарындағы зобалаңдар, байлар қожалықтарын тәркілеу, және жойып жіберу саясаты, күштеп ұжымдастыру және зорлап отырықшыландыру, кінәсіз шаруаларды кеңес органдарының «ұлтшыл», «бандит», «контрреволюционер» деген жалған жалалармен жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуы қазақ шаруаларын босқыншылыққа ұрындырды», – деген батыл тұжырымын отандық ғалымдар өз еңбектерінде атап көрсетеді [15, 125 б.]. Ғалым көршілес республикаларға қазақ босқындарының тоқтаусыз ағылған мәжбүрлі көшіне назар аудартып, аймақтардағы билік басындағыларды мәселені арнайы қарауға мәжбүр еткендігін нақты мысалдар арқылы көрсетіп берді. Шындығында қазақ халқының аштыққа және босқыншылыққа ұшырауының себептеріне өлкеде кеңес өкіметінің орнатылуы, большевиктік биліктің сәтсіз аграрлық реформалары: егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу, ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу, астық, ет салықтары, жүн, мүйіз өткізу науқандары жатады. Аш босқындармен қатар жат жерлерге байлар, ауқатты шаруалар, дін өкілдері ауып кетті. Ауқаттылар өздерімен бірге 893074 бас малды қоса алып кеткен [15, 125 б.]. Бұл айтылғандар

боскыншылықтың саяси-экономикалық негіздері. Сондықтан, ашаршылық жылдарындағы мәжбүрлі көші-қонға тартылған барлық әлеуметтік топтар өкілдерін «боскындар» деп атау әділ, қисынды және құқықтық негізделген болып табылады.

Айта кетсек, Отандық ғылымда шетелдерге босып кеткен қазақтардың саны туралы ортақ пікір қалыптаспаған. Тарихшылар: Б. Төлепбаев, В. Осипов Қытайға ауа көшкен қазақтар саны 500 мыңдай адам, демограф ғалым М. Тәтімов шет елге кеткен қазақтар санын 165 мыңдай [16, 105 б.] десе, Т. Омарбеков Қытайға кеткендер және шекарада ұсталғандар саны 35 597 адам деп есептеп шығарды. Бұған тапымның мына мәліметі дәлел бола алады: «Өзбекстанға 3436, Түрікменстанға 7371, Тәжікстанға 1767, Қырғыз республикасына 1031, ҚАО-на 2355 Төменгі Еділ өлкесіне 2562, Сібір өлкесіне 2100, Украинаға 901, РКФСР-дің қалған бөліктеріне 13511, Қытайға 563 адам босып кеткен» [14, 258 б.]. Шетелдік зерттеушілер де шетке кеткен қазақтар санын анықтауға ұмтылды. Мәселен, Роберт Конквест Қазақстанның шекаралық аудандарынан Батыс Қытайға 200 мың қазақ көшіп кетті десе [17, 87-88 б.], ал ресейлік тарихшылар Ю.А. Поляков, В.Б. Жиромская, И.Н. Киселев [18, 6 б.] олардың санын 1,3 млн. адам деп санады. Орыс зерттеушілерінің Қытайға өткендердің санын ешбір негізсіз тым ұлғайтып көрсетулері Қазақстанда аштан қырылған қазақтардың сандарын көпе-көрнеу азайтуға бағытталған ұстаным екендігін аңғару қиын емес. Қытайға көбінесе онымен шекаралас Алматы және Шығыс Қазақстан облысы аудандарының ашаршылық пен қиыншылықтарға тап болған тұрғындары өтті. Т. Омарбековтің пікірінше, мұндай аудандардың саны 1931 жылы 11 болған [14, 274 б.]. Қытайға өтпек болғандарды кеңестік әскери және жазалау органдары кері қайтаруға тырысты немесе ешбір үкімсіз оларға қару кезеніп, атып қырып жіберген [15, 125)]. Бұл және басқа да нақтыланған тұжырымдар жұмыс барысында теориялық негізге алынды.

Боскыншылық тарихындағы бір мәселе – мәжбүрлі көші-қон үдерісін кезеңдеуге байланысты. 1916 ж. бастаған қазақ боскыншылығының аяқ кезеңі Патша билігі құлап, Кеңестік билік орнына бастаған кезге тән. Ұсынылып отырған зерттеу боскыншылықтың келесі, 1928-1937 жж. аралығындағы кезеңін қамтиды. Ашаршылықтың мерзімін 1929-1933 жж. деп тарихи қауым қабылдағымен, Маңғыстау мен Жетісу жерінде ашаршылықтың ертерек басталғандығына назар аударамыз. Ал, 1928 ж. сол өңірлердің, көп ұзамай Қазақстан бойынша тәркілеуден қашқан бай, жартылай байлар мен кулактардың сыртқа қашуы басталады. Сондықтан халықтың боскыншылыққа ұшыраған уақытының мерзімін 1928-1937 жж. арасы деп аламыз.

Қоныс аударудың *бірінші кезеңі*, тәркілеуге байланысты және ол басым көшпілігінде Қазақстанның шекаралық аймақтарында орын алды. Мысалы, 1928- 1929 жж. Қарақалпақстан мен Түркіменстанға көшіп кеткендер (құжатта тәркілеуден қашып ауылымен көшкен байларды да, көтеріліске қатысып қашқандарды да барлығын «откочевники» деп белгілеген): Ташауыз ауданында 980, Тақты ауданында 344, Илял ауданында 600 қазақтар қожалығы (мәлімет толық емес) есептелінді [19, 4 п.].

Екінші кезеңі Қазақстандағы аштықтың басты себебінің бірі - ет дайындау науқанын жүргізуден басталады. 1929 жылы Қазақстан аумағынан 416 қожалық, 1930 жылдың 1 қаңтары мен 1 мамыры аралығында 1575 қожалық кетті [20, 116 п.]. Қазақстанда 300 000-нан астам отбасы Қазақстан ішінде, сондай-ақ көршілес республикалардағы қалаларға және күн көріске жағдай бар деген өңірлерге жұмыс ізден босып кетті. Бұл кезеңде халық көтерілістері, көтерілісшілердің жазадан қашып шетел асуы қатар орын алды.

Босқыншылық 1930 жылдың көктемінде жаппай сипат алды. 1930 жылы 34 977 шаруа қожалығы босқыншылыкка (архив құжатында көшпелілердің қозғалысы деп берілген - АИҚ) ұшырады. 1931 жылы (толық емес мәліметтер бойынша) 45 000 қожалық көшіп кетті [20, 172 п.]. Соның ішінде 1931 ж. Қызылқұм ауданынан Өзбекстанға 2.200 қожалық көшіп кетті [21, 6 п.]. Қазақтардың /қырғыздардың/ Қазақстанның Адай және Жамбейті аудандарынан Орынбор округы аудандары мен Орынбор қаласына жаппай босуы туралы мәліметтер [22, 27 п.].

1929-1932 жж. ҚазАКСР БМСБ ӨӨ (ОГПУ ПП) құпия-саяси бөлімінің баянаттық, есеп беру, қорытынды есеп т.б. құжаттарында босқындар Қазақстандағы антисоветтік элементтер, ал босқыншылық антисоветтік коріністер ретінде ұсынылды. Босқындар саны туралы мәліметтер де ҚазКСР БМСБ ӨӨ (ОГПУ ПП) құпия-саяси бөлімінің анықтамаларында кездесті [20, п. 172]. Дегенмен, бұл деректер толық емес, босқындар ағынын толық бақылау мүмкін болмағандықтан, есебі туралы тек болжам жасауға болады.

Екінші кезеңіндегі қоныс аударушылардың сипатын біріншісінен бөліп алмаймыз, себебі тәркілеуден қашқандар мен көтерілісті басып жаншудан қашқандардың көші-қоны тоқтаған жоқ. Өлгендер мен кеткендер арасын айырып, нақты санын айту киын. Себебі, көтерілісшілер арасынан қақтығыс кезінде өлгендер санының есебі толық жүргізілмеген. Ал, үдере көшіп кеткен халықтың көп бөлігі жолда өлді, шекарадан өту кезіндегі атыстар барысында қайтыс болды немесе ауып барған жерінде өлім-жітімге ұшырады. Олардың да нақты есебі жүргізілмеді.

Үшінші, қасіретті кезеңнің ерекшелігі - елдің барлық өңірлерін аштық жайлап, ауру мен індет өршіп, тұтастай ауылдар ауа көшті, халық жаппай босқыншылыққа ұшырады. Босқындардың жолда, шет аймақтарда ауыр жағдайда есепсіз өлім-жітімге ұшырауы, есепсіз адам өлімі орын алды, өлім-жітімнің есепке алынбауы, босқындарға көмек көрсетілмеуі, қоғамға жат элементтер ретінде қабылдануы салдарынан апатты күй кешуі жаппай орын алды. Бұл кезде қазақ қожалықтарының саны күрт құлдырады. Ең жағымсыз нәтижесі – 1932 жылдың басынан басталған қазақ халқының аштыкка ұшырауы мен індет жазда әлсірегенімен, күз бен қыста (1933 ж.) қауіпті мөлшерде өршиді. ХКК-не, Қазақстанға жан-жақтан хабарламалар жөнелтіледі. Мысалы, РКФСР ХКК комиссиясының жұмысына қатысу үшін бірнеше аймақтан келген өкілдер келесі фактілерді хабарлайды: Т. Илларионов (Орта Еділ аудандық атқару комитетінен) Солилецк және Орск аудандарында босқындар арасында күн сайын 5-10 адам қайтыс болады дейді: Алагнаовтың (Батыс Сібір атқару комитетінен) хабарлауынша: «Сібір темір жолының бір станциясында 10 мың қазақ жиналды, олардың арасында эпидемиялық аурулармен ауыратындар көп және өлім-жітім айтарлықтай: Севстройпуть кірпіш зауытында 64 қазақ жұмысшысы жұмыс істеді, көп ұзамай олар жұмыстан шығарылады. Соның ішінде 14 адам аштықтан қайтыс болды. Ол үшін шенеуніктер жауапқа тартылды». Қырғыз ОАК төрағасының орынбасары Түгенбаевадан Фрунзе қаласында және оның маңында 10 мыңға дейін қазақтар жиналғаны (бұл туралы БК(б)П ОК және БК(б)П Қырғыз облкомы да жазған) және күн сайын 15-20 адам (әсіресе балалар) қайтыс болатыны туралы және т.б. хабарламалар жиілейді [23, п. 27].

Төртінші кезеңіне биліктің ашаршылықтан қашқан босқындарды қайтару мәселесіне орай жүргізген саясаты, босқындарға көмек көрсету шараларының жүргізіліп, босқындарды қайтару шаралары орын алған кезді жатқызамыз.

1932 ж. басталған босқындарды қайтару шаралары сәтсіз жүрді, ашаршылық өршіген тұс болғандықтан босқыншылық жалғасып жатты. Шекаралық аймақтардағы босқындарға байланысты кеңестік шешімдердің қаталдануы осы кезеңмен тығыз

байланысты. 1934 ж. арнайы шешімдердің қабылдануына орай, босқындарды қайтару шаралары нәтиже бере бастағанымен, бұл шешімдер де толық орындалмай, босқыншылық тоқталмады.

Сондықтан, мәжбүрлі көштің басталуы: босқындардың қашуы, көш кезіндегі қайғылы жағдайлардың орын алуы; босқыншылықтың жалғасуы: барған жерлердегі өмірі, жаңа жерлерге бейімделуі, жергілікті халықпен қарым-қатынасы, орналасуы, еңбек процесіне араласуы; сондай-ақ, қайтарымды көш – босқындардың республикаға қайта оралуы мәселесін қамтитын босқыншылық тарихының ауқымы ашаршылық жылдарына қарағанда кеңірек: мерзімі 1928-1937 жылдарды қамтиды.

КСРО-дан тыс жерлерге кеткен мәжбүрлі көші-қоншылардың басым көпшілігі қазақтар, сонымен бірге орыс, украин, неміс, ұйғыр, дүнген, татар және басқа да ұлттар өкілдері болды.

Қазақтардың мәжбүрлі көші-қоны – босқыншылықты таралу аймағына байланысты екіге бөлеміз:

1 Қазақстанның өз ішіндегі мәжбүрлі көш.

2 - Қазақстаннан тысқары жерлерге үдере көшу: а) КСРО-ның аумағындағы көрші республикаларға мәжбүрлі көш; б) шетелдерге бағытталған босқыншылық.

Белгілі ғалым Қ.С. Алдажұманов 1930-жж. ашаршылық пен босқыншылықтың ішкі және сыртқы саяси, экономикалық себептері болғандығы назардан шықпау керек деп ескертеді. КСРО мен Батыс державаларының мемлекетаралық қатынастарының тарихы КСРО-ның экономикалық және саяси блокадасы туралы көптеген оқиғалар мен фактілерді қамтиды, нәтижесінде қарапайым халықтың жағдайына үлкен зиян келтірді. «Голод в СССР. 1929-1934» (3 том шығарылды) жинағының [24] «Кіріспе» бөлімінің авторы В. Кондрашиннің арқасында осы жылдары КСРО-дан сыртқа астық экспорты, АҚШ-пен сауда-экономикалық қатынастар (АҚШ пен КСРО-ның дипломатиялық қатынастары тек 1933 жылы орнатылған) және басқа елдер туралы құнды мәліметтер бар. Мұның бәрі 1930-шы жылдардағы нәубеттің сыртқы себептерінің негізі болып табылады [1].

Нақтылайтын тағы бір мәселе – «бұзақы», «бандит» ұғымын көтерілісшілерге қолданбау қажеттігін негіздеуде.

«Қазақстан тарихында бұл көтерілістерге кеңестік архив құжаттарында берілген «бандиттік» (банда-итальян тілінде қарақшылар отряды дегенді білдіреді екен), «контрреволюциялық» деген сипаттамаларды теріске шығаратын уақыт болды» - деп тарихшы Т. Омарбеков айтқандай (кеңестік жүйеде барлық халық көтерілістері мен наразылықтары «Бандиттік қозғалыстар» деп сипатталды – Т.О.) «бұзақы», «бандит» ұғымын көтерілісшілерге қолданбау қажет [25, 20-21бб.][1].

Босқындардың шекара асып, шет елдерге асып кеткен басым көпшілігін РКФСР қылмыстық кодексінің 84 бабы – «Шекараны заңсыз бұзушылар», 59 бабы «Бандалық топтардың мүшелері не бандалық топтармен байланыстары барлар» бойынша жазаға тартты. Одан бөлек көрші республикаларға ауылдарымен көшкен, жейтін азық таппай, азып, ажал тауып, босқынға айналған бөлігі бар. Олар да кеңестік саясаттан зәбір көрген босқындар. Сондықтан, сыртқа кеткен босқындардың қарулы және бейбіт жолмен көшкен түрлерін қоса қамтып, олардан бөлек КСРО аумағындағы шектес аймақтарға ауа көшкен, көпшілігі қырылған босқындарды тұтастай «кеңестік саясаттың құрбандары» деп атаймыз.

Сонымен бірге қолдарыңыздағы кітапты даярлау кезінде тәркілеу, халық көтерілістері, ашаршылық пен босқыншылық орын алған жылдардың мерзімін

---

[1] Тарихшы ғалым, Талас Омарбекұлының көзі тірісінде жарияланған соңғы мақалаларының бірі.

нақтылауда да тарихшылар тарапынан табылған құжаттардағы мәліметтерге байланысты талдау жұмыстары жүргізілді. Мысалы, осы уақытқа дейінгі зерттеулерде ашаршылық жылдарын нақтылауда бір тұжырым болмағандығына байланысты, бірінде 1930-1932 жж. немесе, 1929-1932 жж. деп көрсетілді. Ал, Қазақстанда ашаршылық Маңғыстау жерінде ерте орын алғанын ескерсек, бұл мерзім 1928-1933 жж. қамтыр еді. Бірақ, 1921-1922 жж. ашаршылықтан кейін де қазақ жерінде жекелеген губернилар көлемінде аштықтың тоқтамай болып отырғанын ескерсек, онда 1928 ж. Маңғыстау өлкесінде болған аштықты жергілікті аштықтар қатарына қосамыз. Ал 1929 ж. бастап ашаршылық бүкіл Қазақстанды жайлап, ашаршылық негізінде адам өлімі, індеттің жайылуы, аурудан өлу, шетел асу және босқыншылықтың көлемінің республика деңгейінен асып, көрші аумақтарға жайылғандықтан, ашаршылықтың нақты мерзімін 1929-1933 жж. деп есепке алып, тарихи қауым қабылдады. Монография авторлары осы тұжырымды ұстана отырып, босқыншылық тарихының мерзімін 1928-1937 жылдар арасы деп көрсетеміз. Айта кету керек, сыртқа кеткендердің қайта оралуы күні бүгінге дейін жалғасуда.

Қорыта айтқанда, «босқыншылық» тақырыбына қатысты кітапты жазу барысында жоғарыда атап кеткен бірқатар ұғымдар мен тұжырымдарды басшылыққа алдық. Тәркіленуден байлар мен кулактардың қашуы, Қазақстандағы шаруалар көтерілістері, жаппай босқыншылық пен жаппай ашаршылық бір-бірімен тығыз детерминистік байланыста өршіп, Қазақстанды ұлттық апатқа ұшыратты.

Бұл апаттар қазақ халқына әлеуметтік-мәдени жарақат әкелді, оның психологиясына әсер етті. 1920-1930 жылдардағы қайғылы оқиғалар, өкінішке орай, қазақтардың санын азайтып қана қоймай, бостандықты сүйетін халықтың рухын, қарсылық қабілетін бұзып, өмір сүрудің шегіне жеткізді. Аштық, билік өкілдерінен қорқу, сол қорқынышты оқиғалардың құпиялылығы халықтың санасында ұзақ уақыт сақталды.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? - Алматы: Ана тілі, 1993. - 208 б.

2 Алдажуманов К.С. Голод 1931-1933 годов в Казахстане: проблемы истории и методологии // https://e-history.kz/upload/iblock/5bc/5bc5ff1e929a9b55145219416553b659.pdf (қаралды – 05.03.2022).

3 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА). 141-қ. 1-т. 12-іс.

4 Омарбеков Т.О. Кеңестік биліктің зомбылығына қарсы халықтың қарсылығы: жаңа деректер куәлігі (1929-1932 жж.) // «Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. ХХ века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, Р.Ж. Байдалы. – Алматы: Литер М, 2021. – 296 б. – Каз., рус.

5 Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. Маңғыстау өңіріндегі аштық пен босқыншылық (1920 ж. соңы - 1930 ж. басы) . – Отан тарихы. – 2021. – №3(95). – С. 126-135.

6 Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві. 33-қ. 1-т. 176-іс.

7 ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2067-іс.

8 Алдажуманов Қ.С. Шаруалар көтерілістері туралы ойлар жайлы сұқбат. Сұқбат алушы А.И. Құдайбергенова, 24 тамыз. 2022 ж. – Алматы, 2022.

9 Қойгелдиев М. Қиянат анатомиясы. Менің ғылымдағы өмірім. (Қазақстанның ғылыми мектептері. Тарихтану). Монография. – Алматы: Арыс» баспасы, 2020. – 360 б.

10 Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруалықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы», 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулыларын зерттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы комиссиясының Қорытындысы // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 22 желтоқсан, № 292 (20367). – 1-3 б.

11 Алдажуманов К. Крестьянское движение сопротивления // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-Казахстан, 1998. – С. 66-92.

12 Балтабаева К.Н. Казахстанские беженцы: от категорий до разработки закона о реабилитации беженцев // «Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. ХХ века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Байдалы Р. - Алматы: Литер М, 2021. – 210 б.

13 Малышева М., Познанский В. Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931-1934). – Алматы: Ғылым, 1999. – 536 с.

14 Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

15 Мұхатова О.Х. Қазақстанда босқыншылық тарихын зерттеу проблемалары // «Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелері» = «Массовый голод 1930-х годов в Казахстане и вынужденные откочевки казахов на сопредельные территории: проблемы современного осмысления и научной оценки»: халықар. ғылыми-тәжірб. конф. мат-ры / Құраст. А.И. Құдайбергенова, Ө.И. Исенов, А.А. Бекенова. – Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022 ж. – 324 б.

16 Төлепбаев Б., Осипов В. Асырмай да жасырмай айтылар шындық. // Нәубет. / Құраст. Қыстаубаев З. – Алматы: Жалын, 1990. – 446 б.

17 Конквест Р. Жатва скорби реестр смерти. // Вопросы истории. – 1990. – №4. – С. 83-100.

18 Поляков Ю.В., Жиромская В.Б., Киселев И.Н. Полвека молчания // Социологические исследования. – 1990. – №6. – С. 2-8.

19 Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы архиві (ҚР ҰҚКАА). 9-қ. 1-т. 493-іс.

20 ҚР ҰҚКАА. 9-қ. 1-тіз. 495-іс.

21 ҚР ПА. 144-қ. 17-т. 46-іс.

22 Орынбор облыстық біріккен мемлекеттік архиві (бұдан ары қарай – ООБМА). 63-қ. 5-т. 37 іс.

23 Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (бұдан ары қарай – РМӘСТА (РГАСПИ). 62-қ. 2-т. 3135-іс.

24 Голод в СССР, 1929-1934: в 3 т. Т. 1: 1929 – июль 1932: в 2 кн. / Отв. сост.: В.В. Кондрашин. Кн. 1. - Москва: МФД», 2011. – 656 с.; Кн. 2. - Москва: МФД», 2011. – 560 с. (Россия. ХХ век. Документы).

25 Омарбеков Т.О. Кеңестік биліктің зомбылығына қарсы халықтың қарсылығы: жаңа деректер куәлігі (1929-1932 жж.) // «Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. XX века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Байдалы Р. - Алматы: Литер М, 2021. – 210 б.

1.2 Отандық және шетелдік тарихнамада «босқын» қазақтар мәселесінің зерттелуі

С.Н. Мамытова

XX ғасырдың 30-жылдарындағы қазақтардың қайғылы тағдырларымен байланысты «босқындар» мәселесі негізінен XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық тарихы бойынша зерттеулер шеңберінде талқылана бастады. Бұл процесс кеңестік тоталитарлық жүйенің құлдырауымен және Республиканың тәуелсіздігін жариялануымен табиғи түрде байланысты. 90-жылдардың басында тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, Кеңес үкіметінің қылмыстарын толық ашу, лайықты түрде қуғын-сүргінге ұшырағандарды оңалту мақсатында арнайы комиссиялар құрылғаны белгілі. Олардың жұмысының нәтижесі Қазақстандағы аштықты қазақ халқына қарсы геноцид ретінде тану болды. Осы кезеңде жарияланған ғылыми мақалаларда аштықтың себептері мен салдарын объективті талдауға алғашқы әрекеттер жасалды. Отандық тарихшылардың, қатарында М.К. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, К.С. Алдажуманов, С. Әбдірайымов, Т. Омарбеков сынды тарихшы ғалымдардың еңбектерінде жаңа көзқарастардың ұсынылуы, «Қазақстандағы ашаршылықтың» бастапқы тұжырымдамаларын қалыптастырды [1-5]. Олар XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы оқиғалардың адамдардың жаппай қырылуына әкеп соқтырған айрықша ерекшелігін атап өтті. М.К. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, М.Б. Тәтімов ұсынған есеп бойынша ашаршылықта 1,75 млн адам аштықтан қайтыс болды.

XX ғасырдың 30-жылдарындағы қазақтардың көші-қон тарихы туралы құнды ақпараттық Қазақ диаспорологиясы саласындағы жетекші сарапшы болып табылатын Г.М. Меңдіқұлованың еңбектерінен алуға болады. «Қазақ диаспорасының тарихи тағдыры: шығу тегі мен дамуы» монографиясында (Алматы, 1997) ғалым қазақ диаспорасы мен ирреденттерінің қалыптасу себептері мен процестерін талдады. Г.М. Меңдіқұлованың айтуынша, «қазақ диаспорасы өзінің бүкіл тарихында саяси және діни себептерге байланысты көші-қонның зорлық-зомбылық немесе мәжбүрлі сипатына ие болды» [6].

Ғалым зерттеу үшін маңызды сұрақтардың бірі – үш тұғырлылық мәселесін көтереді. Бұл – «қазақ диаспорасы, Қазақстан Республикасы және Отандастарымыз тұратын елдердің үш негізгі құрамдас бөлігінің халықаралық және мемлекетаралық деңгейдегі өзара қарым-қатынастары, өзара тәуелділігі және өзара байланыстары».

Г.М. Меңдіқұлова Ресейдегі (Астрахань, Орынбор, Қорған, Омбы Таулы-Алтай автономиялық облыстары), Өзбекстандағы (Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашол аудандары) және Қытайдағы (Алтай, Тарбағатай, Іле, Құлжа, Еренқабырға, Баркөл аудандары) Қазақстанмен шектес аумақтарда тұратын қазақтарды (мысалы, ШҰАА-дағы (СУАР) «олар соғыстар, аннексиялар, даулы шекаралар немесе отаршылдық модельдер кешені салдарынан тарихи отанынан тыс қалған өз аумағында тұратындар» тобына жатқызады.

Ол қазақ диаспорасын қалыптастыру процесінде Қазақстандағы зорлық-зомбылық және заңсыз ұжымдастыру жылдарын жеке кезеңге бөліп, оны «казақ халқына қарсы этноцид», ұжымдастыру кезеңінде жүргізілген казақ халқына қарсы жасырын геноцид уақыты ретінде сипаттайды. Зерттеуші былай деп жазады: «бұл процесс Қазақстанда орасан зор адам шығынымен, сондай-ақ аман қалған халықтың Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан, Қарақалпақстан, Қытай, Иран, Ауғанстан секілді көрші аумақтарға 1 млн 30 мыңға есептелетін адам санының кетуімен қатар жүрді. Оның 616 мыңы біржола қоныс аударды, оның ішінде 200 мыңға жуық қазақ Қытайға, Моңғолияға, Ауғанстанға, Иранға кетті, ал 414 мың адам кейіннен Қазақстанға оралды». 1930-шы жылдардағы қазақтардың қоныс аудару мәселесін талдау кезінде ғалым негізінен алыс шетелдердегі кандастар тарихын қарастырады [6].

Ашаршылық мәселесі жеке-дара зерттеушілермен қатар, ұжымдық еңбектер мен конференцияларда, семинарларда талқыланды, материалдарының жинақтарында жарияланды [7]. Мысалы, 1995 жылы Алматыда өткен «Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру және саяси қуғын-сүргін» конференциясы үлкен резонанс тудырды. Конференцияға жаппай қуғын-сүргіннің тірі куәгерлерінің – ГУЛАГтың бұрынғы тұтқындарының, атылған, бай-кулактардың балалары мен немерелерінің, сондай-ақ жер аударылған халықтардың ұрпақтарының қатысуы ерекше көңіл-күй туғызды. Олардың қатысуы, сондай-ақ жалпы жұртшылық арасында бұл тақырыпқа деген үлкен қызығушылық, қойылған тақырыптың тек ғылыми ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси маңызға ие болғандығын көрсетті.

XX ғасырдың 30-жылдарында аштықтан қашқан қазақтардың қайғылы тарихымен тікелей байланысты алғашқы ғылыми жұмыстардың бірі М. Малышева мен В. Познанскийдің «Казахи - беженцы от голода в Западной Сибири. 1931 – 1934 год» (Алматы, 1999) [8].

Авторлар XX ғасырдың 20-30 жылдарында Сібірде өз республикасынан тыс жерде болған қазақ халқының ірі тобының өмір сүруіндегі қиындықтарға қарсы күрестің тарихын зерттеді. Қазақ халқы үшін демографиялық дағдарыстардың қайғылы салдарын анықтады: 1921-1922 жылдардағы ашаршылық, 1930-1934 жылдардағы ашаршылықтағы Сталиндік жүйенің жазалау саясатын: азық-түлікті тартып алуға қарсы шаруалардың баскөтерулері, кулақтық тәркілеу, қуғын-сүргінді атап өтті. Сібірдегі орыс халқының қазақ диаспорасымен, босқын қазақтардың қазақ этносын құтқарудағы байланыстарының әсерін қарастырды.

Зерттеулердің жаңа өрлеуі 2000 жылдары байқалды. Бұл ресми саясатқа және жаңа мұрағат қорларына қол жетімділіктің ашылуына байланысты болды. Белгілі қазақстандық тарихшы Талас Омарбеков Қазақстанның ІІХК / БМСБ (ОГПУ) / МҚК құпия мұрағаттарын пайдалана отырып, 2003 жылы «Қазақстан тарихы. XX ғасырдағы өзекті маселелері» кітабын шығарды [9]. Онда ол адам шығынын 3 миллион 379 мың 500 адамға бағалады, оның миллионға жуығы босқындар болды. Оның ойынша, ашаршылықтың басты себебі мал басының 40 млн.-нан 4,5 млн.-ға дейін қысқаруымен қатар жүретін дәстүрлі қазақ мал шаруашылығының жойылуы болды.

Осы мәселе бойынша Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты және Мемлекет тарихы институтының ғалымдары 1932-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықтың нақты көрінісін қалпына келтіру бойынша жұмыс жасап келеді. Ең алдымен, олар жүргізген мәселені бірлесіп талқылау және «Қазақстандағы ашаршылық: халық трагедиясы және тарих сабақтары», «Украина мен Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылық: тарихнама мәселелері және проблеманы зерттеу тәсілдері» сияқты конференциялар жинақтарын жариялау жоғары бағаға лайық [10]. Онда сенімді құжаттарға негізделген баяндамалар жалпы

трагедияны ашуға мүмкіндік береді, оның сабақтары ғасырлар бойғы халықтар достығының тарихи байланыстарын нығайтуға көмектесуі керек. Қазақстандық ғалым-тарихшылар Е.Б. Сыдықов, Б.Г. Аяған, З.Е. Қабылдинов, М.О. Абсеметов, Т.С. Садыков және т.б. баяндамалары үлкен қызығушылық тудырды.

Осы мәселенің қазақстандық, украиндық және ресейлік зерттеушілері пікірталастардың басты қатысушылары болды. Ғалымдардың пікірталасы негізінен 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтың себептері, ауқымы мен салдары туралы болды. Көпшілігі Қазақстан мен Украина аумағындағы ашаршылық құрбандарының орасан зор ауқымының дұрыстығын растады, бірақ себептерге қатысты әртүрлі тәсілдер байқалды. Егер кейбіреулер аштықты орталықта Сталиннің және Қазақстанда Голощекиннің жіберген Кеңес өкіметінің асыра сілтеуінің нәтижесі деп санаса, басқалары жаппай ашаршылықты қолдан әдейі ұйымдастыру арқылы ұлттық ерекшелікті тұншықтырып, халықтарды біріздендіруге бағытталған арнайы шара деп көрсетті.

Профессор Е.Б. Сыдықов партия-кеңес басшылығының қателіктері ресми түрде «Көшпенділер» (Откочевники) (босқындар – авт.) деп аталатын «бақытсыз адамдардың» үлкен тобының пайда болуына әкелгенін атап өтті. Ғалым қазақ халқының республикадан тыс жерлерге көші-қоны тұрғысынан Қазақстандағы ашаршылық проблемасының бірқатар маңызды аспектілерін көтерді: саны, трагедия ауқымы, көшіп-қону бағыттары, барған жерлердегі өмір сүру жағдайлары.

Талқыланатын мәселелердің бірі 20 ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық кезінде Қазақстаннан көшіп келген босқындардың санын анықтау болып табылады. Кеңес заманында олардың есебінің болмауы бұл мәселені зерттеуді сдәуір қиындатады. Ресми түрде Батыс Сібірге қоныс аударған қазақтардың саны 50 мыңға жуық болды деп мәлімдеді. Бірақ, З.Е. Қабылдиновтың айтуынша, «олардың саны кем дегенде 18-20 есе көп болды» [11]. Е.Б. Сыдықов Қазақстаннан қоныс аударғандар деген санды кеттіреді 1030 мың, оның 616 мыңы оралмады деп есептейді.

Зерттеушілер үшін аз шешілген мәселелердің бірі – көші-қон бағыты туралы мәселе. Қазақ босқындарының ең көп ағыны шекаралас аймақтарға - Қырғызстанға, Орта Азия республикаларына, сондай-ақ Еділ бойында, Оңтүстік Орал мен Батыс Сібірге тіркелді.

Е.Б. Сыдықовтың айтуынша, «Қазақтардың бір бөлігі Шығыс Сібірге де келген. Сібір кем дегенде жүз мыңға жуық қазақты, негізінен Орта жүз және жартылай Ұлы жүздің руларынан қабылдады» [12].

Негізінен Новосибирск облысының мемлекеттік архивінің қорларынан алынған ауқымды дереккөз базасында ғалым жалпыхалықтық бақытсыздықтың құрбаны болған жетім балалардың тағдырына ерекше назар аудара отырып, қазақ халқының қайғылы жағдайын көрсетті.

Дала өлкесі мен Батыс Сібір қазақтарының тарихы бойынша жетекші сарапшы З.Е. Қабылдинов бай этнографиялық және мұрағаттық материалдарды пайдалана отырып, 20 ғасырдың 30-жылдарындағы оқиғаларды «Орталықтың өкілдері жасаған жасанды ұйымдастырылған ашаршылық негізінен одан да көп дәрежеде қазақ және украин халқы зардап шеккен нағыз этникалық геноцид» деп бағалады. Ол қазақтардың мәжбүрлі көші-қон бағыттарын, жаңа қоныстану орындарындағы «көшпелі» қазақтардың проблемаларын қарастырып, сондай-ақ: неліктен қоныс аударған қазақ халқының нақты санын жасыру жүріп жатыр? деген мәселені көтерді.

Зерттеуші В.И. Сергийчук көптеген аштыққа ұшыраған қазақтар үшін қашудан басқа амалы болмады деп түйді. Оның пікірінше, «сол кездегі ҚАКСР басшылығының өтініші бойынша оларды белгілі бір уақытқа қабылдаған қоршаған аймақтарға уақтылы көшу мыңдаған адамның өмірін аштықтан құтқарды»

[13]. Көшіп кетуге түрткі болған себептердің бірі ретінде ол астық дайындау науқандарын жүргізу кезінде биліктің қазақ халқына қарсы өрбіген террорын атап өтті. Қазақстан Президенті архивінің 141 қорының құжаттарына сүйене отырып, ол қазақстандық биліктің «көшпелі элемент» (босқындар-авт.) мәселесін шешуге талпыныстарын көрсетті. Аудандық және облыстық партия ұйымдарының алдына басты міндет қойылды: «босқындарды» өз мекендеріне-ауылдарға дерсу қайтаруға қол жеткізу. Осы мақсатта сол кезде үстемдік еткен командалық-әкімшілік саясат рухында кейбір әрекеттер жасалды. Атап айтқанда, аш босқындармен толған вагондарды, қазақтарды Оңтүстік Қазақстан облысына мақта жинауға жіберді. В.И. Сергийчук былай деп жазды: «Мақтарал ауданына қазақтардан жасақталған 38 вагон жіберілді. Алайда, жолға деп бір адам басына шаққанда берілуге тиісті 3 келі нанның орнына тек 500 граммнан ғана бидай берілді. Бұл, ең алдымен балалардың ашығуына әкелді. Ташкентке дейінгі жолда 25 бала, сондай-ақ 2 ересек адам қайтыс болды» [13].

Ғалым М.М. Қозыбаева Батыс Сібірде қазақ диаспорасының қалыптасуының тарихи аспектілерін зерделеу бойынша студенттердің ғылыми жобасына жетекшілік етті. Онда XX ғасырдың 30 жылдарындағы ашаршылық куәгерлерінің, сондай-ақ олардың ұрпақтарының естеліктері қолданылды. Бағалы материалдар Омбы, Новосибирск, Тюмень облыстарының мемлекеттік мұрағаттарынан табылды. 1939 жылы қазақтардың саны Новосибирск облысында 20 мыңға дейін, Омбы облысында 50 мыңға дейін, Алтайда 30 мыңға жуық адам өмір сүргені анықталды. Жоба авторлары «босқындардың» тайпалық құрылымын талдады. Олардың деректері бойынша, бұл негізінен «Орта жүз қазақтары, даланың солтүстігіндегі қазақтар, негізінен арғындар, керейлер, қыпшақтар» деп көрсетті [14].

Қазақстандағы «есте сақтау саясаты» жиынтығында Ресей тарихшысы А.В. Грозиннің «Голод 1932–1933 годов и политика памяти в Республике Казахстан» (2014) кітабы жарық көрді. Онда Қазақстан аумағындағы XX ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық тақырыбын қарастыратын орыс тілді қазақстандық тарихнама мен тарихи публицистиканы зерттеу нәтижелері ұсынылған [15].

Ашаршылық мәселесін талқылауда архив қызметі 2000 жылдары ерекше белсенділік танытты. Архивистердің бастамасымен бірқатар диалогтық алаңдар ұйымдастырылды. 2016 ж. сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің архиві «Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылық: құжаттар мен фактілер» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Осыған ұқсас мәселелер өңірлік архивтердің еңбектерінде жалғасын тапты. Сондай-ақ, Павлодарда да осы тақырып бойынша «Азалы жылдар жаңғырығы. Қайғылы және қасіретті жылдар» атты құжаттар жинағы жарық көрді.

Шетелдік тарихнамада мұрағаттық құжаттаманы пайдаланудың шектеулі мүмкіндіктеріне қарамастан, бұл мәселеге үлкен қызығушылық танытты. КСРО-дағы аштық тақырыбын алғашқы зерттеушілердің бірі американдық ғалым Марта Брилл Олкотт [16] және ағылшын-американдық тарихшы Роберт Конквест [17] болды. 1986 жылы ол өзінің «Жатва скорби (Қайғы-қасірет орағы)» атты еңбегін шығарды, оған қазақ ашаршылығы туралы тарау енгізілді.

Олар еңбектерінде өткен қайғылы оқиғаларда маңызды факторларға айналған көшпелі қоғамның ерекшеліктеріне баса назар аударды. Бұдан әрі кейбір архив қорларына қол жетімділіктің мүмкіндігі Изабель Огайон (Франция), Никколо Пианчиоло (Италия), Мэттью Пейн және Сара Кэмерон (АҚШ), Роберт Киндлер (Германия) сияқты шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің пайда болуына ықпал етті [18-22]. Осы зерттеушілердің барлығы Кеңестік

жүйенің Қазақстандағы зорлық-зомбылық сипатын көрсетті. Батыс ғалымдары Қазақстандағы ашаршылық – бұл Кеңес үкіметінің қазақ халқына қатысты террор актісі екенін дәлелдеді. «Босқындар» тақырыбын зерттеу үшін олардың еңбектеріндегі, олар жазғандай, «қазақ дағдарысының» Мәскеудің Орталық Азияны дамыту саясатына әсерін бағалау өте құнды.

Сара Кэмероннның айтуынша, қазақ ашаршылығының өлім-жітім көрсеткіштерін анықтауда белгілі бір проблемалар бар: ауа қашқан ашаршылыққа ұшыраған босқындардың саны, кеңестік ұжымдастыру ашаршылығының басқа мысалдарына қарағанда, қазақ ашаршылығы кезінде әлдеқайда маңызды болды. 1937 жылғы санаққа дайындық барысында Қазақстандағы кейбір шенеуніктер бұл көрсеткішті ашаршылықтың бар-жоғын жабу тәсілі ретінде пайдаланды: республика халқының санының күрт төмендеуін олар көптеген қазақтардың Сталиннің алғашқы «бесжылдығы» кезеңінде басқа республикаларға жұмыс істеу үшін қоныс аударуы мүмкін деп түсіндірді [23]. Бұл, әрине, ақылға қонымсыз дәлелдер. Ғылыми есептеулер ашаршылық кезінде қаза тапқандардың көптігін көрсетеді. Шет жерлерде де әлсіреген және қиналған адамдар ажал құшты. Сондықтан өлгендердің саны туралы нақты мәліметтер беру өте қиын.

Шетелдік автор түсіндірілді еңбектерінің жоғары ғылыми құндылығы әртүрлі әдіснамалық тәсілдерді қолдану болып табылады. Салыстырмалы талдау нәтижелері 2014 жылы Торонто университетінің Канадалық украин зерттеулер институтында өткен «Коммунизм және аштық: кеңестік, қазақ және украин, сондай-ақ қытай ашаршылығы» конференциясында ұсынылды.

Бірқатар шетелдік ғалымдар аграрлық және аграрлық емес халықтар арасындағы байланыс мәселесінде эволюциялық тәсілдерге қарсы шықты. Мысалы, Резат Касаба «Движущаяся империя: оттоманские кочевники, мигранты и беженцы» (Сиэтл, 2009) және Джеймс Скот «Искусство не быть управляемым: Анархистская история нагорий Юго-Восточной Азии» (Нью-Хавен, 2009) [24]. «Босқындар» тақырыбын зерттеу үшін олардың аштықтан туындаған халықтың жаппай қозғалысы туралы көзқарастары, сондай-ақ осы процестердің этникалық сәйкестікке әсері үлкен мәнге ие.

Көріп отырғанымыздай, кеңес дәуіріндегі ашаршылық мәселесіне арналған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қазақтардың Қазақстаннан тыс жерлерге мәжбүрлі көші-қоны мәселесіне қатысты жекелеген фрагменттер ғана бар.

Бұл мәселенің аз зерттелгеніне қарамастан, отандық тарихшылардың бірнеше еңбектерін атауға болады: Е.Б. Сыдықов. Республикадан тыс жерлерге қазақ халқының көші-қоны мәнмәтініндегі Қазақстандағы аштық проблемасының кейбір аспектілері туралы: З.Е. Қабылдинов. Қазақ ашаршылығы және көшпелі қазақтардың Сібірде болуының ерекшеліктері (XX ғасырдың 30-жылдарының басы): В.И. Сергийчук 1932-1933 жылдары аштықтан құтылудың негізгі тәсілі ретінде қазақтардың стихиялық көші-қоны.

А.Н. Алексеенко өзінің «Сельское население Казахстана. 1920-1990 гг.» атты ғылыми жұмысында [25] Қазақстанның ауыл халқының санының динамикасын, ұлттық құрамын, көші-қон және табиғи қозғалысын зерттеді. Архивтік және жарияланған дереккөздердің үлкен тобын талдау негізінде республиканың ауыл халқының дамуының негізгі тенденцияларын айқындады. XX ғ. 20-30-жылдардың басындағы ашаршылықтың демографиялық салдары, 1920-1930-жылдары Қазақстанға жаппай қоныс аудару, 1930-1940-шы жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды депортациялау, тың жерлерді игеру және т.б. сияқты бұрын жабылған проблемаларды қарастырды.

Тарихшы Б.А. Мұсаев «Голод в первой половине 20-х годов XX века в Казахстане: исторический, социально-политический анализ» атты ғылыми дәрежесін алу жөніндегі жұмысында [26] XX ғасырдың 20-жылдарының бірінші жартысында болған әлеуметтік-саяси процестерді зерттей отырып, ашаршылықтың себептерін, ауқымы мен салдарын атап өтті. 1919-1922 жж. және 1932-1933 жж. әлеуметтік-саяси, экономикалық жағдайды талдап, ашаршылықтың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық салдарын анықтады. Билік органдарының қызметіне баға берді, олардың мемлекеттік құрылымдарды ұйымдастырудағы, апат салдарын жоюдағы орталықпен және периферияменқарым-қатынасын ашты. ҚазАКСР-дің 5 губерниясында жаппай ашаршылықтың салдары, халық құрамының демографиялық өзгеруі, аграрлық азық-түлік, шаруашылық-экономикалық шығындар, адамдардың денсаулығы мен өліміне әсері анықталды. Бүкілхалықтық апатқа, халық өміріндегі гуманитарлық апатқа қарсы күрестің оңтайлы жолдары көрсетілген. Азық-түлік проблемасы жаңа мемлекеттік құрылымның қалыптасуымен бірге әлемдік дамудың жаһандық проблемаларына жатқызған.

Сондай-ақ, «Живая память. Сталинизм в Казахстане – Прошлое, Память, Преодоление» (2019) еңбегінің авторлары Ж.Б. Абылхожин, М.Л. Акулов, А.В. Цай 1930-1940 жылдары Қазақстандағы Сталиндік қуғын-сүргін тарихына қатысты зерттеуін жазды [27]. Онда тоталитарлық мемлекеттік зорлық-зомбылық және адам құқықтарын айыру, азап шегу кезеңіндегі ұжымдық еске алу тақырыптары көтеріледі.

Шетелдік еңбектер арасында С. Мақсұдовтың «Миграции в СССР в 1932–1939 годах» кітабы қызығушылық тудырады [28]. Оның мәліметінше, Қазақстанда 1,45 миллион этникалық қазақтар мен басқа этностардың 100,000 өкілдері қаза тапқан. Бұл этникалық көші-қон процесін көрсетеді.

Тарихнамалық шолу көрсеткендей, зерттелген мәселе өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылықтың қайғылы тарихына арналған ғылыми еңбектерде қозғалған. Оларда ұсынылған архивтік және этнографиялық материалдар одан әрі зерттеу үшін базаны кеңейтуге ықпал етеді. Мәжбүрлі көші-қонның жағымсыз салдарымен қатар, зерттеушілер этно-мәдени өзара іс-қимыл процесінде оң салдарларды көрсетуге тырысады. Көптеген авторлар қоныстанудың жаңа ареалдарында қазақтардың жеткілікті жоғары бейімделу қабілетін атап көрсетеді. Алайда, «Босқындар» деп аталатын қазақтар трагедиясының тақырыбы әлі нақты, тұтас, жүйелі жазылған жоқ.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. - № 7 – 1989. - С. 53-71.

2 Голод в казахской степи: письма тревоги и боли / С. Абдирайымов, ред. - Алматы, 1991. – 208 с.

3 Омарбеков Т. Голощекин тұсындағы Алаш қайраткерлерінің тағдыры / Ақиқат. – 1995. - № 12. – 96 б.

4 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. - Алматы, 1997. – 320 б.

5 Алдажұманов Қ. Күштеп көшіру: жымысқы саясат, басқыншылық әрекет // Қазақ тарихы. - 1997. – №4. – 33 б.

6 Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие. - Алматы: Ғылым, 1997. – 264 с.

7 Народ не безмолвствует: Материалы конференции «Насильственная коллективизация и политические репрессии в Казахстане» / Сост. М.И. Пономарев.

– Алматы: Обелиск, Простор, 1996. – 305 с.; Алдажуманов К.С. Массовое общественное сознание и политические репрессии 30-х гг. в Казахстане / Материалы семинаров. – Алматы, 1998. – 108 с.

8 Малышева М., Познанский В. Казахи - беженцы от голода в Западной Сибири. 1931 - 1934 год. – Алматы, 1999. – 536 с.

9 Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2003. – 552 б.

10 Сборник материалов Международной научной конференции «Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории» / Ред. Б.Г. Аягана. – Астана, 2012; Голод 1930-х годов в Украине и Казахстане: вопросы историографии и подходы к исследованию проблемы (к 80-летию трагедии). Сборник материалов выступлений, докладов и сообщения участников Международной научно-методической конференции / Ред. Сыдыков Е.Б. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2014. – 240 с.

11 Қабылдинов З.Е. Казахский голодомор и особенности пребывания казахов-откочевников в Сибири (Начало 30-х годов XX века) / «Голод 1930-х годов в Украине и Казахстане: вопросы историографии и подходы к исследованию проблемы (к 80-летию трагедии)» /под. общей редакцией Е.Б. Сыдыкова. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2014. – 240 с. – С. 54-64.

12 Сыдыков Е.Б. О некоторых аспектах проблемы голода в Казахстане в контексте миграции казахского населения за пределы республики / «Голод 1930-х годов в Украине и Казахстане: вопросы историографии и подходы к исследованию проблемы (к 80-летию трагедии)» / под. общей редакцией Е.Б. Сыдыкова. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2014. – 240 с. – С. 9-21.

13 Сергийчук В.И. Стихийное откочевье казахов как основной способ спасения от голода в 1932-1933 годах / «Голод 1930-х годов в Украине и Казахстане: вопросы историографии и подходы к исследованию проблемы (к 80-летию трагедии)» /под. общей редакцией Е.Б. Сыдыкова. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2014. – С. 164-173.

14 Козыбаева М.М. Исторические аспекты формирования казахской диаспоры в Западной Сибири file:///C:/Users/hp/2017-stud-pr-expo-103.pdf

15 Грозин А.В. Голод 1932-1933 годов и политика памяти в Республике Казахстан / Институт востоковедения РАН. – М.: ИВ РАН, 2014. – 178 с.

16 Марта Брилл Олкотт Коллективизация в Казахстане // Российский Обзор. - № 2. – 1981. – С 122-142.

17 Конквест, Роберт. Жатва скорби: Сов. коллективизация и террор голодом / Пер. с англ. Исраэль Коэн и Нели Май; Под ред. М. Хейфеца. – London : Overseas publ. interchange, 1988. – 620 с.

18 Изабель Огайон La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline. Collectivisation et changement social (1928-1945) (Париж, 2006 г.).

19 Никколо Пианчиола, Stalinismo di frontiera: colonizzazione agricola, sterminio dei nomadi e costruzione statale in Asia centrale, 1905-1936 (Рим, 2009 г.). – «Голод в степи: коллективизация сельского хозяйства и казахских скотоводов, 1928-1934 гг.». Cahiers du Monde russe 45 ном. 1-2 (2004 г.). – 137-192.

20 Мэттью Дж. Пэйн «Глазами советского государства: оседание кочевых казахов, 1928-1934 гг.»; Пэйн «Советские степи: модернизация и геноцид в Казахстане 1916-1941 гг.» / http://history.emory.edu/home/people/faculty/payne-matthew.html

21 Роберт Киндлер. Stalins Nomaden. Herrschaft und Hunger in Kasachstan (Гамбург, 2014 г.).

22 Р.В. Дэвис, С. Уиткрофт. Годы голода: сельское хозяйство СССР, 1931-1933 / – Москва : Фонд «Президентский центр Б. Н. Ельцина», 2011. – 542 с.

23 Сара Камэрон. Голодные степи: советский Казахстан и казахский голод. 1921– 1934 гг.» (докторская дисс., Университет Йэля, 2010.

24 Резат Касаба. Движущаяся империя: оттоманские кочевники, мигранты и беженцы. - Сиэтл, 2009; Джеймс Скот Искусство не быть управляемым: Анархистская история нагорий Юго-Восточной Азии. - Нью Хавен, 2009.

25 Алексеенко А.Н. Сельское население Казахстана. 1920-1990 гг. – Алматы, 2016.

26 Мусаев Б.А. Голод в первой половине 20-х годов XX века в Казахстане: исторический, социально-политический анализ. – Уральск, 2005.

27 Живая память. Сталинизм в Казахстане – Прошлое, Память, Преодоление / Под ред. Ж.Б. Абылхожина, М.Л. Акулова, А.В. Цай. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2019. 272 с.

28 Максудов С. Миграции в СССР в 1932–1939 гг. – М., 1999.

1.3 Шетелдік тарихнамада қазақ босқындары мәселесінің зерттелуі

Р.Д. Кубеев

1930-жж. Қазақстандағы ашаршылық тарихын, оның аспектілері мен көрші республикаларға халықтардың бас сауғалауы мәселесін зерттемес бұрын, дәстүрлі көшпелі қоғамды кеңестік модернизациялау барысына қатысты зерттеушілердің еңбектеріндегі концептуалдық мәселелерге қысқаша тоқталған жөн болар.

Қазақстандағы және жалпы КСРО аумағындағы ашаршылық мәселесіне шетелдік зерттеушілерден С. Уиткрофт, Р. Конквест, С. Кэмерон, Р. Киндлер, М.Б. Олкотт, И. Огайон, А. Томас, Н. Пианчола, М.В. Кашикчи, М. Пэйн, т.б. қалам тартты. Көшпелі-қазақтар арасында жаппай аштықтың орын алуы мен көшпелі қоғамның трагедиясының алғышарттары жөнінде Ф.Л. Синицына, Н.Э. Масанов, Л. Виола еңбектерінде қарастырылған.

Жалпы, авторлардың мәлімдеуінше, К. Маркс көзқарасында заманауи қоғам құру үшін халықты урбанизациялау қажет болды. Бұл тарихи процестің өзегі, оның заңды әлеуметтік нәтижесі ретінде қабылданды. Ал олай болса көшпелі қоғамды отырықшыландырып, ауыл құрып, бір орынға тұрақтандыру процесі қоғамның жаңа типін қалыптастыру барысында керек екендігі айтылды [Marxism, Maoism and Utopianism [1, 37-38 б.].

Негізінен алғанда, 1930-шы жылдардағы Қазақстандағы жаппай ашаршылық трагедиясын көшпелі халықты ұжымдастыру және седентаризациялау бағыты бойынша биліктің жүргізген науқандарымен тікелей байланыстыру қалыпты жағдайға айналған.

Жергілікті халықтың демографиялық әлеуетіне апатты зардаптарын тигізген дәстүрлі көшпелі қоғамды кеңестік модернизациялау тақырыбын сөз еткенде (күшпен отырықшыландыру, ұжымдастыру, еш дайындықсыз жүргізілуі) зерттеушілер биліктің бұл мәселені толық түсінбегенін және халық өмірінен бейхабар болғандығын мәлімдейді.

Ф.Л. Синицын өз еңбегінде КСРО басшылығының кейбір бөлігі Қазақстандағы және көшпелі мал шаруашылығы дамыған басқа өңірлердегі байырғы халықтың көшпелі өмір салтына қатысты жағдайға реалистік шынайы көзқараспен қарағаны атап өтілді. Мысалы, көшпелі қоғамды модернизациялауға қатысты көзқарас туралы айтатын болсақ, онда Кеңес өкіметі өкілдерінің арасында екі топ айқын анықталды (оларды шартты түрде «ғалымдар» және «билік» деп атауға болады). Бұл бөлу өте шартты, өйткені «ғалымдар» тобының жақтастарының бір бөлігі басқару

органдарында жұмыс істеді, ал «билік» тобының кейбір өкілдері ғылым саласында жұмыс істеді [2, 45 б.].

1930 жылдардағы Қазақстандағы жаппай ашаршылық феномені туралы айтқан кезде, қазақстандық зерттеуші Н.Е. Масановтың пікірін келтірген жөн. Автордың мәлімдеуінше аридтік зонадағы көшпелілерді отырықшыландыру сол қоғамның өміріне ауырлық әкеледі, сонымен қатар экологиялық ахуал да нашарлай түседі, себебі жер шаруашылығына қажетті су ресурстары ол аймақта жоқ [3, 14-15 бб.].

Жалпы алғанда, көшпелі қоғамды реконструкциялап, экономикалық тұрғыда қайта құру нұсқаларының ішінде жоғарыда аталған «ғалымдар» тобы бірқатарын ұсынған: 1) көшпелі мал шаруашылығы мен егіншілікті біріктіру; 2) көшпенділікті қалдыру (оны интенсификациялау кезінде);

Биліктің фермерлік (отбасылық) шаруашылықтарды енгізу жөніндегі жоспарлары да зерттеушілердің үлкен қызығушылығын тудырады. Сонымен бірге, дәстүрлі көшпелі қоғамның тұрмыс шындығына жақын келетін бұл идея идеологиялық себептермен қабылданбады (бұл жағдайда байдың кедей туыстарын қанау мәселесі шешілмеді) [2, 54-55 бб.].

Бұл зерттеу аясында М.В. Кашикчидің жұмысы өте қызықты. Автор 1930 жылдардың басындағы жаппай ашаршылық салдарынан Кеңес Одағында миллиондаған адамдардың қаза тапқанын атап өтіп, елдің кейбір бөліктеріндегі (Ресейдің кейбір бөліктері, Қазақстан, Украина) азық-түлік салғырты мен ұжымдастырудың дәстүрлі қоғамдарға тигізетін зиянды әсеріне назар аударады. Сондай-ақ, Қазақстандағы босқындарға қатысты кеңес өкіметі реформаларының мәні туралы айта отырып, кейбір қазақстандық авторлар мұны ұжымдастыру деп атауға болмайды деп санайды, іс жүзінде мал иеліктен шығарылып, басқа иелеріне берілді немесе өлді, бірақ ортақ меншікке айналмаған [4].

Зерттеушілер арасында әлі күнге шейін талас тудырып келе жатқан мәселелер бар: 1930-шы жылдардағы Қазақстандағы жаппай ашаршылықтың табиғаты, мәні, оны геноцид деп тану керек пе, бұл құбылыс халықты қасақана жою ма, әлде Кеңес өкіметінің іс-әрекетін немқұрайлы деп сипаттауға бола ма, қоныс аударушылардың қоныстануы үшін аумақты басқалардан босату мақсатында көптеген адамдардың жойылуы негізгі міндет болды ма (көшпенділерді ұжымдастыру және қоныстандыру науқандарының жанама әсері болды ма?) деген сұрақтар жиі туындайды. Партия шенеуніктері халықтың жаппай қырылуын қалай қабылдады? Ашаршылық құрбандарының нақты саны қандай? [4].

Бұдан басқа, 1930 жылдардағы ашаршылық кезінде қазақ халқының көші-қонының мәні туралы мәселе де негізгі болып табылады. Көбінесе аштықтан босқындарға қатысты «көшпелілер» термині қолданылды, бұл осы мәселенің ерекшелігімен таныс емес адамдарды адастыруы мүмкін.

Зерттеушілердің еңбектерінде қазақ халқының дәстүрлі көшпелі өміріне тән қоныс аудару түрі – көш пен ел аумағында бұрын-соңды болмаған қайғылы жағдайдың салдарынан орын алған босқыншылық арасындағы түбегейлі өзгешелік нақты көрінеді.

Сондай-ақ, жаппай ашаршылық салдарынан халықтың көші-қон қимылына қатысты ақпараттарды архивтік материалдармен жұмыс істеу барысында алуға болады. Атап айтқанда, сол кезде Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болған Т. Рысқұлов өзінің баяндамасында, 1933 жылдың наурызынан бастап КСРО Жоғарғы басшылығының атына көшу барысы, олардың уақыт шеңбері туралы мәліметтерден басқа (1931 жылдың аяғында басталып, 1932 жылдың

көктеміне дейін ұлғайды), жанама түрде айта отырып, коныс аударған халықты қайтару шаралары (соның салдарынан 1932 жылдың жазында боскындарының бір бөлігі республикаға оралды). Құжатты жасау кезінде көші-қон саны қайтадан артқанын да ескеру маңызды.

«Бірқатар қазақ аудандарында және көшпелілер арасында» зерттеушілердің назарын өзіне аударатын кейбір мәселелер бар: аштық пен эпидемияға байланысты өлім-жітімнің артуы, орталық органдар тарапынан шұғыл араласуды кажет ететін деңгейге дейін өскені айтылады. Сондай-ақ, құжат авторының пайымдауынша, Қазақстанда қалыптаскан жағдайдың басқа бірде-бір өлкеде немесе республикада жоқ екендігі туралы ескертуі де маңызды [5, 27 п.].

Осы орайда американдық автор С. Кэмеронның коныс аударған халықтың саны туралы зерттеуінен мәліметтер келтірген орынды: 1931 жылдың маусымынан 1932 жылдың ақпанына дейін (8 ай ішінде) республикада тіркелген үй шаруашылықтарының 22,8%-ға қысқаруы байқалды, үш жүз мыңнан астам үй қожалықтары (миллионнан астам адам) ҚазКСР-ден кетті. Зерттеу тақырыбы аясында американдық зерттеушінің жаңа жерде боскындардың жағдайы жақсарғанына қарамастан, көпшілігі өздерінің қайғы-қасіретін жеңілдете алмағанын жазады. Тиісінше, 1934 жылы жаппай ашаршылық аяқталғаннан кейін республика халқының төрттен бірі (шамамен 1,5 миллион адам) «бұрын-соңды болмаған ауқымдағы катаклизмнен» каза тапкан [6, 144 б.]. Көріп отырғанымыздай, шетелдік зерттеушінің тұжырымы және мұрағат құжатының авторы Қазақстандағы жаппай ашаршылық трагедиясының КСРО аумағында өз ауқымы бойынша теңдесі жоқ екендігі туралы берген ақпараттары үндесіп отыр.

Біздің ойымызша, мұрағаттық құжат авторының көші-қонның екінші қыры туралы түсіндірмесі, яғни, эпидемияның теміржол бойындағы көршілес аумақтарға таралуы маңызды. Қабылданған шаралар (атап айтқанда РКФСР ХКК бағыты бойынша) індеттің таралу мәселесін шешкен жоқ. Тіпті азық-түлікті босату туралы бұйрық берген Орталық комитеттің уақтылы көрсеткен көмегі де оң нәтиже бере алмады. Хаттың автор билік өкілдерін жағдайға шұғыл араласуды және аштыққа ұшыраған адамдардың өмірін құткаруды сұрайды.

Аштықтан бас сауғалаған боскындардың жаңа жерге барып орналасуына катысты архивтік құжаттар бізге төмендегідей ақпараттарды келтіреді: Қырғызстанда ашаршылық салдарынан қазақ боскындарының саны 100 мың адамды құраған, Орта Азия республикаларында – 30 мың, Орта Еділ аудандарында – 40 мың, Батыс Сібірде - 50 мың, Қарақалпақстанда – 20 мың. Боскындардың тіпті шалғайда жатқан Тәжікстан, Қалмақ, Солтүстік аймақ және т.б. секілді аймақтарға да кеткендігі байқалады. Оған коса байлар бастаған бір топ Қытайдың батысына көшіп кеткен болатын. Автордың «қазақтардың орталық аудандарға қарай көшуі Қазақстанда алғаш рет болып отыр» деген секілді ескертпелері орынды.

Зерттеу тақырыбы аясында құжатта келтірілген мәліметтер сол миграцияға берілген баға іспетті: «Бұл қарапайым көші-қон емес (жаз мезгілінде малдарын айдап жақын арада көшуі), адамдардың күнкөріс мақсатында, аштан қырылып қалмаудың қамымен үдере көшуі еді» [5, 27 п.]. Жоғарыда келтірілген үзіндіге сілтеме жасай отырып, дәстүрлі көшу мен бас сауғалап көшудің арасындағы айырмашылықты меңзеп, халықтың басым көпшілігіне өлім әкеліп, дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамының құрылымына үлкен өзгеріс алып келгені сөзсіз.

М.В. Кашикчидің айтуынша 1930-1933 жж. Қазақстанда аштықтан 1,5 млн. адам мерт болған (соның ішінде барлығының 90 пайызын қазақ халқы құраған).

Ал шекара асып кеткендер саны 1 млн. деп көрсетілген. Осы мәліметтерді басшылыққа ала отырып, автор қазақ этносының шығыны жалпы халықтың үштен біріне тең деген болжам жасайды [7]. Өзінің соңғы еңбектерінің бірінде автор Қазақстандағы адам шығынын 1,5–2 млн. адам деп көрсетіп, оның тек қазақ екенін айтады (200–250 мың адам өзге ұлт өкілдері) [8].

М.В. Кашикчи еңбегінің маңызы зор, себебі ғалым зерттеулерінде ашаршылықтың көпұлтты қырларына, этносаралық қарым-қатынастарға мән береді. Аштықтан кашқан босқындарды өзге халықтар құшақ жая қарсы алған жоқ, керісінше жергілікті халықтың наразылығына ұшырады. Ол жөнінде деректер аз емес, мәселен батыс Сібір билік өкілдері келіп қоныстанушыларға көмек көрсетіп жатқан мезетте, байырғы халқы тұрмыстық деңгейде көшпелілерге наразы болды.

Автордың пайымдауынша, босқындардың шет мемлекеттегі қоныстану тарихы жөнінде біршама көп деректер беретін ол Қырғызстан жеріндегі оқиғалар. Жалпы автордың көзқарасы бойынша көшпелілерге қатысты жергілікті халықтың құшақ жая қарсы алу мен наразылығы деңгейін анықтап, деп басып айту өте киын. Ашаршылық тарихын зерттеуде көптеген обьективті және субьективті жағдайларды өзара байланыстыра отырып зерттеу қажеттігін алға тартады [8].

Осы және басқа да көптеген мәселелерді ғылыми айналымға әлі кеңінен енгізілмеген құжаттарға талдау жасау барысында Қазақстаннан көршілес аумақтарға (Ресей, Орталық Азияның кеңестік республикалары) аштыққа ұшырағандар бойынша архивтік құжаттар біршама нақтылай алады.

Зерттеушілер арасында кеңінен талқыланатын мәселелердің бірі – мемлекет басшылығының Қазақстанда босқындарды ұжымдастыру және күштеп қоныстандыру науқанын жүргізу кезінде көздеген мақсаттары, ашаршылықтың ықтимал салдары туралы биліктің хабардар болу дәрежесі, сондай-ақ дағдарыстың алдын алу барысында ресми биліктің әрекеттерін түсіндіру мәселесі болып табылады.

Американдық зерттеуші С. Кэмерон өзінің зерттеуінде 1930 жылдардың басындағы Қазақстандағы жаппай ашаршылық туралы айта отырып, 1929-1930 жылдары басталған ұжымдастыру саясаты осы екі жыл ішінде бүкіл республика бойынша халыққа орасан зор азап әкелгенін, соның ішінде жаппай аштықтың кесірінен халықтың, әсіресе Қытаймен шекаралас жатқандықтан қашып кеткенін атап өтті. Бірақ, автор атап өткендей, 1930-1931 жж. қыста республика ішіндегі азық-түлік дағдарысы ушығып кеткені соншалық, әрбір қазақ жан сауғалап, көшуге мәжбүр болды. Бұл ретте қазақтар үшін тұрғылықты ата-баба жерінен көшу шешімі онай болған жоқ, өйткені бұл жайылымдар мен ата-бабаларының қаны тамған қонысы мен мүлкін тастап кетуді білдірді.

Автордың пікірінше, Мәскеу партиянын қазақ көшпелі өмір салтына араласуы ашаршылықты тудырады деп күткен, бірақ бұл жаппай көші-қонға, XVIII ғасырдың басында жоңғарлардың Қазақстан даласына басып кіруінен кейінгі аймақтағы халықтың ең аукымды қоныс аударуына ұласатынын күтпеген болды.

Зерттеуші мигранттардың ұлттық құрамына назар аударады: қашып кеткендер тек қана казақтар болды, бұл оның пікірінше, ашаршылықтың қазақ ауылы үшін аса зиянды зардаптарының, сондай-ақ қоныс аударуды колайсыз саяси немесе экологиялық жағдайлардан құтылу құралы ретінде ұдайы пайдаланған топтың көшпелі малшылар ретіндегі қазақтардың ахуалының көрінісі болып табылады. Мәжбүрлі көші-қон ауқымы туралы айта отырып, автор босқындардың Қазақстандағы қалалар мен өнеркәсіптік кәсіпорындарды, сондай-ақ РКФСР, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстандағы Батыс Сібір мен Орта Еділді

қоса алғанда, көршілес кеңестік аумақтарды басқанын, сондай-ақ шетелге қашып кеткенін айтады (Қытайға және әлдеқайда аз дәрежеде Иран мен Түрікменстанға, Ауғанстанға). С. Кэмерон қазақстандық босқындар дағдарысы Кеңес Одағының батысындағы ашаршылыққа байланысты халықтың көшінен әлдеқайда асып түскенін атап өтті [6, 143-144 б.].

Жалпыға мәлім болғандай, 1930 жылдардағы жаппай ашаршылықты зерттеудің негізгі мәселелерінің бірі – осы апат салдарынан адам шығынын анықтау. С. Кэмерон өз еңбегінде келесі статистикалық мәліметтерді көрсетеді: 8 ай ішінде (1931 жылдың маусымынан 1932 жылдың ақпанына дейін) республикада тіркелген үй шаруашылықтарының саны 22,8%-ға қысқарды, аудандық деңгейдегі шенеуніктің пайымдауынша 1931 жылы халықтың жаппай қоныс аударуы басталған кезде: «қазақ ауылдарының барлық халқы үдере көшкен». Сонымен бірге, еліміздің басқа аудандарына кету арқылы аштықтан құтылу туралы айта отырып, зерттеуші кейбір қазақтар қашып кеткен аудандарда өз жағдайын жеңілдеткенін, бірақ көпшілік үшін бұл жаппай көшу олардың азаптарын одан да арттыра түскенін атап өткен. 1934 жылы ашаршылықтың соңында республика халқының төрттен бір бөлігі, яғни 1,5 миллионға жуық адам бұрын-соңды болмаған ауқымдағы апатта қаза тапты.

Зерттеу тақырыбының контекстінде, ал нақтырақ айтсақ – жобаның атауын ескере отырып, Мәскеудің осы ашаршылықтан бас сауғалаған халықтың тобына қарай отырып, бұл партияның жеңісі және прогресі деген көзқараста болғанын автор тілге тиек етеді. С. Кэмерон атап өткендей, қазақ босқындарына «босқындар» термині қолданылмаған, оларды «Көшпенділер» деп атаған (сөзбе-сөз, көшіп кететін көшпенділер). Бұл ретте республика басшысы және партия хатшысы Филипп Голощекин көшпенділердің пайда болуын қазақтардың социалистік құрылысқа өту барысындағы өтпелі кезең, оның бір бөлшегі ретінде қарап, қазақтар көшпенділіктің артта қалған тәжірибесінен бас тарта бастағанын алға тартқан болатын [6, 144 б.].

Қазақстанда жаппай ашаршылық геноцид болып табыла ма деген кеңінен талқыланып жүрген мәселеге қатысты автор төмендегідей тұжырымдайды.

Геноцидтің заңды түсініктемесі болып табылатын геноцид туралы Конвенцияның анықтамасына сәйкес, қазақстандық аштық геноцид болып саналмауы мүмкін, өйткені қолда бар дәлелдер большевиктік биліктің мақсаты қазақтарды этникалық топ ретінде жою екенін көрсетпейді. Алайда, егер Рафаэль Лемкиннің (геноцид терминінің авторы) саяси, әлеуметтік, мәдени және әлеуметтік жойылу сияқты физикалық емес жою әдістерін қамтитын геноцидтің түпнұсқа тұжырымдамасына сүйенетін болсақ, онда қазақтың аштығы геноцид деп саналуы ықтимал екендігін айтады.

С. Кэмерон: «Ұжымдастыру арқылы Мәскеу қазақтардың көшпелі өмір салтын қазақ мәдениеті мен өзіндік ерекшелігін жоюға ұмтылды», – деп өз пікірін негіздейді. Сонымен қатар, зерттеуші мәселенің екінші жағына назар аударады: геноцид мәселесіне басты назар аудару оның артында тұрған алапат адам шығынын көлеңкелейді. Қазақтың ашаршылығы миллионнан астам бейбіт тұрғындардың өліміне әкеліп соқтырған және аман қалғандарға жан түршігерлік азап әкелген адамзатқа қарсы қылмыс болды.

Автор жазғандай, геноцид қоғамдық санадағы ең жоғары «қылмыстың қылмысы» ретінде тамыр жайғанымен және қазақтың ашаршылығы геноцидтің заңды анықтамасына сәйкес келмесе де, бұл факт бұл қатыгездікті назардан тыс қалдырмайды және азаптың ауқымын төмендетпейді. Керісінше, Сталиндік режимнің ең жиіркенішті қылмыстарының бірі бола отырып, Қазақстандағы

ашаршылық геноцидтің заңды анықтамасына толық сәйкес келмейтіндігі тарихшыларды жаппай қатыгездіктер мен олардың жасалуын жіктеу және зерттеу тәсілдерін қайта қарастыруға итермелеуі керек. Геноцидтің нақты анықтамасына сәйкес келетін жағдайларға көп көңіл бөле отырып, біз осылайша саяси процестің нәтижесінде пайда болған және адам өміріне жаппай зиян келтірген Қазақстандағы аштық сияқты басқа да зорлық-зомбылық жағдайларын ашып көрсете аламыз [6, 178-179 б.].

Әйгілі американдық зерттеуші М.Б. Олкотт кеңес тарихын зерттеуші үшін ең үлкен қиындықтардың бірі 1930 жылдардағы оқиғаларды түсінуге және түсіндіруге тырысу екенін мойындайды. Автордың пікірінше, экономикалық күйреу, содан кейін ұжымдастырудан кейінгі ашаршылық билік өкілдері үшін күтпеген жағдай болды және әсіресе ұлттық аймақтарда кеңінен таралғаны соншалық, келтірілген залалдың мөлшері әлі күнге дейін жария етілмеген. Зерттеуші Қазақстандағы ұжымдастыру науқаны жалпы кеңестік ауылдық жерлерге қарағанда адам өмірі мен мүлкінің одан да көп жойылуына әкелгенін атап көрсетеді. Ғалымдар келтірген сандарға сәйкес, 1930 жылдардың онжылдығында 1,5 миллионнан астам қазақтар қаза тапты, ал мал басының 80 пайызға жуығы 1928-1932 жылдар аралығында жойылды [9, 122 б.].

Ұжымдастыру науқаны туралы айта отырып, автор Кеңес үкіметінің әртүрлі өкілдері қазақтардың меншігін мемлекет меншігіне алуға және оларды жаңа колхоздарға қоныстандыруға тырысқанда қарсылыққа тап болғанын атап өтті. Оның пікірінше, одан кейінгі қазақтардың қарсыласу тарихы толықтай қалпына келтірілмеуі мүмкін. Бірақ сонымен бірге, зерттеушінің қолындағы мәліметтерге сәйкес, қарсылық кең таралған және көбінесе жақсы ұйымдастырылған. Қазақ ауылдарына ұжымдастыру немесе бай-кулактарды тұтқындау мақсатында келген партия белсенділері жергілікті халық тарапынан қарулы қарсылыққа тап болып, көптеген партия қызметкерлері қаза тапты. Қазақтардан жасақталған бандылар жаңадан құрылған колхоздарға шабуыл жасап, колхоз малдарын өлтіріп немесе ұрлап әкетіп отырған. Кейбір аймақтарда ауыл басшылары билікке қарсы тұру үшін әрекеттерді жоспарлау үшін жиналып отырған. Патрульдер қазақ халқының жаңадан құрылған колхоздарға қоныс аударуына жол бермеу мақсатында жіберілген, өйткені көптеген елді мекендерде су мен егістік жерлер жетіспеді. Автордың еңбегінде келтірілген күштеп ұжымдастыруға қарсы наразылық нысаны ретінде қазақ халқының көші-қонына қатысты фактілердің бірі өте қызықты. Американдық ғалым бүкіл қазақ халқының көшуге қатысты қарастырған балама аймақ – ұжымдастыру біртіндеп жүріп жатқан Түрікменстан шөлдеріне қоныс аударуы деп жазады. Бұл жоспар ешқашан жүзеге асырылмаса да (орындалмаса да), ұжымдастыру науқаны кезінде жүздеген мың қазақтар республикадан тыс көшіп кеткен еді.

Қоныс аудару бағытына қатысты автор келесі ақпаратты келтіреді: ұжымдастыру туралы жарлық алғаш рет жарияланған кезде көптеген қазақтар өздерінің малдары мен мүліктерін жинап, Қытай Түркістанына қоныс аударды. Бірақ Қазақстаннан кеткендердің басым көпшілігі Өзбекстанға, Қарақалпақстанға және Түрікменстанға қоныс аударып, Кеңес Одағының шегінде қалды.

«Босқындар» терминіне қатысты автор ішкі мигранттардың бұл тобын көшпенділер деп атаған, өйткені олар ұжымдастыру нәтижесінде малдарын жоғалтқан немесе жойған, енді тамақ пен жұмыс іздеп жүрген көшпенділер болғанын атап өтті.

Босқындардың саны мен жағдайы бойынша М.Б. Олкотт мынадай сандарды келтіреді: бір деректер бойынша, қазақ халқының 15-20 пайызы 1930-1931 жылдары

1970 жылдары Қазақстандағы 1931-1933 жж. ашаршылық жайы Кенес дәуірінің ғалымы, тарихшы Ж. Жұмабековтің 1973 жылы баспадан жарық көрген «Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в стройтельстве социализма» атты іргелі зерттеу докторлық монографиясында, Қазақстандағы 1931-1933 жж. ашаршылық пен оның себептері айтылады. Автор зерттеуінде: «...әсіресе Орталық Қазақстан аудандарында мал шаруашылығына ауыр зиян келтірілді. Мәселен, 1928 жылмен салыстырғанда 1933 жылға қарай мал басы түйелер бойынша – 9,3 пайызға, жылқылар басы – 87,9 пайызға, қойларсаны - 87,7 пайызға және ірі қара мал басы – 78,5 пайызға азайды. Көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда ауыл халқының өмір сүруінің басты көзі мал шаруашылығы өнімдері болғандықтан, мал басының едәуір қысқаруы ауыл еңбекшілерінің материалдық жағдайын күрт күйзелтті. Бұған республиканың территориясының едәуір бөлігін, әсіресе оның солтүстік және батыс аудандарын басып алған 1931 жылғы астықтың шықпай қалуы қосылды. Нәтижесінде, мал

шаруашылығы және бірқатар отырықшы-егіншілік аудандарының тұрғындары азық - түлік қиындықтарын бастан кешірді, бұл ауылдарда көптеген адамдардың аштыққа ұшырауына және аштан өлуіне әкелді. 1932/33 жылдың қысы өте ауыр болды» [1, 149 б.]. Азық-түлік тапшылығынан көптеген ауыл адамдарының аштықтан қаза болғанын жазды.

Кеңес большевиктік империя кезеңіндегі тарихымыздың күрделі кезеңдері мен қайғылы беттерінің бірі КСРО бойынша Қазақстанда өткен сол кездегі кеңестікв ауылды ұжымдастырудағы солақай саясатынан туындаған 1929-1933 жылдардағы ашаршылық нәубеті.

Аштықтың себебі мен салдарына келсек, біріншіден, Кеңес Одағы, оның ішінде Қазақстан тарихындағы, кеңестік қызыл империяның үдемелі индустрияландыру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатын күштеп жүргізуі. Қазақстанда Кеңес өкіметінің бұл терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістері бай шаруашылықтарын тәркілеумен (1928 ж.), ауқатты шаруалар мен кулактарын тап ретінде жоюдан басталды. Қазақстандағы байларды кәмпескілеу туралы архив деректері бойынша кей құжатта 285712 бас тек қана ірі қара мал жинап аламыз деген кеңес үкіметінің жоспары болған. Нәтижесінде алғашқы тәркілеу кезінде 142737 бас мал (кей құжаттарда 108457, 125733 және 143037 бас), 108 ағаш үй, 513 қыстау, 195 киіз үй, 324 тарантас (атқа жегілетін екі доңғалақты жеңіл арба – Авт.) 180, 241 арба, 740 кілем, 912 жаңа киіз тағы басқа мүліктер тәркіленгені хатталған [1, 146 б.]. Кеңес үкіметінің солақай саясатының құрбанына айналарын білген қазақ байлары мен дін өкілдері – имам, молда, ишандар кеңес өкіметінің салған азап пен ажал құрығынан ата-қонысты тастап көшіп кету арқылы құтылу мүмкін екендігін түсінді. Олар тәуекелге бел буып, көшіп кету арқылы өздерінің кеңес өкіметінің солақай саясатына қарсылық көрсету амалын ұстанды.

1929 жылдың аяғында Орталық Комитет бірінші бесжылдықтың ең маңызды шарасы – күштеп ұжымдастыру науқанын бастауға бұйрық берді. 1927-1928 жылдары мемлекеттік нарықтағы астықтың жетіспеушілігі режимінің экономикалық саясатындағы, яғни жекеменшік шаруашылықтардың өз астығын мемлекетке сатуына негізделді. 1929 жылдың соңына қарай көптеген факторлар, атап айтқанда экономикалық және халықаралық жағдайдың даму барысы, ішкі саясат және кеңестік идеологиялық ұстанымдардың жиынтығы мәжбүрлі ұжымдастырудың пайдасына қарай шешіле бастады. Сталин ЖЭС-тен бас тартып, Кеңестер мемлекетін дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттарын көздеген алғашқы бесжылдығын ұсынды. Өнеркәсіп ауыл шаруашылығының есебінен қаланатын болып шешілді. Ұжымдастыру арқылы Кеңес үкіметі азық-түлік қамсыздығын бақылауға алып, астық өнімін бірнеше есе ұлғайтуды көздеді: осылайша астық шетелдің тұрақты ақшасына сатылып, ол ақшаға социализмнің келбетін білдіретін ірі индустриялық жобаларды қаржыландыру жоспарланды. Қалалы жерлерде күннен күнге көбейіп келе жатқан ап жұмысшыларды асырау үшін астық пен ет ауылдан тасымалданатын болды.

Қазақстанға ұсынылған қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық мәдениетіне енгізілген өзгерістер ең шұғыл, әрі ең қасіретті өзгерістердің бірі болатын: сайып келгенде, Кеңес Одағы аумағындағы ең ірі көшпенді малшылар тобы әрі республиканың байырғы ұлты болып саналатын қазақтарды отырықшыландыруға қондіру еді. 1928 жылғы қазақтың жақсы-жайсаңдарын құртудан басталған дәстүрлі көшпенділік: жаз жайлауға, күзде күзеуде, қыста қыстауда отыратын малшылар қауымына қарсы күресті жалғастыра отырып, Мәскеу қазақ көшпенділерін қоныстандыру мен ұжымдастыруды бір мезетте жүзеге асыруды ұсынды, оны республиканың партия комитеті «жаппай ұжымдастыру негізіндегі

отырықшыландыру (оседание на базе сплошной коллективизации)», деп атады. Қазақстан Кеңес Одағы кеңістігіндегі көшпенді халықтар кең қоныстанған аймақты жаппай отырықшыландыру тәжірбиесінің алғашқы «карлығашына» айналуы тиіс еді. Көшпенділердің қоныс тебуі республиканың бидай өсіретін егіс алқабын күрт кеңейтуге мүмкіндік беретін қосымша жер алаптарын «босатады» және Мәскеу Қазақстанға мыңдаған қосымша егіншілерді жібере бастайды, - деп жоспарланды [3].

1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихының зерттелуінің екінші кезеңі Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін басталды. Қазақстандағы ашаршылық пен боскындар тарихын зерттеу тың серпін алды. Оған профессор Талас Омарбековтің Ресей архивтерінің құжаттарын ғылыми айналымға түсірген [4] еңбегі куә. Талас Омарбековтің зерттеуінше, Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылықтың басты себебі – ет дайындау кампаниясын жүргізу болды. «1924 жылы коммунистікпартияның XIY съезінде елде индустрияландыру саясатын жүзеге асыруға шешім қабылдады. Ресейде жаңа зауыт-фабрикалар салу көзделді. Өйткені батыстағы бақталас капиталистік елдерді қуып-жеткісі келіп, осы индустрияландыру саясатын қолға алды. Бұл саясат 5 жыл бойы жүргізілді. Алдымен Ресейдің еуропалық бөлігінде жүргізілді. Автордың пайымынша: «...компартия шеткері аймақтарға ешқашан сенген емес. Оларда жұмыс күші жоқ, маман жұмысы жоқ», деп ойлады. Сөйтіп, «ДнепроГЭС», «Сталинград трактор зауыты» сияқты ірі-ірі зауыттарды салды, бірақ ол зауыттарға шикізатты, руданы Қазақстаннан, Оралдан, Сібірден тасыды», ең бастысы – осы зауыт-фабрикаларда жұмыс істеп жүрген адамдарды етпен қамтамасыз ету қажеттілігі туындады. Жұмысшыларды етпен қамтамасыз етуді шешу үшін, Қазақстанға ет дайындайтын акционерлік қоғамдар жіберілген [5]. «Осы қоғамдардың өкілдері Қазақстанға келіп, 1928 жылдан бастап қатты жұмыс істеді. Содан Қазақстанда туған кез келген бұзауды контрактацияға отырғызды, яғни қазақ шаруасы бұзауды 12 айлыққа дейін сақтауға міндеттелді. Құнажын (3 жастағы мал атауы. – авт.) болған соң оны етке өткізуі тиіс. Осының салдарынан малдың басы күрт кеміп кетті. 1930 жылдан 1933 жылға дейін 40 миллион бас малдан төрт миллионы ғана қалды. Соның 15 миллионы орталыққа, яғни Ресейдегі қалаларға жеткізілді, ал қалған 9 миллионы ғана Қазақстан ішінде ішкі тұтынуға қалды. Міне, осылайша жартылай көшпелі халықтан малды сыпырып алды». Малдан айырылған қазақ отырықшыға айналып, ашаршылыққа душар болды [5].

Қазақстандағы аштықтың басты себебінің бірі – ет дайындау компаниясын жүргізу болды. Оған себеп болған, КСРО-ның индустрияландыру саясатын жүзеге асыруға шешім қабылдауы. Ол үшін Ресейде жаңа зауыт-фабрикалар салу көзделді. Өйткені кеңес үкіметі батыстағы бақталас капиталистік елдерді қуып жеткісі келіп, осы индустрияландыру саясатын жүзеге асыруды қолға алды. Өйткені компартия шеткері аймақтарға ешқашан сенген емес. Оларда жұмыс күші жоқ, маман жұмысы жоқ деп ойлады. Қазақстанды жайлаған аштықтан аман қалу үшін ата қоныс мекендерін тастап ауа көшкен боскындар тарихына кезек берейік. Қазақстандағы 1928 жылғы ұжымдастыру саясаты мен 1929 жылғы дәстүрлі көшпелілік мал шаруашылығымен айналысатын қазақты күштеп отырықшыландыру саясатымен қатар жүрген 1928-1930 жылдардағы ашаршылық себебінен Қазақстанның өз ішінде және көрші мемлекеттерге ауа көшкен қазақ боскыншылығының саяси-экономикалық себептері бір қатар зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды.

1928 ж. 19 сәуірінде Форт-Александрвскийден Қызылордаға Халық кеңескомы Қилыбаевқа жіберілген жедел хатта, жылдың аштықтан боскындардың көмек сұрағандарының 5 күнде тіркелгендердің саны 614 адамға жеткендігі, бұларға азық-

түлікпен көмек көрсетуге қаржының жоқтығы айтылған [6, 9 п.]. Сонымен қатар аштарға көмек беру үшін алынған несиенің жұмсалып кеткендігін хабарлайды. Архив құжаттарының деректері ашаршылық кезінде ауа көшкен босқындар тарихын терең ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, Маңғыстау өңірінде 1928 жылдың жаз айынан аш адамдардың жұмыс іздегендер Қазақстанмен іргелес жатқан Түрікменстан, Ресей, Иран мемлекеттеріне босып барған Маңғыстау өңіріндегі ашаршылық пен босқыншылық Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда екі жылға ерте басталды [7]. Бұл пікірімізді Маңғыстау мемлекеттік архивінің қорындағы деректер айғақтайды. Деректе өңірдегі 1928 жылғы ашаршылықта Маңғыстаудан Ресейге қарасты Астрахань облысына жұмыс іздеп кеткен босқындардың тізімі тіркелген. Ол жөнінде архив құжатында: «Астрахань қаласына жұмыс іздеп кеткен босқындар тізімі [8, 20 п.]. Архив құжатынан 1928 жылдың 4 маусымында жазылған жұмыс іздеп басқа өңірге кеткен бес адамның тізімі жасалып, оған аштыққа қарсы күрес комиссиясының төрағасының аты жөні жазылып тіркелген құжатта жұмыс іздеп босқан аш адамдардың тізімі: «1. Бектілеуов Кенган, 2. Жұбанов Еділ, 3. Денбаев Жұмабай, 4. Қызылов Аймақ, 5 Қасбатыров Айтбай» деп берілген. Аштыққа қарсы күрес комиссиясы И. Зиманбеуовтің қолы қойылған.

Ресейдің Қазақстанмен іргелес Астрахань қаласына жұмыс іздеп 1928 жылы кете бастағанын дәлелдейді [8, 15 п.]. Мұнан шығатын қорытынды, біріншіден, Маңғыстау өңірінде 1928 жылдың өзінде елде аштық күшейіп, аштықтан адамдардың көрші мемлекеттерге жұмыс іздеп босқан босқындардың (откачевники) болғанын көрсетеді.

Қазақстандағы ашаршылық тарихын зерттеген шетелдік ғалым Сара Камеронның Маңғыстау түбегіндегі аштықтың басты себебін жұт деп көрсетеді. Маңғыстаудағы табиғи апат құрғақшылық, жұт және кеңес үкіметінің түрлі саяси әрекеттерінің салдарынан алғашқы ұжымдастыруға дейін-ақ 1929 жылы аштыққа ұшырай бастаған болатын. Бұл кезде, Адай уезінде 4 аудан болатын, жер көлемі шамамен 345000 шаршы шақырым, халық саны 190000 адамды құрады [9,128 б.]. Оның құрамына Каспий теңізіне бойлай енетін Маңғыстау түбегі мен ірі жартасты шоқылардан тұратын Үстірт қыраты кіретін. Аймақтың климаты қатаң болатын, қысы аязды, топырағы құнарсыз және ағын суы болмағандықтан тек шыңырау құдықты пайдаланатын. Міне сондай географиялық және экологиялық себептеріне байланысты бұл жерлерде Ресейдің еуропалық бөлігінің қара шекпенділері қоныстанған жоқ, тек кілең қазақ рулары тұрды. Жергілікті адай руларының өздеріне тән көшпенді өмір сүру салты болды. Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда бұл жақта жұт жиі болатындықтан отар мен табындағы малдан жұт кезінде 35-40 пайызға дейін тіпті ерекше жұт жылдары 80 пайызға дейін мал басының шығыны орын алатын. Кеңестік билік бұл мәселені біле тұра ешқандай шара қолданған жоқ. 1927 жылы бұл аймақта құрғақшылық болып, содан кейін іле-шала 1928 жылы жұт басталды. 1928 жылғы байлардың мүлкін тәркілеу науқаны мен республаканың солтүстік өңірлеріндегі астық өткізу шараларының күшеюіне байланысты адайлар малдарын астыққа айырбастай алмай, ас мәзірінің аса маңызды құрамына жататын тағамның түрінен қағылды. 1929 жылдың көктемінде аймақтағы халықтың үштен бір бөлігі, шамамен 60491 адам аштыққа ұшырады. Жан сауғалаған мыңдаған халық маусымдық көші-қон кезінде ары – бері өтіп жүретін Түрікменнің жеріне ауа көшіп кетті [9,132-133 б.].

1932 ж. 2 қыркүйек күні архив қорына тіркелген мәліметте: Қазақстаннан жаппай қашып ауа көшкен қазақтарды өз елдеріне кері қайтару және бұрынғадай шаруашылықтарын қалпына келтіру үшін Үкімет тарапынан мемлекеттік комиссия

құрылған. Аштықтан жұмыс іздеп, бір үзім нан іздеп, ауа көшкен босқындардың елге кері оралу көшінің ағыны тамыз айынан бастап күшейе түскен және 15 қыркүйекке дейін 5879 адам келген. Баспана мен азық-түліктің жоқтығы аштан өлуге әкеліп соқтырды.

Аштарға астық бостау туралы Денисов Атқару комитетінің төрағасының орынбасары Сарходжаевтың Аудандық Тұтынушылар қоғамына 1921 жылы №352 жолданған хатында: «Шикізат Басқармасы Аудандық Тұтынушылар Одағы (көшірме). Аудандық атқару комитеті бүгін аштыққа ұшырағандар үшін 300 (үш жүз) пұт қара бидай ұнын қолма-қол ақшаға жіберуді сұрайды. Ұнды делдалға беріңіз, ал соңғысына есептеуді Шикізат басқармасымен жасау ұсынылады» [6, 26 п.]. Аштарға азық-түлікпен көмек көрсетуді ұйымдастыру тәжірибесі, Кеңес Үкіметінде 1921-1922 жылдар да болғанын архив құжатынан көреміз.

Аудан бойынша,кері қайтарылған босқындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету және оларды жұмысқа орналастыру үшін бір қатар шараларды жүзеге асыру туралы шешім қабылданды. 1932 жылы Батыс Қазақстанда көшіп кеткендермен жұмыс басталып, өлкелік, облыстық органдар көшіп кеткендерді қабылдау мен орналастыру бойынша жоспар құрды. Жоспар бойынша 6-8 мың шаруа қожалықты қайтаруды жоспарлады. 1932 жылдың 20 тамызында облысқа 9264 шаруа қожалық 32 110 мың адам кері оралды. Үкіметтің қайта оралған оралмандарға көмек беру жайы, қаулы қарарлармен хатталғанымен іс жүзінде көрсетілген көмек нәтижелі болмады. Сондықтан 1933 ж. көктемінен бастап, босқыншылық, ауа көшу қайта басталды [10, 226 б.].

Елге кері оралған ақтөбелік 2353 адам жұмыспен қамтылды. Азық-түлік көмегін көрсету және өндірістік тауарлармен қамтамасыз ету уақытылы жүзеге аспады. Мысалы, қазан, қараша айындағы азық-түлік көмегі желтоқсан айының басында жеткізілді. Бұл азық-түлік көмегі мұқтаж адамдарға тек желтоқсан айында берілген. Желтоқсан айының азық-түлік көмегі 1934 жылдың қаңтарында ғана берілген. Осындай келеңсіздік пен жауапсыздықтың салдарынан қазан, қараша айларында № 14, 15, 16, 7 және 24 ауылда ашаршылықтан өлім-жітім орын алған [11, 8 п.]. Атырау өңіріне кері оралған босқындардың қиын жағдайлары туралы деректер архив құжаттарында [1, 147 б.] бар. Ата қонысына кері оралған босқындардың елге келгеннен кейінгі жағдайлары түзелмеген, жергілікті билік тарапынан тиісті көмек көрсетілмеген. Аштықтан келген ажалдан қайтыс болған жандардың азапты өлімдері туралы архив құжаттарында хатталған. Сондай бір құжаттың көшірмесін келтіруді жөн көрдік.

«Құпия. Гурьев ОкрКК төрағасы жолдас Сарбаевқа. Қолда бар мәліметтер бойынша азық-түлік тапшылығынан КрайКК Жылқосын ауданының Ульянск ауылдық кеңесінде бірқатар өлім-жітім және оралғандардың ісінуі жағдайлары туралы мілімет тіркелген. Елге кері оралған Бурзаев 2 ай бойы азық-түлік көмегін алмаған. Барлық жеке заттарын сатып тауысып, қараша айында ұлымен бірге аштықтан қайтыс болды, әйелінің денесі ісінген күйде жатыр. Егорованың тапсырмасы бойынша, сіздердің не істегендеріңізді шұғыл түрде хабарлауды сұраймын. Өлкелік КК През. хатшысы Ахинжанов» [12, 46 б.].

Ата қонысына оралған босқындардың елге келгеннен кейінгі жағдайлары түзелмеген, жергілікті билік тарапынан көмек көрсетілмеген. Тек қана аштардың аты-жөндерін тіркеп, жай-күйлерін хаттағаннан басқа көмектің болмағандығын аштықтан қайтыс болған адамдарға. Жаһанның «нарық» үшін ет өндіруге деген беталысымен жарысып, Мәскеу қазақтардың төрт түлік малдарын түгел «ұжымдастырып» (яғни тәркілеп), қырық бес миллионға жуық гектар аумақты

қамтитын үлкен кеңшарға (совхоз) айналдыруды ұсынды. Кеңшарларда өсірілген мал Қазақстанның теміржол бекеттеріне жақын орналасқан алып комбинаттарда өңделіп, ет, тері, жүн және сүт өнімдері сияқты тауарларды Кеңес Одағының басқа аймақтарына теміржол арқылы онай жеткізуге мүмкіндік туды. Коммунистік партия сараншыларының есебінше, Қазақстанды Чикагомен бәсекелесетін ірі ет комбинатына айналдыру болды.

Қазақстанда 1929-1930 жылдары басталған жаппай ұжымдастыру науқаны бай мен кулакты «жоюға» бағытталған қаркынды күреспен қатар, елде құрылған ұжымшарлардың шектеулі ғана желісіне сүйеніп жүргізілмек еді. 1929-1930 жылдардағы науқанға дейін республикадағы ұжымшарлардың ең көп таралған түрі ТОЗ (жерді бірлесіп өңдеу қауымдастығы) болды. Бір жағынан, Қазақстандағы 1929-1930 жылдардағы ұжымдастыру науқаны еуропалық Ресейдің біраз жеріне тән ұжымдастыру үлгісімен жүргізілді, өйткені көбінесе сан жағынан белгіленген межеден жоғары шаруалар легі 1929 жылдың қысында ұжымшарларға зорлықпен мәжбүрлеп кіргізіліп, 1930 жылдың көктемінде қайта шығып жатты. Кеңес Одағының басқа жерлеріндегі сияқты, Қазақстан белсенділеріне де ұжымдастыру жұмыстарының реті туралы еш нұсқаулар берілмегендіктен, науқан бей-берекетсіз жүргізілді. Кейбір шаруаларды ірі әрі тұрақсыз ұжымшарларға (колхоз-гиганттарға) кіруге итермелеп, ал басқаларын үй жануарлары мен құрал-жабдықтарын тәркілеп, өздерін «ұжымдық» түрде пайдаланатын ұжымшардың шағын түрі артельдерге кіруге мәжбүрледі. Жаппай ұжымдастыру аймақтарындағы жиырма мыңға жуық кулак отбасыларын республиканың шалғай аудандарына жер аудару (депортациялау) көзделді. 1930 жылдың 7 наурызына қарай РКФСР ауыл шаруашылық комиссариатының (Наркомзем) шенеуніктері Қазақстандағы барлық үй қожалықтарының 40% ұжымдастырылғанын мәлімдеді, бұл республикадағы ұжымдастыру жоспары 150%, яғни асыра орындалды дегенді білдірді.

Дәл осы сәтте республиканың партия комитетінің «Қазақстандағы социализм құрылысының ең басты жобасы», деп атаған отырықшыландыру жобасы жылдам құлдырай бастады. Бұл жұмысқа жауапты негізгі комитет – 1930 жылдың қаңтарында құрылған Оседком – құрылымы жағынан күрделі мекеме болатын. Көшпенділерді қоныстандыру жұмыстары басталған кезде, ол аграрлық шекараны республиканың шалғай аймақтарына қарай жылжыту мәселесінің осал тұстарын дереу айқындап берді. Бұрындары көптеген көшпенділер көшкен кезде суды бұлақтардан немесе құдықтардан алатын. Бірақ отырықшы өмір суға жақын жерде болуды талап етті. Қазақтың көшпенді шаруаларын қоныстандыру үшін Мәскеуге республиканың шөлейт аймақтарында ұңғымалар мен құдықтар желісін салу қажет болды. Алайда, малды суғару жобаларына жеткілікті қаржы бөлінбеді: республиканың ауылшаруашылық ісі жөніндегі Комиссариатының басшысы Кәрім Тоқтабаев жаңа қоныстанғандарды сумен қамтамасыз ететін құдықтардың құрылысына 4,48 млн рубль керек деп есептегенмен, 1931 жылы Бүкілодақтық Наркомзем Қазақстандағы жалпы ирригациялық жобаларға 1,17 млн рубль ғана болді. Тағы бірде, Алматы тарапынан жасалып отырған жобаны жеделдету қажет деген қысымның әсерінен, аудандық отырықшыландыру комитеттері төрт түлік мал өсірумен айналысатын шаруалар қоныстандырылатын мекендерді алдын-ала зерттемегені анықталды [3]. Осылайша, КСРО-да сол кезде құрылған тоталитарлық әкімшілік-командалық жүйенің шаруаларға қарсы саясаты ұлттық шекараларды білмеді, ол қазақ шаруаларына да, орыс шаруаларына да, ауыл шаруашылық еңбегімен айналысатын кез-келген басқа адамдарға да қарсы бағытталды. Жоғарыда атап өтілгендей, 1920-шы жылдардың аяғы мен 1930-шы

жылдардың басында астық дайындау Қазақстандағы көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы егіншілік шаруашылықтары арасындағы дәстүрлі тауар алмасуды тоқтатты. Осылайша қазақ ауылының шаруашылық тұрақтылығына елеулі залал келтірілді. 1929-1933 жылдары Қазақстанның барлық ауылдары мен қыстауларына жүргізілген ұжымдастыру саясатынан туындаған – астық және ет дайындау науқаны жүргізілді. Мәселен, «Ет майданы» айдарымен берілген жедел мәліметте: 1931 жылдың 12 ақпанында Ақтөбе бөлімінің «Союзмясо» мекемесі ақпан айында ет тапсыру жоспары 103,7 % орындалғанын көрсеткен [13, 9 с.]. Архив дерегінде: «1929 жылдың аяғында Ырғыз ауданында «халықты адам жұтының (аштық) қаупі алаңдататыны айтылған. Аштық қаупі халық арасында дүрбелең туғызуда». Шалқар аудандық атқару комитетінің (архив дерегі бойынша қысқартылған мағынасы – РИК) Ақтөбе аудандық атқару комитетінің баяндамасында: «астықпен қамтамасыз ету мәселесі біршама саяси астарға ие, әсіресе ауылдарда жүргізілген бірқатар саясиэкономикалық науқандарда таптық бұрмалаушылық болған кезде, ол маңызды рөл атқаруы керек еді» [14, 128 п.] делінген.

Малы барлар елден үдере көшіп кетіп, аштан өлмеудің амалын жасауға мәжбүр болды. Голощекиннің: «Асыра сілтеу болмасын, аша тұйақ қалмасын», деген ұранын ұжымдастыру науқанын жүзеге асырған шолақ белсенділер, көшпей ата қоныстарында қалған байлар мен орташалардың да малдары мен дүние мүліктерін зорлықпен тартып алды. Сондықтан, 1931 жылдың күзінен бастап аштыққа ұшыраған қазақ халқының Ресей, Қарақалпақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Ауғанстан аймағына қарай босқан шұбырынды көштің легі тоқтамаған. Біріншіден, халықтың жаппай ата мекеннен көшіп кету кеңестік биліктің ұжымшарлар құру саясатына ұжымдық наразылық пен қарсылық танытқан амалдарының бірі болса, екіншіден, аштықтан өліп қалмаудың жалғыз ғана амалы көшіп кету болды. Отандастарымызға көшіп барған жерлерінде жаңа тілдік және мәдени ортаға бейімделу қиын болды. 30-шы жылдары шекаралас республикалар аумағындағы босқындардың басына түскен ауру, аштық, беймәлім климаттың жақпайтын әсері, және т.б. қиындыққа тап қылған жағдайлардың салдарынан адамдардың жоғалуы көп болды. Мысалы, елден кеткен қазақ халқының кейбір бөлігі көрші Ресейде, оның шекаралас облыстарына көшіп барды. Жергілікті халықтың біраз бөлігі келген қазақтарға теріс көзқараста еді: Ресейге Қазақстаннан адам жегіш адамдар келеді деген қауесет тарады. Бірақ Батыс Сібірдің басшылығы тарапынан бұл келенсіздікті ауыздықтау бойынша белгілі бір шаралар қабылданып жүзеге асырылған.

Бай-кулактардан тәркіленген малдардың бағымы мен қарау жауапкершілігі «Живсоюзге» жүктелген болатын. Тәркіленген малдар қырылып, орынсыз мал басының шығыны ауылшаруашылығының құлдырауын апатты ахуалға жеткізді. Мұндай жағдайдың мысылын Ақтөбе облысының құлдыраған мал шаруашылығынан көруге болады. Небәрі 3-4 жыл ішінде Қазақстанда болған миллиондаған мал басынан ештеңе қалмаған. 1928 жылы болған мал басының оннан тоғызын ғана құраған. Осылайша «Ырғыз, Торғай, Батпақкара, Шалқар және Арал аудандарында мал басы жаппай шығынға ұшырады. 1932 жылға қарай облыс бойынша жалпы мал басының 1930 жылға қарағанда: 445,5 мың бас орнына жылқы 136,4 мың бас немесе 31% қалды, 870,1 мың бас орнына ірі қара мал 340,8 мың бас қалды. 39,1 % , қой мен ешкі 2 505,7 мың бастың орнына 230,8 мың бас немесе 9,2 % кеміген, түйе – 96,7 мың бастың орнына 42 мың бас немесе 51,7% және 4 205,6 мың бастың жалпы санынан 765,3 мың бас немесе 18,3% қалды. Облыстың мал шаруашылығы көшпелі аудандарында мал басы күрт қысқарған. Табын ауданында

1,6%, Батпаққарада – 4,1 %, Аралда – 4,8% , Ырғызда – 5,4%, Торғайда – 7,2% нәтижесінде егіншілік аудандарындағы мал басының үлес салмағы артты». Егер Қазақстан бойынша ұжымдастырудың басында ет дайындау 255,5 мың тоннаны құраса, «Нәубет жылдары 56 мың тоннаға және «Ақтөбе облысы бойынша 35,4 мың тоннадан 76 мың тоннаға дейін»жетті [15, 24; 43 пп.]. Жалпы Қазақстанның басқа өңірлерінде де мал басы кеміді.

Елдегі аштық жайлы архив құжатында: №70 ауылда мал жоқ, астықта жоқ, біз қалай өмір сүреміз. Егер мемлекет тарапынан көмек болмаса, онда бәрі аштықтан өледі. № 3 ауыл: қазір барлық қазақтар аштыққа ұшырауда. №15 ауыл: Кеңес өкіметі бізді аштыққа ұшыратады. Малдың бәрін және астықты да алды [16, 72 п.]. Ойыл ауданының азық-түлік тапшылығы осы уақытқа дейін шешімін таппады. Мәселен, босатылған азық-түлік көмегі мұқтаж жандардың 50%-ын ғана қамтамасыз етті. Бұл аймақтың халқы аштықтан өлмеу үшін әртүрлі шөптер мен өсімдіктердің тамырларымен қоректенді. Үкімет тарапынан азық-түлік көмегін көрмеген ауыл тұрғындары басқа аймаққа қоныс аудара бастады [16, 44 п.].

Маңғыстау өңірінде аштық 1927/28 жылғы жұттан басталды. Маңғыстау өңірі шөлді аймаққа жататындықтан өңірде астық егілмейді. Жұттан мал қырылды. Төрт түлік мал негізгі күн көрісі болған аймақтың халқының жеке малының бір бастан артық мал қалмағанын архив дерегінен көруге болады.Үкімет тарапынан аштарға көмек берілмегені былай тұрсын. Аштыққа ұшырағандардың өздерінің жеке малын азыққа сойып алуға да құқықтары шектелген. Оған дәлел, деректегі арыз мәтіні: «13 ауылдық кенес төрағасына. Азамат Сарсембай Қалмағамбетовтен Арыз. «Мен сізге осы арыз қағазымды беріп өтінемін. Себебі, үйімде ешқандай астығым жоқ, қолымда жалғыз ғана түйем бар. Сізден ұлықсатсыз жей алмай отырмыз. Осы түйемді жеуге ұлықсат сұраймын. Отбасымызда 9 жан бар. Үйдегі жағдайымызды комиссиямен карап, тексеруге болады. Арыз иесі: С. Қалмагамбетов. 22. 12.1932 ж.» [17, 21 п.].

Елді жайлаған аштыққа байланысты, ашыққан адамдар жеке малдары мен колхоздың малын жаппай соя бастаған. Малдары таусылған елді мекен тұрғындары азық-түлік жоқтығынан, шөптердің тамырын, саршұнақ тышқан, мысық, ит, еттерін азық еткен. Аш адамдардың мал өлікселері тасталған қорымдарды қазу фактілері де архив құжатында тіркелген ... [16, 38 п.].

Халықтың аштыққа ұшырағына қатысты ақпарат 1932 жылғы (тамыз) ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы У. Исаевтың Сталинге жазған № 60 хатында: «Көптеген қазақ облыстарында 1929 жылмен салыстырғанда халықтың жартысы да қалмады. Облыстағы шаруа қожалықтарының жалпы саны қазір 1931 жылмен салыстырғанда 23-25%-ға аз». Бүкілодақтық большевиктердің коммунистік партиясының Казкрайкомдағы ОГПУ ПП-нің ақпараттық ескертуінде «Атбасар аймағында өндірістік қиындықтар өте өткір жағдайларға ие болып тұр. Ел ішінде аштықтың салдарынан адамдардың ісіну мен жаппай қаза табу жағдайлары көп. 1 сәуірден 25 шілдеге дейін (1932 ж. - автор) 111 адамның өлімі тіркелді, оның 43-і шілдеде. Осы уақыт ішінде аш адамдар арасында адам етін жеген 5 оқиға тіркелгені ... » белгілі болған [18, 42 б.]. Мұндай жағдайдың туындауына бірден-бір себепші – И. Голощекин саясатының қылмысы – ашыққан халықты құтқару бойынша уақытылы көмек шаралары жасалмауы.

Зобалаң жылдарының қайғылы қасіреті, бай-кулактар мен жарлы жақыбайларды айтпағанда, орта және жай шаруаныңда шаңырағын шайқалтты. Оған Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы, Шайыр ауылының байырғы тұрғыны Айтуған Жайсаңбайұлының естелігі дәлел болады. Автор естелігінің әлқиссасы: «Менің әкем бір әулеттен бес тумаластан екен, қазіргі Таушық маңындағы «Төбекұдық» жерінде

әкемнің әкесі 70 жылдай қоныс теуіпті. Ешкімді жалдамаған, ешкімге жалданбаған, ақ адал өз еңбегімен күнелткен. Әкеден екі ұл, екі қыз болыппыз. 1931 жылдың көктемінде «бандылар» (Кеңес үкіметінің сөзімен) көтерілгенде біздің әулет те босқан елмен бірге көшіпті. Үстірт үстіндегі «Мәдібек» құдығының басында үш-төрт күн ерулеп, содан төрт тумаласы әрі қарай көшкенде біздің Жайсаңбай шаңырағы орын суытпапты. Себебі, мен бесікте, оның үстіне жолда адам ішетін, мал ішетін су жоқ. Көшу мақсатсыз, мекен-жайы түсініксіз болғандықтан менің әкем келген ізімен кейін қайтып, кешегі көшкен жеріне қайта келіп орнығыпты. Содан екі-үш күн өткеннен кейін бір танысы келіп: «Сені Шидіқұдықтағы жиналысқа шақырып жатыр» - деп алып кетіп, ертесіне мінген атын қайырады да, әкемізді Форт-Шевченканың түрмесіне қамап тастайды. Не үшін екені белгісіз, ешкім білмейді. Әкеміз саясатқа еш араласпаған қарапайым шаруа адам болған. Содан бес ай өткесін шешем баласын (мені) көрсетіп күйеуімен дидарласу үшін қалашыға еріп Фортқа келеді. Сойып алған қой еті бар, оны күйеуіне бермекші. Сонымен түрмеге келіп жолықтыруды сұраса, екеуін кездестірмейді. Тек түрме есігінен бір қаратып, бет-жүзін көріп қалады. Содан кейін апарған бүтін қойдың етін кезекшілерге беріп, «Жайсаңбайға тапсырарсыңдар» - деп тастап кетеді. Сонымен қыс ішінде үсіп, шаршап Төбеқұдықтағы үйіне келеді. Мен бесікте жатып үсіп қалыппын. Келсе, менен үш жасар үлкен апамыз Сәулені ит қауып жаралап, өлім халінде жатып, ол да бір-екі күннен кейін қайтыс болады. Міне, сүйтіп, әрі күйеуін жазықсыз ұстап, соған кеткенде қызының өлімі тап болып, зар жылап анам қалған. Зобалаң саясаттының әсері осы емес пе? Содан әкеміз қала түрмесінде 9 (тоғыз) ай жатып, өлім аузында ауылға келіп, үш-төрт айдан кейін ол да қайтыс болады. Манағы анамыз апарған қой етін оған бермеген. Әкем одан тіпті хабарсыз. «Қызыл жағалылар» «шыныңды айтпадың» деп ұрып-соққан, бір қабырғасын сындырған. Содан өлер болғасын елге жіберген. Әкем сүйегі қазірде «Төбекқұдық» жеріндегі белес үстінде [19].

Туған нағашымыз Байзақов Жұмағалидің тағдыры да осындай қайғылы. Бұл өз кезеңінің белгілі де сауатты, іскер адамы болғанды. 18 жасынан бастап еңбекке араласқан. Форттағы Киров атындағы мектептің сол кездегі бір жылдық орыс-қазақ класын 1930-1931 жылдары оқып, содан соң аудандағы шикізат дайындау конторының бастығы болыпты. Қазіргі Тиген ауылының азаматы. Үйі осы Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданының «Ауыздыбас» жерінде отырады екен. Өзі 19 жасында үйленіп, келіншегін аға үйіне тастап, Фортта жұмысты салт жатып жасапты. Ауылына айына бір атпен барып аунап қунап, демалып қайтады екен. 1931 жылы жаз айларының бірінде «Ауыздыбастағы» үйіне келсе, ағайындары мен тумаластары бәрі де көшіп жатқан үстіне келеді. Көштің неге екені түсініксіз... Нағашымның Өтеген деген ағасы жаужүрек, от жалынды, арқалы адам болса керек,:

– Неге? Не үшін? – деген сұрағына ағасы мән берместен:

– Бізбен бірге жүресің, ағайындардан қалмаймыз, дейді.

– Бізге көшудің қажеті жоқ, үкіметтің ұзын құрығы қайдан да жетеді. Мен келіншегіммен Фортқа кетем, - дейді нағашым. Содан не керек, ағасы екі-үш ағайынды ертіп әкеліп нағашымды еріксіз жібермей көшпен бірге алып жүреді. Манатаның етегіне барып түнегеннен кейін таңда арттарынан көшкен елді кері қайтаруға кеңес үкіметінің жазалаушылары қуып келіп, оларды тоқтатады. Тап осы жерде манағы нағашым Жұмағали, ағасы Өтеген бастап үкімет адамдарына атпен қарсы шығады. Осы жерде үш адам табанда өледі. Біреуі Өтеген. Ол казірде «Боздақтағы» қауымда жерленген.

Үкімет адамдары: Ал Жұмағали, сенікі не? Сен кеше кеңес үкіметін жақтап, соның бір қызметкері болдың. Сен қайда барасың? – дейді. Нағашым өзінің көшке еріксіз

ілесіп келе жатқанын айтқанмен, «өтірік айтасың», «аған бізге қарсы болғанда сенде сондайсың» - деп күзетпен айдап әкеліп, Форттың түрмесіне қамайды. Шешеміз келгенде, Жұмағали да әкемізбен бірге жатқанын көреді. Әкемізді ауру себепті елге қайтарғанда Жұмағалиді Гурьев түрмесіне алып кетіпті. Содан хабарсыз кетті. Артында жалғыз баласы Сұлтан қалып, кейінірек 1975 жылы дүние салды. Әйелі 5-6 баласымен қазірде Жаңаөзен қаласында тұрады. Міне, зобалаң жылдар әкем мен нағашымды осылай құрбан еткен еді» [19].

Айтуған Жайсаңбайұлының естелігінен, аштық пен қатар кеңестік зорлық аппаратының жазықсыз жандарды жазалап, қуғын-сүргінге ұшырату саясатын 1931 жылы бастап кеткеніне куә боламыз.

1932 жылы 7 тамыздағы №58 қаулысында ауа көшкендер мәселесін отырықшыландыру ісімен қатар жүргізу керектігіне назар аударылғанын жеткізеді.

Архив құжатында босқындардың легін тоқтату мақсатында жүзеге асырылуға тиісті міндетті шаралар туралы мәлімет тіркелген. Мәліметте жүзге асырылған 4 басты міндеттерге қатысты комиссияның есебінде:

1. Біз, өз орындарын тастап, көші-қонға кеткендер санының артуына жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды қолдандық. Аштық құрсауында қалған ауылдарға, азық-түлік наны жоқ ТОЗ колхоздарына азық-түлік көмегін жеткіздік. Сонымен бірге босқындар (откочевники) келген ауылдар мен колхоздарға келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында саяси жұмыстарға арнайы адамдар жіберілді. Басқа аймақтарға барып, босқындарды егіс науқанына жұмысқа қостық.

2. Облыс орталықтарына, қалаларға, темір жол бекеттеріне топталғандарды көшіру жұмыстары жүргізілді. Темір жол бөлімшелерінде, ауыл шаруашылық аудандарының колхоздары мен ауылдарында, әсіресе мақталы аудандарда және техникалық дақылдар аймақтарындағы босқындардың біразын бұрынғы өңірлеріне қайтарып, сол өңірлерге азық-түлік көмегі көрсетілді. Сонымен бірге біз, көшпелілердің (дұрысы босқындар. – Ө.И.) өте шектеулі санын кәсіпорындарда, қолөнер өнеркәсіптік кооперациясында, құрылыс алаңдарында және т.б. жұмыс орындарына жұмысқа тұруларын ұйымдастырдық.

Босқындарға қатысты аталған шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде, бүгінде кейбір облыс орталықтары мен қалаларда босқындардың саны мынадай: Мәселен, Әулие-атада ақпан айындағыдай 12 мың емес, 3 мың босқын бар; Түркістанда ақпанда айындағыдай 8000 орнына 3000; Қызылордада ақпан айындағыдай 6000 орнына 1500; Алматыда 5000 орнына 1500; Петропавл қаласында 6000; Гурьевте 1200; Ақмола қаласында 2000; Қарағандыда 2000; Балқашстройда 2000 тағы басқа қалалар мен облыс орталықтарында қалып қойған бұл көшпенділер (дұрысы босқындар. – Ө.И.) егіс басталмай тұрып, негізінен ауылдарға көшіріліп, егіс жұмыстарына тартылуына ерекше мән берілді.

3. Біз, егісті жинау науқаны басталғанға дейін қаладағы босқындарды ауылдарға қоныстандыру міндетіне байланысты қалалардағы барлық тамақтандыру орындарын қысқартудамыз және ауыр наукас, дұрыс тамақтанбаған және көшедегі балаларды қолдау үшін шағын ұйымдарды қалдырдық. Колхоздарда, ауылдарда және ТОЗ-да, әдетте, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін көшпелілерге (дұрысы босқындар. – Ө. И.) нан болуді ұйымдастырдық.

4. Ауылдарға қоныстанған босқындарға көмектесу максатында күшті колхоздар мен машина-трактор станциялардың көмегіне сүйене отырып олардың егін егулеріне және оларға жұмыс малдарын (Арбаға, соқаға жегетін жылқы, өгіз түйе малдары. – Ө.И.) сатып алуға жәрдем беруді ұйымдастырған [20].

Нәубет жылдары елдегі астық жинау науқанында да халықты аштан өлтірмеудің алдын алудың жағдайлары қарастырылмады. Сол кездегі Қазақстан бойынша астықты өнірдің бірі болып саналған Ақтөбе облысының мысалынан көруге болады. Облыста астық жинау және тапсыру бойынша 1933 ж. 25 тамыз күнгі есеп беру бойынша берілген мәліметте, тиісті орындардан келіп түскен материалдар астықты жинау, бастыру, тапсыру және қорғау жағдайы қанағаттанбай қалатынын айтады. Облыстың бірқатар колхоздарында мемлекетке астық жеткізу туралы заң жеткілікті пысықталмады, осыған байланысты колхозшылар әлі күнге дейін астық дайындау, қарсы жоспарлар және т.б. туралы түсіндіруді жалғастыруда. Астық қабылдау пункттерінде колхозшылар арасында жаппай түсіндіру жұмысы жасалды. Бірақ, бұл мәселе көңіл көншітпейді. Колхозшылардың өнеркәсіптік тапшылық тауарлармен қамтамасыз етудің тұрақсыздығы мен нашар ынталандырылуы мемлекетке астық жеткізудің науқанына кері әсер етуде. Мемлекетке астық тапсырған соң колхозшылар астықсыз қалып асттыққа ұрынатындарын айтқан. Магазиндерде азық-түлік тауарлары жоқ. Аудандық тұтыну одағы ауылды тауармен қамтамасыз ете алмай отыр. Колхозшылар мұндай жағдайларға қатты ашулы. Соңғы уақытта элеваторда көптеген колхозшылар жиналып жатыр және соған қарамастан олардың арасында жаппай түсіндіру жұмыстары мүлдем жүргізілмейді. Билік өз тарапынан колхозшыларға еңбек күніне астық қалдыруға уәде бермейді. Бізді астықсыз қаладырады деген колхозшылар шағымы облыстың бірқатар аудандарында тіркелген. Басқармалар тарапынан жекелеген колхоздар да өз қоймаларында астықтың көп жиналуына қарамастан, әртүрлі сылтаулармен астық беруді әдейі кешіктіріп отырғандықтары айтылады [21, 81 п.].

Батыс Қазақстан облысы «Талов» ауданы Чапаева атындағы колхозда аштықтан 320-дан 400-ге дейін еңбек күні бар колхоз - екпінділерінің 8 отбасының адамдары аштықтан ісіп кеткен. Осыған ұқсас фактілер Шыңғырлау, Заурал аудандарында тіркелген. Бірқатар жерлерде аштықтан өлу және ісіну фактілері қарапайым жұмысшыларға аштық қажеттіліктеріне жұмыс орындарының немқұрайлы қарау нәтижесінде пайда болады.

Маңғыстау ауданы «Талан» колхозының мүшесі Ақбаев колхоз басқармасы Чедырбаевтың алдына барып үш рет еңбек күні үшін аванс беруін және көмек көрсету туралы өтінішпен жүгінген. Чедырбаев барлық өтініштерін қабылдамады, нәтижесінде Ақбаевтың баласы қайтыс болды, колхозшы Ақбаевтың өзі сақыр болып қалды, денесі ісіп жатыр. Азық-түлікпен қамтуылмаған аудандардан халықтың көшіп кету фактілері бар. Маңғыстау ауданы №11 ауылдан 69 шаруашылық, Форт-Александровский бағытына көшіп кетті. Сол бағытта № 9 ауылдан 14 шаруашылық көшіп келді. Абищенский ауданы «Джагат» колхозының колхозшылары, бір шаруашылықтан орта есеппен 1,5 пұт астық алған, қазіргі уақытта аш отыр. Колхозшылардың көпшілігі басқа жаққа көшуге дайындалып жатыр [22, 428 б.]. Көріп отырғанымыздай, үкімет тарапынан еш қандай көмек көрмеген колхоз адамдарының аштықтан ісініп, өлмес үшін көшуге мәжбүр болған. «Аркада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар» деген мақал осындай жағдайға байланысты айтылған.

1932 ж. 10 шілдесінде «Ақтөбе облысындағы азық-түлік тапшылығы туралы» АҚПУ Ақтөбе облыстық бөлімінің арнайы қорытындысы жасалған кезде, аш адамдардың тамақтанбай аш құрсақ болуынан адамдарын жаппай ісінуімен қаза болулары жиілеп кетті. Елді мекендерде аштан өлген адамдарға қатысты мәлімет: «Торғай ауданы: аштық негізінде күнделікті өлім-жітім саны 25 адамға дейін жетеді. Обаған ауданы: Исаев ауылында 2 айда 300 адам, Күзбаев ауылдық кеңесінде осы уақытта 200-ге жуық адам. Батпақкара ауданы: ауданның 14 ауылында 585

адам қайтыс болды. Бұл деректерді жалғастыра беруге болады, бірақ оқырманның назарын біздің облысымыздың құрамындағы аудандарға аударғым келеді: «Ақтобе ауданы: № 35 ауылда күн сайын 3-тен 5-ке дейін адам қайтыс болады. Ойыл ауданы: ауданның 5, 8 және 18 ауылдарында 181 адам аштықтан қайтыс болды. Қобда ауданы: 5, 8 және 14 ауылдарда аштық негізінде ісіну жағдайлары тіркелді, өлім-жітім де бар [16, 39 п.].

Қазақстандағы ашаршылық туралы неміс ғалымы Р. Киндлер: 1930-1934 жылдар аралығында Қазақстан халқының кемінде төрттен бірі қайтыс болды. Ең көп зардап шеккен ұлт қазақтар 1,5 миллионнан астам адам аштықтан және ауырудан қайтыс болды. Қазақ халқы үшін үлкен азап ауылдардан кеңес үкіметінің бұйрығымен құрылған «комиссияның» зорлықпен астықты алып, малды айдап әкетулерінен басталды. Азап шегу кең етек алды. Сіз теміржол вокзалдарында жүдеу балаларды және жол шетіндегі мәйіттерді көре аласыз; бір үзім нан үшін қанды шайқастар басталды, отбасылық байланыстар үзілді және олар каннибализмге үйренді, - деп ашық жазады [23, 158 с.].

1933 жылы 5 қыркүйек күнгі Ақтөбе облысы бойынша астық жинау және тапсыру туралы мәліметте: «Облыс бойынша астық жинау және мемлекетке тапсыру барысы бойынша колхоздарда Кеңес аппаратының жекелеген қызметкерлері байқұлақ элементтері тарапынан жергілікті жерлерде күшейтілген қарсылыққа тап болуда.

1933 жылдың 31 тамыздағы жағдай бойынша 426986 га астық дақылдарының шығымы біркелкі емес. Егіс алқабында тары дақылы жоқ. Жалпы 316134 га немесе 78,8% астық шабылды. Егіс алқабының 106097 га шабылды, 193672 га ұрланды, ал қалған 16635 га астық «қасқырларда». Астық өнімінің, жоғалуына айқын қауіп төніп тұр. Жеке колхоздардың, ауылсоветтердің басшылары әлі де әрекетсіздігін жалғастырып қана қоймай, ішімдік ішумен айналысып, жұмысқа шықпайтындары туралы архив дерегінде жазылған [24, 75 п.].

Колхозшылардың егін алқабынан астық ұрлау жағдайлары туралы деректер тіркелген. Ақтөбе облысының «Сибиряк» колхозында астықты мемлекетке тапсыру кезінде арбашы Перетяченко 35 кг. Местовская Филип 90 кг, Жосан 17 кг астық ұрлаған. Ұжым болып астық ұрлаған колхозшылар қылмыстық жауапкершілікке тартылған [21, 84 п.]. Егіс алқабынан астық ұрлау жағдайлары архив құжаттарында молынан тіркелген.

Астықсыз қалған жұмысшылар мен колхоз шаруаларының жағдайлары туралы: Шалқар ауданы: «ауыл халқы 1, 2, 7, 16, 17 және 26 облыс шегінде жақын маңдағы астық өнімділігі жақсы аудандарға көшіп кеткен. Босқындардың байлардың астық болмаса аштан өлесіңдер, астықты аудандарға көшіңдер деген үгіт-насихатын тыңдап көшіп жатқаны айтылады. Аудандық ұйымдар босқындарды (откочевниктер) тоқтату үшін шаралар қабылдауда, делінген. Нақты қандай шаралар қабылданғандығы жөнінде айтылмайды.

Торғай ауданы: «1933 жылғы егіннің шықпай қалуына байланысты № 3, 5, 6, 3, 24 және 15 ауылдарының тұрғындары қазіргі уақытта өткір қиындықтарға тап болып отыр. Халықтың көпшілігі әр түрлі шөп тамырларын қорек етуде. Осыған байланысты қоныс аудару мен аш адамдардың ісіну жағдайлары байқалды». Ауданда балық аулау кәсібі ұйымдастырылуда, аштыққа ұшырағандар ішінара көмекпен қамтамасыз етіледі.

Қостанай ауданы «10 лет октября «колхозының колхозшысы Иван: «Біз өткен жылы аш болдық, биыл жиналған астықты мемлекетке өткіздік. Өзіміз астықсыз қалдық. Биылда аш қалмас үшін, колхоздан кету керек деген үндеу тастаған. «Аштан

өлмес үшін колхоздан кету керектігі жөнінде: «Донаево», «Красная поляна» және «Красный перелом» колхоздағы колхозшыларыда айтқан. Жергілікті жерлерде жұмысшылардың еңбек күндерін астықпен берудің есебін анықтауға іс жүзінде әлі кіріскен жоқ, сондай-ақ астық қоймаларынан босатылған жекелеген көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың ықпалына тұқымдық емес және колхоздың қалған аудандарының ішінде колхозшылар еңбек күнінің 10% аванс тәртібімен азық-түлік алады. Астықты бөлуді бастаған аудандарда қазір бірқатар бейресми, жағдайды теріс пайдаланушыларға жол берілді, ал кей жерлерде бай-кулактардың элементіне теңестіру орын алғандығы айтылады.

Шалқар ауданы: «№13 ауылда ТОЗ-да егін жинау науқаны кезінде еңбек күні басқарманың қалауы бойынша берілді. Осыған байланысты билікке жақын адамдардың еңбек күні көп болды. Ал нақты еңбек еткен жұмысшылардың еңбек күні аз шықты. Еңбек күніне берілген астық әрқайсысына 2 кг 200 гр болды. Колхоз кедейлері Дәулетов пен Жатаев жаз бойы жұмыс істеді. Оларға тек 72 еңбек күні жазылды және 158 кг орынына тек 23 кг астық берілді. Кедей Қамышбетов пен Балымбетов еңбек күні тиесілі жазылған 196 кг астық орнына, 48 кг ғана астық алған [21, 136 п.]. Еңбек күнін бөлуде әділетсіздікке жол берілген.

Архив құжатында көрсетілгендей: Жаркөлдің он бес колхозының он бірі жаңа егін астығына дейін астықпен қамтамасыз етілмеді, сонымен қатар 5 колхозда мемлекетке тапсыру жоспары орындалмады. Колхоздың мемлекетке 5052 центне растық берешегі бар. Сонымен қатар тұқымдық астық қоры жоқ. Колхоздарда еңбеккүніне берілетін астық қоры қалмаған. Келеңсіз жағдайға байланысты бірқатар колхоздардың колхозшылары астықсыз қалудан қорқады. Ал кейбір көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шаруалары астық бар деген аудандарға қоныс аударуда. Ақтөбе ауданы: «Бедняк» колхозында мемлекеттік астық тапсыру жоспарларын орындағаннан кейін, колхозда астық аз қалды. Калхозшылар арасында колхоздан отбасымен Украинаға көшіп кеткендер бар. Қыркүйек айында 10 үй көшіп кетіп қалса, 15 үй колхоздан кету туралы өтініш берген. Ауа көшкен қоныс аударушылардың кетуін жергілікті шенеуніктер бай ұлтшыл элементтердің үгіт-насихатымен байланыстырады. Мәселенің ақиқаты басқада екені түсінікті.

Темір ауданы: «қазіргі уақытта № 7, 12, 13 және 22 ауылдардан Қарақалпақстанға көшуге дайындық жүргізілуде. Көшуді Қарақалпақстанда қашып жүрген байларұйымдастыруда деген ақпарат тараған». Аталған ауылдарға БК(б)П РК уәкілдер барған [21, 135 п.]. «Азық-түлікпен қамтамасыз етудің едәуір нашар жағдайында көшпелі және жартылай көшпелі аудандар болады, судың жоқтығынан 8 көшпелі және жартылай көшпелі аудандар бойынша, 175082 га аумақтан егін мүлдем шықпай қалған. Қалған аумақтағы 73041 га немесе 42% егін алқабы мардымды өнім бермеді. Шалқар және тағы басқа аудандарда азық-түлік тапшылығынан ауылдағы тұрғындардың жағдайлары ауыр, өйткені соңғы уақытта бұрынғы басқа аудандарға көшіп кеткендер қайта оралуда, нәтижесінде қазірдің өзінде астықтың жоқтығынан жекелеген ауылдар колхозшыларға берілетін азық-түлік көмегі есебінен өмір сүруде екендігі айтылады [21, 134 п.].

ОГПУ Ақтөбе облыстық бөлімі құпия-саяси болімшесінің Астық беру қорытындылары және егінді бөлуге дайындық туралы колхоздардың №66 арнайы есебі. Облыс бойынша астық берудің барлық секторлары мен түрлері бойынша 90532 тонна көлемінде түпкілікті белгіленген астық жеткізу жоспары 15 қазандағы мәлімет бойынша 89,9 % орындалды, оның ішінде буын секторына облыстық астық жеткізу жоспары мемлекетке 94,42-ге, жеке-дара 88,4 % орындалды. Облыс бойынша МТС еңбек күні төлемінің жоспары 58,5% - ға орындалды [21, 128 п.]. 1933 жылғы 15 қазандағы мәлімет бойынша астықты мемлекетке өткізізген аудандардың астық жоспары мен орындалған есебі.

1 кесте. Ақтобе облысы аудандардың мемлекетке астық өткізу жоспары мен есебі (1933 жыл 15 қазан) [21, 128 п.].

Аудандар	жоспар	орындалды	жоспар	орындалды	пайызы
Ақтобе	7105	7907	-	1	31.1
Ақбұлақ	13894	13033	434	902	36.0
Адамов	10890	7836	340	534	23.7
Жетіқара	4878	4565	103	164	42.7
Қостанай	13309	11451	1800	2161	48.9
Қарабалық	5585	5446	250	190	57.2

Федоров ауданы: «Жаркөл колхоздары осы уақытқа дейін астық жинауды аяқтаған жоқ. Себебі, колхоздың астық тасу жұмысына жегілетін жылқылары көтерем, шаруаға жарамсыз. Жылқылардың жұмысқа жарамсыз болуы астық тапсырудың жоспарының орындалуына басты кедергі болып отыр [21, 130 п.]. Сонымен 1933 жылы да миллионға жуық аштықтың құрығына ілінген колхоз шаруалар азық іздеп, аштан өлместің қамымен ауа көшіп босып кетті. Күштеу арқылы асығыс құрылған колхоздар астықты қажетті мөлшерде дайындай алмады. Мал өнімдерін өндіру де азайып кетті. Сөйтіп еліміздің көптеген аудандарында 1932 жылдың күзінен басталған аштық 1933 жылдың қысы мен көктемінде күшейіп ұлттық апатқа ұласты.

1933 жылдың 20 қаңтар - 20 ақпан аралығында панасыздықты жою айлығы жарияланып, барлық ұжымдарда жедел жиналыстар өткізіліп, қаржы жинау, панасыздар пайдасына 10 тиындық талон маркасын енгізу ұсынылған. Панасыздықпен күрес штабының Халық ағарту комиссариатының төрағасы Сейітқали Мендешұлының қатысуымен 1933 жылы 28 маусымда өткен кеңейтілген мәжілісінде 25 маусымнан 25 шілдеге дейін тағы да айлық өткізу, аудандық оқу бөлімінде кеңестік бюро құрып, балалар коммунасы қызметкерлеріне тұрақты түрде әдістемелік көмек көрсету, семинарлар мен мәдени шараларға ағарту қызметкерлерін жұмылдыру керектігі айтылды. Балаларды әдеби кітаптармен, ойыншықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын бақылау, жасөспірімдерді егіндікке жұмысқа шақырып, еңбекке баулу тәрбиесі қаралды. Үкіметтің жергілікті ауыл және село мұғалімдерінің тұрмыстық жағдайын жақсарту жөніндегі шығарған бірқатар шешімдері орындалмады, айлық жалақылары берілмеді, азық - түлік айына бір рет қана болінді. Ауылдық партия және қоғам қайраткерлерінің де тұрмыстық жағдайлары айтарлықтай болмады. Олар ешқандай азық - түлік алмады. Алматы қаласында Қаскелең ауылдық кеңесіне жіберген хатында ашыққандарды тамақтандыру орны мәлімет бойынша ашылғанымен бұл пункттерде адамдардың жоқтығы, жоғарыдан берілген директивалардың орындалмағандығын айта отырып, үкіметтік шараларға салғыртық танытқандар жауапкершілікке тартылатындығы ескертілген [25].

Аштықтың азабын ата-анасы аштықтан өлген, өздері панасыз қалған балалар тартты. Аштық жылдары панасыз қалған балаларға көмек көрсету Кеңес үкіметі тарапынан заңдастырылғанымен, нақты көмек қазақ ауылдарына жете қоймағанын архив деректері мен аштық куәгерлерінің естеліктері растайды. Осы орайда бұрын «Біздің Қостанай» газетінің редакторы болып қызмет атқарған, кәсіби журналист, бүгінде Қостанай қаласындағы Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейінің ғылыми қызметкері - Сералы Мырзабай ініме жолығып, ашаршылық куәгеріатасы туралыестелігін жазып алғанмын.

Әңгіменің әлкиссасын аштық жайын әжемнің аузынан естіп өстім, – деп бастады Сералы Мырзабай немересі.

– Атам Мыразбай мен әжем Бибилә Байсарықызы аштықтың зардабын тартып өскен жандар. XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы елді жайлаған аштықтың куәгері болған атасы туралы әжесінің естелігін айтып берді. Бұл әңгімені 2021 жылы Егемен Қазақстанның Қостанайдағы меншікті тілшісі Нұрқанат Құлабаев «Егемен Қазақстан» газетіне 10 қазан 2021 жылы жариялаған еді», - деп әңгімесін жалғастырды. Мырзабай ақсақалдың немересі Сералы Мырзабай. «Атам 1909 жылғы. Әжем 1936 жылы Торғай ауданы қазіргі Қостанай облысының Жангелді ауданының Қызбел деген ауылда дүниеге келген. Руы Өтей. Қазіргі Амангелді ауданының (бұрынғы Батпаққара ауданы. – Ө.И.) Құмкешу ауылында тұрды. Өмірлік серігі болған атаммен өзінің 27 жас айырмашылығы бар болатын. Кеңес Үкіметінің тұсындағы 1921-1922 жылдардағы аштық белең алған тұста атам әрі кетсе 12-13 жаста, 1930 жылдардағы аштықта 21-24 жаста, (1930-шы жылдың басындағы ашаршылық жылдары Қостанай өңірі Ақтөбе облысының құрамына қосылды – Ө.И.) Қамысбай деген күзекте тұрады екен. Атамыз екі аштық зардабын басынан кешіп, аман қалған адам. Ол кезде Қамысбай елді мекені ата-бабаларымыздың қонысы болған жер. Қазір ол жерде елді мекен жоқ. Жеке шаруа қожалықтары мал шаруашылығын кәсіп етіп отыр. Құмкешуден (бұрынғы Абай кеңшарынан) алыс емес арасы 5 шақырым жер. Мырзағали деген інісі болыпты. Атам екеуінің арасы 3-4 жас. Қаршадай екі баланың анасын алапат аштық алып тынған. Әкелері Рахмет кіре тартқан (Кіре тарту деген жалданып көлікпен жүк тасу. Сол замандағы жұмыс. – Ө.И.) көшке ілесіп, өгізге мініп, Қостанай өңіріне кеткен екен. Бір ай жүріп Әулиекөлге жеткенде ауырып, әрі жүруге жарамай, сол жерде қыстап қалыпты. Аядай ғана қоржын үйде не әке, не шеше жоқ екі бала аштан-аш қалады. Жалғыз буаз сиырды біреу-міреу ұрлап әкетпесін деп төрге байлап, өздері есіктің аузындағы киізді төсеніп жатады екен. Көршілері соғым союға шамасы жететін ауқаттылау кісілер болса керек, інісі Мырзағали қарным ашты деп жылай берген соң, әбден ашыққан екі бала қарлы боран ұйтқып тұрған түнді жамылып көршінің қорасына ұрлыққа түседі. Ол кезде қораның төбесін қорда (қорда деген жанып кеткен тезектің күлі. – Ө.И.), қамыс, талмен жабады. Ағасы: «Бір кір сабынның көлеміндей ғана ет кесіп ал, көп алма, біліп қалады. Етті кесіп алған соң, жіпті түрт, мен тартып аламын, – деп інісінің беліне арқан байлап, иығына мінгізіп қораға түсіреді. Етті алып шыққан екі бала омбы карға малтығып, бірін-бірі сүйрелеп жүріп үйге таңата әзер жетеді. Үйге келген соң кеберсіп кеуіп қалған қазанды қыздырып, еттің жартысын қуырып жеп, үйдің бұрышынан құм алып ысқылап қазанның майын кетіріп, қалған етті киізге орап табалдырықтың астына тығып тастайды. Ал пышақты жоғарыдағы жабын талдың арасына қадайды, – деп Мырзабай ақсақалдың немересі сөзін жалғай түсті.

Мырзабай ата тіршілігінде көп сөзге жоқ, біртоға әрі іскер кісі болған көрінеді. Соғыстан кейінгі жылдары Қостанай облысына қарайтын - Үштоғай, Қайғы, Дәмді ауылдарында колхоз басқармасы, Құмкешуде бөлімше меңгерушісі болып қызмет атқарады. Батпаққара өңіріне аты шыққан Кербесті, Дүйсімән күрең деген жүйрік ат ұстаған атбегі ақсақал 80 жасында сал болып, жеті жыл төсек тартып жатып, бақиға аттаныпты. Сөзге сараң қария өмірінің соңғы жылдары ғана әжейді төсегінің басына шақырып алып өткенді әңгіме етуді шығарыпты. Қосағынан естіген әңгімені әжей кейін балалары мен немерелеріне баяндап отырған.

– Ол кезде Қамысбайда онға жетпейтін түтін (үй) ғана тұрса керек. Ертеңіне сырттан «Ет ұрланды!» деген ащы айқай шығып, у-шу басталады. Сәлден соң суыт жүріспен милиция да жетеді. Жастары кіші болғандықтан бұлар түн ортасында

ұрлыққа түсе қоймас деп ойлады ма екен, әйтеуір, милиция екі баладан күдіктенбей, отыз жас шамасындағы Қайдар деген кісіні қыса бастапты. Ол кісі: «Мырзабай-ау, сен алдың ғой, мойындасаңшы, айналайын!», – деп жалынып жылайтын көрінеді. Балалар сонда да мойындамапты, өйткені ол кезде біреудің бір сабақ жібін алсаң да соғатын жібереді. Милиционер төбеге шаншылып тұрған пышақты қолына алып, жүзін сипап тұрып: «Мырзабай, мына пышақтың ұшында май қалып кетіпті ғой», деп ті. Сонда 13 жастағы бала: «Кеше құрқылтай құс тұзаққа түсіп, сорпа етіп ішкенбіз», - деп құтылыпты.

Екі бала қыс бойы табалдырықтың түбінде жатып шығады. Төр – буаз сиырдікі. Абырой болғанда, көктем шыға жалғыз сиыр бұзаулап, бір мүшелден енді ғана шыққан есті бала сиыр сауып, уыз пісіріп, көрші-көлемін шақырыпты. Оны құп алған кісілердің бірі жарты тостақ бидай, бірі бір шөкім тары ала келген екен. Сөйтіп бұзаулы сиырдың арқасында көктемге көтерем болып шыққан балалар жазға ілігеді.

Ол кезде Қостанайға кіре тартып барып, сол жақтан бөрене, тақтай, картоп, тұз әкеледі екен. Сол жылы жаз шыға ауылдан 3-4 адам жиналып, Қостанайға шықса керек. Әлгі еті ұрланған үйдің иесі соларға бала Мырзабайды да қосып жібергісі келіпті. Жас та болса, бір үйге ес болып отырған балақай: «Мен бара алмаймын, қолда інім бар», дейді. «Балам, ініңді біздің үйге тастап кет, сен қайтып келгенше Мырзағалиды біз бағамыз, оған уайымдама, өзіңе де, бізге де азық алып келесің ғой», деп көршісі көшке қосып жібереді. Ол кезде Қостанайға өгізбен қатынайды. Екі-үш ай жол жүріп, ауылға оралады. Әулиекөл асып, Қостанай барып, азын-аулақ азық тауып, қуанышы қойнына сыймай, ауылға жалғыз бауырын сағынып асыға жеткен олжалы бала көрші үйдің босағасында құр сүлдері ғана қалып бұратылып, әлсіз ғана ыңырсып жатқан Мырзағалиды көріп жылап жіберіпті. Өзі кеткелі нәр татып жарытпаған, 8 жасқа енді ғана шыққан жалғыз бауырының қаңқасы ғана қалыпты. Бойында қан-сөл қалмаған, екі көзі шұңірейіп тұруға шамасы келмей қалған Мырзағали: «Аға, мені неге тастап кеттің?», - деп жылай беріпті. «Мырзабай інісіне бір кесе көже берген екен, соны іше салып, қолында өліп кетіпті. Аш адамға бірден күшті тамақ бермейді. Ас аш өзегіне түсіп кетеді. Мұны 13 жастағы бала білмейді, бір тостақ көжені бір-ақ берген ғой. Атам: «Сол кезде інімді өзіммен бірге алып кетсемші, көршінің сөзіне сенбеуім керек еді», - деп өле-өлгенше өкінумен болған [26]. Естеліктен куә болып отырғанымыздай милиция ет ұрлығы бойынша арыз шағымы бойынша келгенімен панасыз қалған балдардың жай-күйіне мән бермеген. Оларға аштарға көмек ұйымдары тарапынан қамқорлық жасалмаған.

Мырзабай қария отызыншы жылдардан кейінгі аштықты да көрген жансебіл екен. Бұл аштықта жиырманың ол жақ – бұл жағында болса керек, ағайыны Төлебай деген кісімен бірге бір уыс бидайды 5-6 литр суға қайнатып ішіп амалдапты. Бетінде бидай қалқыған су шамалы болса да қоюланатын көрінеді.

«Бір уыс бидайды қайта-қайта қайнатып іше берген соң, бір күні әлсіреп құлаған ғой. Төлебай деген кісі: «Мырзабай, сен маған қарап отыра бермей, зорман аулап же», деп ті. Атам сонымен зорман етін жеп, аман қалыпты, ал Төлебайдың өзі сумен шыққан дейді. Осы өңірде адам етін жеген кісілер де болған. Олар келе жатқанда ауыл адамдары балаларын тығып қоятын көрінеді», дейді немересі Сералы.

Қамысбайда 1933 жылға аяқ баскан соң егін бітік шыққан. Ол кезде шығыр тартады екен. Шығыршы Мырзабайға: «Әй, балам, жұрттың бәрі жеп жатыр ғой. Біз де жеп көрейік», дейді. Содан жас жігіт шығыршының терген бидайын келіге түйіп, бір сиырды сауып, соған шылап, пісіріп, екеуі ыстық асты алдарына қоя бергенде шаш ал десе бас алғыштардың бірі келіп, алдындағы астарын алып кетіпті. Кейін Мырзабай қария есейіп, ел қатарына қосылып, үйленіп, қызметке тұрып, өз қолы өз

аузына жеткен соң, бұрынғы көршісін отбасымен қосып үйіне шақырып, бір табақ ет асып қонағасы береді. «Баяғы етіңізді біз ұрлап едік, жетіскеннен ұрламадық. Енді інім аштықта өліп кетті ғой, мойнына қарыз болмасын, ренжімей мынаны алыңыз», - деп бәленбай сом ақша ұстатады [26].

Жерде зорман, суда балық, аспанда құс қалмаған, ел ішін бір шетінен аштық, екінші шетінен індет жайлаған зұлмат кезеңде өліп қалмау үшін амалсыз тіршілікке талғажау етерлік бір кесім ет ұрлаған інісінің мойнында кеткен қарызды ағасы көзі тірісінде еселеп өтеп кетіпті.

Аштық босқындарының көпшілігі аман қалу үшін, су жолдарымен, міниіс көлігімен, теміржолмен, жаяу, сондай-ақ малды пайдалана отырып ауа көшті. Көшіп кеткендердің бір бөлігі жолда, сонымен қатар көрші республикалар аумағында қайтыс болды. Қаза болғандардың сүйектері көмусіз далада қалған.

Кеңес үкіметі 1921-1922 жылдардағы аштыққа ұшырағандарға көмек қорын ұйымдастырған. Мұны Қостанай облыстық мемлекеттік архивіндегі [14]. 1921-1922 жж. аштыққа ұшырағандарға көмек көрсететін аранайы «Қостанай губерниялық «Аштарға көмек» төтенше комиссия ұйымдары атқарған жұмыстары туралы есеп беріп отырғандығын архив құжаттары айғақтайды.

«Қостанай губерниясының аштарға астық сатып алуды ұйымдастыру туралы жолданған жедел хатының көшірмесінде: «ҚКСР. Қостанай Губерниялық Аштарға көмек көрсету төтенше жағдайлар комиссиясы. 1921 жылғы 12 қыркүйек № 321 Қостанай губерниясының ауылдық кеңесі барлық раисполкомдарға волисполкомдарға: Гомель, Ақмола және Семей провинцияларында тауар айырбастау жолымен тұқымдық астық сатып алу үшін экспедиция ұйымдастырылады, барлық ауылдарда халықтармен жалпы жиналыс өткізу ұсынылады. Жалпы жиналысқа әр ауылдан бір-бірден өкіл таңдап, жиналған барлық кормен бірге приходта қорлар құра отырып, қандай да бір заттарды тапсыру арқылы астыққа тауар айырбастау қызметін атқара алатын тауарлар мен өнімдерден тауар қорларын құруы тиіс. Комиссарлардың болыстық съездері 3-тен аспайтын құрамдағы комиссияларға сайланады және оларды 3 уәкілден сайланатын съездерде аудандық атқару комитетіне барлық материалдармен жібереді және барлық жиналыстармен ақшалай және материалдық қаражатпен Қостанайға губерниялық төтенше аштыққа көмек комиссиясына жіберіледі.

«Губернияның аштарға көмек көрсету төтенше комиссиясының төрағасы: Паевский. Комиссия хатшысы. Басқару жөніндегі меңгерушісі. Қостанай губерниясының «Аштарға көмек» ұйымының № 23 хаттамасы (12. 11. 1921 ж.) [28, 19 п.]. Көшірмесі. Хаттама № 23. 3. Нұржиновтың төрағалығымен өткен 1921 жылғы 12 қарашадағы Аят болыстығының № 3 депутаттар кеңесінің жиналысы. А. Есмұратова, А. Мықановалар күн тәртібіндегі мәселелерді талқылап, «Аштарға көмек апталығы» көмегін ұйымдастыру үшін Комиссия құрамына үштікті сайлау. Аштықтар көмек үштік қызмет ұйымы мүшелері бір ауыздан үшті: Зайнурпа Нұржанова, Абрауко Мағажігітов және Асқар Мұқановты сайлайды. Мөр басылған. Жиналыс төрағасының арапша қолы қойылған. Хатшысы А. Мұқанов.

«Аштарға көмек» ұйымының қызметі шалғай аудандардағы ауылдар мен мен қыстақтардағы аш, панасыз балаларға көмек ұйымының қамқорлығы жетпеген немесе қазақ ауылдары мұндай ұйымдардың барынан бей хабар болған. Оған аштық куәгерлерінің естелік әңгімелерінде аштарға көмек ұйымының қызметі туралы айтылмайды. 1931-1933 жылдардағы нәубет кезінде де панасыз балдардың көбі қаза болғандығын архив деректері мен естеліктер куаттайды.

Қостанай Губерниялық «Аштарға көмек» төтенше жағдайлар комиссиясы ұйымының Денисов аудандық атқару комитетіне есеп беру туралы 6 мамыр

1922 жылы №1220 хатында Губком аштарға көмек ақпараттық бөлімі ұйымы атқарылған жұмыстарының есептерін шұғыл түрде тапсыруы және жоспар бойынша жұмыстардың барысы туралы, аштарға көмек ұйымының орталығының жалпы есеп беру үшін, арнайы сәуір айында аштарға көрсетілген көмек туралы есепті баяндамаларын орталыққа жіберулері тиістігі айтылады [28, 64 п.].

Қостанай губерниялық «Аштарға көмек» жөніндегі төтенше комиссиясы ұйымының төрағасы Паевскийдің комиссияларының аштарға көмекке ақша және астық жинауы туралы 1921 жылғы 12 қыркүйек №321 хатында: «Қостанай губерниясының барлық аудандық атқару комитеттеріне, ауылдық кеңестеріне болыстық атқару комитетіне Кирциктен алынған жеделхатқа сәйкес, губерниялық аштыққа көмек ұйымының төтенше комиссияның қаулысымен провинцияларда тауар айырбастау арқылы уақытша астық сатып алу үшін экспидициялар ұйымдастырылады. Гомель, Ақмола және Семей қалаларында қысқа мерзімде барлық ауылдарда жалпы жиналыстар өткізу ұсынылады. Жалпы жиналыстар тапсыру арқылы астыққа тауар айырбастау қызметін атқара алатын тауарлар мен өнімдердің тауар қорларын құруы керек, әрбір шаруаға әр ауылдан бір өкіл таңдап, толығымен жиналған қорды болыс қорларын құра отырып, болыска жіберуі керек» делінген [28, 10 п.]. Комиссарлардың болыстық съездері құрамында үш адамнан аспайтын комиссияларды жалдайды және оларды барлық материалдармен бірге Аудандық Атқару Комитеттеріне жібереді, олардың съездерінде 3 комиссар сайланады және барлық жиналған ақшалай көмек пенастық өнімдерін Қостанайға губерниялық төтенше аштыққа көмек комиссиясына жібереді. Қостанайдан уәкілдердің бір бөлігі астық өнімдерін сатып алу үшін экспедицияларға жіберілетін болады» - деген [28, 10 п.].

1921-1922 жылдары аштыққа көмек көрсету ұйымдарының жұмыстары 1931-1933 жылдары да қайталанды. Кеңес Үкіметі аштық қасіретінен сабақ алмады. Он жылдан соң аштық апатына қайта ұрынды. Аштық куәгерлерінің естеліктерінде аштарға көмек туралы бір ауыз сөз айтылмайды. Соған қарағанда «Аштарға көмек» төтенше ұйымы комиссяларының қызметі мардымды болмағанға ұқсайды.

Аштық жылдарындағы босқыншылыққа ұшырағандардың ұрпақтарының бірі – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Алмасбек Әбсадықтың естелігіне сөз берелік: «Ашаршылық біздің әулетке де «ащы тырнағын» салды. Менің атам Әбсадық Барақұлы бес ағайынымен 1928 жылы кәмпескелеуге ұшырап, бар малынан айырылады. «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» дегендей, ол Сырдария маңындағы өзен-көлдерден балық аулап жан сақтап қалады. Ал нағашы әжем Кәшима Құлтайқызы ұжымдастыру және кәмпеске тұсында Қостанай өңірінде тұрмыста болып, отағасы «жас қыз алған бай-құлақ» деп жер аударылғаннан кейін Сырдағы нағашысына барып, жан сауғалайды. Ол кісінің ашаршылық жайында өз аузынан айтқан әңгімесін тыңдап, жадыма тоқыған жайым бар еді. Сол естелікті оқырманға ұсынғым келеді [29].

Кәшима Құлтайқызы орта бойлыдан сәл жоғары, денелі, ақсары келген сұлу, өте мейірімді кісі еді. 1912 жылы дүниеге келген. Руы – Жаппастан тарайтын Мәметек Алтын. 1990 жылы 78 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Туған жері – қыс қыстауы Қармақшының маңындағы Қызылтам деген жер болса, жаз жайлауы – Тобылға қуятын Әйет, Троицкінің іргесіндегі Үй өзендерінің бойы. Әжеміз жайлаудағы қоныстарын сағынышпен еске алып отыратын. Бірде ол жайлаудан қыстауға қайтар шақта, яғни күз уақыты болғанда Троицкі қаласына баратын базар туралы айтса, енді бірде «сол базарға соңғы рет 14 жаста бардым, екі жыл өткен соң мені қырда түрмыска берді» дейтін еді.

Кәшима тұрмысқа шыққан жылы әкесі Құлтай «жаман аурумен» (обыр) ауырып дүниеден өтеді. Бұл – 1928 жылдардың шамасы. Әжемнің тұрмысқа барған жері орта дәулетті отбасы болады. Бірақ отағасы «уыздай жас қыз алған бай-құлақ» деген үкіммен кәмпескеге ілініп, Сібірге жер аударылады. Кәшима әжем жастай жесір қалады. Сол жылдары колхоздастыру басталып, жұрттың малы ортақ меншікке тартып алынады. Елге қатты таршылық келіп, жұрт жан сауғалап көше бастайды. Біздің болашақ әжеміз егіншілікпен, аңшылық-балықшылықпен айналысатын Сыр бойындағы Есентемір (ру атауы) Досқали атты нағашысына барып паналауды ойлайды. Осылайша, қолында бір түйіншек орамалы бар жас келіншек жаяу-жалпылай Сырға қарай ауып бара жатқан жұртқа қосылады. Солармен бірге жаяу жүріп, Аралға келіп құлайды. Одан әрі Арал стансасында Қызылордаға қарай бет алып тұрған жүк пойызының қызыл вагонына мініп алады. Бір орыс солдаты келіп орысшалап «түс» дейді. Бұл қазақшалап «түспеймін» деп шырылдап жылап қоя береді. Вагонға таскенеше жабысып алған. Мұны әлгі солдат әрі-бері жұлқылап, түсіре алмаған соң кетіп қалады. Сол жүк вагонымен итшілеп Қызылорда стансасына жетеді. Пойыздан түсіп, жұрттан сұрай-сұрай Қызылорда қаласының маңындағы Қарауылтөбе деген жерден бес-алты шақырым жерде егіншілік, аңшылықпен күн көріп отырған нағашысы Есентемір Досқалидың үйін тауып алады.

Жергілікті орыстармен тамыр болып, аңшылық құратын Досқали өзге отырықшы қазақтарға қарағанда салыстырмалы түрде бақуатты болады. Аңшылықпен қатар егін егіп, балық аулап отырғандықтан Досқалидың отбасы Сыр бойына ашаршылық келген кезде әупірімдеп аман қалады. Ашаршылық өткеннен кейін әжемді Досқали нағашысы көрші тұратын Әбіш Дәуітұлына (ол кезде оның әйелі қайтыс болған екен) тұрмысқа береді. Кәшима әжеміз атамызға бір ұл (жас кезінде шетінеп кетеді), бес қыз тауып береді. Бес қыздың үлкені Күлайым Әбішқызынан біз дүниеге келгенбіз.

Жалпы, әжем марқұм өте әңгімешіл кісі болатын. Әжем отағасы Әбіш Дәуітұлы дүниеден өтіп, бес қыз жан-жаққа тұрмысқа шыққан соң, ол Қызылорда шаһарының қақ ортасында атамыз соққан үйде жалғыз тұрды. Оны жалғызсыратпайық деп шаһарда оқыған біз – жиен немерелері кезекпен-кезек қасында болатынбыз. Қызылорда пединститутының студенті болған жылдары мен әжемнің үйінде жаттым. Күндіз сабақтамын, кешкі уақытта әжем екеуміз әңгімелесіп отырып ас-су ішеміз. Күні бойы іші пыса ма, әжем марқұм кешкілік көп әңгіме айтатын. Оның есте сақтау қабілеті таңғаларлықтай еді: өзінің жас кезінде болған оқиғалардың дерегін бүгешүгесіне дейін сақтап, оның мезгіл-мекенін, оған қатысқан кісілердің аты-жөнін, руын түгел айтып отыратын.

Әжемнің айтуынша, әкесі Құлтайдың екі әйелінен үш ұл, сегіз қыз болған екен. Бұл – қыздың ең кенжесі. Үш ұлдың екеуі қайратты, шаруаға пысық бо-лыпты. Бір ұлын қызылдар мен ақтар атысып-шабысып жатқан уақытта «қырға қарай жол көрсетесің», деп әскери-қазақтар алып кетіп, содан қайтпай қалады. Екінші ұлы Ақтөбе жаққа кіре (түйемен жүк тасу) тартып жүріп, диірменге бидай тартып әкелемін деп аттанып, жазатайым оқиғадан қайтыс болады. Кенже ұлы сауықшыл болып өсіп, шаруаға қырсыз болады. «Ағам таңертең үйден шығып, ауылдың түтінін аңдып, қай үйде түтін шығып жатса, «Е, мына үйде омыртқа асып жатыр екен деп, сол үйге қарай домбырасын алып кетіп қалушы еді» деп отыратын әжем марқұм.

Бір күні қыстың ұзақ кешіндегі әңгімеміз 30 жылдардағы ашаршылық жайында болды. Ол әңгіменің басталуы да қызық. Қаладағы бір таныс кісінің аты кездейсоқ аталды да, әжем ол кісінің әкесін білетін болып шықты.

Қызылорда шаһары мен оның маңындағы ашаршылық Арқа жақтан ауып, ашығып, арып-аршып келген жұрттың көбеюіне байланысты күшейе түседі. Аш-

жалаңаш жұрт елдің малын, азық-түлігін ұрлап, базардан жұрттың сатып тұрған азықтарын тартып алып, елдің мазасын алады. Ақыры, базар тарап кетеді. Әсіресе, Батпаққара жағынан ауып келген қазақтар өте ашығып келді. Тасбақа, кірпішешен, бақа-шаян жсу, бара-бара адам етін жеу солардың ішінен шыға бастайды. Жұрт сыртқа шығудан қорқатын күй кешеді. Әжемді үйіндегілер: «Сен семізсің, сойып жеп қояды» деп сыртқа шығуға тыйым салады. Ашыққан жұрт ісіп-кеуіп, далада өліп жатады. Аз уақытта Қызылорда шаһарында және оның маңында жейтін нәрсе қалмағандықтан, ашыққан кісілер теміржолдың бойымен оңтүстікке, Ташкентке қарай жағалап кете барады...

Жаңағы атаған кісіміздің әкесі сол кезде жетім балалар үйінің арбакеші болыпты. Ол кісі арбамен балалар үйінен шыққан өліктерді, сондай-ақ қаланың ішінде аштан өлген адамдардың денесін теріп алып, қаланың оңтүстік-шығысындағы орға апарып төгеді екен. Кәшима әжемнің айтуынша, аштан қайтқан жандар мен балалар үйінде өлгендердің денесі көмілген ор қазіргі Қызылорда қаласының «Южный» ауданындағы қалалық перзентхананың маңы. «Таңертең ертемен көшеден сықырлап, шиқылдып өтетін арба дөңгелегінің дыбысы аштан өлген марқұмдардың артынан оқылған жаназасы іспеттес еді. Оларға мұсылмандық жаназа да бұйырмады...» деп күрсінді әжем.

Ашаршылық жылдары Арқадан Сырға ауып келген жұрттың дені – Торғай өңірінен екен. Өйткені Сыр мен Торғай арасы – қазақтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі көш маршруты. Бұл көштің жол бойында қолдан қазылған құдықтары болған. Әжемнің «Батпаққара» деп отырғаны – Торғай өңірі. Кейін қазақтың тарихын тереңірек біле бастаған кезімізде Батпаққара жұртының қатты ашыққан себебін қолдан жасалған саясаттың салдары екенін түсіне бастадық. Батпаққара, яғни Торғай өңірі Алаш қозғалысының алтын бесігі, аптал азаматтар дүниеге келген өңір (А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы), патша мен Кеңес үкіметінің қысымына қару алып, көтеріліске шыққан жұрт (Амангелді, Кейкі батыр, Әбдіғаппар, Шолақ Оспан) екенін таныдық. Коллективтендіру мен кәмпеске кезінде «Батпаққара көтерілісі» деген оқиға болғанын білдік. Қанын ішіне тартқан большевиктер аштық арқылы осы өңірдегі рухы биік жұрттың қатты қырылғанын қаласа керек.

Алмасбек Әбсадық: «Марқұм нағашы әжем (жатқан жері жаннатта болсын) Құлтайқызы Кәшимадан 30 жылдардағы қуғын-сүргін, ашаршылыққа қатысты естіген әңгімемнің ұзын-сонарының шектелер шегі – осы. Біздің бұл әңгімеміз біз жақтан шектелгенмен, халқымыздың басынан өткен қасірет-қайғы, нәубет туралы деректер, айтылмаған сырлар әлі көп деп ойлаймыз» [29], – дейді.

Елді жайлаған 30-шы жылдардағы ашаршылық зардабынан жаппай өлім мен мәжбүрлі көші-қонның салдарынан, өзінің ата қоныс байырғы мекенінде тұрған мемлекетті құрушы негізгі қазақ ұлты саны жағынан ең төменгі деңгейге жетіп, 30% -дан аз болды (1959 ж.) [30]. Кейбір ғалымдардың зерттеулері бойынша қазақ ұлтының нақты саны 2 миллион адамға дейін қысқарды [21, 139 п.]. Қазақтардың республикадан тыс жерлерге дер кезінде көшіп кетуі, жүздеген мың адамдардың өздерін аштықтың құрығынан құтқарды [31, 172 п.].

Аштарға азық-түлік көмегінің жайы 1934 жылдары ғана дұрыстала бастағанын архив құжаттары айғақтайды. Мысалы, Ақтөбе облысының Батпаққара ауданының шаруашылық жағдайы туралы 1934 жылғы 1 желтоқсан күні берілген азық-түлік көмегі жайынан қысқаша ақпаратта: «1 қазан айынан бастап ауданға облыс тапсырысы бойынша, 6425 цнт астық, оның ішінде Қостанайдан 925 цнт ұн, Семиозерныйдан 3000 цнт бидай, Шолақсайдан 2500 цнт тары әкелінуі тиіс. 1 желтоқсанда ауданға 3916 цнт әкелінді; ауданның көлігімен 2153 цнт, 1763 цнт автомашиналарымен 2611

цнт Семиозерныйда қалады. 3916 цнт жұмсалды, 2015 цнт келесі айларға қалады. 1902 цнт жаз айларындағы қалдық 518 цнт, аудандағы астық қорының барлығы 2420 цнт, оның ішінде аудан орталығында 796 цнт, Қайқы 1623 цнт, содан кейін қаңтарда 1347 цнт қалады. Көмек айлар бойынша қамтылды: Қазан айында 2500 шаруашылық; Қараша айында.3108 шаруашылық; желтоқсан айында 3656 шаруашылық.

Жоғарыда келтірілген сандардан көрініп тұрғандай, көмекпен қамтылған шаруашылықтардың саны өсе бастады. Алғашқы айларда халықтың кейбір шаруашылықтары егіннен жиналған астықпен күн көрді. Қыс айларына арналған астықты үнемдеу мақсатында, қазан айынан бастап, жұмысшының отбасындағы адамның біреуден көп болғанына қарамастан, шаруашылыққа бір жұмысшыдан қабылданды. Ауданда қаңтар айынан бастап, қалған уақытына азық-түлік көмегіне сақталған 3858 цнт астық бар. Қаңтар, ақпан айларында азық-түлік көмегін алатын контингент кемінде 4 мың шаруа қожалығы болады. Қолда бар астықты барынша үнемдесе 3 айға жетеді. Көктемгі егіс науқанында, сәуір, мамыр айларында азық-түлік үшін астық болмайды. Сол себепті, осы айларда азық-түлік көмегін көрсету қажет. Осы айларда қосымша астық қоры босатылуы керек. Қыстың басталуына байланысты автожол тоқтатылады. Болашақта қалған астықты қыс мезгілінде ат шанамен тасымалдау керек. Ауданда жұмысқа мініске, арбаға, шанаға жегуге болатын 1311 мал басы бар. Бұдан әрі осы көлікпен Семиозерный ауданынан алынатын 2511 цнт атық ауыстырылуы тиіс тұқым қоры ауданға 900 цнт мөлшерінде қажет. Сонымен қатар, ауданға 342 мың рубль мөлшерінде өндірістік тауарлар әкелінуі керек. Ауданның шалғайлығын ескеріп, Қайғы елді мекенінен аудан орталығына 1625 цнт астық әкелу қажет. Семиозерный ауданынан Қостанайдан өндіріс тауарларын, сондай-ақ тұқымдық астық қорын, ауданның көлігімен тасымалдау бұл мәселені шеше алады. Қыстың басталуымен, 20-шы қарашадан бастап қатты боранның салдарынан мал, жұмысқа жегілетін малдар, негізінен көлікке пайдаланылған сиырлардан 5 (бес) бас мал өлді. Адамдардың далада үсіп қалу жағдайлары болды. Болашақта сиырларды көлікке пайдалану мүмкін емес, өйткені бұл буаз малдардың іш тастауына, желіндерінің бұзылуына және тағы басқа жағдайларға соқтырады. Қазіргі уақытта нан тасымалдауға 375 көлік жұмылдырылды. Қаңтар, ақпан айларында азық-түлік тауарлары мен тұқымдық дақылдарды уақтылы әкелудің үзілуін болдырмау мақсатында ауданға көрші аудандардың көлігімен көмек көрсетілуі тиіс. Жылқы трансортымен тасымалданатын астықты тасымалдау қабылдау және таратып беру кезінде қоймадан алынған астықтың жетіспеуі жағдайлары, астықтың тиісті салмағының шықпауы байқалды, дәл осындай құбылыс ауылдарда азаматтарға азық-түлік көмегін беру кезінде де орын алған. Тексеру кезінде аталған фактілер анықталып, кінәлілер жауапқа тартылған. Орталық қойманың астық қабылдаушысы жұмыстан шығарылады. Ауылдарда азық-түлік көмегінің дұрыс бөлінуіне жаппай тексеру жүргізілуде. Таратылатын нанның дұрыс таралуы мен салмағына массаның өзі тексеріліп, бақыланады. Азық-түлік көмегін жасаудағы қиянат жасау әлі де тоқтамай тұр [32, 4-5 п.].

Сонымен Қазақ даласындағы ашаршылық және онымен күрес мәселесін қарастыра келіп, мынадай қорытындыға келдік. Біріншіден, асыра сілтеушіліктен халқымыздың басына түскен қиын тауқыметтің бір ұшы шетке қарай шұбыруға, босқыншылыққа жалғасты. Көшпелі халықты ата-мекенінде тек мал ғана ұстап тұра алған. Малдан жұрдай болып тоналған ауыл жұрты енді күн көріс жағдайын ойлап, жақын қалаларға, поселкелерге, станцияларға, тіптен кейбір ауқатты селолар мен деревняларға, қышлақтар мен айылдарға қарай бет алады. Көпшілігі, әсіресе, бала-шаға, қатын-қалаш, кемпір-шалдар жолда қырылады. Жеткендердің біразы

халық көп шоғырланған жерлерде іш сүзек ауруына шалдығып, өліп кеткен. Есептеуіміз бойынша, сол нәубет жылдары қазақ ауылы тұрғындарының 90 пайзы босқыншылыққа ұшырады. Әрине, олардың көпшілігі зұлмат билеген Қазақстанның кең шеңберінен аман шығып, біржола құтылып кете алмаған. Сол кездегі кейбір ресми деректерде бұны жоққа шығара алмайды [33].

Екіншіден, колхоздастыру кезіндегі асыра сілтеу салдарынан елдің мал шаруашылығына зор нұқсан келді. Мысалы, ірі қара малдың саны 60,1 миллионнан 1933 жылы 33,5 миллионға түсті. Сол саны 97, 3 миллионнан 32, 9 миллионға (1934 ж.), жылқы 14,9 миллионға (1935 ж.) дейін кеміді.

1931 және 1932 жылдары астық түсімі тәмен болғанымен, елді қалдыратындай аз мелшерде емес еді. Аштықтың себебі басқада, атап айтқанда, мынада болатын: Сталиннің басшылығымен колхоздағы, жеке кожалықтардағы астық түгелімен сыпырылып алынды. Еліміздің индустриясын «секірте» алға бастыру мақсатымен, валюта үшін шет елге астық сату шектен тыс арттырылды.

Үшіншіден, Кеңес үкіметі аштықты қолдан жасады. Оған дәлеліміз, 1930 жылы жиналған 835 млн, центнер астықтың 48,4 млн. центнері экспортқа шығарылды. Ал 1931 жылы бар болғаны 695 млн центнер астық жиналса да, сыртқы рынокқа 51,8 млн. центнер астық сатылып, колхоздар тіпті тұқым корынсыз қалды. Қазақстанда, Сібірде, Поволжьеде, Солтустік Казказ бен Украинада аштықтан адамдар қынадай қырылды [34].

Төртіншіден, белгілі демограф Мақаш Тәтімов пен сонау 1930-жылдары Қазақстанның халық шаруашылығы есебі басқармасын басқарған Саматовтың есептеулері бір жерден шығып, 1930 жылы Қазақстанда ең кемі 4 миллион 170 мың қазақ өмір сүргенін анықтап отыр. Біздің ойымызша, осы қазақтың кем дегенде тең жартысының аталған ашаршылық жылдары қырылғаны ешқандай күдік туғызбауы тиіс.

Өйткені, босқындардың тірі қалғандарын (Казақстанның ішіндегі 300 000-дай адам, республикаға қайтып оралған тағы 200 мыңдай адам, онан соң көрші республикалардан және шет елден атамекенге қайтпай қалған тағы да 400 мыңдай адам) шығарып тастасақ, бәрібір 2 миллион 300 мыңнан астам адам жетіспейді. Рас, 1933 жылы республика үкіметінің ресми берген есебінде ашаршылық кезінде республика бойынша жетіспейтін адамдар саны 2 миллион 600 мыңдай. Бірақ бұл есепте Л.И. Мирзоян өзінің 1933 жылы 29 наурызда И. Сталин мен В. Молотовқа арнайы жазғанында көрсеткен. 300 000-дай боскындар және сырттағы қайтпай қалған қазақтар түгел қайтылған деп айта алмаймыз. Тұрар Рыскұлов өзінің 1933 жылы 9 наурызда Сталинге жазған хатында республиканың сыртында босып жүргендердің 240 мыңдай екенін айтқаны белгілі. Дегенмен де, мұнда да қазақ халқының жанашыр ұлы Төменгі Еділге, Киыр Шығыска, Солтүстік Кавказға және тағы басқа жақтарға ауа көшкен қазақтардың сандары қоса көрсетілген. Тегінде олар туралы Тұрардың қолында нақты мәліметтер болмауы да әбден мүмкін. Мысалы, ОГПУ органдары бұл мәліметтерді құпияландыра түскені белгілі. Қытайға қанша казақтың ауа көшкенін біз қазір ғана анықтап отырмыз. Бұл - 60 мыңдай адам. Қытай жағында 1932 жылдың көктем айларында шекарадан өткен қазақтар нақты есепке алынған. Мұндай есеп «Қытай жағына шет елден келгендерге Қытай азаматтығын беруге бола ма?» деген мәселені түбегейлі шешу үшін қажет болған. Жоғарыда келтірілген сандардың дұрыстығын Ф. Голощекиннің өзінің қазақ даласында боскындықтың жаппай орын алғанын және 25-30 қазақ аудандарының азык-түлік киыншылықтарына тап болып аштыққа ұрынғанын, оларды аман алып қалу үшін 3 миллион пұт астық босатуды өтінгенін нақты көрсететін 1932 жылғы 9 қыркүйектегі Орталық комитетке хаты

да және әлі еш жерде жарияланбаған, архив қойнауында назардан тыс жатқан [35, 154 б.].

Бесіншіден, кеңес үкіметі тарапынан аштарға көмек ұйымдастырылғаны мен нақты көмекке мұқтаж елді мекендерге көмек қоры жетпеді. Мардымсыз бір-екі рет берілген азық-түлік көмектері аштан қайтыс болғандардың ажалына араша бола алмады. Панасыз жетім балдар үйіне тапсырылған балалар ішер асқа жарымады. Балалардың көпшілігі жетімдер үйінде үнемі аш құрсақтықтан ауруға шалдығып қаза болды. Кеңестік билік XX ғасырдың 20-30 жылдары елді азық-түлікпен қамтамасыз ете алмады.

Алтыншыдан, неміс ғалымы Роберт Киндлер, Сталинің реформаларының нәтижесі өте қайғылы болды, өйткені қақтығыс пен одан еңбегінде кейінгі аштық (1931-1933 жж.) Қазақстан халқының үштен бір бөлігін құрбан етті. Жүз мыңдаған көшпенділер боскынға айналды, ал бес жыл ішінде көшпенділердің мәдениеті жойылып, әлеуметтік жағдайы оңалмастай құлдыраганын дәлелдеді [23, 38 б.].

Жетіншіден, 1932 жылы Батыс Қазақстанда көшіп кеткендермен жұмыс басталып, өлкелік, облыстық органдар көшіп кеткендерді қабылдау мен орналастыру бойынша жоспар құрды. Үкіметтің қайта оралған оралмандарға көмек беру жайы, қаулы қарарлармен хатталғанымен іс жүзінде көрсетілген көмек нәтижелі болмады. Аштық пен жұмыссыздыққа қайта душар болған халық, 1933 жылдың көктемінен бастап, мәжбүрліктен боскыншылық, ауа көшу қайта басталды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Исенов Ө.И., Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы ашаршылық пен боскыншылық (1920 ж. соны - 1930 ж. басы). // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршы. Тарих сериясы. – 2022. №3(106). – 145-157 б.
2. Жумабеков Ж.Ж. Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в строительстве социализма. – Алма-Ата: Казахстан, 1973. – 286 с.
3. Исенов Ө.И. Қазақстандағы ұжымдастыру науқаны: аштық боскындары. //http://taisoigan.kz/tarikhlketanu/article_post/k%CB%8Cazak%CB%8Cstandagy-%D2%B1zhymdastyru. (Қаралды: 9. 11. 2022 ж.).
4. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы. - Алматы Санат, 1997. – 320 б.
5. Омарбеков Т. Ашаршылықтың себебі мен салдары. Хронология // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/asharshyilyiktyin-sebeb-men-saldaryi-hronologiya-345535/ 31 май 2018 жыл.
6. ҚР Маңғыстау мемлекеттік орталық архиві (ҚР ММОА). 276 - қор, 2 -тіркеу, 1 - іс.
7. ҚР ММОА. 17- қор., 1- т. 115 - іс.
8. ҚР ММОА. 17 - қор., 2- т. 11 - іс.
9. Камерон Сара. Аштық жайлаған дала: ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. – Алматы: 2020. –305 б
10. Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана. – Алматы, 2004. – 408 с.
11. ҚР Ақтөбе мемлекеттік орталық архиві. ҚР АОМА 13-қор, 2-т. 42-іс.
12. Атырау мемлекеттік орталық архиві. ҚР АтМОА, 31- қор, 1- т. 79-іс.
13. Мясной фронт. // Степная правда. – Актюбе. – 16 январь 1931 год.
14. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА), 63 - қор,1 - тізбе, 23 - іс.

15. ҚР АОМА, 13 - қор,1 - тізбе, 83 - іс.
16. ҚР АОМА, 13 - қор, 341 - тізбе, 83 - іс.
17. ҚР МОМА, 48 - қор, 90 - тізбе, 23 - іс.
18. Козина В.В. Демографическая история Казахстана: Учеб. пос. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. – 145 с.
19. Айтуған Жайсаңбайұлы. Зобаланның қос құрбаны. // Маңғыстау. – 31мамыр, 1997 жыл.
20. Исенов Ө.И. XX ғ. 20-30 жж. Ауа көшкен босқындар жайынан. // http://taisoigankz/tarikh-lketanu/article_post/hh-g-20-30-zhzh-aua-k%D3%%3A56 Жарияланған күні: 30.10.2021 20:56
21. ҚР АОМА. 13 - қор, 2 - тізбе,456 - іс.
22. Голод в СССР, 1929-1934. Лето 1933 - 1934. Т.3. / В.В. Кондрашин (отв. сост.) и др. – Москва: Междунар. фонд Демократия, 2011.– 955 с.
23. Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане. – Москва, 2017. – 382 с.
24. ҚР АОМА, 85 - қор, 3 - тізбе, 111 - іс.
25. Шайхиева У. А. Ашаршылық қасіреті // Молодой ученый. – 2014. – № 2.1. (61.1). – С. 20-22. – URL: https://moluch.ru/archive/61/9119/ (дата обращения: 08.11.2022).
26. Исенов Ө.И. Ашаршылық жылдарынан жеткен әңгіме //http:// taisoigan.kz/tarikhlketanu/article_post/asharshylyk%CB%8C-zhyldarynyn-zhetkenD0%A8%D0%90% -%C9%99% D2%A3gime# (Қаралды: 9.11.2022 ж.).
27. ҚР Қостанай облыстық мемлекеттік архиві (ҚР ҚОМА), Р-298 - қор, 5-тіркеу, 15-іс.
28. ҚР ҚОМА. Р-55-қор, 5-тізбе, 15-іс.
29. Әбсадық Алмасбек. Сен семізсің, сойып жеп қояды: аштық жылдарынан аман қалған әжейдің жан сыры // https://www.bugin.kz/27252-sen-semizsinh-soyyp-dgep-qoya%C2% (Қаралды: 20.11. 2022 ж.)
30. Әсіпов С. Ашаршылықтың себеп-салдары // Заң газеті. – № 4, 1995. – 21-27 қаңтар.
31. ҚР ҚОМА. Р-298 - қор, 1- тізбе, 3 - іс.
32. ҚР АОМА. 13-қор, 3 - тізбе, 64 - іс, 9-18 п.
33. Нәубет: Публицистикалық ой-толғаулар / Құраст. З. Қыстаубаев. – Алматы: Жалын, 1990. – 448 б.
34. Коллективизация: как это было. // Правда. – 16 сентябрь, 1989 г.
35. Қызылдар қырғыны. / Құраст.: З. Қыстаубаев, Б. Хабдина. – Алматы: Өнер, 1992 – 256 б.

2.2 Қазақстандағы шаруалар көтерілістері және мәжбүрлі көш

2.2.1 Қазақстандағы 1929-1932 жж. шаруалар көтерілістері және қазақтардың ауа көшуі - халық наразылығы

А.И. Құдайбергенова

Кеңестік биліктің XX ғ. 20-30 жылдардағы ірі байлардың, кулактардың, жартылай феодалдардың (орта шаруалар мен шаруалардың) мүлкін тәркілеу (кәмпескелеу), мәжбүрлеп ұжымдастыру, күштеп отырықшыландыру, күштеп астық дайындау және күштеп ет дайындау, «Үш масақ туралы» заңды іске асыру, т.б. саяси науқандары ғасырлар бойы терең өзгерістерге түсе қоймаған қазақ ұлтының дәстүрлі болмысына, күнделікті өмірінің ырғағына апатты қауіп төндіріп, халықтың толқуларын, қарсылығын туғызды, босқыншылықпен ұласқан ашаршылыққа душар етті.

Солардың ішінде 1929-1932 жж. шаруалар көтерілістері, көтерілістерді басып-жаншуға байланысты халықтың ауа көшуі мәселелері Кеңес дәуірінің Горбачевтың «жариялылық» кезеңінде айтыла бастағанымен, Қазақстан егемендік алғаннан кейін ғана ашық зерттеле бастады. Бірақ, шаруалар көтерілістері, ашаршылық, босқыншылық мәселелерінің шынайы тарихының әлі күнге дейін терең ашылмаған тұстары бар. Көтерілістерге қатысқан адамдар мен олардың ұрпақтарының көтерілістер туралы білгендері мен естігендері, көтерілісшілердің тағдырлары, т.б. оқиғаларға деген өзіндік көзқарастарымен, пікірлермен танысқан сайын бұл мәселенің толыққанды қарастырылмаған, терең ашылмаған өзекті мәселелер шоғырына кіретініне шәк келтірмейміз.

Қазақстанның өн бойында Кеңес билігінің саясатына қарсы халық қозғалыстары орын алып отырды. Мысалы, 1931 жылы Орталық Қазақстанда Қарқаралы округінің Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау аудандарында көтерілістер басталды [1, 26]. Сыр өңіріндегі Асандар көтерілісі, Ақмырза көтерілісі (700 сарбазы болды) және Қарақұм көтерілістері (жалпы барлығының саны 10 мың сарбаз) де тарихта белгілі [2, 1-3]. Қазақстан бойынша 1929-1932 жылдары кеңес билігіне қарсы барлығы 372 қарсылық қозғалыстар болды.

Кезінде бұл наразылықтардың себептерін Қазақ Өлкелік партия комитетінің хатшысы Рошаль өзінің 1931 жылы 18 наурызда И. Сталинге жазған жеделхатында анық көрсеткен еді: «...Бандиттік қозғалыстар күштеп ұжымдастыруға қарсы, дінді құдалауға қарсы, жер аударуға қарсы, тұқымдық қор жинауға қарсы, мүлікті тәркілеуді болдырмау үшін, ислам үшін, хан үкіметін ұйымдастыру үшін сияқты ұрандармен өтуде» [3: 17].

Ия, бұл айтылғандар ащы шындық. Алайда мұнда кеңеске қарсы көтерілгендердің билікке қойған талаптары түгел айтылмаған. Мысалы, 1930 жылғы Қарақұмдағы халық наразылығына қатысушылар «орташа шаруаларды тәркілеуді» тоқтатуды, «колхозға зорлап кіргізуді тоқтатуды», «оларды тек еріктілік негізде құруды», «қазақ даласында тапқа бөліп жіктеуді қоюды, бұл істі жүргізуге комсомолдарды жіберуді тоқтатуды», «барлық мәселені ауылдың жалпы жиналысында шешуді», «салықтарды мал-мүліктің санына қарай салуды», «егін екпейтіндерге астық салығын салмауды талап етті» [1, 82-п.]. Бұл талаптарды бүгінгі тәуелсіз, демократияға ұмтылған Қазақстанның көзқарасымен қарар болсақ, көтерілген халықтың бұл талаптары әділетті [3]. Алайда, кеңестік саясат

пен идеология тұрғысынан алғанда бұл көтерілістер бандиттердің козғалысы мен шабуылдары деп аталды.

1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері мен наразылықтарының жалпы көлемін БМСБ ОО-дің (ОГПУ ПП) төмендегі ресми мәліметтерінен көре аламыз [4: 2-п.]:

1 кесте 1929-1931 жылдардағы Қазақстандағы халық наразылықтары [3: 18].

Жылдар	Өкімет өкілдеріне және кенес, партия белсенділеріне карсы теракті лер	Бұқаралық бас көтерулер (банда бас көтерулерін және ауа көшулерді есептемегенде)	Колхоздар және совхоздар мүліктерін өртеу
1929	143	54	17
1930	139	241	42
1931	178	77	68
Қорытынды	460	372	127

Тарихшы Т. Омарбековтың ойынша, халықтың бұқаралық бас көтерулерінің саны 372 болуы аудандарды ғана емес, жекелеген ауылдарды жаппай қамтыған көтерілістерді де тіркеуге байланысты.

Қазақстан басшылығы Сталин мен Молотовка негізінен тек ірі көтерілістер туралы мәліметтер берумен болды. Мысалы, Голощекиннің Сталинге 1931 жылдың соңында жазған құпия хатында мынадай жолдар бар: «Тап күресінің өрістеуін ГПУ-дің төмендегідей анықтамасынан білуге болады: соңғы екі жылда ірі бандылардың 34 000-дай адам қатысқан 15 бас көтеруі орын алды. Осы екі жылда 1350 контрреволюциялық топтар жойылды және оған қатынасқан 7,5 мың кісі колға түсті...» [5, 108-п.]. Алайда бұл мәліметтерді өзара салыстырып, нақтылай түскенімізде көрсетілген екі жылдағы ірі көтерілістер сандары төмендегідей болып шықты [3: 19].

2 кесте 1929-1931 жж. Қазақстан аймағындағы халық көтерілістері туралы ОГПУ-дің БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетіне анықтамасы [3: 19].

Котерілістер саны	Көтеріліске қатысқандар сандары	ОГПУ соттағандар саны	Оның ішінде «үштік» шешімімен атылғандар
21 көтеріліс	40 000-нан астам	5551 адам	883 адам

2-кестеде сотталған және атылған көтерілісшілер сандары анық көрсетілген. Бұлар негізінен ҚК-нің 58-ші бабымен айыпталғандар болғандықтан негізінен ақталды. Алайда көтерілістерге қатысқан және ұрыс даласында құрбан болған кісілер әлі ақталған жоқ. Бұлар біздің есебіміз бойынша 1000-нан асып кетеді. Голощекин Сталинге 1930 жылы наурызда жазған хатында Созақ көтерілісінде 400 адамның, ал Өскемен және Зырьян көтерілістерінде 160 көтерілісшілер өлгенін атап көрсетеді. Мұндай қырғын басқа ірі көтерілістерде де болды. Олардың есімдері бізге әлі белгісіз. Себебі, ОГПУ оларды тізімге тіркемеген. Бұлардың сыртында есімдері белгісіз, жойылған банды топтарына қатысқан 1697 адам тағы бар [3].

Кәмпескеден қашқан байлар малын тәркілеуге қарсылық көрсетіп, бүкіл ауылымен мекендеген жерлерінен көрші аймақтарға көшті [6: 34]. Халық наразылығымен, көтерілістермен ұштасқан мәжбүрлі көштің келесі түрі - осы көтерілістерді басу кезінде жазалаудан қашқандардың көші жаппай сипат алды. Бүкіл Қазақстанды қамтыған бұл қарсылықтарды ғалым К. Нүрпейіс «ұлт-азаттық қозғалыс» деп те бағалады. Осындай тұжырымдарды жан-жақты анықтауға өз үлесімізді қоссақ деген ой бар.

Архив қойнауларында сақталған құжаттарда (ашық-құпия түрлерін қоса алғанда) шаруалар көтерілістерін ұйымдастырғандарды, көтерілісқе қатысқандарды Кеңес өкіметіне ашық қарсы шыққан бандалық құрылымдар, биліктің шешімдеріне арнайы қарсылық көрсетуді мақсат етіп, күреске шыққан бандиттер ретінде көрсетеді [2, 4-8]. Соған орай, шаруалар көтерілісін басып-жаншу қажетті әскери шара болды ретінде түсіндіреді. Ал көтеріліс жайлы халық жадында сақталған мағлұматтар мен архивтерде кездесетін құжаттарға талдау жасасақ, онда күн-көріс көзінен айрыла бастаған қарапайым халықтың жан-айқайынан туындаған шарасыздықтан соң туындаған қарсылықтары үшін шаруалардың «бандиттер» деген топқа енгізіліп, жазаланғандарын байқаймыз. Тәуелсіздік жылдарында жарияланған отандық зерттеушілердің еңбектерінде де күштеп ұжымдастыруға қарсы көтерілістердің «бандалық құрылымдар» мен «бандиттердің» бас көтерулері емес, халықтың аштыққа қарсы қарсылығы, әділетсіздікке қарсы көтерілуі екені айтыла бастады.

Сонымен бірге, кеңестік ғылым мен білім саласындағы ұрпақтар миына құйылған тарихи мәліметтердің қазақ қоғамының өмірін толық ашпайтыны, ұлттық тарихтың қордаланған мәселелерінің бар екендігі тарихшылар мен мемлекеттік қайраткерлердің назарында болды.

Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы болып 1996-2002 жылдары жұмыс жасаған Әбіш Кекілбаевтың бастама-қолдауымен 1998 жылы халық арасындағы этно-мәдени мұраларды, тарихи оқиғалардың халық арасында сақталған, өміршең, ауызша нұсқасын жинақтау (ауызша тарих әдісі) мақсатында Қазақстанның барлық облыстарына арнайы зерттеу экспедициялары жіберілді. Мақсат – қазақ жеріндегі тарихи оқиғалардың куәларының көзі тірілері сақталып тұрған кезде, оқиғаларлың барысы, халықтың сол оқиғаларға қатысы, көзқарасы қандай болғандығын, оқиғалардың шынайы тарихын анықтау, сонымен бірге халықтың қолында сақталған ұлттық жазба және заттай деректерден не бар екенін барлап, жинақтап, ұлттық тарихтың жазылуына жағдай жасау болып табылды. Себебі, халық арасында, халық жадында жатталып, аңыз-әңгіме, естелік-мәлімет түрінде сақталынған, ауызша тарих деректері ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беріліп келе жатқан материалдардың бар екендігі белгілі еді.

Экспедицияға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты басшылық жасап, оған тарихшылар, тілшілер, әдебиетшілер, этнографтар тартылды. Осы экспедиция кезінде Қызылорда облысына жіберілген топты басқарған, осы тараушаның авторы жиырма жылдай бұрын Қызылорда округында орын алған көтерілістерге қатысқан адаммен кездесіп, сұхбаттар алып, халықтың жылдар бойы ашық айта алмаған пікірлерімен танысты.

Сондықтан бұл тарауша мәтіні архив құжаттарымен бірге көтеріліс болған аймақтардағы тұрғындардың көзі тірілері мен ұрпақтарының естеліктерін салыстыра отырып жазылды.

Шаруалардың көтерілуіне себеп болған жайттың бірі – көшіп кеткен байларға салынған салықтардың мөлшерін сол ауылдың қалған адамдарына бөліп,

қайта салу арқылы орындатпақ болуы. Мына құжат осы сөздерді растайды: Қызылорда округіндағы «29-30-шы ауыл ішіндегі бай құлақтардың басқа ауданға хәм Өзбекстанға көшіп кеткені бар, бұларға берілген жоспардың қалай орындалуы жөнінде жоспар берілген қай қайсысы хәм қаншасы көшіп кеткенін, хәм олардың тізімін толық алуға келген уәкілдерге тапсырылсын. Жоспар берілген байлардың басқа ауданға қашып, көшіп кеткеніне тиісті шара қолдану аудандық партком мен аудандық аткомге тез жіберілсін. Халық мойнындағы қаржы борышы ауыл салық ақшалары 100% толық жиналатын болсын. Бес жылдық жоспарды төрт жылда орындау, оның қарызын халыққа үгіт арқылы 100% толық таратылсын...»[1] [9: 5]. Бір тана құжат ет пен астық жинау науқанының асыра сілтеушілікпен өткізілгеніне куә. Ол ол ма, Голощекин көрші республикаларға қашып кеткен байларға тиесілі салық молшерін көшіп барған жерінен де өндіріп алу шараларын жүргізген [10: 75].

Кәмпескеге қарсылық ретінде басталған ауылымен көшу үдерісі өкіметке қарсы күрестің бір түрі болды. Бұл үдеріс шаруалар көтерілісін басып-жаншып, көтеріліске қатысқандарды бандылар ретінде жазалаудан қашумен ұласты. Ал, Маңғыстау жерінде 1928 ж. басталған, ал Қазақстан бойынша 1929-1933 жж. толық қамтыған ашаршылық кезінде қазақтардың ауа көшуі, аш адамдардың жаппай босуына әкелді. Босқындардың бір бөлігі кәмпескеден және шарауалар көтерілісіне қатысып, жазаға тартылудан қашқандар болса, негізгі бөлігі аштықтан қашып, жан сауғалағандар болып табылды. Яғни босқыншылық – кеңестік биліктің жазалау саясатының нәтижесі. Оның көлемі мен себептерін Қазақ өлкелік БК(б)П комитеті орталыққа жаппай көшудің орын алғанын хабарлаған 1931 ж. құжат арқылы көрсетейік:

«Жаппай көшу.

Бандалық топтардың жаппай қарсылық көрсетуімен бірге байлардың контрреволюциялық тағы бір белсенділігі - шетелге, Қытайға, Қазақстанмен көршілес аймақтарға кедейлер мен орташаларды жаппай ауа көшуге (откочевка) тартуы орын алды. Ауа көшудің себептерін жүргізіп жатқан экономикалық-саяси кампаниялардан, әсіресе, ет-мал дайындаудағы кемшіліктер мен бұрмалаушылықтардан іздеуіміз керек.

1931 жылы Тайпақ (бұрынғы Орал округынан), Маңғыстау, Жылқосы (бұрынғы Гурьев округы), Табын (бұрынғы Ақтөбе округі), Көкпекті, Абыралы, Аягөз, Жарма, Күршім, Шұбартау, Тарбағатай (б. Семей округі), Ақсу, Октябрь, Кеген (б. Алматы округі), Қызылқұм (б. Сырдария округі) округтерінде жаппай ауа көшу орын алды.

Толық емес деректер бойынша 1930 жылы Қазақстан бойынша 34577 қожалық қоныс аударды, оның ішінде байлардың 1014 шаруашылығы, орташалардан - 1817 қожалық, кедейлердің - 21767 шаруашылығы, колхозшылардан - 54 және әлеуметтік топтары белгісіз - 29525 қожалық көшті. Қолда бар мәліметтер бойынша анықталмағандардың басым көпшілігі кедей және орта шаруалар тобына жатады» деп жазды [11: 5].

Бір-бірімен жалғасып, шиеленісіп, халықты «Ақтабан шұбырындыдан кейін» шұбыртқан 1920-1930 жж. әлеуметтік-саяси катаклизмдер қазақ халқының саны мен сапасын ойсыратқаны белгілі.

1929-1930 жж. Қазақстандағы шаруалар көтерілістері дін адамдарының басшылығымен жүзеге асты. Кеңестік арнайы мәліметтерге сүйенсек, молдалардың мықты әскери күші болған, оларды сарбаздардан құралған ұлттық қазақ армиясы деп атаған. Шындығында, халық басына қиын жағдай туған кезде дәстүрлі кәсібімен айналысқан халық, негізінен мұсылмандар мешітке намаз оқу үшін жиналып,

[1] Құжатты арабшадан аударған – Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің қызметкері - Максат Бексеитов.

уағыз да тыңдайтын. Ишандар, молдалар, ахундар жиналған халыққа басшылық жасап, мешіттер көтерілістер орталығына айналды. Атап кетсек, Ырғыз және Арал аудандарында болған шарулар көтерілістеріне басшылық жасағандар: Мұхантай Саматов – хазрет, молда; Исатай Сатыбалдин – молда, үш мешіт салған; Жұмағазы – Бәйімбет молда, Қарақұмдағы діни басшы; Ақмырза – ишан, молда [12: 38]. Ырғыз көтерілісшілері қолдарына «Алладан басқа Тәңірі жоқ, Мұхаммед оның елшісі (с.ғ.с) деген жазуы бар ақ түсті ту ұстап алды.

Көтерілістердің барлығы күшпен басып-жаншылып, оған қатысқандар қатаң жазаланды. Мысалы, Ақмырза ишан бастаған көтерілісшілерді жою операциясы кезінде 107 адам өлді, 150 адам жараланды Ақмырзаның өзі өлтірілді [12: 35] (намаз оқып отырған кезінде басын шауып алған).

1930 ж. Ырғыз ауданында ұжымдастырылғандар үлесін аудан бойынша 0% дан төрт күн ішінде 70%-ға көтерілген. Арал ауданы аудандық партия комитеті ұжымдастыру көрсеткішін көктемге қарай 65%-ға жеткізу, бір жылда егістік көлемін 200%-ға көтеруді міндет тұтқан директива қабылдаған [12: 40].

1998 ж. этно-мәдени мұраларды халық арасынан жинау экспедициясының жұмысы кезіндегі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Жаңақала ауылының тұрғындарымен кездесу барысында Ақмырза көтерілісіне қатысып, Ақмырза ишанның сарбазы болған Әлібайұлы Шамшат атамен кездесіп, сұхбат алдым.

Көтеріліс кезінде 18 жасар жігіт болған Шәмшат ата көтерілістің қалай басталғандығына қатысты пікірін айтты. Ол ойынша, көтерілістің басты себебі жергілікті халықтың үстін-үстін көтеріле берген салық түрлері мен оның мөлшерінің ақылға сыйымсыз көптігіне қатысты екендігіне қатысты. Сонымен бірге, өз ойларымен бөліскен Қармақшы ауданы, Жаңақала ауылының тұрғындары Әбіштай Өскенбаев және Әлібайұлы Шәмшат атаның келінінің көтерілістің себебі, барысы туралы пікірлері де оқиғаның кейбір тұстарын ашуға септігін тигізді.

Шаруалар көтерілісіне қатысқандардың барлығын бандиттер, бандалық құрылымдар деуге болмайтын еді. Мысалы, Ақмырза көтерілісіне қатысқан, әрі сарбазы болған, 1998 ж. көзі тірі кезінде мақала авторына сұхбат берген Шәмшәт Әлібайұлының естелігінен түсінгеніміз, Ақмырза ишан Кеңес өкіметіне қарсы күресем деп ойлаған жоқ. Әдеттегідей, халық мешітке намаз оқуға жиналатын. Бірақ, жағдайы қиындап, қолдарында ішерге асы, тірерге тұяғы қалмай бара жатқанына алаңдасқан ауылдастар мешітте кездескенде іштегілерін бір-біріне айтып, қайдан ақыл аларын білмей, әуре сарсаң болатын. Яғни, алғашқыда халық көтеріліс жасауды ойлап арнайы жиналмаған. Барар жерлері намаз оқитын мешіт болған соң ғана осында бастары қосылып, қиындықтарын айтып, қиналғандығы туралы хабарларымен бөліседі.

Шамшат Әлібайұлы атамыздың айтуы бойынша, халықта қару да, билікке қарсы күресу мақсаттары болған жоқ. Мешітке жағдайды түсінбегендіктен, үлкендермен ақылдасу үшін, бес мезгіл намазын оқу үшін және ақыл тыңдар адамы Ақмырза ишанның не айтарын білгісі келіп қана жиналатын. Бірақ, «халықтың мешітке жиналғанын жеткізгендер болды. Оны естіген «өкілдер» әскери күшті алып келген соң амал жоқ қорғануға тура келді» – деді Шамшат ата [13: 10].

Шәмшәт атаның сөзіне тағы кезек берейік: «Ақмырза - ауыл мешітінің молдасы еді. Балаларға арабша сабақ үйретіп, сауатын ашатын. Рулас ағайынбыз. Шежіре тарқатсақ, Әлібайдан Жәни, одан Білеке, Білекеден Кетебай, содан соң Жолай руы. Ақмырза ишанмен Кетебай атадан бөлінеміз. Ақмырза – Төс – Арғынбай – Таңат – Кетебай – Жолай. Өз әкем Николай патша кезінде болыс болған, халық ағасы болған.

Мешітке келген дүниені балаларға бөліп беріп, қарапайым халыққа көп көмектесетін. Ұжымдастыру кезеңімен тұстас келетін қиын шақта, әскер келе жатыр дегенді естігенде жиналған халыққа қарап отырып, жылап: «Мешітті

тастамаймын, осында қаламын. Ал, сендер (шәкірттері) кетіңдер, қандарыңды жуктемеймін, таранда» – дегенімен шәкірттері тарамайды. Салық пен малдың қырылуынан, әкіреңдеген «шаш ал десе, бас алатын» асыра сілтеушілердің тәртіптерінен қысым көрген халық мешітке келіп, не істерін білмей, жинала беретін». «Мешіт түбінде өлем. Дін үшін өлем. Қару-жарағым жоқ. Барлығың кетіңдер, таранда» – деп, жиналған жұрт колда бардың бәрін мешітке жинай берген соң, не боларын түсінбеген ауылдастарына осылай деп айтқан. Алайда, халық Ақмырза мешіті маңына жиналды. Құрамы – негізінен Кіші жүздің Кете руы мен Шомекей руларының қазақтары [13].

Екінші информатор Ә. Өскенбаев: «Қазір қайтыс болған Алмаш деген ағамыздың өз аузынан: «Мешітте біз мылтық істедік», – дегенді естідім», – дейді Ал, Шәмшат атаның келінінің айтуы бойынша, атасы халық жиналған алғашқы кездегі карудың болмағандығын қашан да айтып отырған [13].

Басқа да көтерілістердің басталуы кезіндегі мәліметтерге келсек, халықтың жиналуларын ОГПУдің арнайы ақпараттарында көтерілістер деп, мәліметтерді ерекше қорқынышты етіп, асыра көрсетіп отырған. Мысалы, «Ырғыз көтерілісіне қатысқандар саны 3000 адам, олар Ырғызды басып алуда, қаланы қоршап алды» деген сөз дақпырт, жалған болып шығады. Жалпы 1300 адам қатыскан деп кейіннен нақтыланған Ырғыздағы көтеріліске қатысты айтсақ, «Көтерілісшілер қатарында жер аударылған орыс кулактары, Қытайдан келген қазақ офицерлері бар» деген арнайы сводка-мәліметтер де жалған болып шықты, бір де бір европалық болмаған. Алайда «банда» деп басып-жаншылған Ырғыз көтерілісіне қарсы әскери операция нәтижесінде 300 сарбаз каза табады [12, 9; 47]. Көтерілісшілердің көпшілігі беріледі, бірқатар бөлігі көршілес аумақтарға, Қарақұмға қарай қашып, тығылады.

Немесе, Байқұлов Тұңғышбек ағамыздың сұкбаттар негізінде жинаған естеліктер шоғырында келтірілген, нәубет жылдардың куәгері, еңбек ардагері Темешәлі Барболұлының естелігіне кезек берейік: «1929 жылы Сарысу ауданындағы 50 орындық интернаттың директоры болып қызметке орналастым. Аудан халқы жазда Арқаны жайлайды да, қыста Шуға көшеді. Созақ ауданында көтеріліс шыққанын естігенбіз. Сапалай қасында біреуі бар біздің елге келіп «Созақ көтеріліп, Кеңес үкіметін құлатты, біз де көтерілуіміз керек» деп елді дүрліктірді. Әнші, ақын болғанымен Сапалай Исатаев екі жүзді, тұрақсыз адам еді. Бәйсейіттің соңына түсіп көрсеткен Әбеу Төлеубаев, Жақсылық Аяпов және Сапалай Исатаев болатын. Ал 1929 жылы Дінмұхамед Әділовтың жатқан жерін көрсетіп берген де Сапалай еді. Сойтіп Сапалайдың көтеріліс туралы хабарына халық сенді. Сарысу ауданының кеңсесін қиратып, потребсоюздың қоймасын талап, үйін өртеп жіберген, бастығын өлтірген. Райком секретары Думанов мені шұғыл түрде өзіне шақырды. Келдім. Басшылар Өксікбайдың үйінде жиналып отыр екен. Секретарь: «Жұмаділдаев пен Барболов екеуін тездетіп Үшаралға жетіп, Алматыға телеграмма беріңдер» деп бізді аттандырды.

Біз Үшаралға жеткенде Абдолла Асылбеков басқарған 750 атты әскер де келді. Отряднен бірге көтеріліс болды деген жерге жеттік. Сөйтсек, бұл дақпырт екен. Бузықтық жасағандарды ұстап, елді тыныштандырдық. Сапалай ұстатпай кетті. Содан кейін оның не болғанын ешкім білмейді. Сарысу ауданындағы көтерілістің жағдайы осындай болды [14: 11].

Бұл деректер шаруалар көтерілістері туралы ОГПУ-ға операкпарат жеткізушілер әдетте асыра сілтеушілікпен жалған мәліметтер беріп отырғандығын көрсетеді.

Қызылорда округынде орын алған Ақмырза көтерілісінің басталуы, барысы, аяқталуы тарихын халықтың ауызша тарихи мәліметтеріне сүйене отырып сараптасақ, онда көтеріліс ауыл халқының намаз оқу үшін мешітке жиналуынан, немесе жай жиынынан, біртіндеп стихиялы қозғалыска, содан соң қарулы қарсылыққа ұласқан. Арнайы кеңестік билікке қарсы ұйымдастырылмаған. Халық қарсылық көрсетуді мақсат тұтпаған. Қару кезеніп, әскери күш келе жатқан соң, қорғануға мәжбүр болып, қолына қару ұстаған. Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты кезіндегі қожалықтағы қиындықтан қалай шығарын білмеген мұсылман халықтың жиналар орталықтары – мешіт болған. Халық жергілікті Ақмырза ишанның мешітіне жиналады. Ақмырзаның «кетіңдер, өкіметке бой ұсыныңдар», – деген сөзіне құлақ салмай, ашынған халық мешітке жинала береді. Нақ осы халықтың жиналуы туралы хабар өкімет орындарына «бандалардың бас көтеруі» деп жеткізіледі. Нақ осындай қауесетпен ОГПУ органдарының Қазалы мен Қызылордадан 2 қызыл әскер отрядтары шығып, (Қызылордадан шыққан әскери топты Үбісұлтан Аяпов, Қазалыдан – Самалбек Ахметов басқарды) «бандаларды» қарудың күшімен жоюға кіріседі. Екі отряд Ақмырза тобын батысы мен шығысынан қоршап, жойып жібереді.

«Бандалардың» көзін жоюға жіберілген отряд Меңей деген жерде жасырынып, Ақмырза тобын аңдып, қоршап тұрады. Олар сол жерден өткен-кеткендерді операция аяқталғанға дейін жібермей, ұстап тұрады. Солардың арасында Хамза Жомартов деген алым-салық жинаушы, астындағы аты тәуір болғандықтан отряд астындағы атын алмақшы болған, бірақ, Хамза көлігін бергісі келмеген соң, өзін де жібермей, отрядпен бірге алып жүрген кездейсоқ қосылған жігіт болады. Қазалы отрядының басшысы С. Ахметов Ақмырзамен келіссөз жүргізуге сол Хамзаны жібереді. Хамза Ақмырзаға: «Қарулы отрядқа қарсылық жасама, орысқа қарсы шықпа, өзің де өлесің, халық та қырылады. Одан да өкіметке беріл» – дейді. Ақмырза өзінің ойының да осындай екендігін, бекер қантөгіс болмас үшін, қарсы шықпай берілетіндігін айтып: «Орыс үлкен күш, күшім жетпейді. Бірақ дінімді бермеймін. Соғыспаймын. Халқыма, тимесін. Ал, өзім өлсем өлейін», -деп келісімге келеді. Осы сөзді отрядқа айтпақшы болып, Хамза Меңейге жасырынған әскери топқа келіп, «Ақмырза соғыспайтын болды», – деп, келіссөз нәтижесімен таныстырып тұрғанда, Меңей маңында бұталарға жасырынып отырған, келіссөз барысынан хабарсыз Ақмырзаның мергендері оны атып тастайды. Хамза өлгеннен кейін отряд екі жақтан келіп, қол пулеметімен халықты ата бастайды. Содан қантөгіс басталып кетеді. Көтерілісшілерді қырып салады, ал аман қалғандары Қарақұмға барып тығылады. Көпшілігі Өзбекстанға, ары қарай Тәжікстанға қашты. Көтеріліске қатысқандардың туыстары қудалана бастайды». Сол кезден тәуелсіздік жылдарына дейін көтеріліске қатысқан «Жолай» руының ұрпақтары өздерінің Жолай руынан екенін жасырып, басқа рулардың атын жамылып келген» дейді «Ақмырза көтерілісіне» қатысқанда 18 жаста болған Әлібайұлы Шамшат ата [15: 12].

Сондай-ақ, Маңғыстау және Табын аудандарын қамтыған Адай көтерілісіне қатысқандар саны 3.000 адам, жалпы 15.000 адам осы көтеріліске тартылды деп есептелінеді опербаянаттарда [11: 5]. Бұл көтеріліс те мұсылмандық діни сеніммен астасып жүргізілді. Ру ақсақалдары Адай халқын, мұсылмандарды мал-ет дайындау және жүн өнімдерін дайындау науқандарының ауыртпалығынан, Кеңес өкіметінен құтылуға шақырды.

Бұл көтеріліс те басылды. 196 адам түрмеге түсті, жергілікті партия қызметкерлерінің 11 мүшесі көтерілісшілерге көмектескен деп тұтқындалды, 21 адам контрреволюционер ретінде атылды. Көтерілісшілердің бір тобы отбасылармен бірге қоршаудан қашып, Түрікменстан, Иран, Ауғанстанға қоныс аударды.

Сондай-ақ, кеңес дәуірінде жарияланған еңбектер саяси биліктің көзқарасына бейімделген архив құжаттарына сүйенгендіктен, халық қозғалыстарын сотқарлардың топтарының баскөтерулері түрінде көрсетті. Ал, сол архив құжаттарын зерделеген кезінде, олардың ішінен шынайы оқиға барысын байқауға болатындай мәліметтер де кездесіп қалады. Ал халықтың жадында сақталған пікірлерді сараптасақ, онда арасында батыры да, мергені де бар, момын шаруасы басым халықтың көтерілу мақсаты болмаған. Кеңестік биліктің алпауыт қарулы күшіне қарсы келуге қаймыққан халық ішкі ойын намаз кезінде жиналар жерінде, мешіт-медреседе бас қосып, ақтаратын еді. Осындай сәттер тыңшылар сөзінде «қарсылық топ жиналды, пікірлері билікке қарсы» дегендей сөздерді жеткізген соң, ОГПУ құжаттарында ресми түрде «бандиттер, сотқарлар мен басбұзарлар» деген атаумен беріліп, біртіндеп, жазалау шараларын жүргізбекші болғандығына байланысты қарсылық көрсетуге мәжбүр болған, арты қарулы қақтығыстарға ұласқан халық көтерілістерінің бірі болып табылады.

Сталин қайтыс болғаннан соң, «жылымық» кезеңінің соңғы жылдары орын алған оңалту үдерісі кезінде сол Ақмырза көтерілісіне қатысқан, жазалаудан қорқып, өз руларын жасырған халық рулары мен тегін ашық айта бастайды. Мысалы өздерін де ұрпақтарын да сақтау үшін Жолай руының өкілдері Кете руынанбыз деп жасырынған болса, «жылымық» шынайы тегін ашуға мүмкіндік бергендей болғандықтан, бірқатары «Жолай» руынан екенін айта бастаған. Тек, тәуелсіздік орнағаннан соң ғана Ақмырза көтерілісіне қатысқандар Жолай ұрпақтары екенін еркін айта бастады.

Қарақұмда болған көтеріліс туралы мәліметтерге сөз берсек: Еділ бойы округы Қызыл әскер революциялық комитетіне жіберілген Қазақстандағы айрықша топтың әскери қимылдарының 1930 ж. наурыз бен мамыр айларындағы қызметі туралы баяндамада: «23 наурызда Ақтөбе-Қостанайдың арасындағы бандалық топтар талқандалып, біртіндеп Орынбор-Орск маңына қарай қуылды. Осы кезде 25-30 наурызда Орта Азия әскери округына қарасты аудандарда, Қарақұм мен Қызылқұмның Арал бөлігінде Қарсақбай мыс қорыту комбинаты мен Ташкент темір жолына қауіп төндірген бандалар пайда болды» деп жазылған екен [15, 10-11].

Сусыз Қарақұмда елді мекеннен бірнеше жеркепелер мен Сырман қожа әулиенің мешіті ғана бар болатын. Құмдардың ортасында Қараүңгір деп аталатын шатқалда, картада Жыңғылды құдығы деп аталатын жердің қасында Шырын деп аталатын оазис бар. 1916 жылғы (құжатта 1919 ж. деп берілген – АИҚ) Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысты генерал Куропаткиннің отрядының басып жаншып, қудалауы кезінде қорғанып, қашып, 1916 ж. тамыздан 1917 ж. Ақпан революциясына дейін тығылған, паналаған жеріне Қарақұм көтерілісіне қатысқан халық 1930 жылы тағы да паналайды.

Қазіргі Жалағаш ауданындағы Қарақұм жерінде үш жүздің пірі болған Әзиз соны, Мүсірәлі әулиенің ұрпағы Сырман қожа жатыр. Сырман қожа осы өңір қазақтары табынған әулие кісі болған. Ал, халық аузынан жинаған мәліметтер бойынша 1930 жылы кеңестік идеологияға қарсы көтерілген қазақ шаруалары осы кісінің мешітін паналаған. Сырман қожаның мешіті көтерілістің орталығы болған. «Көтерілісшілер Қамбар төбесінде Жұмағазы ханның ақ туын тігіп, Аллаға сыйынып, көшпен шыққан», – дейді Ә. Әлмешов – Жалағаштық информатор. Қазіргі Қармақшы, Жалағаш, Тереңөзек (Сырдария) жерлерінен 20 мыңдай адам көтеріліп, Қарақұмға көшіп келеді. Оларға арғындар мен қыпшақтар да қосылады. Бұлар ұжымдастыру саясатының қысымын көрген шаруалар көтерілісшілерінің көпшілігі еді.

«Елемес деген жерде көтерілісшілер мен Қызыл әскер отрядтары арасында соғыс басталады. Қазақ шаруаларының қарсылығын басып-жаншуға ірі күш жұмсалады. Үкімет әскерлері де үлкен шығынға ұшырады. Олардың мылтықтарын тастай қашқан жағдайлары болды. Қазақ шаруаларының осал жау емес екенін білген әскер басылары келісім-шарт жасау үшін Алматыдан үкімет комиссиясын шақырды. Комиссия құрамында Әліби Жанкелдин, С. Сейфуллин т.б. болды. Келісім бойынша, көтерілісшілер қаруларын тапсырады. Мамыр айының басында көтеріліс басылады. Ал, келісім-шарттың айлакер саясаты арқасында шаруалардың арасындағы көтеріліс басшыларын ұстап, Қызылордаға апарып, атып жібереді. Олардың ішінде Жұмағазы хан, ағайынды Қосжандар т.б. болды. Мұны естіген қазақ шаруалары маусым айында қайта көтерілді. Көтеріліс басшысы Жұбанов Қожбан деген шаруаны хан етіп сайлайды. Көтеріліс желтоқсанның ортасында дейін созылды. Бірнеше қақтығыстар соңында, 8 желтоқсанда Қожбан хан жеңілді. Көтеріліс жеңілген соң, Қарақұмды көтерілісшілерден тазарту керек деген оймен Шумилов деген әскер басы көтерілісшілерді Сыр бойына куды. Қарақұмда батыл, тапқыр әрі ержүрек мергендер ғана қалды. Соның ішінде Әлментай, Дәнәй қожа т.б. кісілер ашаршылық кезінде Қарақұмға қашқан адамдарды асырап, аштан өлтірмей, біраз көмек көрсеткен» дейді құжаттар [13].

Жұмағазы ханның тобында Қызыл әскерлерге қарсы шайқасқан, бандаларды талқандағаннан соң, Қарақұмға барып тығылып, бандалық топ құрған деп жазаланған Әлментаев Ерназар, Ерназаров Бедер, Ешбаев Сыздық, Зубаиров Дүйсембай, Какатгаев Тулеген, Биртанов Піралі туралы құжаттарын, соның ішінде жауап алу парағындағы мәліметтерді талдасақ, олардың Өзбекстан жеріне ауып барып, ол жерде пана таппаған соң, қайта оралып, Қарақұм құмдарында аң аулаумен айналысқандарын, көтеріліске шығу ойларында болмағанын байқаймыз. Тергеу қағаздарындағы бірнеше рет жауап алу парақтарын алынған күндеріне сай саралағанда, оларға бандиттік іс-әрекетті күштеп таңғандығы да байқалады [16: 32-40]. Құжаттар бойынша Әлментаев Ерназар (60 жаста, Қармақшы ауданы, 21-ші ауыл тумасы) 1930 жылы Жұмағазы хан бастаған көтерісшілерге қосылған, Жұмағазы хан көтерілісі басылған соң Көкбай көтерілісіне қосылған, Көкбай көтерілісі талқандалған соң 1937 жылдың 14 февралына дейін Кеңес Үкіметіне қарсы «бандалық» ісін жалғастырған. Қарақұмда жасырын түрде Кеңестік қызметкерлерді торуылдап, шабуыл жасап отырған, 1933 жылы қызыл әскер әскерлердің жол сілтеушісі, жол бастаушылары – ағайынды Байпешов Тухталап пен Мұхтарды және Алигапарды отбасыларымен өлтіру туралы шешім шығарған топтың басшысы ретінде жазаға тартылған [16, 32-40].

Асандар көтерілісіне келсек, Қазалы ауданына қатысты аумақта көпшілігі Кіші жүздің Әлімінен тарайтын алты Кішкененің бірі Асан руынан тарайтын қазақтар мекендейді. «Асан көтерілісі» деп аталуы – өкімет шарасына қарсы наразылық білдіргендердің басым бөлігі Асан руынан еді. Арасында Арал ауданының адамдары да болған. Өткен жері – Сырдарияның сол жағалауында, осы күнгі «Әлсейіт» өткелінен оңтүстік шығысқа қарай екі шақырымдай шамадағы «Дүзубай ағашы» деп аталатын бақшалықтың тұсы.

8 тамызда «Алтын арық» деген жерде 300-дей шаруалардың қатысуымен жиналыс өткізілген. Астық дайындау жоспарының мән-жайын түсіндіріп, баяндаманы Каюпов жасаған. Жарыссөзде ауылдың (мән-жайын түсіндіріп, баяндаманы) бас көтерер адамдары Асанов Дәрмен, Қалдыбаев Ержан, Тілеулесов Алыбай, Бәсімов Елдос және Мәденов Бейсенәлі сөйлеген. Олар бірауыздан өкіметке өткізетін ондай астық бізде жоқ деп ауданнан белгіленген жоспарға қарсы

шыққан. Содан соң: «Сонымен қатар, мемлекет кедей-шаруалардың тұрмысына, хал-жағдайларына дұрыс көңіл аудармайды. Керісінше, ішіп отырған астығының соңғы дәніне дейін алғысы келеді. Біз осы уақытқа дейін мұның бәріне көніп келдік, енді ел жерде ел болып, халық болып әрі қарай тіршілік ететін болсақ, бірігіп Кеңес өкіметінен қорғануымыз керек» – деген. Жиналған жұрт бұл айтылған сөздерге түгелдей қосылып, өздерінің келісімін, ризашылығын білдіріп, отырған орындарында дауыс көтере бастаған. Бір тәртіппен өтіп жатқан жиналыстың ағымы бұзылып, соңы у-шуға айналған. «Шаруалардың кейбіреулері» бар пәле осылардан деп ауылдық Кеңестің төрағасы мен белсенділерге тиіскен. Оларға «сендер ауданға етістің жағдайы туралы дұрыс мәліметтер бермегенсіндер, сол себепті олар бізге іске асыра алмайтын жоспар беріп отыр» – деп айып таққан. У-шудың аяғы ұрып-соғуға дейін барған, көбісін тұтқындаған. Содан халық тұтқындағыларды босатып алған. Оларды босатып алған соң, Кеңес өкіметі бұл әрекеттерін кешірмейді деп есептеп, шаруа адамдары өздерінше қамданып, біртіндеп халыққа жағымсыз Кеңес өкіметінің шараларына жаппай наразылық білдіріп, көтеріліске шығуды дұрыс деп тапқан» - дейді информатор [13].

Көтеріліс туралы сол кезде жиырма жаста болған, көтерілісті көзімен көрген Сағидан ақсақалдың айтқанына келсек: «Тамыз айының соңында салыққа көнбеген №№ 21, 22, 23, 24 ауылдың адамдары бас қосып, астық салығына наразылық білдіру мақсатында өкіметке қарсы қол жинап жатыр екен, – деген хабар жетті. Міне бұл жерде де мешіт халық жиналар жері мешіт болды. «Әбжәми мешітінің жанында әр ауылдан жеті жүзден астам адам жиналды» – деген хабар келді, № 23 ауылдан да сайдың тасындай іріктелген алпысқа жуық жігіт келді. Арасында Ақып Өтеуұлы, Серік Әззатиұлы, Өмірбек Жасыбайұлы, Әлмағамбет Сарыбетұлы, Білдат Бәкіұлы болды. Солардың қатарында мен де бармын. Алғашқы күні жиналғандар даудамайсыз тарасты. Жиналған халық көтерілістің ұйымдастырушысы болып жүрген діни сауатты Орымбетов Иманмақсымды басшы етіп, Иімбетов Әбдіқалықты оның орынбасарлығына бірауыздан сайлады. Шаруалар ертеңіне уәделескен мезгілде қайта жиналды. Бір-бірінен естіп құлақтанды ма кім білсін, адам қарасы кешегіден бірнеше есе көбейіп кетті. Жиналған көпшіліктің қару-жарағының сиқы: қол шоқпар, кейбіреуінде садақ, найза. Алға кеткен тыңшылардың айтуы бойынша, мұздай қаруланған бір топ әскер Сырдария өзеніндегі «Әлсейіт» көпірінен өтіпті. «Дүзібай ағашына» қарай бағыт түзеген көрінеді. Бір сәт сол тұста аспанға көтерілген шаң көрінді. «Келе жатыр» деген күбір көздер естілді. Жиналған халық әскерге қарсы топырлай жөнелді. Алғашқыда аптаған халықтан сескенген әскер кейін шегінді. Сәлден соң көтерілісшілердің қаруы жоқ екенін сезген әскер кідіріп, пулеметтер, автоматтардан оқтар жаудыра бастады. Айнала шаң мен оқ түтінімен, біреуді біреу көрмейтін тұманға айналды. Кісінеген ат, ысқырған адам даусы естілді. Жер беті қанға бөкті. Талай боздақ ақ құшты. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі», деген сөз рас екен. Оқ тимей аман қалғанымма таң қаламын. Бір қуанатыным, ауылдастарымның ешқайсысы мені тілінің ұшына алған жоқ. Бәлкім жетім еді деп ояды ма. Әйтпесе өкіметтен үрейленген халықтың бірін-бірі ұстап берген кезі де болды. Сол уақыттағы қатал заңға сәйкес, талайлар қуғынға ұшырап, жазаланды, ажал тырнағына ілінді. Мен білетін Орымбетов Иман, Сырымбетов Әлмағанбет, Бәсімов Білдаш, Иімбетов Әбдіхалық, тағы басқа арыстан жүрек азаматтар осы көтерілістің құрбаны болып кетті» [13].

Дәстүрлі қазақ ауылы XX ғасырдың басында байлар мен шаруалар арасындағы шаруашылықты қатынас сақталған әлеуметтік құрылымымен дамыған еді. Байларды тәркілеу мен жер аудару, салық мөлшерінің үстін-үстіне өсуі, бай, кулактар, орташаларды қысымға алып, қудалауды бастауы және т.т. байлардың

қарсылығымен бірге ауылдық жүйе негізінде, байлар үгіттерінің нәтижесінде деуге де болады, билікке қарсы қозғалыстардың халықтық сипатымен ұштасты. Биліктің құжаттарында олар котрреволюционерлер, қылмыскерлер деген атпен тұтқындалып, жазаланды.

Сонымен, шарулар көтерілістеріне қатысқандардың негізгі бөлігі - алдында стихиялы түрде жиналып, жазалау шаралары күшейген соң, бас сауғалап, қорғану үшін қару ұстанып, соңында көтерілісшілер қатарына енген қарапайым халық болды.

Қазақстанның барлық аймақтарында көтерілістер орын алды. 1929-1931 жылдар арасында Алматы округінің Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекшіқазақ, Бүйен Ақсу, Сарқан, Жаркент және Бөрібаев аудандарындағы шаруалардың күштеп ұжымдастыру мен шаруашылық-саяси наукандарға наразылығы олардың жаппай босқыншылығымен астасып жатты. Профессор Қ.С. Алдажұманов өз зерттеуінде 1930 жылдың басы, жаппай шаруалар толқуы мен көтерілістері кезінен бастап Қазақстаннан тұрғылықты жерінен 281230 қожалық босып кетсе, соның 83 мыңы Солтүстік-батыс Қытай мен Ауғанстанға қашқанын көрсеткен. Сол кезендегі, кейінірек жаппай ашаршылық жағдайында босқыншылық қазақ ауылдарын ғана емес, орыс қоныс аудару деревняларын да қамтыды. Алматы округінен 51198 қожалық сыртқа босқын болып кеткен [10, 83,84 б.].

Шекаралық аудандардағы босқыншылықтың ірі байларды тәркілеу науқанынан кейінгі циклы 1929-1930 жж. астық дайындау науқанында орын алды. Босқыншылық мәселесіне назар аударған ОГПУ ҚАКСР-дағы тұрақты өкілдігі басшысы Н.Л. Волленберг 1929 жылдың 15 желтоқсанында Қазақстан Өлкекомы мен ХКК-не жолдаған «К» сериялы құпия хатында «шекаралық аудандардағы астық дайындау науқаны тұрғындардың бай-кулак бөлігі тарапынан науқанның өзіне және Кеңес өкіметінің осы науқанмен байланысты басқа шараларына қарсы өршеленген кеңеске қарсы үгіт-насихатты туғызып отырғаны» көрсетілген. Шаруалардың арасында әрбірінің астығы, мал-мүлкі тәркіленетіні туралы кеуесат таратылған. Осыған байланысты Қытайға астыртын көшу жиілеп кеткен. 1929 жылдың тамыз-қазан аралығында Жаркент, Бақты, Зайсан шекара участкелері арқылы 82 көш өткен деп жазады зерттеуші Е. Стамшалов өзінің мақаласында [17].

1929-1932 жж. шаруалар көтерілістері жеңіліске ұшырап, қатысқандар тұтқындалды, сотталды. Көпшілігі қашып, Қазақстаннан тыс жерлерге асты. Мысалы, Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ) өкілетті өкілдігінің 1931 ж. 1 ақпандағы оперативті қорытынды мәліметі бойынша, Гурьев округындағы Жанходжин «бандалық» топтың мүшелері Астрахань округына қашып, біртіндеп сіңіп кетті. ОГПУ-дың Астрахань және Гурьев оперативтік секторларының шаралары негізінде 16 қашып барған «бандит» ұсталды. Көтеріліс басшылары Жанхожин де Астрахань жерінен тұтқындалады [18: 178]. Сондай-ақ, ОГПУ-дың Ақтөбе оперсекторының 1930 ж. 1 желтоқсанындағы мәліметі бойынша, Қожахметов Құдыскерей бандалық тобының мүшелері Қарақалпақстан облысының Қоңырат ауданына қашып барған [18: 182-183 пп.]. Қоңырат ауданының орталығы Ақтоғайдан 80 шақырымдай жерде орналасқан Көндекті тауына тығылған көтерілісшілердің қалдығын артынан қуып барған қызыл әскерлер талқандап, тұтқындайды [18: 166 п.]. Семей округынында Қытай жағында тұратын Ахметжанов Мақан байдың ұйымдастыруымен қазақтарды жаппай көшіру жүзеге асырылды т.т. оқиғалар орын алады.

Мұздай қаруланған әскери күштердің тегеурініне төтеп бере алмаған әбден әлсіреген, қалжыраған көтерілісшілер жеңіледі. Көтерілістердің жеңілуінің басты себебі – дұрыс ұйымдаспағандығы, стихиялылығы, көтерілісшілердің нашар қарулануы, сонымен бір мезгілде орын алған ашаршылыққа тікелей қатысты.

Байлардың айналасына жинала отырып шаруашылығын жүргізген қазақ ауылдарының арқа сүйер, экономикалық жағынан күшті тобын – байларды кәмпескелеу, жер аудару, қуғындау шаралары қазақ ауылын экономикалық күш-қуатынан айырды. Бұдан кейінгі халық қарсылығы Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аударулармен: ауа көшу, шетке қашумен жалғасты. Бұл өз кезегінде ашаршылықтың, босқыншылықтың жаппай өрістеуіне әкелді.

Қазақстан Қаржы ХК-нің Қазақ өлкелік партия комитетіне жолдаған 1931 ж. 9 тамыздағы мәліметінде Қазақстанның 27 ауданынан ғана (47 аудан мәліметтері жоқ) халық негізінен Орта Азия республикалары мен Қытайға босты. Мысалы, 1930 ж. мен 1931 ж. 5 тамызы аралығында Өзбекстанға 3436 қожалық 187909 малды айдап кеткен болса, Түрікменстанға, сәйкесінше, 7371 қожалық 319 725 бас мал, Тәжікстанға – 1767 қожалық 88 350 бас мал; Қырғызстанға – 1031 қожалық 33 595 мал, Қытайға – 563 қожалық 2276 мал, ал Қарақалпақстанға – 2355 қожалық 11 262 малдарымен өткен (16: 136).

Қарақалпақстанға, сосын ол жерде тұрақтамай ары қарай кеткен қожалықтар Қазақстанның Қарақалпақ жеріне жақындау орналасқан Қазалы, Арал, Шалқар, Темір, Табын, Ақтөбе және т.б. аудандарынан ауа көшкендер (19, 137]. Олардың негізгі бөлігі Қарақалпақстанға, Қарақалпақстан арқылы Өзбекстанға, Тәжікстанға кетті. 1930 ж. КСРО үкіметі Тәжікстанның Вахш аңғарын игеру туралы шешім қабылдап, Тәжікстанның солтүстік аудандары (Каннибадам, Ашт, Ходжент, Ұра төбе) мен Өзбекстанның әртүрлі аудандарынан мақта шаруашылығын дамыту үшін Вахш аңғарына адамдарды апарып, игермекші болды. Босқын қазақтардың бір бөлігі де осы аталған аудандардан ары көшіп, Вахш ауданына келді. 1935 жылға қарай Тәжікстанның оңтүстігіне көшіп барған қожалықтар саны 10885 болса, оның 8448-і сол жақта тұрақтап қалды. Іштерінде қазақ босқындары 2325-тей қожалық (шамамен 12 мың адам) ары қарай Ауғанстанға өтіп кетеді [20: 438]. Осы кезде Ауғанстанда Ибрагимбек шайкасы деп аталған топтың адамдары большевиктік жүйеге қарсы күресті. Кеңес өкіметінің жазасынан қашқан «басмашылар» деп аталған соңғы топтар мен тәркілеуден қашқан байлар мен кулактар Ауған елі аумағына өтіп, Ибрагимбек шайкасына кірді немесе Тәжікстан КП ОК секретары Ашуровтың сөзімен айтқанда «жұмысқа тартылған қызметкерлерді жалдау кезінде қоныс аударушылар дұрыс тексерілмегендіктен, алыпсатарлар мен жалдамалылардың еніп кетуі себебінен» алдауға түсті. Олар Вахш аңғарына күштеп апарылған қоныс аударушылардың күз айында, Амудария өзенінің суы қайтып, түн ұзарған кезде Ауғанстанға қашуын ұйымдастырады. Араларында орыстар, қазақтар, өзбектер т.б. ұлт өкілдері бар босқындардың бір тобы Ауғанстанға қашады. Айта кету керек, кейінгі жылдары бұл топтар қайтадан Кеңес еліне қайтқанда, артынан ауғандардың оғының астында қалады, ортасында суға батып өлгендері бар, алдынан жау көзқараспен қабылдаған кеңес әскерінің қолына түседі [20: 442].

Қазақ босқындарының көші 1928-1935 жж. сыртқа бағытталса, қайта оралуы 1937 жылдарға дейін жалғасты. Орта Азия республикаларына босып кеткендердің қайта оралуы олардың кеткен кездегі маршруттары арқылы жүзеге асып жатты.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі патриархалды өмір салтымен шаруашылығын жүргізетін, отбасылық салт-дәстүр, құқықтық қарым-қатынас, әлеуметтік-саяси құрылымын сақтап келген қазақ халқына жаппай ұжымдастыру, кулактар мен байларды жою, салғыртпан кейінгі салық салу түріндегі күштеу, міндеттеу және мәжбүрлеу жолымен жүргізілген реформалар түсініксіз болды және өмір сүру дәстүріне қайшы келді.

Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық өмірі ислам дінінің қағидаттарымен біріге дамитын. Кеңес өкіметінің тәртібін орнатудың алқашқы жылдарында бұл

үдеріс жалғасып, мызғымас күйде сақталып отырған еді. Кеңестік тәртіпті орнықтыру шаралары ислам дінінің рухани ошақтарын, мешіттерді, медреселерді жоюмен, діни біліммен сусындандыратын молдалар, ишандар, ахундар мен сопыларды және т.б. қуғындаумен қатар жүрді.

ХХ ғ. 20-30 жж. кәмпеске, жер аудару, халық жауы ретінде қуғындау, кәмпескеленбегендеріне салық мөлшерін ұлғайта беру, халық көтерілістері, жойқын ашаршылық нәтижесінде бір-біріне жалғасқан саяси, әлеуметтік, экономикалық, демографиялық катаклизмдер орын алды. Ашаршылық пен босқыншылық қазақ елін Шыңғыс хан жаулауы мен Жоңғар шапқыншылығы кезеңінен кейінгі ірі демографиялық апатқа әкелді.

Айта кету керек, 2021 жылдан бері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандарды ақтау тапсырмасына қатысты ғалымдар ізденіс шараларын жүргізуде. Республикалық, өңірлік, қалалық мемлекеттік комиссия жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін есімдерін, тарихын анықтау жұмыстарын жүргізуде. Солардың ішінде ауа көшкен босқындар тобы бар. Сол босқындардың ішінде арнайы саяси әрекетіне қатысты ресми жазаланғандары, сотталғандары, шет елдерге қашқандары бар. Босқындардың осы тобы арнайы шешім негізінде жазаланғандықтан, олар ақтау үдерісіне кіреді. Ал, ашаршылық жылдарында ауа көшкен босқындар қуғын-сүргінге ұшыраған тобы ретінде есептелінгенімен, жекелеген адамдарға ауа көшкені үшін арнайы жазалау, сот шешімі болмағандықтан, оңалту – ақтау үдерісіне есімдері кіргізілмейді. Алайда, тарихи әділдік үшін, зобалаң жылдар құрбандары ретінде атын атап, түсін түстеп, ата-баба дәстүрімен құран бағыштап, құрмет көрсету сауапты іс болар еді. Мысалы, Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің қорларынан сол кездегі Қызылорда округының ауыл-ауылдары бойынша ауа көшкендер (откочевники деп берілген – АИҚ) тізімі кездесті [21]. Алайда бүкіл Қазақстан бойынша босқындарды түгендеу үшін әлі де ізденіс қажеттігі көрінді. Яғни, босқындарды толық анықтау үшін жұмыс жалғасын табуы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Козыбаев М., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. – Алматы, 1999. – 28 с.

2 ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы архиві (ҚР ҰҚК АА). 9 қ. 1 т. 1 іс.

3 Омарбеков Т.О. Кеңестік биліктің зомбылығына қарсы халықтың қарсылығы: жаңа деректер куәлігі (1929-1932 жж.) // «Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. ХХ века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Байдалы Р. - Алматы: Литер М, 2021. – 210 б.

4 Қазақстан Республикасы Президентінің архивы (ҚРПА), 141 қ., 1 т., 5192 іс.

5 ҚР ҰҚК АА. 9 қ. 1 т. 478 іс.

6 Қызылорда облысының мемлекеттік архиві (ҚОМА). 2 қ. 2 т. 11 іс.

7 ҚРПА. 719 қ. 5 т. 168 іс.

8 ҚР ҰҚК АА. 9 қ. 1 т. 478 іс.

9 ҚР ПА. 33 қ. 1 т. 21 іс.

10 ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 12 іс.

11 ҚР ПА. 14 қ. 17 т. 465 іс.

12 ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 2953 іс.
13 Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы шаруалар көтерілістері ел ауызында (1928-1932 жж.) // https://iie.kz/?p=2501 (қаралды: 19.04. 2022)
14 Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық. Көп томдық жинақ: – 3 т. Құрастырушы: Т. Байқұлов. – Алматы: «Базарбаева» ЖК, 2022. – 672 б. (131).
15 ҚР ҰҚК АА. 9 қ. 1 т. 471 іс.
16 Қызылорда облыстық Ішкі істер департаментінің арнайы архиві (ҚОІДАА). 12 қ. 24 іс.
17 Стамшалов Е. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі қарулы босқыншылық көріністері // «Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелер»: халықар. ғылыми-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. А.И, Ө.И. Исенов. – Алматы, 2022 ж. – 305 б.
18 ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 5049 іс.
19 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.
20 Абдуллаев К.Н. От Синьцзяна до Хорасана. Из истории среднеазиатской эмиграции XX века. – Душанбе: Ирфон, 2009. – 588 с.
21 ҚОМА. 33 қ. 1 т. 176 іс.

2.2.2 «Ауа көшу», босқыншылық немесе 1930 жылдары көтерілісшілердің шекарадан өтуі

А.С. Мұсағалиева

Кеңес өкіметі шекарадан өткен барлық боскындарды (ауа көшушілерді) «бандалық құрылымдар» деп атады. ОГПУ анықтауы бойынша оларға келесі топтар кірді: ашық қарулы бас көтерушілер; қарулы құрылымдарды ұйымдастыруға жалғасқан, алыс аудандарға тұрғындардың ауа көшулері, төменгі кеңестік партия қызметкерлерін, белсенділерді ұрып-соғу, мемлекеттік тапсырмаларды орындамау және оларды бұзушылар; қарулы топтардың қолдауымен Батыс Қытай территориясының шекаралық аудандарына өткен боскындар (ауа көшушілер).

«Бандалық баскөтерулер» немесе шекаралық территориядағы «ауа көшушілерді» жолбастаушы топтар көпұлтты болып табылды. Шыңғыстау комендатурасының жекелеген участкелерінде топтар құрылды: Бучинский-Лебедов, бұрынғы офицерлердің көмекшілері: Пучков, Лебедев, Назаров, Рожков, Полковников. Сонымен қатар, шекаралық аймақтарда жергілікті ұйғырлар, тараншы, қалмақтардың қазақтармен біріккен топтары құрылды. Мәселен, Амраев Авахри, Жаркент ауданының тұрғыны, ұлты ұйғыр, орташа, Қытайда Қорғастан 8 шақырым жердегі Мазар селосында тұрды. Қытайға ұйғыр ауа көшулерін ұйымдастырған және оны Амраев арқылы ұйымдастырды, басқарған ірі көпес Әжи Ақсақалов, Жаркенттің бұрынғы тұрғыны, 1918 жылы Қытайға өткен [1], немесе Талас Омарбековтің берген тізімін көрсетелік, бірақ тарихшы көптеген архив құжаттарынан анықталған бұл тізім әрине, зерттеушілер тарапынан алда толықтырылуы тиіс деп ескертті: «Шекара аймағындағы «бандылар»: Тойкин Ақшайық, Мақажанов Мамырбек, Ықыласов Қасыл (Семей окр.), Мәметаев Өсботай, Ақтамбердинов Дулат (Зайсан ауд), Ахметжанов Мұхан, Алханов Омар, Шалов Тұрқатай, Бекжанов Райымхан, Райымханов Көкебай, Сибенов Сами, Самиев

Акман, Айтахметов Әшімхан, Қонысбаев Хасен (Зайсан ауд.), Арыкшанов Еске (ст. 208 УПК), Арыкшанова Капыш (ст. 166 УК), Елшібаев Нұрпейіс, Тілеубаева Асылқа (Зайсан ауд.), Шұмқұнов Оразбек, Жақиянов Оқас, Абылқас, Қосаев Шоқай, Ибраев Жұмағұл, Ташпанов Б., Садыков Ниязбек, Әкешов Сүлеймен, Дұлиев Сәду, Қоянбаев, Қоғамбаев Жақыпбек, Нөкеров Түймебай, Тәшенов Сүлеймен, Көшекбаев Байқоныс (Тарбағатай ауд.), Жолдыбаев Исламғали, Жолдыбаев Қажыкерей (Зайсан ауд.), Ақболатов Мұхамеджан, Дәулетбаев Жапар, Жақсылықов Нұрмұқаш, Исабеков Қоқай (Жарма ауд.), Ережепов Әбдікәрім, Темірғалиев Халық, Тұрбаев Ислам, Нұрлыбаев Амансары, Жұмабаев Рахым (Күршім ауд.)» [2]. Осындай көп топтар болды, олар Қытайға өткен қазақтарды бастап алып өтті.

Олардың ұрандары: «мал дайындауға және ұжымдастыруға қарсымыз»; «қазақ халқы тоналды және жойылып кетуге бағыт алды»; «қазақ халқы малсыз өмір сүре алмайды, Кеңес өкіметіне қарсы емес бола тұрып, көтеріліс жасауға мәжбүр болды»; «аштықтан гөрі оқ астында өлген жақсы»; «қазақтар, мұсылмандар егер Мұхаммед туы астында өлу қажет болса, бірігуі керек; «Қытайда әлдеқайда жақсы, олар малды тартып алмайды, көптеген арзан тауарлар үшін – Қытайға кету керек» болып табылды [1].

Қазақстандық тарихнамада «бандқұрылым», көтерілісшілердің «ауа көшуге» кетуі немесе шекарадағы көтерілісшілердің қарсылығы сияқты маңызды тарихи құбылыстар толық зерттелмеген болатын. Белгілі тарихшы Талас Омарбековтің еңбектерінде ғана айтылады: «... «бандаларға» Қытайға кетіп және сонда жауынгер жасақтар ұйымдастырып, оқтын-оқтын шекараны бұзып өтіп, осындағы аш халықты және колхоз-совхоздар малдарын өздерімен арғы бетке алып кетіп отырғандар да жатады. Соңғылардың аты-жөндері шекаралық ОГПУ құжаттарынан белгілі» [2, 15].

Бірақ, шетелдік тарихшылар өз еңбектерінде бұл үдерістерді зерттеді. Неміс тарихшысы Р. Киндлердің еңбегінде [3] зерттелетін тарихи кезеңнің құбылыстары дәл көрсетілген: «бандитизм» немесе Қытай шекарасындағы қазақтардың босқыншылығы, олардың қатты қарсылығы және шекарашылармен күресі». Ресей тарихшыларының арасында белгілі тарихшы Ф. Синицын бұл мәселені жан-жақты және терең сипаттайды. Ол өзінің «Советское государство и кочевники» кітабында [4] бұл тақырыпты жан-жақсы және терең ашып береді. Ол аталған құбылысқа дәл сипаттама береді: босқыншылық немесе «ауа көшу», бұл қазақтардың белсенді қарсыласуының тағы бір түрі деп атайды.

1931 жылы қазанда «Қазақстаннан Қытайға эмиграция туралы» ОГПУ құпия-саяси бөлімінің арнайы анықтамасында: «шекара маңындағы мал дайындау жоспарлары кейбір жағдайларда өте ауыр болды. Мал дайындау жергілікті биліктің өрескел озбырлығымен қатар жүрді, олар айыппұлдар, сот қуғын-сүргіні, қамауға алу және т.б. сияқты шаралармен қорқытып, халықтан мал беруді талап етті» [5]. Немесе тарихшы Ф. Синицын былай деп сипаттады: «ауа көшу мен эмиграцияның себептерін қорытындылайтын болсақ, онда олар жергілікті ұжымдастыру және қоныстандыру шенберінде, оның ішінде ет пен нан жинауды және салық салуда қалыптасқан шенеуніктердің озбырлығынан; осы шаралардың салдарынан мал басының азаюынан, сондай-ақ құрғақшылық пен азықтың жоқтығынан; «азық-түлік салғыртынан» (бұл термин биліктің сөзімен аштықты білдірді); өндірістік тауарлардың нашар жеткізілуінен, сондай-ақ «түсіндіру жұмысының әлсіздігінен» көрінді» [4, 144].

Біздің деректеріміз бойынша, наразылықтар мен ауа көшулер негізінен шекара маңындағы аудандарда, оның ішінде Семей, Алматы, Маңғыстауда болды.

Немесе архивтік құжаттарда төмендегідей атап өтіледі, «ауа көшу кейбір жағдайларда шекарадан өтіп бара жатқан бандалардың көмектесуімен болды және бір уақытта байқалғандай, соңғы кезде ауа көшушілер өздері жеке қарулы отрядтарды ұйымдастырып, оларды шекарада ұстауға тырысқан кезде шекара күзетіне белсенді қарсылық көрсететіні байқалады» [5, 212]. Шын мәнінде, босқындарда қару-жарақ мүлдем аз, негізінен аңшылық қару болды, соның өзі өте аз мөлшерде еді.

1929-1931 жылдары Қазақстанда 194 «бандқозғалыс» немесе ауа көшумен бірге жүретін топтар болды, оған 5 468 адам қатысты [1, 105]. Олар ОГПУ қызметкерлерінің назарында болды.

1 кесте 1929-1931 жылдары Қазақстанда 194 «бандқозғалыстар» саны [1, 105]

1929 ж.	
Барлығы - 31	351 адам
Оның ішінде шекара маңындағыа удандарда - 29	293 адам
1930 г.	
Барлығы - 85	1925 адам
Оның ішінде шекара маңындағы аудандарда - 52	1048 адам
1931 г.	
Барлығы - 80	3192 адам
Оның ішінде шекарамаңындағы аудандарда - 41	1103 адам
Жойылды - 21	1610 адам
Топ - 18	479 адам
194	5468

Маңғыстау облысында барлық босқындарды «антикеңестік» немесе «бандауакөшушілер» деп атады. Оған барлығы кірді, құжаттарда «ауа көшу айқын бандиттік сипатқа ие болды, олардың бастамасы мен басшылығы байлардың, жартылай феодалдардың қолында болды. Ру басылары мен мұсылман дін басылары халықты Кеңес өкіметінің ықпалынан шығару мақсатында ауа көшуді ұйымдастырды. Ауа көшу оларды ұстауға тырысқан билік өкілдеріне қарсы тұрумен, мемлекеттік мүлікті тонаумен, аудандық және ауылдық кеңестік активке террормен жалғасты» делінді [6].

Неміс тарихшысы Р. Киндлер, Батыс Қазақстандағы жағдайды сипаттай отырып, Гурьев аудандық комитетінің бірінші хатшысы А.Ф. Попковтың Е.М. Ярославскийге 1931 жылы тамызда жазған хатына сілтеме жасайды. Хатта былай делінген: «бандитизмнің дамуының келбеті қазір Маңғыстау ауданында (Бозашы түбегі мен Маңғышлақ) бар, Адай деп аталатындар үш руға бірігіп жатыр, ауданда тек ғана бір ру – төртінші – бейтарап тұр, ауданда 50 мыңға жуық көшпелі халық бар. Бізге дұшпандық танытқандар, орта есеппен 15-20 мың адам болып тұр» [3: 46]. 1931 жылдың 15 маусымына қарай Маңғыстау, Жылыой, Табын және ішінара Доссор және Ойыл аудандарының есебінен Үстіртке 10 000-нан 12 000-ға дейін шаруа қожалықтары ауа көшті, тағы да қосымша Түрікменстанға ауа көшкен шаруа қожалықтары түрікмен «бандаларымен» ұлттық және рулық тартыс негізінде Қарақұмды тастап кетті [6: 3]. Шын мәнінде, адамдар шарасыздықтан елден кетті.

Кеңес-қытай шекарасы туралы аздап көрсетелік. Шекара қызметі басқармасы қызмет көрсететін аумақтағы шекара бойынша 1 548 км, 49 отрядқа – 572 км, 50 отрядқа – 658 км, Бақты шекара комендатурасына – 380 км, Сарқандта шекара комендатурасы болған жоқ. Шекаралық күзеттің штат саны - 1 107 адам құрайды [1: 105-106]. Шекаралас аудандар: Қарқара, Октябрь, Жаркент, Сарқант, Андреев, Бәрібай, Биен-Ақсу, Алакөл – Алматы облысы; Мақаншы, Үржар, Қызылтас, Тарбағатай, Зайсан, Марқакөл, Қатонқарағай және Шыңғыстау-Шығыс Қазақстан облысы.

Бұл аумақта тұратын халық саны 176 154 адамды құрады, қазақтар – 54%, ұйғырлар– 3,5%, орыстар - 43% [1: 105]. Осы халықтың көпшілігі кеңестік экономикалық реформалардан және енді басталып жатырған ашаршылықтан құтылу үшін Қазақстан аумағынан басқа елдерге көшіп кетті. Егер 1929 жылы Қазақстан аумағынан 416 қожалық ауа көшсе, 1930 жылдың 1 қаңтары мен 1 мамыры аралығында 1 575 қожалық кетті [1: 116]. Қазақ жерлері Қытаймен шектескендіктен, босқындар көбінесе сол жаққа бет алды. Оларды қуып жету үшін жіберілген кеңестік комотрядтар қатыгездікпен басуға жіберілді.

Шекарада Қытайға кеткісі келетін көптеген көтерілісшілер болды. Олардың пайда болуы жәнесанының өсуі динамикасын көрсетелік: 1929 ж., қаңтар-қыркүйек: шекарадан өту – 26, орташа саны – 10, жойылды – 5, кері бұзылды – 22; 1930 ж. қаңтар-қыркүйек: шекарадан өту – 50, орташа саны – 20, жойылды – 4, кері бұзылды – 46; 1930 жылы шекараны бұзған 46 адамның 31-і мүлдем елден кетті, 15 адам қаза тапты [1: 121].

Ауа көшу тек 1930 жылдың көктемінде ғана жаппай сипат алды. 1930 жылы босқыншылықпен (ауа көшумен) 34 977 шаруа қожалығы қамтылды. 1931 жылы (толық емес мәліметтер бойынша) 45 000 шаруа қожалығы қоныс аударды [1: 172]. 1929-1932 жж. ҚазКСР ОГПУ ПП құпия-саяси бөлімінің құжаттарында босқыншылық Қазақстандағы антикеңестік көріністер ретінде ұсынылды.

1929-1931 жж. Қазақстандағы антисоветтік көріністер туралы ҚазКСР ОГПУ ПП құпия-саяси бөлімінің анықтамасында айтылады [1: 172]. Дегенмен, бұл деректер толық емес, босқындар ағынын бақылау мүмкін болмады.

2 кесте 1929-1931 жж. босқындар динамикасы [1: 172].

1929 жылы ҚазКСР шекаралас аудандарынан Қытайға ауа көшті:		
Атау	Қожалық	Адам
Байлар	123	739
Орташалар	128	474
Кедейлер	165	632
Барлығы	416	1 845
1930 жылы ҚазКСР шекаралас аудандарынан Қытайға ауа көшті:		
Байлар	529	1047
Орташалар	1315	3028
Кедейлер	1634	4365
Барлығы	3478	8440

1931 жылы (1 қаңтардан 1 мамырға дейін) ҚазКСР шекаралас аудандарынан Қытайға ауа кошті:		
Байлар	291	Мәліметтер жоқ
Орташалар	805	
Кедейлер	1003	
Барлығы	2009	

1931 жылы Үстірттен 15 маусымға дейін Маңғыстау, Жылыой, Табын және ішінара Доссор және Ойыл аудандарының есебінен 10 000-нан 12 000 мыңға дейін шаруа қожалықтары ауа көшті [6, 46]. Осылайша, қазақ халқының мәжбүрлі «ауа көшуі» немесе босқыншылығы бас көтерулерге жатқызылды.

3 кесте «Бандитизмнің» өсу динамикасы және оның пайда болуы [1: 172]

№	Динамика	1929 ж. қаңтар-қыркүйек	1930 ж. қаңтар-қыркүйек
1	Шекарадан өту	26	50
2	Орташа саны	10	20
3	Жойылуы	5	4
4	Қайта келуі	22	46
5	Есепте тұрғандар		12
6	Кеңес территориясында есепте тұрғандар		2

Шекарада «ауа көшуші» босқындар ең көп зардап шекті, мысалы, 1929 жылы Қытай шекарасында көтерілісшілер және ауа көшушілер шекара күзетімен болған шайқастар нәтижесінде босқындар төмендегідей шығынға ұшырады: қаза тапқандар – 257 адам, жараланғандар – 27 адам; көтерілісшілер: қаза тапқандар – 35 адам, жараланғандар – 2 адам, шекарашылар: қаза тапқандар – 13 адам, жараланғандар-6 адам. 1930 жылдың қаңтар-ақпан айларында ғана шекара күзетінің «ауа көшушілермен» қарулы топтарымен соқтығысуының 39 жағдайы орын алды [1: 123]. Осы жерде шекара күзетінде 5 пулемет [1: 131] және басқа да жеткілікті мөлшерде қару-жарақ болғанын атап өткен жөн.

1931 жыл Қазақстандағы көтерілістер мен наразылықтардың ең көп болған уақыты болды. Р. Киндлер жазғандай, «большевиктер көшпенділердің әлеуметтік жүйесіне неғұрлым терең қол сұққан сайын, босқындар ағыны соғұрлым күшейе түсті. 1930 жылдардың басында ол өзінің шыңына жетті» [2, 202]. Сондай-ақ, көтерілісшілерді, шайқастарға қатысушыларды, көтерілісшілердің туыстарын қолдағандардың барлығы «жау» деп жарияланды және оларға әртүрлі «таңбалар» тағылды.

1929-1931 жылдары ОГПУ ПП мәліметтері бойынша өлкенің ауылдарында келесі іс-шаралар өткізілді: ұйымдар мен топтар таратылды - 2 001, 1929 жылы – 647, 1930 жылы – 625, 1931 жылы – 729; қатысушылар жойылды – 9 906, 1929 жылы – 2 486, 1930 жылы-1 833, 1931 жылы – 5 587; шаруашылық саяси науқанға байланысты

жалғыз шыққан адамдар жойылды – 10 396, 1929 жылы – 3 902, 1930 жылы – 2 555, 1931 жылы – 3 939 [1, 173].

1931 жылғы 22 қазандағы ОГПУ ПП мәліметтері бойынша 1930 жылы 33 топ жойылды, қатысушылар саны 877, 1931 жылы 21 топ, қатысушылар саны 1 610, бірақ ОГПУ мәліметтері бойынша 1931 жылғы 15 қазанда Алматы және Семей облыстарында 9 топ және 319 адам болған [7].

ҚР ҰҚК арнайы мұрағатының мәліметінше, 1931 жылы қаңтар-сәуір айларында Қазақстанда қатысушылардың саны 1 189 адам болатын 35 ұйым, оның ішінде қазақтар – 723 адам; қатысушылардың жалпы саны 1 054 адам болатын 158 қарсы топ, оның ішінде қазақтар – 587 адам ашылды және таратылды. Сонымен қатар, контр әрекеті үшін жалпы қуғын-сүргінге ұшыраған 964 адам қамауға алынды. 812 адамнан тұратын шекара бекеттерінен байлар қамауға алынды. Ұсталғандар әлеуметтік құрамы бойынша шамамен 90% құрады [1, 245]. Айта кету керек, ОГПУ-дың кейбір құжаттарында шекара аудандарында жүрген «бандалар» туралы мәліметтер енгізілмеген [6, 315-321.].

«Ауа көшушілерді», яғни босқындарды жою оңай болды және ОГПУ тарапынан шығынсыз болды, өйткені олар әлсіз және оққа қарсы тұра алмады. Мәселен, 1931 жылы 20 тамызда Тарбағай тауларының етегінде 400 адам Қытайды бетке алып, ауа көшті, олардың басшылары байлар Мұхаметжанов Ахметжан және Жәкенов Асылбек болды. 300 адам тұтқынға алынып, 15 адам қаза тауып, 2 адам жараланды [1, 177]. Бұл ретте комотряд тарапынан шығын болған жоқ.

4 кесте 1930-1931 жылдар аралығында Қазақстан аумағында таратылған топтар туралы мәліметтер [8]

1930 ж.			
№	Бұрынғы округтер атаулары	Саны	Қатысушылар саны
1	Семей	9	162
2	Алматы	6	217
3	Сырдария	4	169
4	Гурьев	2	176
5	Қостанай	1	12
6	Арал	1	35
7	Ақмола	2	35
8	Қарқаралы	2	50
9	Орал	6	21
Барлығы		33	877
1931 ж.			
№	Бұрынғы округтер атаулары	Саны	Қатысушылар саны
1	Семей	7	515
2	Алматы	4	210
3	Сырдария	4	255

4	Гурьев	4	380
5	Қызылорда	1	100
6	Арал	1	35
7	Орал	1	150
Барлығы		21	1 610

5 кесте 1931 жылғы 15 қазандағы жағдай [8]

1931 жылғы 15 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан территориясында жүрген топтар туралы мәліметтер:			
№	Бұрынғы округтер атаулары	Саны	Қатысушылар саны
1	Алматы	3	141
2	Семей	6	178

1929 жылы шекарада 1 382 адам, 1930 жылы 2 873 адам ұсталды [1, 140]. Осы жылдары «кулактарды» қуғын-сүргінге ұшырату бойынша шекара бөлімдерінің жұмысы жүргізілді. 1931 жылдың 1 қаңтарынан 1 қыркүйегіне дейін үштіктің қарауына барлығы 74 іс түсті, оның ішінде: а) 49-шы шекара отрядынан – 16;б) Бақты отрядынан – 20; в) 50 отрядынан - 39; барлық осы істер бойынша 273 адам өтті, оның ішінде: а) кулактар – 222; б) саудагерлер – 2; в) орташалар – 31; г) кедейлер – 10; д) басқалар – 8 [1: 144].

Кеңес өкіметіне наразылық білдірген облыстарда көптеген адамдар тұтқындалды, олар көтеріліске қатысушылар және оларды қолдаушылар ретінде қамауға алынды. Аталған тәжірибе кеңестік мәдениеттің өзіндік сипаттамасына айналды. Барлық көтерілісшілер мен оларды қолдаған адамдар «жау» деп жарияланды, оларға айыптар қойылды.

Мысалы, 1931 жылғы қаңтар мен 1931 жылғы 1 сәуір аралығында Семей секторында жойылған көтерілістер бойынша тұтқындалғандардың саны 1 487 адамды құрады [1: 97]. Абыралы ауданы: 199 адам: 1. Жизебаев пен Кемпірбаевтар бойынша - 101 адам. 2. Терекбаевтар бойынша - 98 адам; Шұбартау ауданы: 428 адам: 1. Шоқомановтар мен Әділов Ахметтер бойынша - 136 адам. Ауданды тазарту бойынша қосымша - 292 адам, оның ішінде белсенділік және әлеуметтік жағдай белгілері бойынша - 218 адам босатылды; барлығы – 209 адам қамауда қалды; Жарма ауданы: 97 адам: Рахымбаевтар бойынша - 97 адам, оның ішінде 19 адам тазартылды, 78 адам қамауда қалды; Көкпекті ауданы: 275 адам: Тойкин және Мамербековтер бойынша (оның ішінде ауданды тазарту бойынша) - 275 адам; Шыңғыстау ауданы: Сейітқалиев Ахмет (оның ішінде ауданды тазарту бойынша) бойынша – 316 адам; Қызылтам ауданы: нәтижесінде – 45 адам; Шет ауданы: нәтижесінде -127 адам.

Адай уезіндегі көтерілістерді жою барысында тұтқындаулар кездейсоқ адамдарды ұстау орын алды. Мысалы, еш материалдарсыз 128 адам қамауға алынып, 1931 жылдың қазанына дейін түрмеде ұсталды [1, 60]. ОГПУ ПП мәліметтері бойынша, «қозғалысты жою бүркеу желісі бойынша жүрді, оның бір бөлігі жойылды, бір бөлігі Түрікменстанға қашып кетті, ал үлкен бөлігі көрінбей кетті, ауа көшушілермен қайтқандар Үстіртте қалды. Мәліметтер бойынша, 19 маусымда Қоңырат және Көнерген аудандарында 3000 шаруа қожалықтары шекара бөлімдеріне тапсырылды,

бұл «бандиттардың» бір бөлігі жасырынып, Үстіртке қашып кетті. Қарабұға шығанағы аймағында, Дөмпе құдығының жанында 1000-ға дейін қожалық, қарулы 100-ге дейін «бандауакөшуші» шаруа қожалықтары болды» [1, 63].

Маңғыстауда комотрядтар ауылдарда өздерінің қуғын-сүргін әрекеттерін жүзеге асырды: олар барлық адамдарды ұстай бастады, әсіресе бүлікшілер отбасыларын тұтқындады, халық арасында жүріп, азық-түлікті тартып алып, тегін пайдаланды [6, 29]. Мұны Кеңес қызметкерлері өздері де мойындады.

1931 жылы 5 қазанда Маңғыстауды көтерілісшілер мен байлардан тазарту басталды, оның міндеті барлық қару-жарақ пен малды алып қою болды: 5 оперучаскесіне (Сенек) қызметкөрсету барлық құдықтарды қамтыды, Аққұс - Бес – Шыңғырлау (төменгі) – Кушета-Байлар және бүкіл ауданды, оңтүстікке қарай Қарабұғаз шығанағы мен Түрікменстан шекараларына дейін; 3 және 4 оперучасткелері қызмет көрсететін Аққұс-Байрыбас – Ырдалы – Бес - Шыңғырлау (төменгі) – Бес – Шыңғырлау (жоғарғы) – Қара-баян – Ішке-қырған – Өтес – Қаратөбе – Моната құдықтарының ауданы жедел учаскелерге жүктелді; Комсомолец шығанағының бүкіл жағалауы, Өтес – Ішке-қырған – Қызыл-Тас құдықтарынан солтүстікке қарай және одан әрі Сам көліне дейінгі барлық жерлер 2 жедел учаскеге қызмет көрсетуге жүктелді [1, 63].

Маңғыстау ауданында өзендердің жоқтығынан су көзі әрқашан құдықтар болған. Бұл ауданда тек қазақтар қоныстанған болатын, олар мал шаруашылығымен айналысқан, көшпелі шаруашылық жүргізіп, суы өте аз құмдар мен су қоры шектеулі биіктіктерде жүріп отырды. Құдықтар жазалаушылар тарапынан жабылды, сондықтан да «ауа көшуші» босқындар қоршауға алынып, малды тапсыруға мәжбүр болды, өздері де берілді.

1930 ж. 24 қарашадағы ҚАКСР бойынша ОГПУ ПП-ның арнайы қорытындысында шекара отрядтарының «ауа көшушілермен» және олармен бірге жүрген «бандалармен» бірқатар қақтығыстары атап өтілді. Негізінен босқындар ғана зардап шекті, шекара отрядтарының шығындары шамалы болды.

Осыдан кейін көп адамдар «бай-кулак және антисоветтік элементтері» ретінде танылып, шекаралық аудандарынан шығарылды: барлығы 1 103 адам қамауға алынды, оның ішінде байлар – 1 031, орташа – 51, кедейлер – 3. Мысалы, 1930 жылғы 10 қарашадағы мәліметтерге сәйкес, жекелеген аудандар бойынша «бай-кулак элементтер» қуғын-сүргінге ұшырады: Малай-сарай ауданы бойынша - 80 адам, оның ішінде байлар – 71, молдалар – 5, орташалар - 4; Биен-Ақсу бойынша - 223 адам, оның ішінде байлар - 215, молдалар -3, орташалар – 5; Еңбекші қазақта– 285 адам, оның ішінде байлар – 270, молдалар -7, орташалар – 6, кедей – 3; Бәрібайда – 96 адам, оның ішінде байлар - 89, молдалар – 3, орташалар – 4; Сарқантта –202 адам, оның ішінде байлар - 183, орташалар - 19; Андреевте - 85 адам, оның ішінде байлар - 79, орташалар - 6; қазан айында - 65 адам, оның ішінде байлар - 61, орташалар - 4; Қарқаралыда – 144 адам, оның ішінде байлар – 142, орташалар – 2; Оралда - 53, оның ішінде байлар – 49, орташалар - 4 [9].

Шекарашыларға барлық билік берілді, осыдан кейін олар босқындарға қатысты аяусыз зорлық колданды.

Мысалы, 1931 жылы 17 сәуірде П. Хламковтың басшылығымен Қорғас заставасының Алтынкөл бекетінде шекарашылар операция кезінде қарусыз шекара бұзушыларды, оның ішінде 3 ер адамды, 3 әйелді, 4 баланы өлтіру туралы жағдайды былай сипаттайды: «күзетші шекара бұзушыларға «тоқта» деп, аспанға екі рет ескерту оғын атты. Шекара бұзушылар атылған оқтарды естіп, шекарашыларды байқап, жылқыларын тастап, қашып кетуге тырысты, бірақ тоқтатылды. Осыдан

кейін шекарашы: «кәнекей, ұр» деп бұйырды, содан кейін күзетші қашып бара жатқан шекара бұзушыларға аттарынан түспей тұрып, оқ жаудырды. Қысқа атыс нәтижесінде барлық ер адамдар қаза тауып, үш бала жараланып, бір ғана емшектегі бала аман қалды. Содан кейін күзетші асығып, барлық балаларды арқаларынан атып тастады» [10]. Оның өзі 17 ай қамауда болды, содан кейін босатылды. Енді оның айыптау қорытындысынан кейбір мысалдар келтірейік: «Қорғас заставасының бастығы Лепешкин шекарашылардың қаруды қолдану мәнжайын анықтауға тырыспады. Шекараны күзету кезінде, күзеттің жеке құрамына тиісті нұсқау беру арқылы қаруды қолданудың жарғылық ережелерін бұзудың алдын алу шараларын айтпады, керісінше шекарашыларға осы мәселе бойынша теріс көзқарастар берді. Мысалы, осы жылдың 17 сәуірінде П. Хмельков бастаған шекара күзеті пунктіне ауа көшуші босқындардың көп бөлігін ұстап әкелген кезде, Лепешкин көптеген шекарашылардың көзінше оған айтты: «Неге оларды (ауа көшуші босқындарды) заставаға әкелесіңдер? Олардың арасына граната лақтырып жіберіңдер, сонымен барлық мәселе шешіледі» [10, 35]. Аталған жағдай шекарашылардың босқындарға қарым-қатынасын айқын көрсетіп береді.

1931 жылы ОГПУ Семей округтік бөлімінің бас көтерушілерді жою барысында қаза тапқандардың, жараланғандардың, қамауға алынғандардың саны туралы анықтамасында 1931 жылғы 14 наурызда келесі деректер бар. Абыралы және Шыңғыстау аудандарында бас көтерулерге қатысушылардан құрылған «бандалар» бойынша әскери-чекистік желі бойынша жедел іс-шаралар нәтижесінде: 77 адам қаза тапты; 26 адам жараланды; шайқаста – 99 адам тұтқынға алынды; «бай-бандиттік элементті» жою тәртібімен – 389 адам қамауға алынды, басқа аудандарда – 91 адам қаза тапты, жараланды – 28, қаза тапқандардың жалпы саны – 168 адам, қамауға алынғандар – 1 212 адам. Тұтқындалғандардың жалпы саны – 1 601 адам [11]. Бұл ретте ОГПУ тарапынан 2 адам қаза тауып, 2 жауынгер жараланды. Осы уақытта Алматы облысында 829 адам қамауға алынды.

Көтерілістерден кейін қатысушылардың өздері ғана емес, бүлікшілердің отбасы мүшелері де зардап шекті. Мысалы, 1931 жылы 21 қыркүйекте Талдықорған ауданы Арасан ауылының маңында ерікті жасақ Мұқашевтің «бандасының» қалдықтарын талқандады: 9 адам өлтірілді, 40-қа жуық адам тұтқынға алынды, көтерілісшілердің әйелдері де атылды [12].

Көтерілістер мен бас көтерулер 1932 жылға дейін де тоқтаған жоқ, бірақ олар 1931 жылдағыдай жаппай сипатқа ие болмады, бірақ халықтық толқулар жалғасты.

1932 жылы көтеріліске қатысқан 139 адам қаза тауып, 2384 адам қамауға алынды. Олар туралы қысқаша ақпараттар берелік. 1932 жылғы 1 қаңтардан 1 шілдеге дейін Қазақстан бойынша тіркелген: 83 топ – 1 247 адам (бұл ретте 10 топ белгісіз). Оның ішінде 70 адам өлтірілді, 1 904 адам қамауға алынды. Қарулар тәркіленді: мылтықтар – 73 дана, басқа мылтық қарулар – 47 дана, аңшылық мылтық – 112 дана, револьверлер – 15 дана, әртүрлі калибрлі патрондар – 8 103 дана, суық қару – 48 дана. Келесідей мал басы тартып алынды: жылқы – 478 бас, ірі қара – 110 бас, ұсақ мал – 60 бас, түйе – 293 бас. Енді армияның шығыны көрсетелік: 28 адам кеңес аппаратынан өлді, 21 адам жараланды. 1932 жылдың 1 шілдесінен 1 қазанына дейін 30 топ есепте болды, қатысушылардың жалпы саны – 379, 49 топ қайта пайда болды, 32-сі жойылды. Топтарды жою кезінде: 29 адам өлтірілді, 240 адам тұтқынға алынды, келесі қарулар тәркіленді: мылтық – 31, аңшылық – 31, револьвер – 3, суық қару – 4, оқ – дәрі – 935; төмендегідей малдартартып алынды: жылқы - 176, түйе – 1, ірі. мүйізді мал – 14, қошқар – 184 [1, 32-42].

Ресей тарихшысы Ф. Синицын жазғандай, кейбір уақытта бүкіл елде басталған көтерілістер мен қарсылықтың басқа түрлері билікті толығымен шегінуге, кідіріс жариялауға мәжбүр етті [3: 142]. Әрі қарай былай деп жазады: осылайша, 1932 жылдың екінші жартысында Кеңес билігі «көшпелі» аймақтарды жаңғыртудан бас тартты, олар қарқынның өсуін, «шабуыл жасауды» тоқтатты және жалпы бұрынғы нақты емес жоспарлардан бас тартты. Бұл қадамның себебі КСРО-дағы көшпелі өркениетті жоюдың стратегиялық жоспарын қайта қарау емес, ашаршылыққа, адам өліміне, мал өліміне, көшіп-қонуға және көтерілістерге әкелген осы саладағы бұрынғы қызметтің қайғылы салдарын түсіну болды [4, 149]. Бұл ретте Қазақстан қатты зардап шеккен аймаққа айналған болатын.

Сол жылдардағы тарихи оқиғалардың толық бейнесін қалпына келтіру үшін тарихтың қанды беттерін, жаңа биліктің экономикалық қайта құру саясатымен келіспеген, экономикалық жаңашылдықтардан бас тартқан, қарсыласқаны және бағынбағаны үшін қатыгездікпен жазаланған жазықсыз адамдардың тағдырын зерттеу қажет болады. Олар ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салты мен тұрмыс тіршілігін, еңбек арқылы тапқан және аталары мен әкелерінен мұраға қалған мүліктерін қорғады. Жазықсыз өлтірілген, өз слінен тыс жерге қашуға мәжбүр болған адамдар ұрпақтары тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді, туыстарының есімдерін қалпына келтіруді, олардың наразылық әрекеттерін бағалауды талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. ҰҚК ОМА. 9-қ. 1-тіз. 495-іс. 173-п.
2. Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. XX века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, Р.Ж. Байдалы. - Алматы: Литер М, 2021. – 222 б. – Б. 15.
3. Киндлер Р. Сталинские кочевники: Власть и голод в Казахстане. – М., 2018. – 382 с.
4. Синицын Ф.Л. Советское государство и кочевники. История, политика, население. 1917-1991. – Москва: Центрполиграф, 2019. – 318 с.
5. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы. Том 3. Конец 1930-1933. - Москва: РОССПЭН, 2001. – 1008 с. – С. 211.
6. ҰҚК ОМА. 9-қ. 1-тіз. 485-іс. 46 -п.
7. ҚР ПА.141-қ. 1-тіз. 5052-іс. 141 - п.
8. Трагедия казахского аула. 1928–1934 гг.: Сборник документов/ Сост. А.С. Зулкашева (отв.), Г.Т. Исахан, Ж.А. Сатаева. – Алматы: Раритет, 2018. – С. 629-630.
9. ҚР ПА. 719-қ. 2-тіз. 126-іс. 178-184-п.
10. ҚР Ұлттық архиві. 215-қ. 238-іс. 33-п.
11. ҰҚК ОМА. 9-қ. 1-тіз. 495-іс. 101-п.; ҚР ПА. 141-қ. 1-тіз. 5072-іс. 65-п.
12. ҚР ПА.141-қ. 1-тіз. 5050-іс. 16-п.

2.3 Билік тұрғысынан ашаршылықтан қашқан босқындарды қайтару мәселесіне орай жүргізілген саясаты

А.И. Құдайбергенова

Ашаршылықтың салдарынан әсіресе қазақ шаруаларының жаппай босқындыққа ұшырауы Қазақстан басшылығын босқындарды орналастыру мәселесімен жүйелі түрде айналысуға мәжбүр етті. Шетке кеткен қазақтарды қайтару шаралары 1932 ж. бастап жүргізілді. Қазақстанмен шекаралас аймақтарға комиссиялар жіберіле бастады. Мысалы, Орынбор облысының біріккен мемлекеттік мұрағатында (267 қор) мерзімі: 1932 ж. 9 ақпан мен 11 қараша арасын қамтитын «Ұлы орыс шовинизміне қарсы күрес материалдары» деп аталатын құжаттар тобы бар [1]. Босқын қазақтарға көрсетілген кемсітушіліктер мен астамшылықтар кездесетін бұл құжатта, сонымен бірге, 1932 ж. 4 сәуірдегі мәлімет бойынша, Орынборға Қазақстаннан барған 4 комиссияның: Қазақтар істері жөніндегі Мендешев бастаған Алматы комиссиясы, БОАКнің Балалар комиссиясы, Ақтөбе обкомынан келген комиссия, Өлкелік денсаулық сақтау бөлімі арнайы комиссиясының бригадасы келгендігі туралы мәлімет бар. Ол комиссиялар босқындардың жай-күйін анықтаумен ғана айналысты. Мысалы, Мендешев 100 қазақ босқынын қайтармақшы болып, үгіттеп, жинап қойғанымен, оны Алматыға шақырып алады. Ал қазақтар сол күйі, еш көмексіз қалады [1, 4 п.].

Сондай-ақ, Исаевтың арнайы комиссиясынің 1932 ж. 25 сәуірден бастап көшіп кеткендерді қайта қайтарып, орналастыру ісімен айналысқандығы туралы мәлімет кездесті. Назар аударатын жайт, осындай кездері ашаршылыкка ұшыраған қазақтарға қаражат таппай жатқанда, Ф.И. Голощекин басқарған БК(б)П Қазақ өлкелік бюросы 1932 ж. сәуір-мамыр айларында Қазақстанға сырт аймақтардан келген мамандарды қабылдау, оларға тұрғын үй салып беру мәселелерін қарастырып жатты [2, 82, 103-пп.].

1932 ж. 31 наурызда Өлкелік партия комитетінің бюросы өзінің №97 хаттамасымен «Қоныстарынан ауа көшкен кедейлер, орташалар қожалықтарын қайтаруды және Қазақстанның өз ішінде орналастыруды ұйымдастыру туралы» арнайы қаулы қабылдайды. Сол жылдың 27-сәуірінде Қазақ АКСР ХКК көшіп кеткен қожалықтарды қайта қайтару және оларды орналастыру жөніндегі жоспарды бекітеді [3, 13-п.]. Жаппай көшіп кету, өз бетінше көшу және халықтың Қазақстан аумағынан қашуы салдарынан өлкелік директивалық органдардың шешімімен көшіп кеткендерді (босқындарды – АИК) бұрынғы тұрғылықты жерлеріне қайтару және оларды өндіріс орындарына орналастыру жөніндегі үкіметтік комиссия құрылады. Қазақстаннан шет және шектес аймақтарға арнаулы өкілдер жіберіп, босқын қазақтарды қайтару жұмысы жоспарланады.

Комиссияның жоспары бойынша Қазақстанға барлығы 35 000 қожалық, оның ішінде: Батыс Сібірден – 12 000 қожалық, Орталық Еділден – 10 000 қожалық, Орталық қара топырақты облыстар мен Төменгі Еділ бойынан – 4 500 қожалық, сондай-ақ Орта Азиядан (саны анықталмаған) қайтару көзделді. Қайтқан қожалықтардың өндірістік кәсіпорындарға 5000-ын, совхоздарға – 4000-ын, қалғандарын колхоздарға орналастыру көзделді. Елге қайтарылатын 35 мыңдай қожалықты Шығыс Қазақстан (11 мың), Қарағанды (6 мың), Батыс Қазақстан (6 мың), Оңтүстік Қазақстан (3 мың), Ақтөбе (7 мың) және Алматы (2 мың) облыстарына орналастыру жоспарланды. Босқындардың отанына қайта оралуын ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін аталған республикалар мен өңірлерге арнайы

комиссиялар мен партбригадалар жіберілді. Қазақстан аумағында осы уақытта қайтарылатын қожалықтарды қабылдау үшін 28 дәрігерлік-қоректік пункттер ұйымдастырылды.

1932 ж. 7 тамыздағы №58 қаулысында ауа көшкендер мәселесін отырықшыландыру ісімен қатар жүргізу керектігіне назар аударылды [4, 27 п.].

Қайтып оралатын босқындарға азық-түліктік және материалдық көмек көрсету үшін 1 миллион пұт астық көлемінде қайтарымсыз азық-түлік несиесі, 800 мың рубль көлемінде өндірістік тауарлар және мал сатып алу үшін 2 миллион рубль бөлінді. Жұмыс істеуге пайдаланатын ірі қара мал сатып алуды Қазақстан ішінде «Союзконь» жүйесі арқылы сатып алу жоспарланды [4].

1932 ж. бастап сыртқа кеткен қазақтардың қайта оралуы басталды. Осы жылы қайтарылған қожалықтар саны өз бетімен көшіп келгендерді қоса есептегенде 75670 қожалық болды. Олардың 44251-і арнайы әкелінсе, қалғаны өз күшімен арып-ашып жетті [5]. Босқындарға берілетін көмекті ұйымдастыру, оларды орналастыру ісі әр жерде әр түрлі жүрді. Оларға көмекті дұрыс ұйымдастырған облыстармен (Ақтөбе, Алматы) бірге, азық-түлікті бөлу және қажетті заттармен қамтамасыз етуде қиындықтар туғызған, тіпті көрсетуге тиісті көмекті талан-таражға түсірген уақиғалар кездескен облыстар да болды [3, 45-п.]. ХКК-нің 1932 ж. 27 сәуіріндегі қаулысында көрсетілген қайтып келген қожалықтарды тұрақты жұмыстарға орналастыру жоспары жартылай орындалды.

Нақты айтқанда, бірқатар облыстарда көшіп келген босқындарды шаруашылықтарға орналастыру, мал сатып алып, қайта оралғандарға бөлу туралы директивалық органдардың шешімдерін іске асыру қанағаттанарлықсыз жүргізілді. Мысалы, Батыс Қазақстан облысында 1 шілдеге дейін (жоспар бойынша толық орындалуы тиіс болған кезде) 1 667 бас малдың орнына барлығы 863 бас мал ғана немесе жоспарда белгіленген мөлшердің 51,8% ғана дайындалды. Ақтөбе облысында сатып алынған малды мақсатсыз пайдалану, атап айтқанда, тұрғылықты халықтың егіс және шөп жинау науқандары кезінде көмектеспеу фактілері атап өтілді. Көшіп келушілерді қайтару жөніндегі Орталық комиссия және Одақжылқы мекемесі шілде айының соңына дейін жұмыс малдарын сатып алуды жүргізудің нақты жоспарын әзірлемеген. Орталық комиссия жұмыс малын дайындауды басқаруды қолына да алмаған. Комиссия Одақтан дайындалған малдың саны туралы мәлімет алмайды. Орталық комиссияда тіпті қайта оралушылардың нақты есебі жоқ. Мұндай есепке алу дәрігерлік-қоректік пункттер арқылы өткізілген шаруашылықтардың саны бойынша ғана жүргізілді.

Жергілікті жерлерде қайта оралушылардың жұмыспен қамтылуы көбінесе өте ауыр, қиын түрде, күші барлардың жаппай өз пайдасына пайдалануымен бірге жүргені байқалды. Мысалы, Қобда ауданы, аудандық комитет те, аудандық атқару комитеті де, аудандық колхоз одағы да қоныс аударушыларды орналастыру бойынша науқанға тиісті көңіл бөлген жоқ. Қайта оралған босқындар өз мүмкіндіктерімен күн көрген.

Ақбұлақ ауылында осындай жағдайлар тіркелді, онда қоныстанушыларды жұмыспен қамтудың орнына № 33 ауылдық кеңес, керісінше, соңғы уақытқа дейін өз азаматтарының көшіп-қонуына рұқсат беретін құжаттар берген. Ал, 32-ші ауылда қайта оралған 13 шаруашылыққа: «Сізден қайтып келуіңізді кім сұрады, сізге кім керек? Олар қайдан келді, сол жерге барыңыз» деп қабылдамаған. Осыдан кейін барлық 13 шаруа қожалықтары кері көшіп кетеді [6].

Совхоздар қайтып келгендерді жақтырмады. Совхоздар дирекциясы өздерінің уәкілетті өкілдерін босқындар орналасқан аймақтарға арнайы жібере отырып,

босқындардың туыстық және көршілік байланыстарын ескермей, босқындар топтарын емес, жекелеген адамдарды қайтаруға негізделген тапсырмалармен жұмыс істеді. Сонымен бірге, совхоздар, келгендердің азық-түлік қоры 5-6 күн болмаса, жұмысқа қабылдаудан да бас тартты. Ал, қайта оралған босқындардың күн-көріс көзі толығымен жоқ еді. Колхоздарда малсыз және құрал-саймансыз көшіп келушілерді колхозға қабылдаудан бас тарту жағдайлары кездесті.

Босқындарды қайтару және оларды орналастыруға қатысты ОГПУ-дың құпия-саясат бөлімнің 1932 ж. 2 қыркүйектегі № 62465 арнайы жиындық мәліметінде берілген ақпарат босқындарды қайтару шараларының барысын жақсы көрсетеді: «Маусым айының соңына дейін Қазақстанға, толық емес деректер бойынша, 46 373 қоныс аударушы қожалық оралды, оның ішінде: Алматы облысына - 2 114 қожалық; Ақтөбе облысына – 3 790 қожалық; Қарағанды облысына – 3 824 қожалық; Оңтүстік Қазақстан облысына - 9 870 қожалық; Шығыс Қазақстанға - 18 983 қожалық; Батыс Қазақстанға – 7 792 қожалық. Оралғандардың көпшілігі, әсіресе азық-түлік қиындықтарынан зардап шеккен аудандардан көшіп кеткендер өз аудандарына оралмайды, олар өз беттерімен, ұйымдаспаған түрде, азық-түлік жағдайы жақсырақ аудандарға, қалаларға, теміржол станциясына барып, өнеркәсіптік кәсіпорындарға орналасты. Бұл аудандар қайтып келе жатқан қоныс аударушыларды қамтамасыз ету үшін қажетті азық-түлік ресурстарына ие болмағандықтан, оралған босқындарға айтарлықтай көмек көрсете алмайды. Сондықтан, қайтып келген қоныс аударушылардың азығы жоқ, көбісі аштыққа ұшырайды және олардың арасында өлім-жітім айтарлықтай көп. Олар қайыр сұрау, ұсақ мал мен құсты ұрлау және астық нан алқаптарынан масақ ұрлау арқылы ғана тамақтанады.

Алматы қаласында және оның маңында көшіп-қонушылардың 3000-ға жуық қожалықтары бар. Көбінесе көшіп келушілер еш жерде жұмыс істемейді және базарда қайыршылықпен, ұрлықпен және алыпсатарлықпен айналысады. Олардың арасында кеңестік, партиялық ұйымдар ешқандай жұмыс жүргізбейді.

Үржар ауданында Талдықорған, Қаратал және басқа да аудандардан көшіп келген 2400-ге жуық шаруа қожалықтары жиналды. Кәсіподақтардың болмауына байланысты көшіп келушілер аштыққа ұшырап, олардың арасында үлкен өлім-жітім беретін эпидемиялық аурулар тарайды.

Оралда да қайта оралғандар жиналатын облыстық пунктте қайта оралғандардың арасында бұрынғы тұрғылықты жерлеріне, колхоздарға оралмай, совхоздар мен құрылыстар бойынша жұмысқа орналасу үрдісі байқалады. Кейбір көшіп жүргендер: «Облыстық билік жақсы, аудандық билікпен де сөз байласуға болады, ал ауылдарда 1931 жылғы жағдай (малды күштеп іріктеу, сиырларды қоғамдастыру, соңғы нанды тартып алу және т.б.) қайталанады, сондықтан біз қайтадан аштыққа ұшырамау үшін колхоздарда жұмыс істемейміз» - деп өз ойларын ашық айтады [6].

Қарағанды облысына Қарағанды ауданынан көшіп келушілердің оралуы өз бетінше, стихиялы түрде жүреді. Облыстағы барлық балалар үйлері балаларға толған. Қарағандыда Сібір өлкесінен, Павлодар, Ертіс, Қарқаралы және т.б. жерлерден көшіп келген 3000-ға жуық шаруа қожалықтары жиналды. Олар Қарағандыға ауыр жағдайда, өз бетімен келді. Оларды өндіріске орналастыру мүмкін емес. Қарағандыда азық-түлік көмек қорлары таусылды. Оралған көшіп келушілердің аштық пен арықтықтан қайтыс болуының бірқатар жағдайлары тіркелді.

Оңтүстік Қазақстан облысының Қаратас, Әулие-Ата және Ленгір аудандарына өз күшімен Өзбекстан мен Қырғызстаннан 6000-ға дейін қазақ босқындары көшіп келеді. Оралушылардың көпшілігі Қызылқұм, Қазалы, Созақ аудандарынан кеткен

босқындар. Олар еш жерге орналастырылмаған және бұрынғы тұрғылықты жеріне қайтару бойынша жұмыс жүргізілмеген.

Азық-түлікпен қамтамасыз етілмеу негізінде жекелеген аудандарда колхоз және совхоз астығын тоқтардан жымқыру фактілері байқалады. Бұндай жағдай жиі орын алды. Ал ұрлық кейде колхоз иеліктеріне ұйымдастырылған қарулы шабуылдармен бірге жүрді.

«Мақтарал ауданы. Өзбекстанның көршілес ауылдарында орналасқан босқындар қарулы жолмен колхоз астығын тартып алды. Атыс кезінде колхозшы Сәрсембаев жарақат алды. Колхоздан 50 га бидай, бұл шамамен 2500 пұт нан ұрланды.

Әулиеата ауданы. «Ақтөбе» бөлімшесінің № 6, 26, 27 және 36 ауылдары егістіктерінің айналасында Шу, Меркі және Джувалин аудандарынан көшіп келген қазақ киіз үйлері орналасқан, олар егістіктер мен астық жинайтын токтардан жүйелі түрде астық ұрлаумен айналысады. Жергілікті және аудандық бірлескен партиялық ұйымдар қайтып келгендердің құрылымына ешқандай мән бермейді, соның арқасында қоныс аударушылардың едәуір бөлігі экономикалық тұрғыдан реттелмеген. Көшіп келушілерге осындай көзқарас бірқатар өндірістік кәсіпорындар мен совхоздардың басшылары тарапынан байқалады. Көшіп келушілер ашық аспан астында өмір сүреді, оларға азық-түлік уақтылы берілмейді. Қайтып оралған көшіп келушілердің қорлары көбінесе оралған отбасылардың ішіндегі кәсіпорындарда жұмыс істейтіндеріне ғана жеткізіледі. Бірқатар аудандарда қайта оралғандар үшін босатылған астық қорларын аудандық қызметкерлер ысырап етеді және ұрлайды.

Алматы облысының Үржар ауданында Көкпекті және Қаратал аудандарының 2500-ге дейін қоныс аударушы қожалықтары бар, оралғандар азық-түлікпен қамтамасыз етілмеген.

Дұрыс тамақтанбау негізінде эпидемиялық аурулар мен аштықтан болатын өлім-жітім өте көп. БК(б)П аудандық комитеті және ОАК-нің қайтып оралғандарға көмек көрсету жөніндегі уәкілі Мамилин бөлінген азық-түлік көмек қорларын өзінің туыстары мен таныстарына берген. Көктал ауылдық кеңесінің төрағасы Ишипаев көшіп келушілерге арналған азық-түлік ссудасын алыпсатарлық бағамен берген. Тірек пунктінің меңгерушісі Завадовский 12 күн бойы Ақтөбе облысының Семиозерский ауданына қайта оралған 700 шаруа қожалықтарына арнап облыстан бөлінген 3500 рубль азық-түлік және орналастыру үшін бөлінген 40 мың рубль көп уақытқа дейін берілмеген және ешқандай шара қолданбаған.

Батыс Қазақстан облысы Жамбейті ауданы бойынша Қамыспанға келіп түскен ұн, пима және т.б. өнімдер бірінші кезекте ауыл кеңестерінің қызметкерлеріне, белсенділерге, содан кейін жергілікті азаматтар арасында және соңғы кезекте оралғандар арасында бөлінеді.

Ақтөбе облысының Аманқарағай колхозы, өздерінің өтініміне сәйкес көшіп келген 400 шаруа қожалықтарының ішінде қазіргі уақытта тек 124-і ғана жұмыс істейді, қалғандарын совхоз дирекциясы азық-түліктің жетіспеушілігіне, оралған адамдардың шаршап қалғандығы мен арық болғанына сай жұмысқа жарамсыздығын сылтауратып, совхоздың жұмыс қолына мұқтаждығына қарамастан қабылдаудан бас тартады.

Қайтып келген босқындардың басым көпшілігінде киілетін киімдер мен ұсақ ыдыстары бар түйіндерден басқа ештеңе жоқ. Батыс Қазақстан облысына көшіп келген 3 466 қожалықтың жалпы санының тек 796 қожалықта бір-бірден жұмыс істейтін мал басы және 29-ында бір-бірден сиырлары бар. Сонымен қатар,

бірқатар аудандарда қайтып келе жатқан көшіп келушілерді (әсіресе жұмыс істейтін малды сатып алуға) үй шаруашылығына берілетін кредиттерді пайдаланбау жағдайлары тіркелді.

Ақтөбе облысында мал сатып алуға бөлінген 350 мың рубль Мемлекеттік Банктің аудандық бөлімшелеріне, Аудандық атқару комитеттерінің есептеріне жіберілген. Бірақ, аудандық атқару комитеті мал сатып алмай, ақша қозғалыссыз жатыр.

Ал, жұмысшы сатып алу ісіне жауапты Союзконь облыстық конторасы өз қаражатын жұмсауға мәжбүр. Союзконь облыстық конторасы меңгерушісі былай дейді: «Мен жылқыларды қоныс аударушыларға тікелей беріледі деп сенсем, олар колхоздарға беру керек екен. Олай болса, жылқыларды дайындаудың қажеті жоқ. Бұл тек ақшаны ысырап етеді. Себебі колхоздарда артық жылқылар бар. Ал, босқындарға арнап жиналған барлық жылқылар басқа қажеттіліктерге ауысады, атап айтқанда, тұқым себу жұмыстарына, ал көшіп келген босқындарға деп ешкім жылқы сұраған жоқ.

Батыс Қазақстан облысы, Талов ауданына 7 мамырдан 26 маусымға дейін мал сатып алу үшін Мемлекеттік Банктен бөлінген 35 мың [рубль] несие пайдаланылмаған. Егер 1 шілдеге дейін несие пайдаланылмаса, кредитті жабуға мәжбүр боламыз деп ескертілген» [6].

Осыған ұқсас фактілер Тайпақ, Орда және басқа аудандары бойынша да айтылды.

«Көшіп келушілер мен байырғы тұрғындардың арасында көшіп келушілерді қайтару жөніндегі іс-шаралардың айналасында жаппай түсіндіру жұмыстары жүргізілмейді, нәтижесінде оралған адамдар мен байырғы тұрғындар арасында текетірестік қатынастар орнады (колхоздарға қабылдаудан бас тарту және т.б.).

Ақтөбе облысының Адамов ауданында бірқатар ауылдық кеңестерде қайтып келе жатқан босқындарды колхоздарға қабылдау кезінде: «Қоныс аудару кезінде алынған жұмысшы малды колхоздарға тапсыру керек, малы жоқ адамдар колхоздарға қабылданбайды» деп шарт қойылып, оларды өндіріске кетуге итермелеген.

Торғай ауданындағы №№ 31, 32, 33 ауылдарға 5-ші ауылдан 100-ден астам көшіп-қонушылар (барлығы кедейлер) келді, олардың малы жоқ, соңғы заттарын, текеметтерін, кілемдерін сатады, ауылдарда жүреді, көмек сұрайды. Бұл ауылдардың тұрғындарында нан жоқ, олар егін егумен айналыспайды, тек тапсырылған мал үшін нан алады, бұл қожалықтар қоныс аударып, бір жерге орнығуы керек, болмаса аштықтан қырыламыз деп қорқады» [6].

Ақтөбе облысы Торғай ауданы «По завету Ильича» колхозы ауданнан жіберілетін 80 қоныс аударушылар отбасын: «Бізге бізді жейтін бейтаныс адамдар қажет емес, егер олар жіберілсе, біз жұмыстан бас тартамыз» деп, колхозға қабылдаудан бас тартады.

Босатылатын азық-түлік ссудаларының бұлыңғыр болуы және уақтылы бөлінбеуі, оны теріс пайдалану, ұрлау, жеткілікті қызмет көрсетудің және жаппай-түсіндіру жұмыстарының болмауы, сондай-ақ қайта оралған босқындардың тұрғын үймен және жұмыспен қамтамасыз етілмеуі олардың наразылығын тудырып және жұмыс іздеп көрші аймақтар мен республикаларға қайту үрдістерін тудырды.

«ҚАКСР үкіметінің облыстық және аудандық партиялық және кеңестік ұйымдарынан босқын қазақтардың шоғырланған жерлеріне үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге және оларды Қазақстанға жөнелтуді ұйымдастыруға уәкілеттік берілін жіберілген өкілдерінің көпшілігін жалқау», ішімдік ішеді, көшіп-қонушыларға олардың қайтып келу тәртібі туралы және т.б. дұрыс хабарлар бермейді» деген мәліметтер де кездесті.

«Бірқатар жағдайларда, комиссарлар қашқын байлармен байланысқа түсіп, босқындардың оралуын әдейі тежейді, жөнелтуді кешіктіреді, қашқан байларға азық-түлік ссудаларын береді және т.б. Мысалы, Орынбор қаласындағы ҚАКСР Үкіметінің өкілі Таксанов, қалада 600-800 босқындар отбасы болғанына қарамастан, көшіп келушілерді тұрақты тұратын жерлеріне жіберуді мәліметін әдейі жасырды, пароходтарды бір тәулікке кешіктірді. Таксанов сол жерде Күшік және Аққали деген қашқын байлармен байланысқа түсіп, байларға көмек берген, ал кедейлер мен орташаларға ссуда бермеген. Ол ҚАКСР үкіметінің мүшесі Балғожиев Астапаның көмегімен қашқын байларды босатып, оларды ҚАКСР-ге жіберді және т.б. Таксановтың өзі тәркілеуге түскен күлак пен байдың баласы, әкесін астықпен жабдықтаған. Ол қамалды» деп хабарлама берген ОГПУ-дің Құпия саяси бөлімінің бастығы Молчанов, ОГПУ ББВ 2-ші бөлімшесінің бастығы Люшков [6]. Айта кету керек сол кездегі ОГПУ құжаттары жағдайды анағұрлым нақты бейнелейді және жақсы көрсетеді.

Міне, бұл құжатты толық бере отырып, қайта оралған босқындардың жай-күйі реттелмегенін, жергілікті жерлердегі билік органдарының сүлесоқтық танытқанын, асыра сілтеулердің орын алғанын көреміз. Қайта оралған қожалықтар аштықтан құтылмасын көрген соң, қайтадан тамақ ізден, ел ішінде ғана емес, сырт елдерге де ауа көшті.

1933 ж. ақпанында Қазақ АКСР ХКК мәліметі бойынша 71 ауданның (50 көшпелі және жартылай көшпелі, 21 отырықшы) қожалықтары сыртқа көшті. Бірақ, қайта көшіп келіп жатқандар да болды. Қытайдан қайтып келгендердің нақты саны белгісіз, бірақ, 1932 ж. 7 тамыздағы Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасының баяндамат хаты бойынша Қытайдан облысқа 305 қожалық, 1933 ж. Қордай ауданы КК – РККИ-дің облыстық КК – РККИ-ге баяндамасында 2647 қожалық – 7925 адамның (соның ішінде Қордай ауданына 1562 қожалық немесе 4906 адам) қайта оралғандығы айтылады [7]. Батыс Қазақстан облысы бойынша 1932 ж. 20 тамызына дейін 9264 қожалық немесе 32110 адам қайта оралды [8, 226 б.]. 1933 ж. Батыс Қазақстанға 34709 қожалық қайта оралды. Әсіресе, астық пен мал өндіру жоспарларының төмендетілуі сыртқа кеткен қожалықтардың қайта оралуына түртті болды. 1934 ж. алғашқы жарты жылдығында 22249 қожалық (110 мың адам) бір ғана Батыс Қазақстан бойынша қайтып келді. 1933-1934 жж. Ақтөбе облысына 22,7 мың қазақ қайта көшіп келді [9: 45].

Жалпы Қазақстан бойынша 1933 жылы күн-көріс көзі жоқ барлығы 130 мыңға дейін шаруа қожалықтары елге қайта оралады [10].

ОГПУ-дың Құпия саяси бөлімінің Қазақ АКСР бойынша арнайы өкілетті өкілі Штейннің 1933 жыл 1 сәуірге дейінгі республиканың экономикалық жағдайына қатысты мәліметтерінде «1930 ж. бастап 400 мыңнан аса қожалық көшіп кеткен, оның 50%-ы - өлкеден тысқары жерлерге көшті, шамамен 40 мыңдайы шетелге, Батыс Түркістанға кетті. Жылдарға сәйкес көшкендердің мөлшері: 1930-1931 жж. – 286 мың қожалық, 1932 ж. – 79 мың қожалық, 1933 ж. – 33 мың қожалық. Келіп түскен мәліметтерге сәйкес, соңғы 4 айында (қараша-ақпан) негізінен Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе және ішінара Қарағанды облыстарынан 4500-ден астам үй шаруашылығы қайтадан қоныс аударған. Халықтың басым бөлігі Орталық Азия мен Орталық Еділ бойы бағытында көші-қонуда.

Қараша-қаңтар айларында Оңтүстік Қазақстан облысының Қазалы, Арыс, Қармақшы, Әулие-Ата, Созақ аудандарынан жеткізген мәліметтер бойынша оралғандар арасынан 1319 шаруа қожалығы қайтадан көшіп кетті, 360 қожалық көшіп кетпекке дайындалуда. Негізгі көпшілігі Өзбекстан бағытында көшуде» деп көрсетеді. Сондай-ақ Орталық Еділ бойындағы төрт аудан – Соль-Илецк, Орск,

Орынбор және Елек аудандарына желтоқсан-қаңтар айларында 2000-нан астам қазақ халқы қоныс аударды. Сол уақытта панасыз қалған қазақ балаларының саны 1660 адамға өсті.

Сонымен қатар, соңғы жылдары Қазақстанға бұрын көшіп кеткен қожалықтардың жаппай, негізінен стихиялық түрде өз аймақтарына оралуы байқалды. Қолда бар деректер бойынша 1933 жылға дейін қоса алғанда 80 мыңдай қожалық, 1933 жылы 130 мыңға дейін шаруа қожалықтары қайтып оралды. Қайтып келгендер Қазақстанның ауыл тұрғындарының жалпы санының 20%-дан астамын, ал Алматы облысы мен Оңтүстік облыстарда ауыл халқының 30%-ын құрайды. Көшіп-қону салдарынан қожалықтары жойылған, әбден күйреген босқындар қайтып оралып, бұрынғы мекендеріне малсыз, күн көріссіз оралды. Қайтып оралғандарды экономикалық даму процесіне араластыру әу бастан-ақ мұқият әзірленбегендіктен, өз күнін өзі көруге мәжбүр. Көмек көрсетілмегендіктен, қайта босқынға айналғандары, аурудан өлгендері көп, бірқатары өз бетінше отырықшылыққа бейімделді. Оларға жергілікті және аудандық ұйымдар көмектеспеген.

Көмек ұйымдастырылған облыстардағы, мысалы, Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласындағы 100 адамдық 3 тұрғын үйлердегі қабылдау пункттерінде 1932 ж. желтоқсан-қаңтар айларында 350-400 қайта оралған босқын орналастырылды. Үйлердің тарлығы мен антисанитариялық жағдайы бит пен эпидемиялық аурулардың пайда болуына себеп болды. Жабдықталмаған. Нан алуға үлкен кезек пайда болды, көбісі ыдыс-аяқтың жоқтығынан тамақ ала алмайды. Бұл үйлерде 116 адам өлген, 100-ден астам адам, негізінен балалар, ауру, аштықтан арықтап кеткен; 48 адам ауруханаға жеткізілді.

Шалқар ауданында қайта оралған 1116 шаруа қожалығының ішінде 700-ге жуық шаруа қожалығына көмек көрсетілген, қалғандары орын таппай, өз беттерімен ауылдар мен ТОЗ-ға, туыс-таныстарына барып, көбісі өздерінің қираған жеркепелеріне қайта орналасуда. Шалқардағы қабылдау пунктінде ештеңе жоқ. Тіпті қайтып келген босқындарға қайнаған су да берілмеген.

Оңтүстік Қазақстан облысы Әулие-Ата қаласында қаңтар айында Қырғызстаннан оралған 300-ге жуық үй жиналды. Қайт оралғандар көмексіз, өз беттерімен базарлар мен жай жеркепелерге орналасты; 29 адам аштықтан қайтыс болды.

Елге оралғандардың ауыл шаруашылығы негізінде даму сапасы өте төмен, үй-жайлары реттелмеген, оралғандардың көп бөлігі ашық аспан астында тұрады, олар киім-кешекпен, аяқ киіммен және тұрақты азық-түлікпен қамтамасыз етілмейді.

Қазалы ауданына қайтып оралған 3900 шаңырақтың 1280-і реттелмеген, олар қала мен ауылдарда аш-жалаңаш қайыр сұрап жүр. Аудандық атқару комитетінің төрағасы түскен азық-түлік көмегін аудандық және ауылдық мекемелерге отын алуға жұмсап жүргенде, №7, 15 ауылдарда 13 адам аштықтан өлген. Қайта оралған 37 босқын аштықтан ісінген.

Қайтып оралған босқындарды мемлекеттік кәсіпорындарға орналастыруға жеткілікті көңіл бөлінбеген. Кәсіпорындарға орналастыру жоспарының орындалмауымен қатар, орналастырылғандар баспанамен қамтамасыз етілмейді, қажетті көмек көрсетілмейді, жалақысы аз жұмыстарға тартылады, бірқатар жағдайларда түрлі сылтаулармен өндірістен кетіреді. 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік балық шаруашылығында жоспардағы 1100-дің орнына қайта оралғандардан 508 қожалық құрылды. Балқаш қаласында құрылған 250 шаруа қожалығының 150-і баспанамен қамтамасыз етілгенімен, қалған 100 шаруа

қожалығы жазғы киіз үйлер мен қазылған жеркепелерде (терезесі мен есігі жоқ) тұрады. Оларды тек қосалқы жұмыстарға пайдаланады». Осындай хабарламалар республика көлеміндегі жағдай туралы мәлімет береді [10].

Бұдан кейін 1935-1936 жж. да көрші республикалардағы қазақ қожалықтарын қайта көшіріп әкелу шаралары жүргізілді. Мысалы, Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Жандосовтың 1935 ж. 22 желтоқсанда Қазақ ОАК төрағасы Құлымбетовке жазған баяндама хаты бойынша облысқа 279 қожалық ұйымдасқан түрде және 474 қожалық өз бетінше қайта оралған. Одан бөлек, Қырғыздың Ыстықкөл ауданынан – 54, Батыс Сібір өлкесінен 70 және Барнаул қаласынан 30, Риддер Рубцовка құрылысынан 50 қожалық қайтарылды. Сонымен бірге, 325 қожалықтың қайтуға арыз бергендігі мен 1936 ж. Қытайдан 200 қожалықтың қайтатындығы айтылған [11, 1 п.].

ВКПб Орталық комитетінің Орталық Азия бюросының 1935 ж. мәліметі бойынша жергілікті партия және кенес органдарының өкілдері тарапынан босқындардың көшіп кетуін тоқтатуға және қоныс аударушыларды барған жерлерінде шаруашылықтарға орналастыруға арналған іс-шаралар жүргізілді. Осы мақсатта: Шарджауда (ТКСР) көшпелілерге азық-түлік тарату және медициналық көмек көрсету пункттері ұйымдастырылады. Көне Үргеніш ауданында (ТКСР) 9 жаңа ТОЗ ұйымдастырылып, босқындардың бір бөлігі колхоздарға кірді. Барлығы 736 қожалық орналастырылды [12: 2 п.]. Барлық қожалықтарға суармалы жер учаскелері берілді, жұмыс малын сатып алуға кредиттер беріледі, егін егуге керекті материалдармен қамтамасыз етіледі. Мысалы, Порсин ауданында (ТКСР) 786 көшпелі шаруа қожалықтары есепке алынып, олардың 493-і орналастырылады. Ал, қалған 293 шаруа қожалықтары аудан көлемінде жұмыс іздеп көшіп жүрді. Теджен ауданында (ТКСР) 984 кожалық, Шарджауда – 248 қожалық жерге орналастырылады [12, 3 п.].

Қарақалпақстанға барған 2757 қазақ босқындарының қожалығы жаңадан ұйымдастырылған 34 колхозға, ал 996 қожалық ескі колхоздарға кіреді. 123 қожалық балық аулау артельдерінде, 150 адам Қызыл кеткеннің құрылысында жұмыс істейді.

Сондай-ақ, 1935 ж. босқын казақтарды Қазақстанға қайтару шаралары да қатар жүріп отырды. Мысалы, осы жылы Қарақалпақстаннан Қазақстанға жөнелтуді сұраған 6000-нан астам коныс аударушы қожалықтары анықталды. Осыған байланысты, Қарақалпақ облыстық комитеті Қарақалпақстанда жүрген қазақтар санының көптігіне орай, оларды орналастыруға қажетті жер мен су ресурстарының жоқтығына сүйене отырып, оларды дереу Қазақстанға жіберу туралы мәселені қозғады.

Орталық комитеттің Орталық Азия бюросы осыған орай: Қазақстаннан қоныс аударатын қазақтарды іріктеу жөніндегі комиссия құру, жергілікті ұйымдардың саяси жұмысын күшейту, Нан туралы және қожалықтарды орналастыруға бөлінген акшаны игеру туралы мәселерді карастырып, шешуге күш салады [12, 1-2 пп.].

1935 ж. желтоқсан айында сыртқа кеткен қазақ (откочевники - АҚ) қожалықтарын қайта оралтуды жүзеге асыруға байланысты 1936 ж. арналған төмендегі шаралар көзделді: 1. Қоныстанушылар ауыл шаруашылық салықтары мен кез-келген алым түрінен босатылды. Облыстар мен өлкелерде қайта оралатын қазақтардың қоғамдастырылған мүлкін қайтарып беруге міндеттейтін шешімдер қабылдаттыру; 2. Қоныс аударушы қожалықтарды орнықтандыру мен малмен қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүргізу; 3. Қазақстанға қайта оралатын

қожалық санын шамамен анықтау; 4. Қазақтардың қайта оралуын ұйымдастыратын бригадаларды осы облыстар мен өлкелерге жіберу; 5. Материалдық ресурс мәселесін шешуге байланысты мемлекеттік және жергілікті бюджеттен қаржы бөлдіру; 6. Техникалық мәдени дақылдар егілетін аудан басшыларымен қайта оралушыларды отырықшыландыру мәселесін шешу; 7. Отырықшыландыру жоспарымен байланыстыру [11, 1 п.]. Қайта көшіп келгісі келген қожалықтардың арыздарынан олардың көпшілігінің Башқұрт республикасында, Горький, Саратов, Куйбышев, Сталинград, өлкелері мен Тамбовта екендігі көрінді. Ол жерлерді қазақтар жаңа құрылыс алаңдарында, заводтар мен ұжымшарларда жұмыс істеді. Сонымен бірге, Қазақстанға қайтудан бас тартқан шарушылықтар да болды [11, 7-п., 12-п.].

1935 ж. 14 желтоқсандағы ЖХКК-нің Отырықшыландыру және қоныс аудару бөлімінен Қаратаевтың қол қойған мәлімдемесінде Қазақстаннан сырт жерлерде жүрген және Қазақстанның аудандарына қоныстанғысы келетін 25085 қазақ шаруашылығы есептелінді. Оның ішінде, Қызылорда, Қазалы, Қармақшы, Әулиеата, Түркістан, Жаңақорған, Шымкент, Арыс және т.б. Қазақстанның оңтүстік бөлігінен кеткен 13992 қожалық Өзбек КСР-ның Қашқадария, Сурхандария, Наманган, Қоқан, Әндіжан округтарында, Түрікменстанның Мукры, Сурча стансаларында және Қырғызстандағы Оштың оңтүстік бөлігі мен Үшқорған жағында; Алматы, Қарағанды, Қарқаралы мен Шығыс Қазақстанның 8050 шаруашылығының Қырғызстанның Қарабалта, Алатао, Қайыңды стансаларында, Талас өзенінің солтүстік бөлігінде, Батыс Сібір өлкесі мен Тәжік КСР-ның Қорғантөбе, Жылыкөл, Ширабат, Сталинабат, тіпті Шығыс Қазақстаннан Қиыр Шығыста, Владивостокта; Батыс Қазақстаннан кеткен 3000 қожалықтың Орта Волга бойында және Шалқардан кеткен 43 қожалықтың Қарақалпақстанда жүргені тіркелген [11].

Көрші республикалардағы қазақтарды қайтару үшін жасақталған бригадаларды: Волга бойына – Ғылым комиссариатынан Меңдешов, Досқалиев; Өзбекстан мен Тәжікстанға – Бас арбитраж Байдаулетов пен Сатыгулов; Қырғызстанға – Жер Халық комитетінен О. Карибаев пен Х. Қаратаев; Сібірге – Юстиция Халкомынан К. Юсупбеков пен ХКК-нен П. Биттеев; Қарақалпақстан мен Түрікменстанға – Әлеуметтік қамсыздандыру Халкомынан Абдрахманов, Бақшашарап трестінен Жаңузақов, Алматы облыстық жер басқармасынан Адамов басқарып баратын болып шешілді [11, 4, 7 пп.].

Осы шаралар 1936 ж. 1 қаңтарынан бастап жүзеге асырыла бастады. Қайта оралған қожалықтар ұжымшарлар мен кеңшарларға, өнеркәсіпке орналастырылды. Сонымен бірге жаңадан келгендерден ТОЗ-дар құрылды. Орналастырылмай қалып, әуре-сарсаң болған қожалықтар да кездесті. Қалай дегенмен, қайта оралғандар Қазақстанның демографиялық ахуалының түзелуіне әсер етті. Халық саны 1935 ж. бастап өсе бастады. Қайта оралған қазақтардан басқа ұйымдастырылған түрде еңбек ресурстарын өнеркәсіпке, көлікке, құрылыс пен халық шаруашылығының басқа салаларына тарту арқылы халық саны, соның ішінде қазақтардың қала халқының құрамындағы үлесі өсе бастады.

Айта кету керек, КСРОда 1930-жж. басталған еңбек ресурстарын ұйымдасқан түрде қабылдау (оргнабор) науқаны республикаға бағытталған сыртқы көші-қонды өрістетті [13]. Өндірістендіру Қазақстанға басқа республикалардан адамдар топтарының ұйымдасқан түрде көшіріліп әкеліп, қоныстандырылуымен қатар жүрді. Қазақстанның халық шаруашылығындағы өнеркәсіптің үлесі 1926 ж. 10,5% болса, 1937 ж. қарай оның көлемі 58,9%-ға өсті. Егер 1927 ж. Қазақстанның ауыр индустриясындағы жұмысшылар саны 10,2 мың адам болса, 1939 ж. қарай 192,4 мың адамға жетті [13, 225 б.].

Өндірістендіру нәтижесінде Қазақстанның өндіріс өнімінің көлемі барлық аймақтарында бірдей көтерілмегені түсінікті. Бұл жылдары ерекше Орталық және Шығыс Қазақстанның шаруашылығын жаңаландыру шаралары жүргізілді. Мысалы, 1913 ж. салыстырғанда 1939 ж. өндіріс өнімі Қазақстан бойынша 16,9 есе өссе, Солтүстік Қазақстанда – 6,8 есе, Қарағанды облысында – 27,7 есе өскен [14, 15 б.]. Бұл жерде Солтүстік Қазақстанның өндірістендірілу деңгейі төмен көрінгенімен, Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда жоғары. Қазақстандағы өнеркәсіп құрылыстарына стихиялы түрде мыңдаған адамдардың келуімен бірге, 1931-1940 жж. жұмыс күшін ұйымдасқан түрде әкелу жолымен 509 мың адам әкелінді [15].

Өндірістендіру қажетіне Қазақстанның ауыл шаруашылығын ұжымдастыру арқылы қаржы табу шаруалардың еңбегін қанау, дәстүрлі шаруашылықтың бұзылуымен жалғасқан ашаршылық пен ауа көшудің демографиялық апатты салдарларымен қатар жүрді. Ашаршылық жылдары Қазақстанға сырттан қанша келімсектер келіп, олардың қаншасы тұрақтамай кейін қайтып кетті, сондай-ақ, республикадағы ауыр ахуалға байланысты қанша орыс, украин және т. б. ұлттар көрші республикаларға және Қытайға (ұйғырлар мен дүнгендер) ауып кетті деген сұрақтар анықталмады. Ал онсыз басқа ұлттардың адам шығыны туралы айту қиын. Біздің білетініміз: 1928-1930-жж. Қазақстанда жаңа кеңшарлар құру үшін еліміздің басқа өлкелерінен 65 мың (260 мың адам) келімсектер отбасылары келген. Сонымен қатар 1931-1937 жж. Қазақстан кәсіпорындарында жұмыс істеуге ұйымдастырылған (оргнабор бойынша) сан мыңдаған жұмысшылар және бар. Бұлардың бәрін қосып есептегенде келгендердің жалпы саны 642 мың адам. Бірақ бұлардың бәрі бірдей Қазақстанда тұрақтап қалмаған, кем дегенде 35%-ы, яғни 224,7 мың адам Қазақстанға тұрақтамай кейін қайтып кеткен. Бұлардың басым көпшілігі украиндар мен орыстар еді. Архив деректері біраз қазақстандық украиндардың аштықтың күшейе түсуіне байланысты біздің республикадан кетіп қалғанын көреміз. Сондықтан да екі санақ мәліметі арасындағы Қазақстандағы украиндардың жетіспеушілігі 310,2 мың адам болды. Мұндай көші-қон басқа халықтарда да орын алды. Нақты деректер мынаны көрсетеді: көптеген украиндер, белорустар және мордвалар Ресейдің Қазақстанмен көрші аймақтары мен облыстарына аштықтың қарсаңында-ақ, дәлірек айтсақ, 1928-29-жж. Қазақстандағы зорлап ет және астық даярлау, сондай-ақ 1930-1931 жж. кулактарды тап ретінде жою науқандары кезінде кетіп қалған. 1937 ж. санақ Қазақстанмен көрші Алтай өлкесінде, Башқұрт АКСР-де, Бурят Монғолиясында, Иркутск, Новосибирск, Омск, Саратов, Свердлов облыстарында 1937 ж. 1437,8 мың украиндықтар мен 123,8 мың белорустар мекендегенін көрсетіп берді. Бұлардың біразы бұрынғы қазақстандықтар еді [16, 199 б.].

Сондай-ақ, Қазақстанмен көрші аймақтарда қазақтар саны өсті. 1926 ж. санақта КСРО-да 3968289 (қалада 86595, ауылда 3881694 адам) қазақ тіркелсе [17, 2-3 п.]. Соның ішінде қазақтар Қазақстанда 3575298 адам (сәйкесінше, 73797, 3501501), басқа республикаларда 392991 адам болды [17, 2-3 п.]. Соның ішінде: РКФСРде 166111 (қалада 5421, ауылда 160690), Түрікменстанда 6457 (сәйкесінше, 471, 5986), Өзбекстанда (Қарақалпақстан қазақтарымен (111898 адам) бірге есептелген) 216856 (сәйкесінше, 6252, 210604 адам), Тәжікстанда (сәйкесінше, 1641 (59+1582) адам, Қырғызстанда 1749 (сәйкесінше, 472, 1277) адам қазақ есептелінді [17, 2-3, 103, 109, 117 пп.].

1937 ж санақта КСРО-дағы қазақтар 2 862 458 адам, Қазақстанда 2181520, басқа республикаларда 680958 адам болып есептелді. Соның ішінде: РКФСРде 292099 адам, Түрікменстанда 60035 адам, Өзбекстанда 287214 адам,

Тәжікстанда 12396 адам, Қырғызстанда 25541 адам қазақ есептелді [18, 7 п.]. Осы есептер бойынша салыстырсақ, екі санақ арасында КСРОдағы қазақтар 1105831 адамға (1,4 есе), Қазақстанда 1393778 адамға (1,6 есе) кеміген. Басқа республикадағы қазақтар 287967 адамға немесе 1,7 есе ғана өскен.

Көршілес республикалардағы қазақтар санының екі санақ арасындағы өсіміне көз жүгіртсек: РКФСРде 155516 адамға немесе 2,1 есе; Түрікменстанда 53578 адамға немесе 9,3 есе; Өзбекстандағы саны 70358 адамға немесе 1,4 еседей өскен, Тәжікстанда 10755 ке немесе 7,5 есе; Қырғызстанда 23792 адамға немесе 14,6 есеге өскен. Шетте жүрген қазақтардың сол республиканың барлық халқының құрамындағы үлесі 16%-дан 41%-ға дейін көтерілгенін көреміз [16, 199].

Шетке кеткен қазақтардың қайта оралу үдерісі соғыс алдындағы жылдарға дейін жалғасып, біртіндеп тоқтады. Бұдан кейінгі қазақтардың Отанына қайта оралуы 1954-1962 жж. және Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан соң жүзеге асты.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Орынбор облысының біріккен мемлекеттік архиві (ООБМА). 267 қ. 3 т. 48 іс.

2 ҚР ПМ. 141-қ. 1-т. 5149-іс.

3 ҚР ОММ. 1179-қ. 1-т. 12-іс.

4 ҚР ОММ. 1179-қ. 1-т. 58-іс.

5 ҚР ОММ. 1179-қ. 1-т. 23-іс.

6 «Совершенно секретно»: Лубянка - Сталину о положении в стране (1922-1934 гг.): Сб. док. в 10 т. Т. 10 в 3 ч. 1932-1934 гг. Ч. 2 / Ин-т рос. истории РАН, Центр. архив ФСБ РФ, Науч. совет РАН «История международных отношений и внешней политики России», Науч. совет РАН по истории соц. реформ, движений и революций, Комис. историков России и Финляндии, АН Финляндии, Фонд Дом наук о человеке (Франция); Отв. ред. А.Н. Сахаров, В.С. Христофоров. - М.: ИРИ РАН, 2017. - 712 с.

7 Гольцев В.А., Абиров Х.И. Откочевники // Шекарашы. – 2003. – №6. – С. 67.

8 Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана. – Алматы: Западно-Казахстанский центр истории и археологии, 2004. – 408 с.

9 Каржаубаева А.И. Роль миграционных процессов в формировании современного населения Западного Казахстана: автореф. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2003. – 29 с.

10 Материалы СПО ПП ОГПУ КазАССР об экономическом положении в республике. Не ранее 1 апреля 1934 г. Справка о продовольственном положении в крае / https://istmat.org/node/62202

11 ҚР ОММ. 5-қ. 16-т. 365-іс.

12 РМСӘТА. 62-қ. 2-т. 3239-іс.

13 История рабочего класса советского Казахстана // В 3-х т. – Алма-Ата: Наука, 1987. – Т. I. – 430 с.

14 Казахская ССР за 20 лет. Статистический сборник. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1940. – 90 с.

15 Асылбеков М.Х. Демографические исследования в Казахстане // Вестник АН Каз ССР. – 1991. - №3. – С. 48.

16 Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің тарихи демографиялық қыры (1917-1991 жж.). – Алматы: Елтаным, 2011. – 416 б.

17 РМЭА. 1562-қ. 336-т. 1278 іс.

18 РМЭА. 1562 қ. 336-т. 145 іс.

2.4. Қазақстандағы ашаршылық пен босқыншылықтың демографиялық салдарлары

А.И. Құдайбергенова

Қазақстандағы XX ғ. басындағы халық санының динамикасын анықтау үшін 1917-1918 жж. Түркістан Республикасындағы ашаршылықтан кейінгі сандық өзгерістерден бастайық. Қазақ жерінде 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншудан басталып, 1917-1918 жж. Түркістандағы ашаршылық пен шет елдерге босқыншылықпен ұласқан; «Жұт жеті ағайынды» демекші халық арасында тараған жұқпалы аурулар мен індеттер, 1921-1922 жж. ашаршылық пен босқыншылықтың жалғасуы; 1929-1933 жж. ашаршылық пен босқындар тағдыры, олардың қайта оралуы, міне XX ғ. басында қазақ даласына демографиялық апат әкелген зауалдар болды.

Осы жылдардағы халықтың жалпы сандық динамикасына келсек, ол төмендегідей: 1917-1920 жж. Қазақстан халқының саны 6 218, 3 мың адамнан 4 679, 8 мыңға, ал 1923 жылы 3 786,9 мың адамға түсті. Яғни, Қазақстан халқы 1917-1923 жж. 2431,3 мың адамға кеміді. Ал, бұл жылдар арасында 1917-1918 жж. Түркістан Республикасындағы ашаршылықтың болғанын білеміз, бұл жылдары қазақ үштен бірінен айрылды: 34,1%-ға кеміді. Қазағы көп кеміген – Шымкент уезі 55% халқынан айрылды.

Түркістан Республикасының құрамындағы қазақ жерлеріндегі қазақтардың азамат соғысы жылдары мен 1917-1918 жж. ашаршылықта жоғалтқан санын анықтауға төмендегі мәліметтер көмек береді.

Кесте 1 – Түркістан Республикасы құрамында болған қазақ жерлеріндегі қазақтар динамикасы (1917-1920 жж.) [1].

Уездер	1917 ж.	1920 ж.	1917-1920 жж. өсім	
			абс.	%%
Алматы	160529	128313	-32216	- 20,1
Лепсі	129876	74789	-55087	-42,1
Талдықорған	167478	123584	-43894	-26,2
Жаркент	46592	52804	6212	+13,3
Әулиеата	195899	110013	-85886	- 43,8
Шымкент	277598	124951	-152647	-55,0
Перовск	151458	92740	-58718	- 38,8
Қазалы	122644	73436	-49208	-40,1
Түркістан	-	44214	44214	-
Барлығы	1252074	824844	-427230	-34,1

Түркістан Республикасы құрамында болған екі облыстың уездеріндегі қазақтардың санын салыстырсақ, 1-кестеден байқағандай, 1917-1920 жж. 427230 адамға немесе 34,1%-ға кеміген. 1917 ж. Шымкент уезінің құрамында Түркістан

бірге есептелінгендіктен қазақтардың саны бірге берілген, ал, 1920 ж. санақта бөлек есептелінген. Сондықтан, Шымкент уезі мен Түркістан уезін 1920 ж. біріктіріп есептеп, 1917 ж. салыстырғанда қазақтың 108,5 мыңдай адамға немесе 39,0%-ға кемігені анықталды. 1-кестеден Жаркент уезінде ғана қазақтар 13%-ға өсіп, қалған уездердің барлығында кемігенін, қазақтардың 1917-1918 жж. ашаршылықта өзінің санының үштен бірден аса бөлігінен айрылғанын байқаймыз.

Түркістан АКСР-і 1924 ж. 27 қазанда Орта Азияда жүрген ұлттық-мемлекеттік межелеу нәтижесінде пайда болған ұлттық мемлекеттердің құрылуының негізінде жойылды. Түркістан АКСР-інің құрамындағы Жетісу және Сырдария облыстарының қазақ жерлері Қазақ АКСР-нің құрамына кірді. Жалпы алғанда Қазақ АКСР-не Түркістан Республикасы аумағының 39,9% жері тиді (602,7 мың кв. км.) [2]. Қазақ АКСР халқы Түркістан АКСР-нің 23,3% халқы есебінен 1421023 адамға өсіп, барлығы 5230 мың адам болды. Қазақтар үлесі 46,6 %-дан 61,3%-ға көтерілді [3]. Қазақ АКСР құрамына енген Сырдария облысынан: Қазалы уезінде 84964 адам, Ақмешіт уезінде 102771 адам, Түркістан уезінде 79800 адам, Шымкент уезінде 199460 адам, Әулиеата уезінен 147104 адам, Ташкент уезінен енген болыстарда 116189 адам, Мырзашөл уезінен енген болыстарда 11688 адам, Самарқан облысының Жизақ уезінен енген болыстарда 10653 адам, Жетісу облысынан: Алматы уезінде – 232358 адам, Жаркент уезінде 86334 адам, Лепсі уезінде 131529 адам, Пішпек уезінен енген болыстарда 52018 адам, Талдықорған уезінде 166155 адам, барлығы Жетісу облысынан 668394 адам есептелінді [4].

Сол жылдардағы аштықтан еңсесін көтермеген халық 1921-1922 жж. ашаршылық қамытын қайта киді. Бұл жылдардағы ашаршылық құрбандары жайлы әр түрлі мәліметтер кездеседі: «КазОАК-нің Төрағасы С. Меңдешевтің 1922 жылғы 8 шілдеде КазОАК-нің III сессиясында жасаған баяндамасында: «Осы жылдың көктемінде алынған толық емес деректе Қазақстан бойынша аштыққа 2 832 000 адам ұрынған. Өлген адам: 1 млн 700 мың адам (Ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының төрағасы Мұхтар Әуезовтің мәліметі бойынша). Ал 2010 ж. 12 желтоқсанында Украинаның «Наше слово» газетінде (украин тілінде) шыққан казақстандық саясаттанушы Данила Бектұрғановтың «Ұлы жұт немесе қазақ даласындағы Ұлы аштық қырғыны жайлы» мақаласында «Кеңестік деректер 1 114 000 адам өлді» деп көрсеткен дейді [5].

1921-1922 жылдары Өлкелік партия комитетінің БК(б)П Орталық комитетіне жолдаған ресми ақпараты бойынша аштыққа ұшырағандардың саны 2 млн 286 мың 591 адам болып, соның 68,2% – 1,5 млн қазақ өлген», деген мәліметтер бар. Осы жылдардағы халық санының динамикасына сөз берелік: 1917-1920 жж. Қазақстан халқының саны 6 218, 3 мың адамнан 4 679, 8 мыңға, ал 1923 жылы 3 786 910 адамға түсті. Яғни, Қазақстан халқы 1917-1923 жж. арасында 2431,3 мың адамға кеміді [6].

Айта кету керек, 1921-1922 жж. ашаршылық, өлім-жітім, апатқа ұшыраған аудандардан халықтың көші, олардың жастық-жыныстық құрылымына тигізген әсерін зерттеу тағы да күн тәртібінде тұрған ірі мәселе!

1921-1922 жж. мен 1929-1933 жж. екі алапат ашаршылық жылдарының арасында Қазақстан бойынша ашаршылыққа ұшырады деген уездер, аудандар және губерниялар туралы мәліметтер көптеп кездеседі. Мысалы, 1924 ж. Атбасар мен Ақмола уездерінің оңтүстік аудандарында 35 мың адамның аштыққа ұшырағандығы [7], 1924 ж. Ақтөбе, Темір уездерінде астықтың шықпай қалғандығына байланысты халықтың ашаршылыққа ұшырағандығы, Ақтөбе губерниясында 4340 қожалық ашаршылыққа ұшырап, азық-түлік қажет еткендігі [8] жайлы мәліметтер кездеседі. Астықтың шықпауы бұл жылдары да губерния халқын

боскындыққа ұшыратты. Тамақ пен жалақы іздеп, халық басқа жерлерге кетеді. Мысалы, темір жол құрылысы жүріп жатқан Жетісу бойына, Ақбұлақ ауданының Васильевск ауданының тұрғындары Дон облысына кеткен. «4 отбасы ашығуда, тұтастай ауыл ашығуда» деген хабарлар көптеп кездеседі. Ақбұлақ ауданының партиялық ұйымы секретарымен бірге Жетісуға, Ташкент өлкесіне жалақы мен тамақ іздеп кеткен оқиғалар болған [8]. 1925 ж. 6 қаңтарына қарай Ақтөбе губерниясында халықтың 20-25%-ы аштыққа ұшырады деген есеп бар. Халық Төменгі Оралға, Қазақстанның оңтүстігіне жұмыс пен тамақ іздеп кетіп жатты [8]. 1927 ж. 10 наурызда Қазақ ОАК Алқасының отырысында Шымкент уезінің 120 шаруашылығының Алматы уезіне көшкені жайлы да мәлімет кездеседі [9]. 1926 ж. 3 сәуірде Жетісу губерниясы Алматы, Шу уездерінің 8 болысының орыс, тараншы және қырғыз (қазақ) ауылдарында астықтың шықпай қалғандығына байланысты халықтың ашығып жатқаны жайлы ХКК-нің төрағасы Рыковке, Қазақ орталық атқару комитететіне, БОАК-нің Жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясының төрағасы Серафимов, Қазақ ОАК-нің губернияларды тексеру комисиясының төрағасы Жандосов қол қойған жеделхат, одан бөлек, 1926 ж. 4 сәуірде БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің жауапты хатшысы Каширин мен Қазақ АКСР ХКК төрағасының орынбасары Сергазиев қол қойған хат жіберіліп, көмек сұрайды [10]. Сонда 1920-жж. өн бойында қазақтардың ашаршылықтарға ұшырауы тыйылмай, ақыр соңында 1929-1933 жж. Қазақстан халқының жартысынан астамын алып кеткен апатты ашаршылыққа ұласты.

Осы мәселені зерттеу 1988 ж. Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтында өткен «Қазақстандағы және Орта Азия республикаларындағы ұжымдастыру: тарихы және тағылымы» деген тақырыпта бүкілодақтық конференцияда институт директоры, академик М.Қ. Қозыбаев Қазақстанда «1930 жылдардағы халықтың аштан қырылуын зерттеу керек» бастамасын көтергеннен бері басталды. 1991 ж. 11 қарашада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1920-1930 жж. ашаршылық және жаппай қуғын-сүргін себептерін зерттеу жөніндегі арнайы комиссиясы құрылып, (құрамында белгілі тарихшылар мен заңгер ғалымдар бар), 1992 ж. шешімі жарияланды. Шешімнің қорытындысында айтылған: «1929-1933 жж. ашаршылық нәтижесінде қазақтардың жартысына жуығы (49-52%) қырылды, 2,2 млн-ға дейін құрбан болды» [11] деген мәлімет әлі күнге дейін өзгерген жоқ.

Содан бері, 1929-1933 жж. ашаршылық мәселесін қарастырған қаншама еңбектер шықты. Қазақстандық, ресейлік, украиндық, алыс шетелдік ғалымдардың еңбектерінде ашаршылықтар, ерекше 1929-1933 жж. ашаршылық мәселесі талқыланды. Осы кезеңнің тарихындағы «ақтаңдақтарды» зерттеулерді «Орта Азия республикалары мен Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру: тәжірибе және проблемалары» атты аймақтық пікірталас жинағынан бастауға болады. [12] Бұдан кейін қазақстандық тарихшылар: М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, Қ.С Алдажұмановтың бірлескен монографиясы жарияланды [13]. Шаруалар қарсыласуы туралы жабық архивтердің деректері негізінде Қ.С. Алдажұмановтың жеке еңбегі жарық көрді [14]. Т.О. Омарбеков [15, 16], М. Тәтімов [17], М.-А.Х. Асылбеков [18], т.б. тарихшылардың зерттеулері ашаршылық себептерін, салдарлары, нәтижесін анықтауға арналды. Архив қорларының бірте-бірте ашылуының арқасында XX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлттық апаттың шынайы тарихын көрсететін құнды деректерді қамтыған құжаттар жинақтары жарық көрді [19-22]. Соңғы жарық көрген зерттеулердің арасынан Сара Камеронның еңбегін де атап кету керек [23].

Алайда зерттеушілер арасында сандық зардаптарын көрсетуде, демографиялық салдарларын нақтылауда біртұтас пікір жоқ. Әлі күнге дейін XX ғ. бірінші жартысында Қазақстанда болған әлеуметтік катаклизмдерді біртұтас қарастырған, халық саны мен сапасын шектеу негізінде ұлттық болмысымыздың өзгеруіне әкелген процестер толыққанды ашылған жоқ.

Қазақстандағы 1931-1933 жж. қасіреттің көлемін анағұрлым нақты көрсететін мәлімет ҚазХШЕБ-ның 1930-1936 жж. ауыл халқының құрамының динамикасы жайлы есебі болып табылады. Ол бойынша Қазақстан ауылдарының халқы: 1930 ж. – 5873,0 мың адам, 1931 ж.- 5114,0 мың адам, 1932 ж.- 3227,0 мың адам, 1933 ж. – 2493,5 мың адам, 1934 ж. – 2681,8 мың адам, 1935 ж. – 2926,0 мың адам, 1936 ж. – 3287,9 мың адам болып есептелген. 1930-1936 жж. арасында 2 585,1 мың адамға кеміген [16].

Тарихшы Т.О. Омарбековтың еңбектерінде 1929-1931 жж. Қытаймен шекаралас Қазақстан аудандарындағы халықтың саны шамамен 87000 адамға кемігенін, ал, енді ОГПУ-дың мәліметтеріне қарағанда, 1932 ж. 1 қаңтарына дейін Қазақстанның Батыс Қытайға өтіп кеткен казақтарының саны 60 000-ға тарта адам болғанын көрсетеді. М.Қ. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов, Ж.Б. Әбілқожин Қытайда, Моңғолияда, Ауғанстанда, Иранда 200 000 қазақ босқындарының Қазақстанға қайтпай, сонда қалып қойғаны туралы айтады [13]. Ашаршылық жылдары республикадан 1130 мың адам кетті, олардың 676 мыңы қайтпады, 454 мыңы кейінірек Қазақстанға қайта оралды [11].

1929-1933 жж. ашаршылық тақырыбын зерттеуші белгілі ғалым Қ.С. Алдажұмановтың айтуынша ОГПУ органдары қызметкерлері мәліметтерді нақты жинақтап отырған. Олардың есебіне сүйенсек, 1930-1933 жж. республика халқы 2 млн 531 мыңнан аса адамнан айрылған. Оның өзі толық мәлімет болмауы мүмкін [3].

Кеңестік қуғын-сүргін мен ашаршылықтардың демографиялық салдарларын санақтар қалай тіркеді деген сұраққа келсек, 1932 жылдан бастап үш рет жүргізілмекші болып, кейінге ығыстырыла берген, 1937 ж. бір күндік болып өткен халық санағы бұл сұмдықты жасыра алмады. Санақ та, санақты ұйымдастырған адамдар да қуғын-сүргінге ұшырады (КСРО-ның статистикалық қызметі талқандалды). 1918-1941 жж. арасында КСРО-ның статистикалық қызметін басқарған 8 адамның: Попов, Осинский, Минаев, Милютин, Краваль, Верменичев, Саутин, Старовский – бесеуі атылды. «Зияндық» жасады деп қуғындалып, басқа да статистер жазаланды: М.В. Курман, О.А. Квиткин, Л.С. Бранд и И.М. Обломов (демограф-статистер).

Мұндай «тазалау» республикалар бойынша да жүрді. Қазақстан статистикалық есеп қызметінің басшысы М.С. Саматов тұтқындалды, атылды. Облыстық және жергілікті жерлердегі ХШЕБ-ның басшылары мен тіпті жай қарапайым қызметкерлері де орынан алынып, тұтқындалды. «Санақты қате» деп есептеген КСРО ХКК-нің 1937 ж 25 қыркүйектегі Қаулысынан кейін Қазақ ХШЕБ бастығы Г.А. Лабода, Ақтөбе облысы есеп басқармасының бастығы А.Н. Сазонов, Шығыс Қазақстан облысы есеп басқармасының бастығы Нұршанов, Солтүстік Қазақстан облысы есеп басқармасының бастығы Ш.Я. Голант және т.б. орнынан алынып, түрмелерге тоғытылды. Қарапайым қызметкерлер де жазадан тыс қалмады. Мысалы, Алматы облысы халық шаруашылық есебі басқармасының 50 қызметкері 1937 ж. екінші жартысы – 1938 ж. 1 тоқсанында әртүрлі себептермен жұмыстан шығарылған [4].

110 том етіп жарияламақшы болған, бірақ мәліметтері «қуғын-сүргінге» ұшырап, жойылып жіберілген 1937 ж. санақ халықтың, әсіресе, ауыл халқының кемуін паш етті. Санақтың алғашқы қорытындылары бойынша 1926-1937 жж. екі санақ арасында Қазақстанның ауыл халқы 1831,6 мың адамға кеміген. Қала халқы керісінше, 686831 адамға өскен екен.

Кеңестік тоталитарлық жүйенің халыққа жасаған қиянатының нәтижесін көрсеткен 1937 ж. санағы негізінен ауылды жерлерде тұратын қазақ ұлтының қасіретіне куә. 1926 ж. санақ бойынша КСРО бойынша қазақтар ауылдарда 3881694 адам, қалаларда 86595 адам болып есептелді [24, 2-3 пп.]. Қазақстанда барлығы 6103979 адам (қалаларында 549074 (258989 ер, 260085 әйел), ауылдарында 5554905 (2851252 ер, 2703653 әйел) адам), оның ішінде қазақтар ауылда 3501501, қалада 73797, барлығы 3575298 (1882482 – ер, 1692816 – әйел) адам есептелді [24, 2-3, 8, 124 п.].

1937 ж санақ КСРО-дағы қазақтардың санын 2 862 458 адам деп көрсетті. 1937 ж. қазақтар Қазақстанда 2181520, басқа республикаларда 680958 адам болып тіркелді [25, 7 п.]. Соның ішінде: РКФСРде 292099 адам, Түрікменстанда 60035 адам, Өзбекстанда 287214 адам, Тәжікстанда 12396 адам, Қырғызстанда 25541 адам қазақ есептелді [РМЭА. 1562 қ. 336-т. 145 іс., 7 п.]. Осы есептер бойынша салыстырсақ, екі санақ арасында 1935 ж. кейінгі табиғи өсімді қосқанда да екі санақ арасында КСРОдағы қазақтар саны 1105831 адамға (1,4 есе) азайған. Соның ішінде Қазақстанда 1393778 адамға (1,6 есе) кеміген. Басқа республикадағы қазақтар 287967 адамға немесе 1,7 есе ғана өскен.

Қазақстан халқының ашаршылық болған жылдарды қамтитын кездегі сандық өзгерістері туралы архив құжатының біріне көз жүгіртейік:

2 кесте - Қазақстан халқының 1927-1935 жж. динамикасы [26, 27-п.].

Жылдар	Қала халқы		Ауыл халқы		Барлығы	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
1927	483,5	7,8	5690,2	92,2	6173,7	100
1928	510,8	8,1	5823,7	91,9	6334,5	100
1929	549,5	8,5	5906,7	91, 5	6456,2	100
1930	601,4	9,0	6086,7	91,0	6688,2	100
1931	732,7	10,9	5973,8	89,1	6706,5	100
1932	1072,1	18,2	4805,6	81,8	5877,7	100
1933	1171	23,9	3735,1	76,1	4906,1	100
1934	1311,6	25,0	4805,6	75,0	5239,5	100
1935	1437,6	25,5	4212,4	74,5	5650	100

2 кестеден көретініміз, Қазақстан халқы 1931 ж. дейін өскен: 1927 мен 1931 жж. арасында 532,8 мың адамға. 1931 мен 1933 жж. арасында 1800,4 мың адамға күрт кемігенін көрсетеді. Ал, республиканың ауыл халқы 1927-1935 жылдар аралығында 1477,8 мыңға кеміген. Бұл жылдық статистикалық мәліметтер бойынша көрсетілген кесте. Ал, 1926-1937 жж. санақтар бойынша мәліметтер - 1831556 адамға үнірейген кері сальдоны көрсетеді:

3 кесте – 1926-1937 жж. Қазақстан халқының өсімі (сальдосы) [27]

Облыстар	Барлығы	Ауыл	Қала
Қазақ КСР	-1144725	-1831556	686831
Ақтөбе	-76283	-108305	32022
Алматы	-148081	-140418	-7663
Шығыс Қазақстан	-198349	-285919	87570
Гурьев	-31841	-82601	45760
Батыс Қазақстан	-101883	-111425	9542
Қарағанды	15339	-103280	118619
Қызылорда	-86903	-117555	30652
Қостанай	-172299	-181772	9473
Павлодар	-158551	-166034	7483
Солт. Қазақстан	300073	201357	98716
Оңт. Қазақстан	-171769	-255078	83409
Алматы қ.	175997	20817	145380

3 кестеден көретініміздей, өндірісі дамытуға бағытталған Қарағанды мен Солтүстік Қазақстан облыстары ғана халық санының өсімінде оң айырым көрсеткен. Басқа облыстардағы теріс айырым терең шыныраудыы белгілейді. Ол бойынша, 1926-1937 жж. санақтар арасында Шығыс Қазақстан (285919 адамға), Оңтүстік Қазақстан (255078 адамға), Алматы (140418 адамға) облыстарының ауыл халқы күрт кеміді.

Осы деректің мәліметтерін диаграмма түрінде көрсетсек, облыстар бойынша халықтың қала және ауылдар бойынша динамикасы төмендегідей. 1 диаграммадағы түстер халық санының екі санақ арасындағы өсім динамикасын бейнелейді: көк түспен - барлық халықты, қызыл түспен - ауыл халқын, жасыл түспен - қала халқының облыстар мен қала бойынша динамикасын көрсеттік:

1 диаграмма 1926-1937 жж. Қазақстан халқы өсімінің динамикасы [7]



1 диаграммадан көретініміз: қала халқының өсімі, ауыл халқының құлдырауы және Қазақстан халқының (сол екеуінің айырымы) ол да төмен. Диаграммада барлық көрсеткіштер жағынан өсімді көрсеткен Солүстік Қазақстан облысы мен Алматы қаласы екені көрінеді, ал Қарағанды облысында қала халқы өскен. Басқа барлық облыстардың халқы кеміген. Әсіресе Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарының халқы күрт кеміген.

Шығыс Қазақстан (285919 адамға), Оңтүстік Қазақстан (255078 адамға), Алматы (140418 адамға) облыстарының ауыл халқы күрт кеміді.

1937 ж. ауыл халқы 1926 ж. мөлшерінің 69,1%-ына ғана жетті, ал қала халқы 246,9%-ға өсті [8]. Ауылда ер адамдар үштен бірінен (915,5 мыңнан аса адамынан) айрылып, 1926 жылға мөлшерінің 68,0%-на төмендесе, әйелдер 802,9 мың адамға кеміп, 70,3%-ға түскен.

Екі жылдан соң, 1939 жылы санақ қайта өткізілді. Ол 1939 жылғы санақ та елде қазақтың саны 1926 жылмен салыстырғанда 3575,3 мың адамнан 2327,6 мың адамға дейін 1млн. 244 мың адамға, яғни, 35,8 %-ға кемігенін [28], қазақтың үлестік көрсеткішінің 1926 жылдағы 58,5%-дан 1939 жылғы 37,8%-ға немесе 20,7%-ға қысқарғанын көрсетті. XIX г. соңында ел халқының 81,7% болған қазақ 30 жылдан соң жартысынан айрылып, 1959 жылы 29%-дық үлеске дейін кеміді.

Республикада ашаршылық болып, халқының саны кеміп жатқанда, қала халқының 2 еседен аса өсуінің басты себебі, республикаға сырттан көшіп келушілер легі тоқтамады. 1929 ж. Қазақстанда қоныстандыру комитеті ашылды. 1928-1930-жж. 65 мың отбасы (260 мың адам), 1931-1937 жж. 642 мың адам көшіп келді. Олардың 35%-ы, (224,7 мың адам) кейін қайтты, қалғандары орнығып қалды. 1938-1939 жж. тағы да 402 мың адам тұрақтанып қалды [28, 23-25-пп.]. Мысалы, 1934 жылы Ленинградтан, Мәскеуден, Орал, Солт. Кавказ, БКСР, УКСР, Днепропетровск, Донецк, Армян КСР, Грузин КСР-нен, сондай-ақ, Қиыр Шығыстан, Батыс Сібірден, Якутиядан, Башқұрт АҚСР-нен, Татар АКСР-нен, Өзбекстаннан Ақмолаға - 530 адам, Петропавл өлкесіне - 986 адам, Атырауға - 770 адам, Алматыға 2681 адам, Семейге 1828 адам, Орал, Петропавл, Гурьевке және т.б. 1652 адам, барлығы 10758 адам келді. Олардың 6075 адамы қайтқанымен, 4683 адам қоныстанып қалды [13].

Ашыққан қазақ та ауылдан қалаға қашты, бірақ, көбісі қалаға жетіп үлгермеді. Ал, жеткендері мардымсыз болды. Ашаршылық жылдары қазақтар қала халқының 8-9%-ын құрағанын, 1939 ж. 16,1%-ға ғана көтерілгенін ескерсек, онда қала халқының толығу көзі сырттан келген көші-қоншылар есебінен екен анық.

Онда 1831,6 мың адамға кеміген екі санақ арасындағы халық санына сырттан келгендерден орнығып қалған адамдар санын (677,3 мың) қоссақ, онда шын мәнісінде екі санақ арасында Қазақстан халқы 2508,9 мың адамға кеміген деп есептеуге болады.

Қазақтардың үлес салмағы 1926 жылғы 58,5% - дан 1939 жылы 37,8% - ға дейін 20,7% - ға қысқарды.

Айта кету керек, ресми құжаттардан табиғи қозғалыс мәліметтерін табу қиын болды. Миллионнан аса халқынан айрылған Қазақстанда арнайы тіркелген өлім-жітім көрсеткіші көрсетілген ай сайынғы статистикалық мәліметтер бірліктер мен ондықтар түріндегі сандарды тіркеген. Әсіресе ауыл халқының өлім-жітім, бала туу, некеге тұру, ажырасу т.б. мәліметтерді табу өте қиын. Дұрысын айтқанда, нақты есеп жүрмеген. Осы жылдардағы қала халқының өлім-жітім мәліметтеріне келсек, оның да анықталар тұстары көп екенін байқадық:

4 кесте Қала халқындағы өлім-жітім (мың адамға шаққанда) [24-26]

	1926	1927	1928	1929	1930	1931	1932	1933	1933*
Орал	24.0	29.8	28.1	23.9	-	-	42.7		55.7
Гурьев	26.8	25.4	24.7	23.3	43.6	30.8	31.8	27.6	
Ақтөбе	25.7	21.8	28.4	24.7	-	-	-	22.1	61.4
Қостанай	23.0	29.1	25.1	26.5		25.8	15.9?	64.6	49.4?
Петропавловск	26.2	24.6	22.6	28.5	-	-	36.9	29.8	29.4
Ақмола	27.0	33.8	25.1	31.4	-	-	73.3		
Павлодар	18.6	18.6	24.7	28.8	-	36.0	38.1		25.4
Семей	30.6	22.2	31.1	30.1	23.0	34.8	53.6		
Алматы	22.4	20.3	17.3	23.8	23.8	28.1	35.1	45.7	
Шымкент			-	-	16.9	16.3	21.5		19.8
Түркістан			-	-	-				17.3
Қызылорда			-	-	37.9	-	29.5	25.4	25.8

4 кестеден көретініміздей, кейбір жылдарда мәліметтер жоқ! Статистикалық деректер терең іздестіруді қажет етеді деген сөз. Статистика нақты болмай тұжырым айту қиын. Шындығына келгенде халық өлімінің нақты есебі жүргізілмеді.

Жастық-жыныстық кагортаға келсек, сол жылдардан кейінгі санақ мәліметтерінің пирамидасында бұл жылдар орны үңірейіп көрінеді. Яғни жастық- жыныстық кагорталардың нақты сандық мәліметтерін анықтау да арнайы зерттеудің мәселесі.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрамында түбірлі өзгерістер жүрді:

- Еңбек жасындағы, еңбекке жарамды негізгі әлеует, олардың экономикалық белсенді бөлігі – байлар, кулактар, орташалар жойылды.

- Діни қайраткерлер қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақ қоғамында имамдарды, ишандардың, ахундардың, молдалардың ықпалы өте зор болатын. Діни қайраткерлерді қазақ қоғамының рухани құндылықтарын белгілейтін әлеуметтік маркері деуге болатын, себебі, негізінен ауыл халқы болатын негізгі қазақтардың ақыл-кеңес сұрап, ақылдасарлары осы діни қайреткерлер еді. Шарауалар қарсылығы мен көтерілістері кезінде олардың рухани тірегі, ағартушылары имамдар, ишандар болғандығы тарихтан мәлім [6].

Интеллигенция өкілдерінің көрнекті өкілдері қуғын-сүргін машинасы күшейген сайын баудай қырыла бастады. Кеңес өкіметінің репрессиялық тетіктерін қолдану саясатынан бұрыннан қалыптасқан зиялылар қауымы жойылды. Олар ұлттық дәстүрлі өмірді жаңа мәдени, ғылыми және өндірістік деңгейге көтеруге дайын болған қазақ қоғамының бір бөлігі еді. Ашаршылық салдарынан қазақ халқының зияткерлік элитасының одан әрі үдемелі дамуына орны толмас залал келтірді, нәтижесінде ұлттық сана мен қазақтың дәстүрлі тұрмысы жойыла бастады. Ұлттық сана мен қазақтың дәстүрлі тұрмысына сызат түсті.

Бұрынғы әлеуметтік топтар жойылды, жаңа таптар мен топтар пайда болды: жұмысшы табы, колхозшылар және зиялы қауым.

Қазақстанның аймақтарындағы ашаршылыққа қатысты статистикалық деректерді әлеуметтік-экономикалық мәліметтерді жылдарға сәйкес жинақтасақ немесе статистикалық жүйенің мәліметтерін тұтас қарастырсақ; демографиялық

көрсеткіштерді аудан деңгейінде талдасақ немесе аймақтардағы мәліметтерді жинақтасақ, осы жылдардағы республика бойынша көрсеткіштерді қалпына келтіруге болар еді. Бұл нәтижеге қазір жұмыс жасап жатқан мемлекеттік комиссияның құрбандарды ақтау үшін жиналған материалдарын талдау кезінде жетуге болар еді. Байқағанымыздай, комиссия жұмысында ақталушылар тізімін анықтау негізгі мақсат болғандықтан, сол жылдардағы халықтың сандық динамикасын нақтылау қосымша жұмыс болады екен. Айта кету керек, 1937 ж. санақты дұрыс есептемеген деп танып, жүргізген адамдары мен санақ мәліметтерін қуғынға ұшыратып, негізгі бөлігін жойып жібергеннен соң, 1939 ж. санақ материалдарына «есептелмей қалды» деген сылтаумен қосымша адамдар саны тіркеліп, қайта есептелді.

Ал енді бір архив құжатында 1926 ж. Бүкілодақтық халық санағындағы (БХС) КСРО этностары туралы 1935 ж. қайта есептелінген мәлімет беріледі [28]. Бұл құжат 1935 ж. 3 желтоқсанында №3/33 номермен КСРО ОАК жанындағы КСРО халықтары зерттеу институтынан жіберіліп, КСРО ОАК халықтар Кеңесі 1935 ж. 9 желтоқсанында қабылданды деп мерзімдері көрсетілген хат болып табылады. Хатта КСРО ОАК жанындағы КСРО халықтары зерттеу институтының Халық санағы Бюросына алдағы демографиялық санаққа орай жіберген мәліметтері беріледі. Ол бойынша, 1926 ж. КСРО-дағы қазақтар саны 3 968 289 адам, олардың негізгі мекендеген жерлері: Қазақ АКСР-і, Сібір өлкесі, Орынбор облысы, Өзбек КСР, Қарақалпақ АКСР деп көрсетілген [28, 14 п.]. Осы екі санақ арасындағы КСРО бойынша қазақтар санының айырмасының өзі 1 105 831 адамды құрайды. Соның ішінде қазақ тілін ана тілім деп есептейтіндер 99,6% екен [28, 14 п.].

Кеңестік статистикалық қызмет әкімшілік-аумақтық өзгерістерге сәйкес кейінгі жылдары да санақ материалдарының сандық мәліметтерін өзгертіп отырған. Соған орай, нақты санды анықтап, ұстау да қиын. Соған қарамастан, архив қойнауында кездескен тағы бір құжатқа сөз берелік:

5 кесте - 1926-1937 жж. Қазақстандағы этностар санының айырымы (мың адам) [29, 82, 103 пп.].

Ұлттар	1926 ж.	Қарақалпақ автон. облысын қоспағанда	1937 ж	Өсім (Қарақалпақ авт. обл. есептемеген-де)
Барлығы	6500,9	6198,5	5120,1	-1076,1
С. і.:				
Қазақтар	3713,4	3627,6	2181,5	-1446,1
Орыстар	1280,0	1275,1	1917,6	+642,5
Украиндар	860,8	860,1	549,9	-310,2
Басқалары	646,7	433,5	471	+37,5

5 кестеден көріп отырғанымыздай, екі санақ арасында қазақстандықтар 1076,1 мың адамға кеміген. Оның 1446,1 мыңы қазақтар да, ал 310,2 мыңы украиндықтар. Сонымен қатар осы кезеңде Қазақстандағы басқа ұлттар ашаршылыққа қарамастан 680 мың адамға, әсіресе орыстар 642,5 мың адамға өскен. Әрине мұнда сырттан келген көші-қоншылар мен соған орай табиғи өсім өз рөлін атқарған.

Осы кезеңде Қазақстанға сырттан келген көші-қоншылардың ұлттық құрамына жасалған талдау қуғын-сүргіннен, аштықтан қырылудан болған демографиялық кемудің едәуір бөлігінің қоныстанушылар есебінен жабылып кеткенін көрсетті. 1937 ж. Қазақстанға басқа республикалардан қоныс аударғандар көп келді. Олардың ішінде көпшілігі Ресейден келгендер еді. Республиканың 13 елді мекеніне 137379 адам қоныстанса, соның 81793 Ресейден келіп, олар жалпы қоныстанушылардың 59,5% құрады. Қоныс аударушылардың 20776 Алматы облысына, 14701 Шығыс Қазақстанға, 4401 Солтүстік Қазақстанға келген. Бұл аймақтар Қазақстанның ірі ауыл шаруашылық аудандары еді. Жалпы, ауылдық жерлерге өзге республикалардан 114710 адам келіп, олар республика халқының 2,6% құрады.

1937 ж. республикадан тысқары жерлерге 48070 адам кеткен, оның нәтижесінде республика халқы 09%-ға азайған. Ал ішкі көші-қондық қозғалысқа 11470 адам қатысқан, олардың 73071-сі қалалық, қала типтес мекендерге орналасқандығы байқалады. Осы жылы Қазақстанда жаңа құрылыс алаңдары, зауыт-фабрикалар іске қосылған. Мұның өзі ауыл тұрғындарының қоныстануына ықпал жасады [29, 82, 103-пп.].

Сонымен, санақ кезіндегі мәліметтерге сүйенсек Қазақстанға келген 137379 адам санынан, сыртқа кеткен 48070 адам санын алғанда, республика халқы 89309 адамға көбейгендігі байқалады. Бұл көрсеткіш пен туылған 14342 сәбидің санын жалпы халықтың санына қосып есептегенде, 1937 ж. 31 желтоқсанда республика халқы мөлшермен 5359 мың 409 адам болған.

1926-1937 жж. ішінде украиндардан басқа азайып кеткен халықтарға келсек, қазақстандық қырғыздар 5042, дүнгендер 1438, мордвалар 21511, ұйғырлар 18821, өзбектер 103082 адамға кеміген. Бұлардың едәуір бөлігі көрші республикаларға қоныс аударған, ал ұйғырлар мен дүнгендердің бір бөлігі Батыс Қытайға өтіп кеткен. Сонымен қатар, аталған жылдар аралығында Қазақстанда ашаршылық болса да немістер 29466 адамға, ал татарлар 11369 адамға өскен [29, 82, 103-пп.].

6 кесте – Көші-қоншылардың ұлттық құрамы (% есебімен) [29, 82, 103-пп.]

Ұлты	%	Ұлты	%.
Орыстар	42,3	Татарлар	3,4
Украиндар	32,8	Мордвалар	1,8
Белорустар	13,6	Еврейлер	0,2
Чуваштар	3,9	Басқалар	2,0

Халық санының күрт кеміп кеткені осы 1937 ж. санақ кезінде нақты белгілі болды. Бірақ, 1937 ж. санақтың қорытындысы өте құпия сақталған. Сол кезде аз ғана материалдарды жоғалтқаны үшін қызметкерлер сотқа тартылды. Көптеген ұйымдастырушылық жұмыстарға кеткен шығындарға қарамастан, санақ қорытындысы дұрыс емес деп табылып, оған қатынасқандардың көпшілігі атылған. Бұл санақ қорытындысы ойдан шықпағаннан кейін И.В. Сталин мен оның айналасындағыларды қанағаттандырмады. Бұл санақтың материалдары өңделмей, баспасөзге жарияланбай, архивтерде қалып қойды. Қазір ешкім де 1930-жж. аштық пен репрессия жылдарында қанша адамның қайтыс болғанын нақты айта алмайды.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Зарубин И.И. Список народностей Туркестанского края. – Ленинград, 1925. – 23 с.

2 Белан П.С. Границы Казахстана: краткая история формирования. – Алматы: Тарих тағылымы, 2008. – 156 с.

3 Нусупбеков А. Объединение казахских земель в Казахской Советской Социалистической Республике. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1957. – С. 74, 80.

4 Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві (бұдан ары қарай – ҚР ОМА). 5-қ., 5-т., 101-іс, 1-3, 31-33 қайырмаларымен-пп.

5 Ашаршылықтың ащы шындығы. Данила Бектұрғанов. Ұлы жұт // https://abai.kz/post/7003

6 Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің тарихи демографиялық қыры (1917-1991 жж.). – Алматы: Елтаным, 2011. – 416 б.

7 Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихы архиві (бұдан ары қарай – РМӘСТА). 17-қ., 33-т., 25-іс. 1-п.

8 РМӘСТА. 17-қ., 31-т., 26-іс. 6, 21-пп.

9 ҚР ОМА. 5-қ., 7-т., 17-іс, 25-п.

10 ҚР ОМА. 5-қ., 6-т., 98-іс, 14, 15-пп.

11 Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен ҚАҚСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруалықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы», 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулыларын зерттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы комиссиясының Қорытындысы // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 22 желтоқсан, № 292 (20367). – 1-3 б.

12 Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы. - Алма-Ата: Гылым, 1990. - 200 с.

13 Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. - Алма-Ата, 1992. – 36 с.

14 Алдажуманов К. Крестьянское движение сопративления / Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. - Алматы: «Арыс»-Казахстан, 1998. - С. 66-92.

15 Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. - Алматы: «Санат», 1994. – 272 б.

16 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. - Алматы: «Санат», 1997. - 320 б.

17 Демографические последствия перегибов в коллективизации: «Белые пятня» в исторической демографий Казахстана / Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы. - Алма-Ата: Гылым, 1990. - 200 с.

18 Асылбеков М.-А., Асылбекова Ж.М. Социально-демографическое развитие населения Казахстана в 1926-1939 гг. – Алматы, «Қазақ университеті», 2016. -146 с.

19 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг. Сборник документов и материалов / Вступ. Статья и сост. К.С. Алдажуманов, М.К. Каиргалиев, В.П. Осипов, Ю.И. Романов. – Алматы, « Фонд «XXI век», 1998. - 263 с.

20 Қазақ халқының қасіреті. Трагедия казахского народа (Құжаттар мен материалдар жинағы: 20-шы, 30-шы жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық) : жауапты құраст.: Тахаева М.К. – Алматы: 2010. - 414 б.

21 Трагедия казахского аула 1928-1934. Сборник документов /Сост. Зулкашева А.С. – Алматы, 2013. Том 1. –744 с.; Том2. - Алматы, 2018. -744 с.

22 Жетісу-Ыстыккөл қасіреті: 1916-1920 ж.ж. Жетысу–Ыссыккульская трагедия 1916-1920 (Құжаттар мен материалдар жинағы). - Астана, 2016. – 496 б.

23 Камерон С. Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату. - Алматы: Gerona, 2020. -304 б.

24 РМЭА 1562 қ. 336 т. 1278 іс.

25 РМЭА. 1562 қ. 336-т. 145 іс.

26 РМЭМ. 1562-қ., 329-т., 1010-іс.

27 Ресей мемлекеттік экономика архиві (бұдан былай РМЭА), 329-қор, 281-іс, 120,121,126,132-пп. материалдарын негізінде есептелінді.

28 РФМА. 3316 қ. 28 т. 865 іс.

29 Қазақстан республикасы Президентінің архиваі (ҚРПА). 141-қ., 1-т., 5149-іс.

3 ТАРАУ XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ РЕСЕЙДІҢ ІРГЕЛЕС АУМАҚТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ

3.1 Ресей аймақтары бойынша қазақ босқындарының орналасу ерекшеліктері

М.М. Қозыбаева

КСРО-да 30-шы жылдардың басындағы ашаршылық кезеңінде халықтың жаппай қоныс аударуы көшпелі халықтарға тән ерекше құбылыс болды. Белгілі болғандай, Ресей ежелгі дәуірден бастап Ұлы Дала мен Солтүстіктің көшпелі халықтарымен көршілес өмір сүрді, біртіндеп көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарды өз орбитасына енгізді. Осындай үдерістердің шарықтау шегі КСРО-да 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басында жүзеге асырылған көшпелі аумақтарды күштеп жаңғыртуы болды. Бұл ретте КСРО-ның көшпелі және жартылай көшпелі аудандарының санатына Қазақстан, Қырғызстан, Бурят-Моңғолия, Тува, Якутия, Қалмақ Республикасы және тіпті Солтүстіктің бұғы шаруашылығымен айналысқан халықтары кірді. Негізінен, кеңестік көшпенділердің барлығы дерлік мәжбүрлі қоныстану мен мүлікті тәркілеу құғын-сүргін машинасынан өтіп, өндірістің негізгі құралдарынан айырылып, қалаларда, елді мекендерде және колхоздарда күнкөріс амалдарын іздеуге мәжбүр болды. Алайда, тарих бұл халықтардың көпшілігінің кеңестік жаңғыру дәстүрлі құрылымның толығымен жойылуына және жаппай ашаршылыққа әкелген Қазақстан халқының қорқынышты тағдырындай болмағанын растайды.

КСРО-дағы 1930 жылдардың басындағы ашаршылық кезінде ең көп зардап шеккен көшпелі халық ретінде қазақтардың мәжбүрлі көшуі тарих ғылымы үшін аз зерттелген және өзекті мәселе болып қала береді. Қазіргі уақытта қазақтардың мәжбүрлі қоныс аударуы мен Ресейдің іргелес аумақтарына бейімделуінің тұтас бейнесін қалпына келтіру қажеттілігі туындап отыр, өйткені уақытылы қоныс аудару адамдарды аштықтан құтқарды. Сонымен қатар, бүгінгі таңда қазақ диаспорасының ең көлемді бөлігі (600 мыңнан астам адам) Қазақстанмен шекаралас Ресей аумағында – Алтай өлкесі мен Алтай Республикасында, Новосібір, Омбы, Тюмень, Курган, Орынбор, Астрахан, Саратов және Волгоград облыстарында тұрады. 1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша қазақтардың басым бөлігі – 130 мыңнан астам адам Батыс Сібірді мекендеген, оның ішінде тек Омбы облысында 75 мың адам өмір сүрген, қалғандары Новосібір және Тюмень облыстарының Оңтүстігінде, сондай-ақ Алтай өлкесінде қоныстанған [1, 66 б.]. Дәл осы аймақ 1932-1933 жылдардағы ашаршылық кезеңінде екі миллионнан астам адам қаза тауып, қоныс аударған қазақ босқындары үшін негізгі баспанаға айналды.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, тақырып аз зерттелген, дегенмен 1930 жылдардың басындағы ашаршылық мәселесі бойынша шартты түрде екі топқа бөлуге болатын көлемді тарихнама бар. Зерттеушілердің бірінші тобы 1930 жылдардың басындағы Қазақстандағы ашаршылықты және оның салдарын зерттеумен, ал екіншісі тікелей Ресейдегі қазақ диаспорасымен және оның қалыптасу тетіктерімен, сондай-ақ қазақтардың этнографиясын зерттеумен айналысты. Ж.Б. Әбілхожин, М.Қ. Қозыбаев, М.Б. Тәтімов [2], Қ.С. Алдажұманов [3], Т.О. Омарбеков [4, 5] және басқа да қазақстандық зерттеушілердің бірқатар жұмыстарында қазақ халқының қоныс аударуы өмір сүрудің мәжбүрлі шарасы ретінде көрсетілген. Республикадағы үздіксіз ұжымдастыру және көшпенділерді отырықшы өмір салтына көшіру,

1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылық және оның салдары туралы кеңес өкіметінің саясатын зерттеуде шетелдік ғалымдар Р. Конквест [6], И. Огайон [7], Р.В. Дэвис пен С. Уиткрофт [8] және т. б. үлестерін қосты. Мысалы, неміс тарихшысы Р. Киндлер өзінің «Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане» атты еңбегінде кең дереккөздік база негізінде «көшпенділер» – ашаршылықтан қашқан қазақтың босқындары – дағдарыс уақытының басты көрсеткіші ретінде болды, ал ұжымдастыру мен күштеп отырықшыландыру үдерісі көшпелі мәдениеттің өзіне қауіп төндірді» деп жазды [9]. Кеңес Одағының көшпенділерінің белгілі зерттеушісі Ф. Синицын өзінің «Советское государство и кочевники» кітабында «көшпелі өркениеттің биліктің әрекеттеріне ең күшті реакциясы көтерілістер мен ... қоныс аударуында көрінді» деп атап өтті [10: 125-127 б.]. Сібірдегі сталинизм саясатының ерекшеліктерін Н.Ф. Бугай [11], С.А. Папков [12] зерттеді. Бұл тақырыпты зерттеуде Батыс Сібірдегі ашаршылық кезіндегі босқын қазақтарға және XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Сібірдегі әлеуметтік катаклизмдерге арналған М.П. Малышева мен В.С. Познанскийдің [13] зерттеулері ерекше орын алады [14]. Сібірде қазақ босқындарының пайда болуының кейбір жағдайлары И.В. Октябрьскаяның [15], Г.М. Меңдіқұлованың [16], З.Е. Қабылдиновтың [17], Н.А. Томиловтың [18], Ш.К. Ахметованың [19] тарихи-демографиялық және этнографиялық сипаттағы еңбектерінде, сондай-ақ «От Урала до Енисея (народы Западной и Средней Сибири)» [20] және «Казахи Тюменской области: история, язык, культура» [21] атты ұжымдық еңбектерде де қамтылған. Алтай және Тюмень қазақтарының өмірі туралы естелік сипаттағы құнды дереккөздер ретінде П. Мұхтасаровтың [22], К. Қабдулвахитовтың [23] және басқалардың жұмыстары болып табылады. Бірқатар ауқымды еңбектердің барына қарамастан, оларда қазақтардың мәжбүрлі қоныс аударуы жеке құбылыс ретінде емес, белгіленген үдерістердің бөлігі ретінде қарастырылады. Сондықтан да қазақ босқындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен бейімделу ерекшеліктері аз зерттелген мәселе болып қала береді, ал ғалымдардың кейбір тұжырымдары пікірталасты қажет етеді және дереккөздер кешені негізінде қосымша зерттеуді талап етеді.

Әдістемелік негіз ретінде зерттеу объектісі өзінің эволюциялық дамуында зерттелетін тарихизм принципі алынды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер (тарихи-типологиялық, мәселелік-хронологиялық, тарихи-жүйелі әдістер), сондай-ақ макро және микро-тарихи тәсілдердің синтезі қолданылды. Дереккөздер ретінде Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінде (РФМА), Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінде (РМӘСТА), Ресей Мемлекеттік қазіргі заман тарихы архивінде (РМҚЗТА), Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивінде (ҚРОМА), Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде (ҚРПА), Новосібір облысының Мемлекеттік архивінде (НОМА) және Тюмень облысының Мемлекеттік архивінде (ТОМА) және т.б архивтерде анықталған архивтік құжаттар пайдаланылды. Сонымен қатар, құнды дереккөздер ретінде архивтік құжаттардың жарияланған жинақтары болды [24, 25, 26, 27].

Белгілі болғандай, күштеп ұжымдастыру мен мәжбүрлі дайындық науқандары КСРО-да қорқынышты ашаршылық салдарына алып келді, сол уақыттағы жалпы демографиялық шығындар 8 миллионнан астам адамды құрады. [28, 294 б.]. Ең көп зардап шеккен аймақтардың бірі Қазақстан болды, онда 1929- 1933 жылдардағы ашаршылық кезеңінде халықтың үштен бір бөлігі аштық пен эпидемиядан қаза тауып, республикадан тыс жерлерге қоныс аударды. Бұл дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтардың көшпелі

және жартылай көшпелі шаруашылықтарының негізі болып табылатын өлке экономикасының ерекшеліктерімен байланыстырылды. 1920 жылдардың аяғында Қазақстанда колхоздар құру мақсатында қазақтарды күштеп қоныстандыру салдары мал басының күрт азаюына әкелді [29, 293 б.]. Нәтижесінде 1930 жылдың маусым айында 100 мыңнан астам адам аштыққа ұшырады. [9, 228 б.]. Жағдай 1931 жылдың жазында егіннің нашарлауына байланысты шиеленісіп, халықтың КСРО-ның гүлденген аймақтарына және Қытайға жаппай қоныс аударуына әкелді. 1932 жылы республиканың ауыл шаруашылығының толық құлдырауын білдіретін жаңа егіннің шықпауына әкеліп соқты.

Республикадағы жағдай қайғылы оқиғаның шынайы себептері мен ауқымын көргісі келмейтін жергілікті биліктің көзқарасына байланысты ушығa түсті. БК(б)П Қазкрайком хатшысы Ф.И. Голощекин Қазақстандағы барлық мәселелерді қазақ ауылдарындағы әлсіз кеңестендіру мен таптық күреспен байланыстырды, ал қоныс аудару үдерісін халықтың аштықтан құтылу үшін мәжбүрлі шаралары ретінде емес, «өмірді қайта құрумен» теңестіріп жазды: «Қазақ ешқашан өз ауылынан шыққан емес, көшіп-қону жолдарынан басқа жолдарды білмеген, енді бір ауданнан екіншісіне оңай ауысып, орыс, украин колхоздарына қосылады, Еділ бойындағы және Сібірдегі қожалық құрылысқа, жұмыстарға ауысады» [24, 157 б]. Сондықтан 1931-1932 жылдары орталық билік қабылдаған шаралар жеткіліксіз болды [30, 149 б.].

Голощекиннің орнына келген Л.И. Мирзоян 1933 жылы 24 ақпанда Л.М. Кагановичке Қазақстандағы істердің жай-күйі туралы жазған хатында: «Мен Мәскеу қаламына кетіп бара жатканда-ақ Қазақстандағы жағдайдың ауыр екеніне сенімді болған едім, бірақ менің мұнда көргенім күткенімнен де асып түсті... Қоныс аудару дегеннің де жағдайы қуантарлықтай емес... Аудан басшылары аштыққа ұшыраған ауылдарға ... нан жеткізбейді, қазақ халқына уақытылы көмек көрсетуді ұйымдастырмайды, соның салдарынан бұл халық малды, оның ішінде шаруаға арналған малды жеп, содан кейін өздерінің үйреншікті орындарынан басқа аудандарға, теміржолдарға, өндірістік орталықтар мен қалаларға көшуге мәжбүр. Жолда және тіпті қалаларда милиция күн сайын дерлік аштықтан өлгендердің мәйіттерін жинап жүр» [31, 17-22 қ.п.].

Босқыншылық жергілікті тұрғындарға үлкен зиян келтірді. 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейін Қазақстаннан КСРО, Қытай, Иран, Ауғанстанның көршілес аудандарына 281 230 қазақ қожалықтары қоныс аударды. Ашаршылық кезеңінде барлығы 1 130 мың қазақ босқыны елден кетті, оның ішінде тек 454 мың адам кейін отанына оралды [32, 1 б.]. Көші-қон көрсеткіші көрші өңірлердегі қазақтар санының бұрын-соңды болмаған өсуін растайды. Егер 1926 жылғы санаққа сәйкес республикадан тыс жерде 314 мың қазақ тұрса, 1939 жылғы санақ деректері бойынша – 794 мың адам. 1926-1939 жылдары босқындар есебінен қазақтар саны өсті: Қырғызстанда – 10 есе, Тәжікстанда – 7 есе, Түрікменстанда – 6 есе, РКФСР – 2,3 есе, Өзбекстанда – 1,7 есе [33, 286 б.].

Қоныс аударудың басты себебі халықтың мүшкіл жағдайы мен жаппай ашаршылық болды. Мамандардың бағалауы бойынша, бұл ашаршылық ауқымы жағынан алдыңғы аштық жылдарынан асып түсті. 1926 және 1939 жылдардағы бірінші және екінші Бүкілодақтық халық санақтарының талдауына сүйене отырып, ашаршылық жылдарындағы халық санының қысқаруы 2 миллионнан 4 млн. адамға дейін анықталды. Санақ деректері бойынша басқа этностардың саны да азайды: украиндар – 859,4-тен 658,1 мыңға дейін, өзбектер – 228,2-ден 103,6 мыңға дейін, ұйғырлар-62,3-тен 36,6-ға дейін азайды. Осы мәліметтерден аштықтың ауқымы үлкен болғанын көруге болады. Сондықтан ашаршылық құрбандарының саны әлі де нақтылануда [33, 285 б.].

Жергілікті билік ашаршылыққа ұшыраған халықты құтқару үшін уақытылы шаралар қабылдамағандықтан, қоныс аудару қарапайым қажеттіліктен туындады. Аман қалу үшін қазақтар су көлігімен, темір жолдармен, жаяу, сондай-ақ жүру үшін тірі қалған малды пайдаланды. Олардың бір бөлігі жол бойында, ал бір бөлігі жаңа мекендерде, соның ішінде көрші республикалардың аумақтарында өлді. Ауру, аштық, өзге климат салдарынан көршілес республикалардың аумақтарында қазақ босқындарының арасында шығындар айтарлықтай болды. Босқындар шоғырланған жерлерде іш сүзегі эпидемиясының және бұрын көшпелілерде иммунитеттері төтеп бере алмаған басқа инфекциялардың ошақтары жиі өршіп тұрды.

РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Р. Рысқұлов бірқатар қазақ аудандарында және көшпенділер арасындағы қоныс аудару және ашаршылық пен эпидемия салдарынан болатын жоғары өлім-жітім мәселесін шешуге орталық билікті шұғыл жұмылдыру қажеттілігі туралы мәселені көтерді. 1933 жылы наурызда Сталинге жазған хатында ол «...босқындар эпидемияны өздерімен бірге көршілес аймақтарға және Ташкент, Сібір және Златоустин темір жолдарының бойында таратып жүр» деп жазды. Оның жергілікті жерлерден алынған деректері бойынша қазақ босқындарының саны Орта Еділде – 40 мың адам, Қырғызстанда – 100 мың адам, Батыс Сібірде – 50 мың адам, Қарақалпақстанда – 20 мың, Орта Азия – 30 мың адам және т.б., байлар бастаған халықтың бір бөлігі Батыс Қытайға қоныс аударды. Кейбір аудандарда босқындар саны халықтың 40-50%-на дейін жетті. Сонымен бірге ол «бұл жай ғана қоныс аудару емес (әдеттегідей жазда қысқа қашықтыққа және мал болған кезде), аштыққа ұшыраған адамдардың күнкөріс іздеп қашуы» деп атап өтті. Оның пікірінше, «қазақ халқына тараған аштық пен эпидемия бұл қоныс аударудың және қазақ қожалықтарының құлдырауының ең жағымсыз нәтижесі болды...» [34, 27-27 к.п.].

РКФСР ХКК төрағасы Т. Сулимовтың 1933 жылғы 16 наурыздағы хабарлауынша, КСРО ХКК-да Орта Еділ және Батыс Сібір өлкелік атқарукомдары, Қырғыз және Қазақ АССР-і РКФСР ХКК-нің алдына осы аймақтардың шегіне қоныс аударған қазақтарға көмек көрсету үшін азық-түлік, өнеркәсіптік және ақшалай ресурстарды жөнелту туралы мәселе қойылды. РКФСР ХКК құрған арнайы комиссия 1933 жылғы наурыздағы жағдай бойынша көмекке мұқтаж 67 мың көшпелі қазақты, оның ішінде Батыс Сібір өлкесі бойынша – 32 мың адамды, Орта Еділ бойынша – 25 мың адамды және Қырғыз АССР бойынша – 10 мың адамды анықтады. Қоныс аударған қазақтарды Қазақстанға қайта көшіру мүмкін еместігіне байланысты РКФСР ХКК 1933 жылғы 13 наурыздағы № 212 қаулысында «Қазақ және Қырғыз АССР, Батыс Сібір және Орта Еділ өлкелеріне көшіп келген қазақтарға көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар туралы» РКФСР ХЕК-ын, тиісті ХКК-ін және өлкелік атқарушы комитеттерін қоныс аударған қазақтарды өнеркәсіптік кәсіпорындарға, совхоздарға, колхоздарға тұрақты жұмысқа орналастыруға, сонымен қатар жұмысқа бұрын тұрғандарды қысқартуға жол бермеуін қадағалауға міндеттеді. Эпидемиямен күресу үшін қажетті дәрі-дәрмектермен санитарлық-эпидемиялық отрядтар жіберілді. 1933 жылы РКФСР ХКК 12 мың қазақ балаларын орналастыруға 4 200 мың рубль берілді, оларды жайластыру мәселелерін шешу үшін БОАК жанындағы Балалар комиссиясы және РКФСР АХК-ы өкілдері тартылды. РКФСР ХКК төрағасы Сулимов КСРО ХКК-не анықталған 67 мың көлемдегі қазақтарға жұмысқа тартылғанша 2 айға күніне 250 г. есебімен 1 005 тонна нан, 45,25 т. сабын, сондай-ақ 12 мың баланы мемлекет есебінен азық-түлікпен және өнеркәсіптік тауарлармен қамтамасыз етуге өтініш білдірді [35, 8-8 п.].

Өтінішке жауап ретінде КСРО ХКК-ің 1933 жылғы 15 сәуірдегі №736/139с «Орта Еділ, Батыс Сібір өлкесі мен Қырғыз АКСР-на қоныс аударған қазақтарға көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар туралы» қаулысы шықты, онда Орта Еділ және Батыс

Сібір өңірлеріне қоныс аударған қазақтарға 600 тонна тары жіберуге (Орта – Еділ өлкесі – 280 тонна, Батыс-Сібір өлкесі – 200 тонна және Қырғыз АКСР – 120 тонна); қазақтардың 4 мың панасыз жетім балаларын (оның ішінде Батыс Сібірде – 1 мың, Орта Еділде – 2 мың, Қырғыз АКСР – 1 мың) орталықтан қамтуға; ОӘСБ-на екінші тоқсанда аталған балалар контингентін қамтуға 600 мың рубль жіберуге; одақтас бөлімдерді еңбекке қабілетті қазақтарды кәсіпорындарға жұмысқа тарту және орналастыру бойынша алынған міндеттемелерді орындауға міндеттеуге бұйрық берілді [35, 4 п.].

Қоныс аударғандарға ұйымдасқан көмектің болмауы босқындардың кері кетуіне себеп болды. 1933 жылдың наурыз айының соңында Сталин мен Молотовтың қазақ босқындары туралы баяндамасында БК(б)П Қазкрайком хатшысы Л. Мирзоян бұл жағдайды өте ауыр деп атады. Қоныс аударушыларға ұйымдасқан көмектің болмауы босқындардың кері кетуіне себеп болды. 1933 жылдың наурыз айының соңында Сталин мен Молотовтың қазақ босқындары туралы баяндамасында БК(б)П Қазкрайком хатшысы Л. Мирзоян бұл жағдайды өте ауыр деп атады. Оның мәліметінше, қоныс аудару көлемі бойынша 71 ауданды қамтыды, оның ішінде 50 көшпелі және жартылай көшпелі және 21 отырықшы-егіншілік аудандарына әсер еткен. Барлық облыстар бойынша қоныс аудару күйінде халықтың жалпы саны 300 000-ға жуық адам болатын 90 000-нан астам шаруа қожалықтары болды. Ол жағдайды Орта Азиядан, Сібірден және Еділден оралған босқындар ағынының күшеюі қиындатқанын атап өтті. Барлық босқындар мен жергілікті жерлерде аштыққа ұшыраған халықтың едәуір бөлігінде мал болған жоқ. Бір кездері малмен бірге кеткен боскында малсыз, өте ауыр хәлде оралды, онымен қоса олардың арасында жаппай аурулар мен өлім байқалды. Сондықтан, Қазкрайком материалдық және азық-түлік көмегімен қатар Орталық Азиядан, Сібірден және Еділден қоныс аударған халықты жергілікті жерлерде орналастыруды ұйымдастыруды және Қазақстанға одан әрі жөнелтуді тоқтатуды талап етті [35, 29-30, 34-п.].

Л. Мирзоянның баяндамасы қаралып, 1933 ж. 9 сәуірде КОКП ОК Саяси Бюросының көшпелі қазақтарға (қоректік пункттерді, жатақханаларды ұстау, өнеркәсіптік тауарларға ақы төлеу, медициналық қызмет көрсету, азық-түлік көмегін аудару және т.б.) 1 млн. тары мен 5 млн. рубль көмектесу шығындарын босату туралы хаттамалық қаулысы шықты. Сонымен қатар, Орталық комитет Жабдықтау халық комиссариатын (Наркомснаб) орталықтандырылған жабдықтауға жалпы санын 60 мыңға дейін жеткізе отырып, қосымша 20 мың балаларды алуға міндеттеді, ал ОАК-ті Балалар комиссиясын (Деткомиссия), Халық ағарту комиссариаты (Наркомпрос) мен Денсаулық сақтау халық комиссариатын (Наркомздрав) балалар үйлерін ұйымдастыруға және балаларға қызмет көрсетуге қаражатын ұлғайту, Денсаулық сақтау халық комиссариатын (Наркомздрав) – жаппай эпидемияның алдын алу үшін Қазақстанға дәрі-дәрмектермен және медицина қызметкерлерімен көмек ұйымдастыру [36, 74-74 а.п.].

Алайда босқындардың оралуы шешілмеген мәселе болып қала берді, өйткені аштықтан зардап шеккен аймақта оларды орналастыру үшін күш пен материалдық ресурстар жеткіліксіз болды. ҚазАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы О. Исаев 1933 жылғы 9 мамырдағы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесіне жолдас Молотовқа жолдаған жеделхатында: «Өзбекстан, Қарақалпақстан, Қырғызстан және Орал аймақтарынан қайта оралғандар санының көп» екенін жазып және «бұның осы өлкелердің баскарушы органдарының сол жерге көшіп келген қазақ қожалықтарын орналастыру бойынша қажетті шараларды қабылдамауының

арқасында болып жатқанын» атап өтті. Мәселе бұл қожалықтарды Қазақстанға қайта қабылдау немесе қабылдамауда емес, оралған босқындардың қиын жағдайға тап болуы және егін егу мен егін жинау науқаны бойынша жұмысты қиындатуында болды. Осыны негізге ала отырып, Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесі Орталықтан босқындар барған өлкелер мен облыстардың басқарушы органдарына қожалықтарды сол жерде орналастыру жөнінде шаралар қабылдау және бұл қожалықтардың Қазақстанға көптеп қайта оралуының алдын алу туралы нұсқаулар беруді сұрады [37, 2-3-пп.].

Халық Комиссарлар Кеңесінің еңбекке жарамды қазақтарды жұмысқа алу және кәсіпорындарға орналастыру туралы шешімдерін орындау мақсатында РКФСР Еңбек Халық Комиссариаты 1933 жылы 3 маусымда көшпелілерді әкету мынадай тәртіппен жоспарланғанын хабарлады: Қазақстаннан – 11 820 адам, Орта Еділден – 1 215 адам, Батыс Сібірден – 500 адам, барлығы – 13 535 адам. Бұл ретте Қазақстан аумағынан: Оралға – 5 850 адам, Батыс Сібірге – 2 000 адам, Төменгі Еділге – 2 450 адам, Горький бекінісіне – 240 адам, Мәскеу облысына – 1 280 адам шығару жоспарланды. Жалпы санының 5000-ы маусымдық жұмыстарға жұмыс күші ретінде, ал 8535 отбасы ауыр өнеркәсіп кәсіпорындарына жұмысқа орналасу тәртібімен бөлінді. Өнеркәсіптік кәсіпорындар арасында келесілер басым болды: жұмысқа орналасу тәртібі бойынша «Сибстройпуть» маусымдық жұмысқа – 2000 адам, Уралэнерго – 1500 адам, Ниж.-Волжелдорстрой – 1500 адам маусымдық жұмысқа, Магнитострой – 1000 адам, Союзторф - 1000 адам, Госстройтрест - 1,000 адам [38, 278-п.].

1-кесте – 1933 жылғы 3 маусымдағы деректер бойынша босқын қазақтарды әкету және әкелу аудандары [43, 278-п.]

№	Әкелу ауданы	Әкету аудандары			
		Қазақстан	Орта Еділ	Батыс Сібір	Барлығы
1	Оралға	5 850	600	500	6 950
2	Батыс Сібірге	2 000	-	-	2 000
3	Төменгі Еділге	2 450	495	-	2 945
4	Горький бекінісіне	240	120	-	360
5	Мәскеу облысына	1 280	-	-	1 280
6	Жиыны	11 820	1.215	500	13 535

1933 жылғы шілдедегі Қазақ және Қырғыз АКСР-і, Батыс Сібір өлкесі және Орта Еділ өлкесінің қазақ көшпелілерінің құрылымы туралы анықтамада РКФСР Еңбек Халық Комиссариаты көшпелі аймақтардан көшіп келген 84 мың көшпелі қазақтарды тұрақты және маусымдық жұмысқа орналастыру жоспарлары туралы хабарлаған. Оның ішінде 30 мың қазақ Қазақстан аумағына жұмысқа және шаруашылық орындарына орналастырылуы тиіс болса, 30 мыңына Қазақстаннан, 24,8 мың адамға басқа көші-қон орындарынан әкетуге тапсырыстар жоспарланып белгіленген. Анықтамада 1933 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша 19700 адам әкетілгендігі және Орал, Батыс Сібір, Төменгі Еділ және Мәскеу облысының өнеркәсіптік аудандарының жұмыс күшіне мұқтаждығына байланысты контингентті кеңейту жоспарланғаны туралы айтылды. Қазақтар

арасында біліктіліктің жоқтығын ескере отырып, сылақшы, сырлаушы, кірпіш қалаушы, бетоншы, арматурашы, көпірші мамандықтары бойынша бір жұмысшыға оқу құны 125 сом және ағаш ұстасы үшін 370 сомды қамтитын 20 мың адамды қысқа мерзімді курстардан өткізу жоспарланды. Оқыту құрамдастырылған әдіс бойынша жоспарланды: ағаш ұсталары – 3 ай оқу мерзімімен, басқа мамандықтар – оқу орталығында 1 ай теориялық және практикалық оқу және 2 ай практикалық жұмысты қамтыды [38, 310-311-пп.].

Босқындарды орналастыру және қайта даярлау жөніндегі қосымша шығындарға байланысты КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1933 жылғы 28 шілдедегі № 1600- 344-с қаулысында ауыр өнеркәсіп кәсіпорындарында бұрын орнатылған 9000 адамның орнына 4000 көшпелі қазақты орналастыру қажеттілігі туралы айтылды [38, 1-п.]. 1933 жылғы 1 тамыздағы Қиыр Шығыс пен Шығыс Сібір өлкесіне жұмыс күшін тарту және жіберу барысы туралы КСРО Еңбек Халық Комиссариатының 1933 жылғы баяндамасында қысқартудың келесі себептері көрсетілген: «КСРО Еңбек Халық Комиссариатының Кадрлар басқармасы жұмысшыларды жұмысқа қабылдау нарядтарын азайту бойынша мәселені қайта қарайды, өйткені шаруа қожалықтары құрылыс лимиттерінің азаюына және тұрғын үйлердің болмауына байланысты жұмысшыларды одан әрі эксклуден бас тартады», – делінген [38, 315-п.].

Осылайша, қазақ босқындарының іргелес аумақтарда қоныстануы мен орналасуының ерекшелігі әрі стихиялық, әрі ұйымдасқан түрде және көбінесе жергілікті және орталық биліктің бұл мәселені шешудегі ресми ұстанымына байланысты болды. Қазақ босқындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету және қалыпты өмір сүру жағдайын ұйымдастыру жөніндегі билік тарапынан қойылған талаптарға қарамастан, олар барлық жерде тиісінше орындалмады, бұл жергілікті биліктің салғырттығымен де, жалпы тұрғылықты аймақтардағы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдаймен де түсіндірілді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. От Урала до Енисея (народы Западной и Средней Сибири). – Томск: Изд-во Томского ун-та, 1995. – 186 с.

2. Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия. // Вопросы истории. – 1989. – № 7. – С. 53-71.

3. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алма-Ата, 1992. – 35 с.

4. Омарбеков Т. Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық): оқу құралы. – Алматы, 1994. – 272 б.

5. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997.– 320 б.

6. Конквест Р. Жатва скорби: советская коллективизация и террор голодом Пер. с анг. И. Коэни, Н. Май, подред. М. Хейфеца. – London: Overseas Publications Interchange (OPI), 1988. – 620 с.

7. Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 гг.) / [пер. с фр. А.Т. Ракишева; сост. Б.М. Сужиков]. // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т. 11. – Алматы: Санат, 2009.– 365 с.

8. Дэвис Р., Уиткрофт С. Годы голода. Сельское хозяйство СССР, 1931-1933. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2011. – 543 с.

9. Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане. – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – 382 с.

10. Синицын Ф. Советское государство и кочевники. История, политика, население. 1917-1991. – М.: Центрполиграф, 2019. – 318 с.

11. Бугай Н.Ф. Проблемы репрессий и реабилитации граждан: история и историография (XX в. – начало XXI в.). – М.: Гриф и К, 2012. – 480 с.

12. Пашков С.А. Обыкновенный террор. Политика сталинизма в Сибири. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2012. – 440 с.

13. Малышева М.П., Познанский В.С. Казахи – беженцы от голода в Западной Сибири (1931–1934 гг.). – Алматы: Ғылым, 1999. – 535 с.

14. Познанский В.С. Социальные катаклизмы в Сибири: голод и эпидемии в 20-30-е годы XX века. – Новосибирск: Изд-во СО РАН, 2007. – 307 с.

15. Октябрьская И.В. Казахи Южного Алтая. История и современность. // Аборигены Сибири: Проблемы изучения исчезающих языков и культур. – Новосибирск, 1995. – С. 197-199.

16. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 264 с.

17. Қабылдинов З.Е. Казахи Тобольской и Томской губерний во второй половине XVIII начале XX вв. (историко-демографический аспект). – Павлодар, 2001. – 295 с.

18. Томилов Н.А., Ахметова Ш.К. Казахи аула Қасқат: традиции и инновации в культуре казахского населения Западной Сибири. – Омск: Изд. дом «Наука», 2013. – 392 с.

19. Ахметова Ш.К. Казахи Западной Сибири и их этнокультурные связи в городской среде. – Новосибирск: Изд-во Института археологии и этнографии СО РАН, 2002. – 104 с.

20. От Урала до Енисея (народы Западной и Средней Сибири). – Томск: Изд-во Томского ун-та, 1995. – 186 с.

21. Казахи Тюменской области: история, язык, культура: коллективная монография. – Тюмень: Изд-во Тюменского государственного университета, 2013. – 119 с.

22. Мұхтасыров П. Бәйтеректің оқшау шыққан бұтағы: деректі кітап. – Астана: Фолиант, 2013. – 368 б.

23. Кабдулвахитов К. Откочевники: летопись казахского колхоза имени Дальневосточной Красной Армии в Нижнетавдинском районе Тюменской области. 1938-1945 гг. – Тюмень: ОАО «Тюменский дом печати», 2010. – 119 с.

24. Голод в казахской степи: письма тревоги и боли. / Сост. С. Абдирайымов, И.Бухонова, Е. Грибанова и др. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1991. – 208 с.

25. Насильственная коллективизация и голод в Казахстане, 1931–1933 гг.: Сб. док-в и мат-в. / Сост.: Алдажуманов К.С., Каиргалиев М.К., Осипов В.П; Редкол.: Козыбаев М.К. (гл. ред.) и др. – Алматы, 1998. – 263 с.

26. Гонимые голодом. Сборник документов. / Сост. Е.Б. Сыдыков. – Семей, 2010. – 693 с.

27. Трагедия казахского народа (сборник документов и материалов: голод 20-х, 30-х годов XX века в Казахстане). – Алматы, 2010. – 406 с.

28. Кондрашин В.В. Хлебозаготовительная политика в годы первой пятилетки и ее результаты (1929-1933 гг.). – М.: Политическая энциклопедия, 2014. – 350 с.

29. Ильиных В.А. Хроники хлебного фронта. Заготовительные кампании конца 1920-х гг. в Сибири. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2010. – 344 с.

30. Ресейдің мемлекеттік казіргі заман тарихы архиві (РМҚЗТА). 3-қ., 61-т., 165-іс.

31. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА). 141-қ., 1-т., 5827-іс. Секретная переписка с ЦК ВКП(б).
32. Заключение Комиссии Президиума Верховного Совета Республики Казахстан по изучению постановлений КазЦИК и СНК КАССР. // Казахстанская правда. – 1992. № 292 (21217). – 22 декабря. – С. 1-3.
33. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 4. Алматы: «Атамұра», 2009. – 768 с.
34. Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМӘСТА). 62-қ., 2-т., 3135-іс.
35. Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА). Р5446-қ., 14а-т., 409-іс.
36. РМ ҚЗТА. 3-қ., 61-т., 166-іс.
37. РФ МА. Р5446-қ., 14а-т., 13-іс.
38. РФ МА. Р5515-қ., 33-т., 53-іс.

3.2. Батыс Сібірдегі босқын қазақтардың бейімделу мәселелері

М.М. Қозыбаева

1930 жылдардың басында алғашқы қазақ босқындарының мекендеген жақын аймақтардың бірі Сібір болды. Күштеп ұжымдастыру және мал-мүліктен айыру жылдарында қазақ халқы «солтүстік өлке» деп аталатын жерге қашып кетті, онда қудалаудан қорқып, шалғай ормандардан ұстай алмайтындай сіңіп кетуге үміттенді. Адамдар өздерінің үйреншікті таныс жерлерінен жасырын түрде кетіп, түн ортасында барлық жиналған мүлікті тастап кетіп жатты. Мәселен, осы бағытта алғашқылардың бірі болып Бокай Қожырбаев отбасымен бірге қашты. Бокаевтар отбасының естеліктеріне сәйкес, 1930 жылдың көктемінде арғы атасы Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданындағы Майбалық ауылынан кеткен. Осы уақытта Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданы Балуан ауылынан ондаған отбасы Тюменьге көшті [1, 10 б.]. Негізінен, олар көшіп-қонуға әлі де материалдық және физикалық мүмкіндіктері бар ауқатты отбасылар болды.

Алайда қоныс аударудың жай-күйі Сібір билігінің бақылауында болды. Татар аудандық атқару комитетінің 1931 жылғы 4 сәуірдегі «Қазақстан шекарасына іргелес жатқан ауылдық кеңеске Қазақстаннан көптеген қазақ халқы келіп, тұрақты тұруға ниет білдіріп, оларды колхоздарға жатқызу және қабылдау туралы мәселе көтеріп жатыр» деген сұрауына жауап ретінде Батыс Сібір орталық атқару комитеті Қазақ АССР кеңес органдарымен сол жерден бай шаруалардың қашу мәселелері бойынша байланыс орнату туралы үкім шығарды. Үкімде Қазақстаннан көшіп келген адамдарды анықтау қажеттілігі және тізімдерді бұрынғы тұрғылықты жері бойынша Қазақстанның аудандық атқару комитеттеріне жіберу, сондай-ақ анықталған бай қожалықтарды Қазақстан шегіне дереу көшіру туралы айтылды [2, 4 б.].

1931 жылдың күзінен бастап билік Қазақстаннан Сібірдің іргелес аудандарына халықтың жаппай қашуын байқап, бұл туралы арнайы хабарламалар жеткізілді. Осылайша, 1932 жылғы 23 қаңтардағы Батыс Сібір ауданы бойынша ОГПУ уәкілетті өкілдігінің арнайы мәлімдемесінде «келген қазақтардың ешбір мүлкі жоқ, еш жерде жұмыс істемейді, ал басым көпшілігі аштыққа ұшыраған, қайыршылық кеңінен өрши түскен, өлген жануарлардың етін жеп жүр, ...әлсіздік тудырған өлім-жітім бар» делінген [3, 1-3 б.]. Күнкөріс көздерінен айырылған, әлсіреген қазақтар ауылдар мен қалаларды аралап, қайыр сұрады. Куәгерлер «өлген қазақтардың

мәйіттерін жол бойында отын үйіндісі сияқты жинап жатыр» деп хабарлады [4, 77 б.].

Жалпы алғанда, 1930 жылдардағы ашаршылық және қазақ халқының көшіп-қонуы мәселесі бойынша зерттеушілердің жұмыстарын зерделеу нәтижесінде алынған мәліметтер, сондай-ақ архив құжаттардан алынған куәліктер зерттеушілер үшін мәселенің көпжақтылығын, күрделілігін растайды. Ашаршылық трагедиясы кобінесе қатаң идеологиялық диктаты бар тоталитарлық мемлекетте сөзсіз болды, кобінесе «жергілікті жерлерде» шындықпен, тіпті дәстүрлі көшпелі қоғамның ерекшеліктерімен саналмады. Зерттелетін материалдың мысалында біз аштыққа ұшыраған халықтың Қазақстанмен шектес аумақтарға босуы босқындардың проблемаларын шешпегенін және олар үшін құтқару болмағанын көреміз.

Сонымен, 1930 жылдардың басында Қазақстандағы жаппай ашаршылық трагедиясының бұл жағы әлі де терең әзірленбеген және зерттеу қоғамдастығы тарапынан көбірек назар аударуды талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМӘСТА). 17-қ., 167-т., 28-іс, 159-п.

2. Ресейдің Федералды қауіпсіздік қызметінің орталық архиві (РФҚҚОА). 2-қ., 8-т., 824-іс, 838-842-пп. «ОГПУ өкілетті өкілдігінің Жоғарғы Қолбасшылық басқарма арқылы ОГПУ ақпараттық басқармасына қазақтардың (қырғыздардың) Қазақстаннан Орта Еділ өлкесіне жаппай қоныс аударуы туралы баяндама хаты. 31 тамыз 1930 ж.» https://istmat.org/node/55075? – Өтініштің уақыты 03.03.2021)

3. ҚРПА. 141-қ., 17-т., 465-іс, 9-9-қ.п., 31-п., 9-9 қ.п.

4. Орынбор облысының біріккен мемлекеттік архиві (ООБМА). 267-қ. 3 т. 48 іс. 11-12 п.

5. Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві (РФМА). 259-қ.,. 16-т.,.31-іс, 1-8-пп.; 10-т., 1416-іс, 16-қ.п. 17-18, 20-22, 23-23, 34, 35, 39, 40, 45, 52, 53, 54 пп.

6. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивы (РМӘСТА). 17 қ. 167 т. 28 іс. 159 п. Түпнұсқа. Қолжазба. Жарияланды: . Голод в СССР (1929-1934). 3 т. Т. 1: 1929 – июль 1932: 1 кн. М., 2011. С. 262–263; Голод в СССР (1929-1934). Т. 2. – М.: МФД, 2012. – 452 с.

7. РФМА. А-2306 қ. 70 т. 5287 іс. 71 п., 71 об., 72, 72 об., 73. Түпнұсқа. РФМА, РМЭА, РМӘСТА, Ресей ФҚҚ ОМ «Голод в СССР» тақырып бойынша құжаттар топтамасы. Ресей архивтері. Архивтік анықтамалығы (rusarchives.ru). (Өтініштің уақыты 05-05-2022).

8. ООБМА, Р-63 қ., 5 т., 37 іс. 27 п.

9. РФМА. 1235 қ. 141 т. 1349 іс. 22 п. об.: https://istmat.info/node/59450 (Өтініштің уақыты 11-11-2021).

10. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві, 5-қ., 21-т., 200-іс,. 13, 14-пп.

11. РФМА. 6759-қ., 3-т., 98-іс, 2, 3-пп.

4 ТАРАУ XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ

4.1 Қазақ босқындарының Орта Азия республикаларындағы орналасуы мен бейімделуі

А.И. Құдайбергенова

Кеңестік билік XX ғ. 20-30 жылдары ірі байлардың, кулактардың, жартылай феодалдардың (орта шаруалар мен шаруалардың) мүлкін тәркілеу (кәмпескелеу), мәжбүрлеп ұжымдастыру, күштеп отырықшыландыру, күштеп астық дайындау және күштеп ет дайындау, «Үш масақ туралы» заңды іске асыру, т.б. саяси науқандарды жүргізді. Бұл науқандар ғасырлар бойы терең өзгерістерге түсе қоймаған қазақ ұлтының дәстүрлі болмысының, күнделікті өмірінің ырғағына қауіп төндіріп, халықтың толқуларын, қарсылығын туғызды. Қарсылықтың бір көрінісі – халықтың мекендеген жерлерінен тыс аймақтарға көшуі болып табылады.

Қазақстаннан сырт жаққа мәжбүрлі көшіп кеткендер, ең алдымен, тәркілеуден қашқан байлар мен кулактар болды. Халық арасында сақталған деректер байлардың шет аймақтарға көші бұдан да ертеректе басталғанын көрсетеді. Жаңа биліктің байлар мен орташаларды меншігін жоюға негізделген саясатының нәтижесінде халық арасында мүлкін жасыру, басқа жаққа көшу мәселелері бұрыннан талқыланған. Қазақ байлары жайылымдықтарымен шектес көрші аймақтарға көшті 1928 ж.-ақ бастады.

Шаруашылық мәселелері бойынша жүргізілетін көш біртіндеп саяси мәнге ие болды. Себебі тап жауларын жою мен тәркілеу саясаты байлардың мал-жанымен, ауылдарымен қашуына итермеледі. Бұл мәжбүрлі көш кеңестік биліктің бұйрықты тәсіліне қарсылық көрсетумен, кейде көтерілістермен бірге жүзеге асты. Байлар мен кулактардың көші көтерілістермен ұштасқан кезде, көтерілісті басып-жаншудан қашқандардың көші орын алды. Айта кету керек, көршілес аймақтардағы туыстарымен байланыстың үзілмеуі көштің бағытын да анықтап отырды. Орта Азия аумағына халық Қазақстанның оңтүстік, батыс аймақтарынан қашты. Мысалы, 1929-1932 жж. Адай көтерілісін басып-жаншу кезінде анық-қанығына жетпей жаппай қамауға алу жүргізілді. Мысалы, материалдарсыз 128 адам қамауға алынып, 1931 жылдың қазанына дейін түрмеде ұсталды. [1, 60 п.]. ОГПУ ПП мәліметтері бойынша, «қозғалысты басу көтерілісшілерді жан-жаққа шашыратып жіберу негізінде жүрді, оның бір бөлігі жойылды, бір бөлігі Түрікменстанға қашып кетті, ал үлкен бөлігі қайта көшіп келіп жатқан босқындардың арасына сіңіп кетіп, қайта оралды, немесе Үстіртте қалды. Соңғы мәліметтер бойынша, 19 маусымда Қоңырат және Көне Үргеніш ауданында 3000 шаруа қожалықтары біздің бөлімдерімізге берілді, бұл бандалық көшіп жүрген топтардың бір бөлігі жасырынып, Үстіртке қашып кетті. қаруланған 100-ге жуық қожалықтары бар 1000-ға дейін шаруа қожалықтарынан тұратын бандалық топ Қарабұғаз шығанағы аймағында, Домпе құдығының жанына топталды» [1, 63 п.].

Орталық Азияға көшкен қазақ қожалықтары алдымен, бұрыннан білетін, шекара маңында араласып отыратын ауылдарға бет түзеді. Мысалы, Қарақалпақстанда қазақтардың бір бөлегі ертеден ата-баба жерінде отырды. Бұл өлкенің өзі көрші орналасқан екі бірдей одақтас республикалар жеріне алып баратын арнайы көпір секілді де еді. Қазақтардың кейбір тобы Қарақалпақстанға, бір бөлігі онда тұрақтамай Өзбекстанға, Түрікменстанға өтіп кетіп те жатты. 1928-1930 жылдардан бастап

Қарақалпақ жеріне жақындау орналасқан Қазақстанның Қазалы, Арал, Шалқар, Темір, Табын, Ақтөбе және т.б. аудандарынан Голощекиннің жартылай әскери саясатынан ыққан қалың жұрт осы өлкелерге ауа көше бастады (2,137).

1928-1929 жж. Қарақалпақстан мен Түрікменстанға көшіп кеткендер (құжатта тәркілеуден қашып ауылымен көшкен байларды да, көтеріліске қатысып қашқандарды да барлығын «откочевники» деп белгілеген) саны, Ташауыз ауданында 980, Тақты ауданында 344, Илял ауданында 600 қожалық (мәлімет толық емес) есептелінді [3, 4 п.]. Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ) 1928 ж. қыркүйектегі мәліметінде «барлаушы рөлін атқаратын жігіттердің көмегімен байлар бар байлығын жасырып, сыртқа көшіп жатыр [4, 25 б.], «Түлкібас ауданының (Сырдария ауданы) № 2 ауылынан, Байғазы Жұсамбаев, 255 қызметкері бар, малдарын тәркілеуден құтқару үшін 3000-ға дейін қошқары бар, оны басқа республикаларға айдап, әртүрлі аудандарға көшіп, малдарын жасырды» т.б. [5, 61 п.] деген хабарламалар көптеп кездесті.

1929 ж. шекаралық аймақтарда қазақтардың шетелге өтуі жаппай орын алады. ОГПУдың № 5716 көлік бөлімінің Ташкенттегі ОГПУдың жол-көлік бөліміне жіберген 1930 ж. 22 ақпанындағы аса құпия жеделхатында кулактардың Кинель, Орынбор және Каспий теңізімен Красноводск арқылы Орта Азияға байлардың қашып жатқаны хабарланады. Кишкиннің бұл жеделхатында: «Барлық жерге тосқауыл қойыңдар. Тез арада Красноводскіде арнайы тосқауылдар орнатып, келгендерді тексеріп, кулактарды ұстандар, оларды өз қаражаты есебінен бірінші пароходпен қайта кетуге мәжбүрлеңіздер. Кетпегендерді ұстап, учаскелік полиция бөліміне тапсырыңыз. Көпшілігі кедейлердің, орта шаруалардың жалған құжаттарымен жүреді. Орындауды жеткіздер» [6, 162 б.] деген нұсқау беріледі.

1930-1931 жж. Қазақстан мен Орта Азия Бас саяси басқармасының есебі бойынша Қарақалпақстан мен Түрікменстандағы қазақ босқындарының саны ерекше өсті: Порсин ауданында 2000 қожалық (оның көпшілігі 1928/1929 ж көшіп кеткен), Көне Үргеніш ауданында 4000 қожалық (барлығы 1931 ж. көшіп барғандар), Красноводск ауданында 1000 қожалық (олардың 8000 қойы, 3000 бас түйесі, 400 жылқылары бар), Ходжейлі (ҚҚАО) -2000 жуық қожалық, барлығы 10920 (мәлімет толық емес) көшіп барған қазақтар қожалығы [3, 4 п.]. есептелді. Бандалық таптарға күрес нәтижесінде халық көтерілістері басып жаншылып, көтерілісшілер шетке қашып кетті. Барған жерлерінде де «құрығы ұзын» кеңес әскері байлар мен бандалық таптардың басшыларын ұстап, қамап, қуғынға ұшыратты. Мысалы бір ғана Түрікменстан мен Қарақалпақстан жерінде 16 қазақ ханы[1] мен көтеріліс басшылары, 76 бай қожалықтары тәркіленіп, байлар жер аударылды [3, 5 п.]. Сол қожалықтардағы кедей топтарға қоқан-лоқы көрсетіп, қорқытып, кері қайтаруды міндеттеген соң, олардың көпшілігі ары қарай, Өзбекстанға көшіп, босып кетті. Мысалы, Көне Үргеніш ауданынан Хиуаға 400-ге жуық, Порсин ауданынан Өзбекстанның Шават ауданына 300 қожалықтың қазақтары топ-топ болып, қашып кетеді [3, 8 п.]. Айта кететін жайт, көп ұзамай ол жерлерде де тұрақты мекен таппаған қазақ босқындары 1933 ж. тамыздағы мәлімет бойынша, қайтадан кері көшкендері бар, Түрікменстанның Байрам әлі, Тежен және Қарақалпақстанға қайта оралады. Бірқатары жолда Түрікменстанның Шарджау ауданында қалып қояды [7, 1 п.].

Қазақстан мен Орта Азия Бас саяси басқармасының мәліметіне сүйенсек, бір ғана Табын ауданынан 1930 ж. ешбір көтерілістерге қатыспаған 6756 қожалық 40631 адамымен Қарақалпақстан, Түрікменстан және Өзбекстанға көшіп кетеді.

---

[1] Ауылдарда кеңес билігін құлату, ру басыларымен басқарылатын тәртіпті орнату мақсатында, жаңа тәртіпке қарсылық ретінде көбіне байлар, ру басыларын хан сайлаған.

Осы аудан бойынша алғанда, 1931 ж. 2032 адамы бар 702 қожалық көтерілістерге қатысқан. Аудан бойынша көшіп кетпекші болған 3794 қожалық халқы өз мекендеріне қайта оралған [3, 20 п.].

Сондай-ақ, Мемлекеттік біріккен саяси басқарманың (ОГПУ- МБСБ) Ақпарат бөлімінің ҚазақАКСР бойынша кулактар мен байлардың қашуы туралы берілген № 11 арнайы мәліметінде 1930 ж. 15 желтоксанына қарай кулактар мен орташаларды тәркілеу кезінде Петропавл және Қостанай округтарынан Өзбекстанға (алдымен Ташкент бағытындағы Қазақстан жерінде - Алматы және Сырдария округтарына, ары қарай Өзбекстанға) кулактар мен орташалар да қашып, жұмыссыздар ретінде өндірістер мен совхоздарға жұмысқа орналасып, жұмыс істеуде деп көрсетілген.

Алматы және Сырдария округтарында жұмыс тапқандары Қазмысқұрылыс, Қазкөмір, Қазтеміржолқұрылыс, совхоздар мен баска да мекемелерде жұмысқа орналасты. Сырдария округының Жуалы ауданынан қашқан 102 кулактың бір бөлігі Үржар ауданына, Мақтаарал совхозына, т.б. мекемелерге жұмыка орналасады [8, 135-136 пп.]. Соңғы нанымызды тартып алды, жеуге нан жоқ, деп Орал округынан қашқан 24 шаруашылық Украинаға жаппай көшіп, 50 шаруашылық көшке дайындалып жатыр деген мәлімет бар [8, 135-136 пп.]. Сол сияқты Қазақстанның барлық жерлерінен байлар мен кулактардың әртүрлі себептермен жан-жаққа қашқандығы туралы хабарламалар жіберіліп отырды.

Халықты Қазақстаннан Өзбекстанға көшіруді ұйымдастырған топтар да болды. Олар көшіп-қонушыларды көлікпен айналысатын, түйе бағатын артельдерге кіргізіп, Орта Азияның түкпір пункттеріне жіберіп, кейіннен оларды Ауғанстанмен шекарада шоғырландырды. Ауғанстанға қашуды да ұйымдастыратын топтар болды.

1928-1932 жылдары Қазақстанның өн бойында Кеңес билігінің саясатына қарсы халық қозғалыстары орын алды. Мысалы, Орталық Қазақстанда Қарқаралы округінің Абыралы, Шыңғыстау, Шұбыртау аудандарында көтерілістер басталды [9, 26 б.]. Сыр өңіріндегі Асандар көтерілісі, Ақмырза көтерілісі (700 сарбазы болды) және Қарақұм көтерілістері (жалпы барлығының саны 10 мың сарбаз) де тарихқа белгілі [10, 1-3 пп.]. Қазақстан бойынша 1929-1932 жылдары кеңес билігіне қарсы барлығы 372 қарсылық қозғалыстар болды.

Архив қойнауларында сақталған құжаттар (ашық-құпия түрлерін қоса алғанда) шаруалар көтерілістерін ұйымдастырғандарды, көтеріліске қатысқандарды Кеңес өкіметіне ашық қарсы шыққан бандалық құрылымдар, биліктің шешімдеріне арнайы қарсылық көрсетуді мақсат етіп, күреске шыққан бандиттер ретінде көрсетеді [10, 11; 12, 4-7 пп.]. Сол себепті, құжаттарда шаруалар көтерілісін басып-жаншу қажетті әскери шара болды ретінде түсіндірілді. Ал көтеріліс жайлы халық жадында сақталған мағлұматтар мен архивтерде кездесетін құжаттарға жіті талдау жасасақ, онда күн-көріс көзінен айрыла бастаған қарапайым халықтың жан-айқайынан туындаған шарасыздықтан соң туындаған қарсылықтары үшін шаруалардың «бандиттер» деген топқа енгізіліп, жазаланғандарын байқаймыз.

Осыған орай, отандық зерттеушілердің еңбектерінде күштеп ұжымдастыруға қарсы көтерілістердің «бандалық құрылымдар» мен «бандиттердің» бас көтерулері емес, халықтың аштыққа қарсы қарсылығы, әділетсіздікке қарсы көтерілуі екені айтылады. Яғни, кәмпескеден қашқан байлардың малын тәркілеуге қарсылық көрсетіп, бүкіл ауылымен мекендеген жерлерінен көрші аймақтарға көшуі халық наразылығы болып табылады [13, 34 п.]. Бұл қарсылықтарды ғалым К. Нүрпейіс «ұлт-азаттық қозғалыс» деп те бағалады. Бұл көтерілістерді басу кезінде жазалаудан қашқандардың сыртқа көшуі орын алды.

Сонымен Қазақстаннан сырт жаққа қашқандар, алдымен, байлар мен кулактар болды. Сыртқа көшу 1930 жылдың көктемінен республиканың шығыс және оңтүстік аудандарында ерекше көбейе бастайды. 1930 жылы 34 577 шаруа қожалығы көшті. 1931 жылы (толық емес мәліметтер бойынша) 45 000 шаруашылық көшіп кетті [14, 172 п.]. Соның ішінде 1931 ж. Қызылқұм ауданынан Өзбекстанға 2.200 шаруашылық көшіп кетті [15, 6 п.]. 1930 ж. 22 ақпанындағы ОГПУ-дың № 5716 көлік бөлімінің Ташкенттегі ОГПУ-дың жол-көлік бөліміне жіберген аса құпия жеделхатында кулактардың Кинель, Орынбор және Каспий теңізімен Красноводск арқылы Орта Азияға қашып жатқаны хабарланады. Кишкиннің бұл жеделхатында: «Барлық жерге тосқауыл қойыңдар. Тез арада Красноводскіде арнайы тосқауылдар орнатып, келгендерді тексеріп, кулактарды ұстаңыз, оларды өз каражаты есебінен бірінші пароходпен қайта кетуге мәжбүрлеңіз. Кетпегендерді ұстап, учаскелік полиция бөліміне тапсырыңыз. Көпшілігі кедейлердің, орта шаруалардың жалған құжаттарымен жүреді. Орындауды жеткіздер» деген нұсқау беріледі [16, 162 п.].

Осы жылдардағы мәжбүрлі көші-конды ішкі және сыртқы (шетелге қашу) деп бөлуге болады. Қазақстан ішінде бір ауданнан екінші ауданға көшсе, сыртқы түрі Қазақстан шегінен тыс Орта Азия республикалары (Өзбекстан, Түрікменстан) мен РКФСР-дің шектес аймақтарына, ал шетелге - Қытайға көшу жолымен жүргізілді.

КСРО ішінде және одан тыс жерлерге 1930 жылдың көктемінен бастап 1931 жылдың қаңтарына дейін, толық емес есеп бойынша, мәжбүрлі көшкен 34577 шаруа қожалықтарының ішінде: 1014 бай, 1817 орташа шаруар, 2167 кедей қожалықтары, 54 колхозшылар шаруашылықтары және әлеуметтік топтарға бөлінбеген 29525 шаруа қожалықтары болды. Топтарға бөлінбегендердің басым көпшілігі кедейлер мен орташалар топтарына жатты.

Толық емес мәліметтер бойынша Қытайға шекара маңындағы Алматы және Семей округтерінен 2638 қазақ шаруашылықтары көшіп кеткен. Сонымен қатар, ол шекара маңындағы аудандардан көшіп кеткендер көп болды: Малай-сарыдан 92 шаруашылық (бұдан басқа 12 және 13 ауылдар халқының, бірақ саны көрсетілмеген), Шелектен 62 шаруашылық, Қаратастан 30 шаруашылық және Күршімнен 11 шаруашылықтың жаппай көшіп кетуі тіркелген.

Халықтың көшіп кету оқиғаларының ең көп тіркелген уақытын айтсақ, онда маусым айына қарай барлық көшіп кеткендердің 0,1%-і тіркелсе, көші-қонның ең көп мөлшері шілде айына тиесілі: бір жылдағы барлық көші-қонның 31,6% шілдеде орын алды, содан соң тамызда - 3,3%-ы, қыркүйекте - 4,3%-ы, қазанда - 11%-ы, қарашада - 31,6%-ы, желтоқсан айында - 4,2%-ы кеткен және уақыты белгісізі - 2,3%. (желтоқсан айында 14 шаруашылықтың көшуі тіркелді, ал қазан айында 815 шаруа қожалығы қоныс аударған еді).

Қазақстан бойынша көшіп кетуден зардап шеккен аудандардың саны (шекаралық аудандарды қоспағанда) 58-ге жетеді, оның ішінде Орал округының 5 ауданы, бұрынғы Сырдария Округінің Қаратас және Арыс аудандары қатты зардап шекті.

Ішкі көші-қонға келсек, Қызыл-Ағаш ауданынан (б. Павлодар округі) басқа аудандарға 50 шаруашылық, Арыс ауданынан (б. Сырдария округі), 38 шаруашылық Түркістан ауданына қоныс аударды, бұрынғы Ақмола округінің Еркеншілік, Ақмола, Атбасар, Жаңа-Арқа және Азат аудандарынан Павлодар, Петропавл, Қостанай және Қызылорда округтері 510 шаруашылық қоныс аударды.

Республикамен шектес аймақтарға: РКФСР-дің көршілес аудандарына Төменгі Еділ бойы және Орталық Еділ аймағына: Астрахань, Сталинград, Пугачев, Самара және Орынбор округтеріне Қаратөбе, Талов, Лбищенск, Шалкар аудандарынан

(Орал округі) 10000-ға жуық, Шыңғырлау ауданынан (б. Ақтөбе округі) 13 000-ға жуық қазақ шаруашылықтары көшіп кетті

Қырғызстанға: Меркі ауданынан 30 шаруашылық, Биен-Ақсудан шаруашылығынан 78-і шаруашылық қоныс аударды, Еңбекші-казак және Қордай аудандарынан Қырғызстанға жаппай қоныс аудару байқалды.

Өзбекстанға, толық емес деректер бойынша Сырдария округінің 1527 шаруа қожалығы қоныс аударғандар. Одан бөлек: Қаратас ауданынан 519, Шан ауданынан 100, Арыс ауданынан 328, Түркістан ауданынан 500, Жаңа Қорған ауданынан 100, Қараспаннан 80 шаруашылық үдере көшіп кетті.

Түрікменстанға Гурьев округінің 500 шаруа қожалығы, Ақтөбе округінің Табын ауданынан (шаруашылықтардың саны белгісіз) жаппай көшіп кету байқалды [17, 2-3 пп.].

Осы кездегі көші-қон туралы естелікке сөз берелік: «Анам Жұмабек қызы Күлшім өте ауқатты, конфискацияға ілінген байдың қызы болды. Арғы атасы да, өз атасы Құттыбай да бай кісілер, анасы Аркадағы атақты Бекжан байдың қызы. Әкесі Жұмабек ескіше сауаты бар, молда әрі қобызшы болған. Әке байлығын сақтап қалған ақылды кісі еді.

Менің әкем керісінше кедейлсу орта шаруа болады да, 30 жасына дейін қыз таңдап жүріп қалады. Бірде Жұмабек байдың қызын естіп айттыруға адамдар жібереді, олар бос қайтады. Келесі жолы тағы да айттырып адамдар жібереді, бұл жолы бай қызын бермейтінін анық айтады. Бірақ әкем «осы қызды қайтсем де алам» деп қайсарланады. Өзі де қыз көруге барғанда анам сандықтың үстіне аяғын салбыратып жігітті ұнатпағанын білдіреді.

Сұраған тілегі қабыл боп конфискация басталып кетеді де Жұмабек атам қашуға дайындалады.

Аласапыран басталды, күндіз-түні жылқылар сойылып өз қарнына етін тығып, қазы-қартасы болса да, қақталып кебежелерге, қаптарға, қанарларға салып түнделетіп алып кетіп жатты. Одан басқа алтын, күмістен жасалған бұйымдар да, бағалы заттарды да сандықтарға салып, сыртынан терімен қаптап алып кетіп дария жағалай көмген, жерді қазып жасырған.

Негізі атам кәмпескенің боларын біліп сезіп жүрген екен, алдыңғы жылдары малдарды сатып, алтын-күміс жинаған. Осылай буылып-түйілген дүниелерді жалшылары түнделетіп тасыған. «Ойбай құранды да өртеп жатыр екен» дегенді естіп (Жұмабек атам молда болған) құрандарды да сандықтарға салып терімен қаптап дария жағалай жерге көміп жасырған» дейді Раушан Қыдырбайқызы [18: 64]. «Бір қазақы итіміз бар еді күндіз-түні ұлитын, әкем аңыратып қобыз тартады сай-сүйікті сырқыратып. Бала болсам да бір жамандықтың боларын сезіп жүрмін. Жалшылар малды айдап кетерде ас беріледі, қоштасарда әйелдер жоқтау айтады.

Бар дүние-мүлкін жасырып, өзі кіші баласымен малды айдап Өзбекстанға кетпек болады да, ал үлкен баласына шешесі мен қарындасын эшолон-поезбен Ташкенге жеткізуді тапсырады. Онда бұларды бір өзбек күтіп алып Термізге жеткізуі керек. Меже Терміз қаласы. Бәрі сонда кездесуі керек.

Осы кезде «қызылдардың» қылышынан қан тамып тұрған қиын кезең еді, елден қашып шығу оңай емес. Ахмет ағам астыртын бір коммуниспен келісіп жүреді. Бір күні «ал шығыңдар» деген бойда апыл-ғұпыл жолға шықтық. Эшолонға отыру үшін станцияға келдік, станцияда ығы-жығы халық, арасында қызыл жағалылар да жүр. Бәрі эшолонға отырып жатыр, біз де отырайық деп ыңғайланып едік, Ахмет ағам мен бізді күтіп алған адам «әзір болмайды, ұстап алады» деп жібермеді. «Түн жарымда эшолон қозғала бастады, Ахмет ағам анамды демеп мінгізді де, мені әлгі адам қолымнан ұстап жібермеді. Эшалон қатты жүріп кетті..., анам поезда аңырап барады, мен жерде аңырап қала бердім.

Әлгі адам дегені менің әкемнің күйеу баласы (қарындасының күйеуі) Сүлеймен коммунист еді.

Осылай Анамды Әкеме алып барады. Ахмет ағам елден оңайлықпен қашып кете алмасын білгесін, қарындасын өз қолымен тастап кеткен ғой» [18, 65].

Бұл алдын ала қашуға дайындалған бай өмірінен үзінді.

1930 жылдың көктемінен бастап республиканың шығыс және оңтүстік аудандарында да жаппай ауа көшкендер саны күрт өсті. 1930 ж. сыртқа кеткендердің негізгі көпшілігі Қытай мен Өзбекстанға көшкендігі айтылады. «Байлардың үгіт-насихатына ерген және халықтың барлық топтарынан мүлікті тәркілеу, рулық ықпал туралы арандатушылық қауесеттердің әсерінен кедейлер мен орта топтардың жаппай көшіп кету жағдайлары орын алуда. Көшіп-қонуды жасыру үшін байлар жалған жүк-көлік және балық аулау артельдерін ұйымдастырып алады» деген мәліметтер орталықтарға кетіп жатты.

1931 жылы жаппай көші-қон: Тайпақ (бұрынғы. Орал округі), Маңғыстау, Жылықос (бұрынғы Гурьев округі), Табын (бұрынғы Ақтөбе округі), Көкпекті, Абралы, Аягөз, Жарма, Күршім, Шұбартау, Тарбағатай (бұрынғы Семей округі), Ақсу, Октябрь, Кеген (бұрынғы Алматы округі), Қызылқұм (бұрынғы Сырдария округі) аудандарын қамтыды.Осы кездегі толық емес деректер бойынша 1930 жылы Қазақстан бойынша мәжбүрлі көшіп-қонуға 34577 шаруа қожалығы қамтылды, оның ішінде байлардың – 1014, орташалардың – 1817, кедейлердің – 21767 шаруа қожалығы., колхозшылардың – 54 және әлеуметтік топтары белгісіз – 29525 шаруашылық. Қолда бар мәліметтерге сәйкес анықталмағандардың басым көпшілігі кедей және орташа топтарға жатады.

Қазақстан Қаржы халық комиссариатының 1931 ж. 9 тамызда республика Өлкелік партия комитетіне жолдаған мәліметінде 1930 жылы және 1931 жылдың 5 тамызына дейін Қазақстанның тек 27 ауданынан ғана (қалған 47 ауданның мәліметтерін есептемегенде) Орта Азия жеріндегі көрші республикаларға және Қытайға көптеген қазақ шаруа қожалықтары көшіп кеткен. Мысалы, Өзбекстанға 3436 қожалық 187 909 малды айдап кеткен болса, Түрікменстанға кеткендер, сәйкесінше, – 7371 қожалық 319 725 бас мал, Тәжікстанға сәйкесінше, 1767 қожалық 88 350 бас мал; Қырғызстанға – 1031 қожалық, 33 595 бас мал, Қытайға – 563 қожалық, 2276 бас мал, ал Қарақалпақстанға – 2355 қожалық, 11 262 бас мал, барлығы 35597 қожалық 893 074 мал басын айдап өтіп кеткен (2, 136; 19, 1 п.). Бұл кезде шекаралас аймақтардағы халық бір-бірімен аралас-құралас байланыста отырған еді.

1932 ж. ашыққан халық күн-көріс мүмкіншілігінен айрылып, жаппай босқыншылыққа ұшырап жатқаны белгілі болғандығына қарамастан, Қазақ Өлкелік Партия Комитеті Бюросының (Қатаң құпия» грифімен белгіленген 1932 ж. 19 ақпандағы № 91 «Босқыншылық туралы» отырысының хаттамасы (Арнайы папка) Голощекиннің «откочевка» (босқыншылық – АИК) туралы мәселесіне қатысты қаулысында:

1 Дәлелденген материалдар мен фактілер негізінде Орта Азия мен Қырғызстанмен іргелес аудандарда байлар мен ұлтшылдардың Кеңес өкіметі мен социалистік құрылыс саясатына қарсы күресі Орта Азия мен Қырғызстанға малмен жаппай көшуді ұйымдастыру түрінде көрінетіні анықталды. Бұл ретте оларға, бір жағынан, Қазақстан аудандарының партиялық ұйымы мен Кеңес аппаратының кейбір ұлтшыл элементтері көмектеседі, екінші жағынан, бұл көші-қонды ұйымдастыруға Орта Азия мен Қырғызстан аудандарындағы ұлтшылдар мен байлар жәрдемдеседі; басты ұйымдастырушылық рөлді Ташкентте

шоғырланған ұлтшылдар мен топтастырушылар атқарады» деп бағалайды [20, 41 п.]. Осы тұжырымға сай, Өлкелік партия комитеті БК(б)П ОК Ортаазбюросы мен Қырғыз облкомитетінен көшіп кеткен халықтың арасындағы байлар мен көшті ұйымдастырушыларды тауып, кері қайтаруға, көшіп кеткен (босып барған - АИК) кедейлер мен орташалардың Қазақстанға өз еркімен оралуына жәрдемдесуді; Қазақстанның кеңестік мекемелері мен оқу орындарын ұлтшыл және көшу шараларын ұйымдастырушы элементтер-қазақтардан тазартуды, партиялық жауапкершілікке тартуды сұрауға қаулы етеді. Сонымен бірге, БК(б)П ОК Ортаазбюросы келіссөздер жүргізу және жоспарланған іс-шараларды іс жүзінде жүзеге асыру үшін аудан қызметкерлері, Кахиани іссапарға жіберіледі [20, 41].

Қазақ өлкесінің партия басшысы Голощекиннің «Ел ішін жайлаған ашаршылық пен босқыншылықты, әдеттегісінше, «тап жауларының малды жаппай сойып тастауды әдейі ұйымдастырған тіміскілік зымиян әрекеттерінің салдары» ретінде түсіндіруі тыйылмады.

Қазақ босқыншылығының ауқымының күшейгенінің қазақ қоғамына тигізген зардаптарын сезген ұлттық интеллигенция өкілдерінің алғашқы ресми хаты - Өлкепарткомның жауапты хатшысы Ф. Голощекиннің атына 1932 жылғы 4 шілдеде Ғабит Мүсірепов бастап (Қазмембаспа меңгерушісі Мансұр Ғатаулин, Комвуз проректорының орынбасары Мұташ Дәулетғалиев, проректоры Емберген Алтынбеков, Госплан энергетика секторының меңгерушісі Қадыр Қуанышев) қол қойған «бесеудің хаты» түсті. Хатта ауыл шаруашылығындағы құлдырау деректері келтірілді (1930 жылғы 40 миллион бас малдан 1932 жылы 5 миллион ғана қалған). Қазақтар арасында аштан өлудің тым көбейіп кеткені және осынша мүшкіл халге «солшылдық» асыра сілтеулер мен Қазөлкекомның қате саясаты жеткізгені айтылды. Айта кететін жайт, хатты жазған кезде алтыншы адам да болған. Ол ҚАССР мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары А. Лекеров. Хат соның кабинетінде даярланған. Бірақ ол өз қолын қойған жоқ, өйткені ол сол кездің өзінде партиялық жазаға тартылған және «партия қатарына қарсы» адам ретінде танымал болатын [21, 65 б.][1].

Сол «бесеудің хаты» ұлтшылдықтың нақты көрінісі ретінде бағаланды. Хат авторларымен тиісті «сауықтыру жұмыстары» жүргізілді де, бір аптадан соң олар Қазөлкекомға өздерін-өздері кінәлап-жазалаған опыну хаттарын тапсырды. 1932 жылғы 15 шілдеде өткен Қазөлкеком Бюросы мен Өлкелік бақылау комиссиясының біріккен мәжілісі «бесеудің хатын» «Қазақстандағы социалистік қайта құру ісінде қол жеткізілген күллі жетістіктерді толығымен бүркемелеп, тек теріс сәттерді бадырайтып көрсету, Өлкекомның жүргізіп отырған барша бағытын сынау» болып шыққан деп тапты. Бірақ олардың «кінәларын мойындаулары» еске алынды. Сөйтіп, бір топ коммунист «қателесіп» қол қойған сол хатты «социалистік қайта құру мен ұлт саясаты жетістіктеріне» қара бояу жағушылық дей тұра, авторларды партия қатарында қалдырып, бір-бір қатаң сөгіс арқалатты [22, 10].

Қазақ өлкепарткомының Бюро мүшесі, республика Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Ораз Исаев 1932 жылғы тамызда Сталинге хат жібереді. Онда өлкеде орын алып тұрған ахуалды адал баян етті, себеп-салдарларын талдады, қиындықтан шығаратын шаралар хақындағы ұсыныстарын тұжырымдады [22, 11].

Алайда бұл хат жауапсыз қалды.

---

[1] М. Гатаулин мен А. Лекеров жоғары жазаға кесіліп, тиісінше 1937 жылғы қарашада және 1938 жылғы ақпанда атылды. Қ. Қуанышев лагерьде қайтыс болды, М. Дәулетғалиев алты жыл қызмет етті, ал Е. Алтынбеков босатылғаннан кейін аурудан қайтыс болды. Тек Ғ. Мүсіреповке ғана тиіскен жоқ.

Билік, басқа да ауыл халқының көшуге дайындалғанынан хабардар болып отырды. Мысалы, ОГПУдің Оңтүстік Қазақстан облыстық бөлімінің 27/VII-32 ж. материалдары Қызылорда ауданының ауылдарынан Өзбекстан аумағына көшіп кетуі облыстың басқа көршілес аудандарында да жаппай сипат алу қаупі бар екенін білдіреді (23, 27). «Қараспан ауданының № 8, 9 ауылдарында бұрынғы Сырдария округінде 44 бай мен 3 орта шаруа көлік артелін ұйымдастырып, Ташкент Көлік кеңсесімен жүктерді тасымалдауға шарт жасасқан, жүктерді тасымалдауға құжаттарды алып, отбасыларымен бірге Өзбекстанға қоныс аударған», «Бұрынғы Сырдария округінің 8 ауданынан, бай үгіт-насихатының әсерінен және 15 желтоқсан аралығында шаруашылық-саяси науқан басталғаннан бергі асыра сілтеу арқасында 1776 кедей-орта шаруа қожалықтары Өзбекстанға қашып кетті. Ең ауқымды жаппай қашу Жаңақорған, Қараспан, Қармақшы және Келес аудандарынан байқалды» [24, 135–136.] т.б. мәліметтер архив құжаттарында көптеп кездесті.

Орта Азия республикаларына келген босқын қазақтардың жайы өте ауыр болды. Мысалы, Өзбекстанда (Камир қаласында) қазақтардың базарларда сауда жасауына тыйым салынды. Ауылда да қалада да босқындарға жұмыс табылмады. Көпшілігі тонауға ұшырап, ұрыларға жем болды. Ашыққан қазақтар іліп алар бар дүние мүлкін сатты. Қыстақтан қыстаққа сабылды. Болмаса ұрлық жасады. Өзбекстанға ауып барған мыңдаған отбасы сонда қаза болды. Ашкөздік нақты мәнге ие болып, қазіргі кезде көптеген ұрпақтарға «сүйекке таңба» болған жаман жайт «адам етін жеу» оқиғалары де кездесті. Қазақ босқындары жергілікті билік пен халық қабылдамаған, кері итерген «қоғамға жат элементтерге» айналды. Қазақ қоғамының дәстүрлі өмірі шайқалды.

Қырғызстанға Алматы және Әулиеата төңірегіндегі қазақтар көшті. Қырғызстандағы қазақ босқындарға деген қатынасты екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алдымен босқындарды қабылдамау, қоғамға зиянды топтар ретінде кері қайтаруға тырысу, кейіннен республикалық басшылықтың арнайы шарасы негізінде ресми көмек беру шарасы орын алды.

Босқыншылық апаттың сұмдық ауқымы Қырғызстанда да көрінді, алайда ерекше ризашылықпен атап кету керек, қазақ босқындарын аштықтан аман алып қалудағы Ю. Абдрахманов пен оның жолдастарының ең жоғары моральдық және адамгершілікке толы іс-әрекеті арқасында қазақ босқындарының анағұрлым көп бөлігі аман қалады. Қырғыз ХКК төрағасы Ю. Адрахмановтың, оны қолдаған БКПб Қырғыз өлкелік комитетінің басшылары А. Шахрай мен Б. Исакеевтің «Көрші Қазақстандағы басшылар жеткізген жағдайға жол бергеннен гөрі, астық дайындау жоспарын бұзғанымыз үшін жұмыстан шығарсын» деген шешімімен республикада экспортқа дайындалып жатқан нан ашыққандарға беріледі [25].

1933 ж. наурызда Т. Рысқұловтың И. Сталинге жазған хатынан кейін партияның барлық өлкелік комитеттері мен өлкелік комитеттеріне, қазақ босқындары бар республикаларға, олардағы өнеркәсіп кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы арқылы жұмысқа орналастыру, бірінші кезекте барлық балаларды орналастыру, қазақтарды Қазақстанға қайтармау, түпкілікті қоныстанғанға дейін оларды азық-түлікпен және материалдық қаражатпен қамтамасыз ету, одан әрі көшіп-қонуды тоқтату шараларын қабылдау, Қазақстаннан келген қазақ босқындарын орналастыру жұмыстары жүре бастады.

Алайда Орта Азия республикаларына барған қазақтардың бір бөлігі қайта оралғанымен, бірқатары барған жерлерінде орнына алмай, басқа жаққа қайта көшіп жатты.

Мысалы, БК(б)П ОК-мен Орталық Азиядағы ОГПУ ПП, КСРО ІІХК (НКИД) және ССХК (НКВТ) уәкілдерінің Ауған үкіметінің сауда саясаты туралы, босқын

қазақтардың, арнайы қоныс аударушылардың жағдайы туралы және т.б. хат алмасуларлары туралы құжаттан [26, 1-2 пп.] төмендегі жайттардан хабар аламыз:

«1933 ж. желтоқсан айынан бастап Ташауыз округінің (ТКСР) Көне Үргеніш, Порсин және Ильян аудандарынан, Питняк және Хазараспан аудандарынан (ӨзКСР) және Ходжейлі ауданынан (ҚҚАКСР) біз Түрікменстанның оңтүстік аудандары: Байрам-ата, Теджен және Қарақалпақияға қазақ қожалықтарының көшіп кетуі орын алғаны туралы мәлімет алдық. Көшіп-қонушылардың орын ауыстырулары кезінде ішінара жол бойы кездескен, ыңғайлы болуы мүмкін деген жерлерде, атап айтқанда Шарджоуда (ТКСР) қалып, қоныстануы байқалды» [26, 1 п.]. Босып келген қазақтардың орналаскан жерінен ары қарай көшуіне себеп болған, немесе құжат сөзімен айтсақ: «Қоныс аударуға итермелеген жайт Ташауздағы су тасқыны болды, бұл экономикалық тұрғыдан әлсіз, орналасып үлгермеген қазақ босқындарының диханшылықпен айналыса бастаған шаруашылықтарына үлкен шығын әкелді» [26, 1-2 пп.]. Сонымен бірге, бұл аш қазақтар көшінің ары қарай жалғасуына әсер еткен жағдайлар:

а) Ташауыз аудандарында тұратын көптеген қазақ босқындары қожалықтарының көпшілігінің тұрақталмай, толық орналаспағандығы;

б) Осы жерге ұйымдастырылған колхозға орналастырылған қазақтардың азық-түлікпен қамтамасыз етілмеуі, сондай-ақ, егін шаруашылығында тәжірибесі жоқ босқындардың 1933 ж. еккен егіндерінен алынған өнімдерінің (жоспардың 2%-нан жоғарғысы 70%-дан аспауы) төмен болуы колхоздардың өздерінің азық-түлік қажеттіліктерін қамтымайтын болғандығы;

в) Ташауыздың аудандық және округтік ұйымдары тарапынан қазақтарға назар аудармауы, әкімшілік асыра сілтеулердің (артық мақта екқізу, жергілікті отырықшы халықтың қазақтардың еңбегін қанауға жол беруі және т.б.) орын алуы;

г) Қазақ босқындары арасында кулактық және бандиттік элементтердің кеңес үкіметіне қарсы үгіт-насихат «арандатушылық» қызметі жүрді. Нәтижесінде қазақтар бұл жерлерде тұрақтамай, басқа аймақтарға, тіпті Ауғанстанға қарай көшуге мәжбүр болды [26, 2 п.]

Қазақ қожалықтарының шағын топтарының алғашқы келген жерлерінен қайта көшіп, Түрікменстан мен Қарақалпақ жерінің оңтүстік аймақтарына кеткен оқиғалары 1932-1933 жж. жиі орын алып отырды. Ал, 1934 ж. басынан бастап қазақтар жаппай көшті. 1935 ж. мәлімет бойынша, Ташауыз округінің аудандарында көшпелі 3638 шаруашылық, Қарақалпақияда 8000-нан астам шаруашылық шоғырланды, ал Түрікменстанның оңтүстігіне Шарджоу арқылы 1000-нан астам босқындар өткен. Қазақ босқындары жаяу, 3-5-тен 100-ге дейін шаруа қожалықтарымен, аз мөлшердегі ұсақ малдарымен (есектермен), көп жағдайда азық-түлік пен киім-кешек қорынсыз босып жүрді. Жолдың ауырлығынан көшіп-қонушылар науқастар мен балаларды жолға немесе елді мекендерге жиі тастап кетіп жатты. Шағын шаруа қожалықтары топтары батырақ болып жалданып та жұмыс жасады. Ол кезде босқындар сол жерлерде бірнеше күн бойы жолда кідіргенімен, артынан қайтадан оңтүстікке қарай жылжиды. Аш босқындар колхоз малын және диқан өнімдерін ұрлап тамақ етіп те жүрді. Бірақ, дұрыс тамақтанбау және жолдағы ауыр жағдайлар негізінде босқындар арасында өлім-жітім жиі байқалды.

1935 ж. Шарджауда (ТКСР) көшпелілерге азық-түлік тарату және медициналық көмек көрсету пункттері, Ташауыз округінде (ТКСР) бірнеше интернаттар ұйымдастырылып, онда көшіп жүрген босқын қазақтардың тастап кеткен балалары, жалпы саны 1081 адам орналастырылып, азық-түлікпен және киіммен қамтамасыз етіледі. Бірақ, төсек-орын жабдықтары жетіспегендігі де айтылады. Балалардың

шамамен 45%-ы негізінен аштықтан әбден арықтаған, ауру. Жергілікті жерлерде медициналық көмек көрсете бастаған кезден бастап балалар арасындағы өлім-жітім күрт төмендейді. Бірақ, панасыз тастап кеткен балалардың ағыны тоқтамайды.

Қарақалпақстанда қазақ босқындарының 2757 қожалығы орналастырылып, олардан 34 колхоз ұйымдастырылады, ал 996 қожалық ескі колхоздарға кіреді. Сонымен қатар, босқын қазақтардың 123 қожалығы балық аулау артельдеріне орналастырылып, 150 адам Қызыл кеткеннің құрылысында жұмыс істейді. 1936 бала интернаттар мен балалар үйлеріне орналастырылады, көшіп келген балаларға көмектесу үшін 200.000 рубль 500 тонна азық-түлік босатылды. Сондай-ақ, босқындар қожалықтарын орналастыру үшін қаражат бөлінеді. 1935 ж. босқын қазақтарды кейін, Қазақстанға қайтару аралары да қатар жүріп отырды. Мысалы, осы жылы Қарақалпақстаннан Қазақстанға жөнелтуді сұраған 6000-нан астам коныс аударушы қожалықтары жиналды. Осыған байланысты, Қарақалпақ обкомы Қарақалпақстанда жүрген қазақтардың санының көптігіне орай, оларды орналастыруға қажетті жер мен су ресурстарының жоқтығына сүйене отырып, оларды дереу Қазақстанға жіберу туралы мәселені қозғады.

БК(б)П ОК Орталық Азия бюросы Қазақстаннан коныс аударатын қазақтарды іріктеу жөніндегі комиссия құру, жергілікті ұйымдардың саяси жұмысын күшейту, Нан туралы және қожалықтарды орналастыруға бөлінген ақшаны игеру туралы мәселерді қарастырып, шешуге күш салады [26, 1-2 пп.].

Бұл мәліметтер Орта Азия республикаларына Қазақстанның оңтүстік пен батыс бөлігінен қашқан қазақ босқындары туралы тарихтың бір ұшы ғана. Қазақстанның өңірлерінен шектес аймақтарға қашып, кейіннен босып көшкен қазақтардың тағдыры алдағы параграфтарда айтылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1 ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы архиві (бұдан ары – ҚР ҰҚКА). 9 қ. 1 т. 495 іс.

2 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. - 208 б.

3 ҚР ҰҚКАА. 9 қ. 1 т. 493 іс.

4 Балтабаева К.Н. Казахстанские беженцы: от категории до разработки закона о реабилитации беженцев // «Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. ХХ века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Байдалы Р. – Алматы: Литера-М, 2021. – 296 б. (24-33). – Қаз., орыс.

5 ҚР ПА. 14 қ. 1 т. 2067 іс.

6 Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ-НКВД. 1918-1939. Документы и материалы. В 4-х т. Т. 3. 1930-1934 гг. Кн. 1. 1930-1931 гг. / – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2003. – 864 с.

7 РМӘСТА. 62 қ. 2 т. 3239 іс.

8 ҚР ПА. 719 қ. 2 т. 126 іс.

9 Козыбаев М., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия / Козыбаев. М. – Алматы, 1999. – 28 с.

10 ҚР ҰҚКА. 9 қ. 1 т. 1 іс.

11 ҚР ҰҚКА. 9 қ. 1 т. 478 іс.

12 ҚР ҰҚКА. 9 қ. 1 т. 168 іс.
13 Қызылорда облысының мемлекеттік архиві (ҚОМА). 2 қ. 2 т. 11 іс.
14 ҚР ҰҚКА, 9 к., 1 т., 495 іс.
15 ҚР ПА. 144 к. 17 т. 465 іс.
16 Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ-НКВД. Т. 3. Кн. 1. М., 2003. С. 162.
17 ҚР ПА. 141 к. 1 т. 5076 іс.
18 Қыдырбаева Р.Қ. Аштықтан аман сақтаған анамның шоңқайма етігі // «Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. ХХ века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Байдалы Р. - Алматы: Литер М, 2021. – 210 б. – Қаз., орыс. (63-67)
19 ҚР ПА. 141 к. Оп. 1 т. 5058 іс.
20 ҚР ПА. 141 к. Оп. 1 т. 5192 іс.
21 Zhakisheva S.A. Pro memoria for those who left irretrievably: Birmukhamed Aibasov // Отан тарихы. – 2022. №2 (98). -
22 Қойшыбаев Б.О. Аштық, босқындық, қарсылық тарихы әділ жаңғыртылсын // «Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. ХХ века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Байдалы Р. - Алматы: Литер М, 2021. – 210 б. – Қаз., орыс. (63-67).
23 ҚР ПА. 141 к. 1 т. 5207 іс.
24 ҚР ПА. 719 к. 2 т. 126 іс.
25 Абдрахманов Ю. 1916. Дневники. Письма к Сталину. – Фрунзе: Кыргызстан, 1991. – 320 с. – С. 47-48.
26 РМСӘТА. 62-қ. 2-т. 3239-іс.

4.2 Қырғызстандағы қазақтың аш босқындары

З.К. Курманов

1930 жылдардағы КСРО-дағы ашаршылық мәселесі колхоздық құрылыс пен индустрияландырудың қалыптасуымен ғана емес, көптеген себептермен – саяси, идеологиялық, әлеуметтік, мәдени, моралдық себептермен байланысты болды. Пролетарлық социализмді шаруалар елінде құру керек болды, сондықтан үдерістің қайғы-қасіретсіз, зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз, қолды қайырып, ауылдан қалаға ресурстарды тартпай, кулактар мен бай-манаптарды тап ретінде жоймай, малды, жерді, өндіріс құралдарын қоғамдастырусыз, моралдық және адамгершілік құндылықтардыкүйретусіз жүруі мүмкін болмады. Социализм құрылысының жеделдетілуіне байланысты ұжымдастыру жоспарлары шындыққа жанаспайтын жоғары болды, бірақ максатқа жетуге ұмтылған орталық басшылық құрбандардың алдында тоқтап қалмады, репрессиямен қорқытып, олардың орындалуын талап етті. Артықшылық, толықтырулар, жоспарды кім бірінші орындайтын бюрократия арасында бәсеке басталды. Астық дайындауға және жалпы ұжымдастыруға қарсылық күтілді,

сондықтан оларды басу шаралары алдын ала жоспарлана бастады. Ал қуғын-сүргіннің теориялық негіздемесі сталиндік «социализм құрылысына қарай таптық күрестің шиеленісу теориясы» болды, бұл барлық жергілікті басшыларға бағынбайтындарды тыныштандыруға мәжбүр етті. Мыңдаған шаруалар көтерілісі аяусыз басылды.

Кедейленген халық ашуланып, бас көтерді, озбырлық пен тонаудан қорғанды. Бірақ ресми оны таптық жаулардың қарсылығы ретінде көрсетті. Адамдар аштықтан ғана емес, жаппай қуғын-сүргін мен атудан да туған жерлерінен қашты. Алайда ланкестік режим орнаған өзге республикаларда да оларды дәл осындай қабылдау күтіп тұрды. Қазақтар Қазақ АКСР-нен қашқаннан кейін де қуғын-сүргін аяқталмады.

Ашаршылық қарсаңындағы Қырғызстандағы саяси жағдай қолайсыз болды. Хабарламаларда Ыстыккөл, Нарын, Ат-Башы, Балықшы, Таластағы шаруалар көтерілістері туралы айтылды. «Қырғызстанның Талас облысында 1930 жылы 22 наурызда көтеріліс басталып, 11 қышлақты қамтыды. Жартысы қаруланған 400 адам Дмитриевское ауылындағы кантондық орталықтың қамауға алу орнына шабуыл жасап, көтерілісшілерге қосылуға асықпаған 53 «кулақты» босатып алды, олар көтерілісшілерге бірден қосылды. Көтерілісті тез басты, бірақ төрт жергілікті ауыл белсендісі қаза тапты [1]. Әңгіме Кеңес өкіметінің өз жаулары – кулактар мен байларға қарсылығының айқын мысалдарының бірі ретінде Кеңес дәуірінде тарих оқулықтарында көрсетілген Талас көтерілісі туралы болып отыр [2].

1931 жылы Орталық Азияда ашаршылық басталғанда «22584 антисоветтік элементтер жойылды» [3]. Көптеген құрбандар сотсыз өлтірілді. 1931 жылы «қашуға тырысқанда» Әндіжан қаласының теміржол вокзалында Алайлық 127 «мүлкі тәркіленгендер» атылды [4]. Үмітсіз болған қырғыздар Қытайға қайта қоныс аудара бастады, өйткені 1916 жылғы көтеріліс жеңілгеннен кейін қырғыздардың үшінші қоныс аударуы басталды, ол Қызылсу (қытай) қырғыздарынан «Кичи Качкын» («Кіші қашқын») немесе «Кичи Үркүн» («Кіші көтеріліс») атауын алды [5].

Жер-жерде ашаршылық партия және кеңес басшылығын бағдарсыз қылды. Олар, бір жағынан, ұжымдастыру мен астық дайындаудың қаншалықты қатыгездікпен, адамгершіліксіз жүргізді, екінші жағынан, бұл социализмді құру үшін қажет деп есептеді. Ашаршылықтың жасанды түрде пайда болғанын және оны болдырмауға болатынын сирек түсінді. Көпшілік конформистік түрде үнсіз қалды, келісті, жарқын болашақты құрып жатқанына, мақсат құралдарды ақтайды деп сенді. Санасы идеологиялық тұрғыдан, түпкі мақсатқа – коммунизмге және халықтардың көсемі Сталинге фанаттық, ымырасыз бағынуға және сенімге бапталды. Ойланып, күмәнданбай, партия басшылығы мен Орталықтың барлық нұсқауларын бұлжытпай орындауды қабылдады. Осының барлығы сол кездегі Қырғызстанның мысалында анық байқалады. Мұнда бұрын да жұт, мал шығыны, аштық болған. Бірақ оның саясат пен идеологияға еш қатысы жоқ еді. Халық соғысты, аман қалды, ал билік оларға көмектесті, оларды «дос-дұшпан» деп бөлмей, түрмеге отырғызбады, «халық жауы» деп жоймады, соңғысын алмады.

1930-шы жылдардағы сұмдық ашаршылық, әсіресе Украинаны, Солт. Кавказды, Еділ бойын және Қазақстанды қамтыды. Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының мәліметі бойынша, 7 миллионға жуық адам қайтыс болды [6]. Астық дайындаудың жоспарлы көрсеткіштерін орындау үшін шаруаларды таза тонап, азық-түлікке нан да, тұқым да қалдырмайтын болды. Астық сатып алу шаруалардың мал- мүлкін тәркілеу саясатымен қатар жүргізілді. Бұл диірмен тастарына орта шаруалар мен кедейлер түсті. Осы жоспарды жүзеге асыруда Қазақстан басшылығы

елді, 1932-1933 жж. бейбіт уақытта мұнда шамамен 1,7-2,2 миллион адамды аштықтан қыруға дейін жеткізді. Мысалы, Ұлы Отан соғысының бес жылында соғыс қимылдары майданында 350 мың қазақстандық қаза тапты.

Қаза болғандар саны 1926 және 1937 жылдардағы Бүкілодақтық халық санағының мәліметтерін салыстыру арқылы анықталды. 1,2 миллионнан астам қазақ көрші облыстар мен мемлекеттерге (Қырғызстан, Сібір, Қытай, Ауғанстан, Моңғолия, Иран, т.б.) босып кетті [7, 107 б.]. Ал ресмилік оларды «басмашы» деп атады. Қазақ партия ұйымының басшысы Ф. Голощекин өзінің республикадағы сұмдық билігін «Кіші Октябрь» деп мысқылмен атады.

Қайта құруға дейін ашаршылық туралы шындық мүлкіят жасырылды. Бірақ бұл туралы шындық бәрібір ашылды. Бұл қайғылы оқиғаны мен алғаш әжем Әсел Құрмановадан білдім. «Фрунзе қаласын, – деді ол, – аштыққа ұшыраған қазақтар – ер мен әйел, қарт пен бала-шаға қаптады. Жолдың қиындығына, аштық пен ауруға шыдамағандардың мәйіттері көшеде көп болды [9]. Менің әкем заң профессоры, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Карпек Шамсединұлы Курманов, ол кезде 6-7 жаста болған сұмдық ашаршылықты да еске алды. «Заңгердің мойындаулары» атты естелік очеркінде ол былай деп жазды: «Демалыс үйінің биік торлы қоршауының ар жағында әр жерде аш адамдардың өлгеніне біз де куә болдық. Бұл сұмдық көрініс болды. Арнайы нысанды күзеткен қарулы сарбаздар оларды аумаққа кіргізбеді. Үлкендер бізге олар қазақ екенін айтты» [10, 19 б.]. Әлі күнге дейін Воронцовка селосында орналасқан Демалыс үйінде, ол кезде Қырғызстанның мемлекеттік партиялық аппаратының қызметкерлері тұрған.

1932 жылы 25 ақпанда Қырғыз АССР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Ю. Абдрахманов өз күнделігінде жақындаған ашаршылық туралы үлкен алаңдаушылықпен жазған:

– «Фрунзе маңында 2-ші қала – аштық пен жоқшылықтан осында көшіп келген қазақ азаматтарының киіз үйлерінің қаласы өсті. Бұл Филипп жұмысының нәтижесі. Тек оныкі ме?» [11, 185 б.]

– «Маркстің тамаша нұсқауы бар: капиталистік дамыған елдер өзінің капиталистік ауруларымен (халық көпшілігінің күйреуімен, дағдарыспен, жұмыссыздықпен, т.б.) осыған қарай бет алған елдердің болашағын ғана көрсетеді. Сонда қазақтың тағдыры қырғыздың болашағын көрсетпей ме? Соған ұқсайды» [11, 185 б.].

– «23.VIII.32. Қосымша. Аламедин МТС-інің директоры кейбір колхоздардың нан сұрыптап үлгергенін, яғни тамақ үшін өте аз қалғанын хабарлады. Бұл артықшылықтарды жолай түзету қажет еді, бірақ ... менің әріптестерім өте оптимист және мен артық алып, нәтижесінде «украиналық» тарихқа ие болғаннан гөрі аз алғанымыз жақсы екенін «дәлелдей алмадым». Біздің ұрпақтан, замандастарымыздан біз болашақтың игілігі үшін тым көп құрбандықты талап етеміз!» [11, 187 б.].

1931 жылдың аяғынан бастап Қазақстан босқындары оның Оңтүстік өңірлерінен кете бастады, олар Қазақстан астанасының қабырғаларына азық-түлік алу үмітімен келді. Республикада ашаршылық «голощекиндік» немесе «ашаршылық» деп аталды. Аштықтан өлім-жітім өте жоғары болды, әсіресе балалар арасында, соның ішінде жергілікті халық арасында. «М.Туғанбаева (Қырғыз Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары) Фрунзе қаласы мен оның төңірегінде 10 мыңға дейін қазақтардың шоғырланғанын (бұл туралы ол БК(б)П ОК-не жазған хаты мен БК(б)П Киробкомына және күніне 15-20 адам (әсіресе балалар) өлуде» деп

хабарлады [12]. Ашаршылықты тек 1934 жылы ғана шетелге астық сатудың үш есеге жуық қысқаруына байланысты тоқтату мүмкін болды. Егер 1930 ж. КСРО 4,8 миллион тонна астық, 1931 жылы – 5,2 миллион, ал 1932 жылы – 1,8 миллион және 1933 жылы – 1,7 миллион тонна экспорттады [13].

Егер билік мұны дер кезінде орындаса, миллиондаған адамның өмірін сақтап қалуға болар еді. Бірақ қалыптасқан адамгершіліксіз саяси жүйе өз өнімін жинады. Ал шенеунік[1] ашаршылық ұжымдастыру арқылы жойылды деп өтірік айтты.

«Тексерілген материалдар мен фактілер негізінде» делінген 1932 жылғы 19 ақпандағы Қазақ өлкелік партия ұйымының Ф. Голощекин қол қойған және корсетілген республикаларға жіберген хаттамасында, «Орта Азияға іргелес облыстарда және Қырғызстан, байлар мен ұлтшылдардың Кеңес өкіметі мен социалистік құрылыс саясатына қарсы күресі Орта Азия мен Қырғызстанға мал мен жаппай көшу түрінде көрініс тапты... Өлкелік комитет: Өлкелік комитет: «БК(б)П ОК Ортаазбюродан және Киробкомнан қоныс аударған халықтан байларды және қоныс аударушылардың басшыларын тартып алуға көмектесу және кедейлер мен орташалардың Қазақстанға өз еркімен оралуына жәрдемдесу жөнінде көмектесуді сұрауға» қаулы етті. «Қазақ тұрғындарының Қырғызстан аумағына, атап айтқанда, Фрунзе қаласына стихиялық ағыны туралы хабарлаймыз», – деп оған жауап берді партия Киробкомының басшысы А.О. Шахрай [14, 26 б.].– қазақ шаруа қожалықтарының саны екі мыңнан асқан жерде БПУ-ға бай-кулак элементтерін анықтау және тәркілеу тапсырылды. Мәскеу губернаторлары босқын қазақтарды ажалдан осылай аман алып қалды.

Ю. Абдрахмановтың күнделігіне қарағанда оның өзінің не болып жатқанына қатты таң қалғанын байқауға болады. Ол ленинизм іліміне сенім мен социалистік құрылыстың ашы тәжірибесінің арасында қалды. Күнделіктегі жазбалар қазақ қоныс аударушыларының келген кезіндегі Юсуптың күрделі ішкі күресі мен басынан кешкенін сипаттайды:

– «Мен болмаған кезімде (іссапарда болғанымда) Қырғызстан бірнеше жағымсыз оқиғаларды бастан өткерді: Ыстыккөл, Нарын, Ат-Башы, Балықшы Тамбов (шаруалар бас көтеруі) сияқты нәрсе берді. Дегенмен, түсіндіру – бәрі таптық күрестің нәтижесі. Біртүрлі теория азаматтық құқығын алды – егер халық көтеріліс ұйымдастырса, бұл сызық дұрыс дегенді білдіреді» [11, 43 б.].

– «10.01.31. Жалал-Абад. Мен болып жатқан оқиғаларды түсінуде абдырап қалған сияқтымын. Менің барлық істерім – нақты, сенімділікпен. Ал күнделігімнің мазмұны күдікке толы. Неліктен? Жауап беру қиын. Маргайтис көктемде басмашылар бандыларының ойынын күтетінін айтты. Мұны ол біздің қате саясат жүргізіп жатқанымызбен түсіндіреді. Дұрыс емес, әрине. Бірақ бұл біздің еңбегіміздің нәтижесі емес, кулактарды тап ретінде жою жолындағы еңбегіміздің нәтижесі. Ешбір тап төбелессіз сахнадан кетпейді» [11, 146 б.].

«13.01.31. Инкогнито Жалал-Абад базарында болды, бірнеше шайхананы аралады. Қарасуда да солай. Ол өзін жергілікті тілдерді білмейтін қалмақ қызыл әскерінің жауынгері деп жариялады. Және әдейі үнемі орысша сөйлейтін. Егер олар өздерімен бірге отырған қызыл әскерлік ККК төрағасы екенін білсе, олар бұлай ашық айтпас еді. Қанағаттанбаушылық өте үлкен. Олардың әңгімелері басмашылардың пайда болу мүмкіндігі туралы қорқынышты толығымен растайды. Олар кімдер? Мен білмеймін. Бәлкім, біз кулактар мен бақуаттыларға теліп, мұқият басылғандар шығар» [11, 146 б.].

---

[1] ресмилілік

Ашаршылыққа ұшыраған республикада босқындардың аман қалуы өте қиын болды. Олар өте қиын төтенше жағдайда болды. Олардың ақшасы болды, бірақ тамақ сатып алатын жері жоқ. Сонымен қатар, босқындар шаруашылық бірлік ретінде есептеліп, , астық дайындау жоспарына енгізілді. Мысалы, Ыстықкөл ауданы бойынша астық дайындауға 8400 шаруашылық қосылды, оның ішінде 1837 шаруашылықта егін болмады. Бұл аштықтан қашқан қазақтар мен сібірліктер еді [25, 49-51-п.]. Қанша ашы болса да шындықты айту керек, мұндай саясат республиканың аштыққа ұшыраған босқындардан құтылуға тырысқанын көрсетеді.

Жалпы, 1934 жылдың ақпанында Қырғызстандағы қазақ қоныс аударушыларының мәселелері шешілді. Ондаған, жүздеген мың босқындар аштықтан аман қалды. Босқындардың көпшілігі Қазақстанға оралды. Қалған бөлігі Қырғызстанда тұрып, үлкен қазақ диаспорасын құрап, екінші отанының саяси, экономикалық және мәдени дамуына орасан зор үлес қосуда.

Ал енді адамдар туралы айтайық. Ашаршылық жылдарында жоғарыда айтылғандай бір миллион халқы бар шағын және нашар дамымаған Қырғызстан республикасы да коммунистік тозақтың барлық кезеңінен өтті. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті қанды жаншу кезіндегі адамдардың жаппай қырғыны, сталиндік ұжымдастыру, мүлкін тәркілеу мен қуғын-сүргін саясаты, көшпелілерді

отырықшыландыру наукандарынан кейін өзіне әрең келді... Кедей республикада да ашаршылық басталып, күшейе түсті. Босқындарды ашаршылықтан құтқару үшін бүкіл елде шешуші және түбегейлі шаралар қажет болды. Бірақ Кремль үнсіз қалды және ашаршылықты байқағысы келмеді. Саяси-идеологиялық мүдде гуманизм мен парасаттылықтан басым болды. Шетелге астық экспортын қысқартуға, нан сатуға рұқсат беруге, дүниежүзілік пролетариаттың қолдауын сұрауға болатын еді, ол сөзсіз келетін еді. Бірақ кеңес басшылары миллиондаған басқа адамдардың: балалардың, қарттардың, ересектердің өмірін құрбан етіп, үнсіз қалуды жөн көрді.

Бірақ көмек келді. Ол күтпеген жерден келді. Көмек қарапайым да жанашыр адамдардан, қырғыз басшыларынан, қарапайым да қамқор азаматтардан, дихандықтардан, жанашырлық пен ар-ожданды жоғалтпаған қалалықтар мен ауыл тұрғындарынан келді. Ол мүмкін емес нәрсені жасаған әділ әрі қызуқанды 32 жастағы Юсуп Абдрахмановтан келді. Ол шетелге жіберілуін күтіп тұрған қоймалардағы астықты босатып, оларды аштыққа ұшыраған тұрғындарға берді. 1933 жылы «астық дайындауды бұзғаны үшін» партияның Қырғыз обком пленумында партияның қатаң сөгісімен барлық қызметтерінен босатылды.

1934 жылы Қырғыз облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, бұрынғы политерлік жұмысшы А.О. Шахрай да қызметінен айырылды. Бұл кезеңдегі әрекеті ақыры оның партиялық мансабына нүкте қояды. Ол халық шаруашылығында жұмыс істейтін болады. Майданда саяси қызметкер атқарады. 1948 жылы аурудан қайтыс болды.

Қырғызстан партия ұйымының екінші хатшысы қызметін атқарған Б. Исакеев жаңа тағайындау алып, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы қызметіне орналасады, бірақ «халық жауы» ретінде қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 ж. атылып кетеді.

Қызметінен шеттетілгеннен кейін, Юсуп 1929-1931 жылдары партияның Қырғыз обкомында бірінші хатшы болып жұмыс істеген досы В.П. Шубриковтың шақыруымен Ресейге жұмысқа аттанады. Ю. Абдрахманов алдымен Орынборда, одан кейін РКФСР-дің Нижний Новгород облысында ауыл шаруашылығы басқармасын басқарды, онда досы партиялық ұйымның бірінші басшысы қызметін атқарды. Қудалауға түскен досына көмекке келуден қорықпаған Шубриков кейін онымен тағдырын бөлісіп, қырғыз досынан бір жыл бұрын 1937 жылы қазанда 42 жасында Мәскеуде атылды.

Юсуп Абдрахмановтың ерлігінің мәні қандай? Ол кезде басқа да қайраткерлер, төңкеріс, азамат соғысы және еңбек батырлары, адамдар – маяктар, маршалдар мен генералдар көп болды... Бірақ олардың Т. Рысқұловтан басқа ешқайсысы ашаршылыққа ұшырағандарға жанашырлық білдірген жоқ, ұялтпады, үндемеді. Өйткені, «бұл кезде ар мен ұят, – М. Горькийдің орынды сөзімен айтқанда, – өліп кеткен еді» [25, 49-п.]. Жалпылама конформизм мен бейімделу жүйелілік түрінде қалыптасты.

Юсуптің өзі 1916 жылғы көтеріліс кезінде босқын болған, аштық пен қиыншылық кезінде ата-анасынан, туған-туыстарынан айырылған. Қырғыздың атақты әулетінен шыққа да орыс офицерінің қолында жұмыс істеген. Онымен бірге Верныйға көшті, онда революция жеңісінен кейін оның өмірінде жаңа кезең басталды. Онда оны бұрынғы қырғыз алаш қайраткері, Жетісу облыстық атқару комитетінің торағасы Әбдікерім Сыдықов қарсы алып, Солтүстік Жетісу майданы окоптарынан алып шығып, маркстік курстарға жібереді. Ол тез арада Жетісу комсомол жастарының көшбасшысы болды. 21 жасында ТүркОАК-нің жауапты хатшысы, 26 жасында Қырғыз АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы

болды. 1984 жылы Мәскеуде аспирантурада оқып жүргенімде, 1920 жылдары Пішпекте партия облыстық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еткен замандасы, экономика ғылымдарының докторы В.Г. Венжер айтқандай, ол идеялық революционер, батыл да табанды саясаткер болған: «Ол асыра сілтеушілікке, жалған революциялық жалынды сөздерге қарсы болған, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, социализмді ақылмен құруға шақырды», – деді маған В.Г. Венжер. Сол үшін мансапқорлар оны ұлтшыл деп айыптады». Арұжданы мен ұяты бар барлық адамдардың тағдырын қайталады. Юсуп Абдрахманов 1938 жылы 5 қарашада 35 жасында «халық жауы» ретінде атылды. Бірақ оның жанкиярлық ерлігі әлі күнге дейін қазақстандықтар мен қырғызстандықтардың жүрегінде сақталды.

Өкінішке орай, Қырғызстандағы қазақ диаспорасында қазақ босқындарыны туралы мәлімет, аштыққа дейінгі және кейінгі тағдырлары есебі жүргізілмегендіктен, қазақ босқындарының және олардың ұрпақтарының бірнеше көрнекті өкілдерінің туыстарынан, достарынан, қызметтес әріптестерінен сұхбат алу арқылы, БАҚ материалдары бойынша ғана табылды. Көбінесе, босқындардың көптеген ұрпақтары орыстанып, өздерінің отбасы тарихының егжей-тегжейлерін білмейді.

Ашаршылыққа ұшыраған босқын қазақтардың осынау көшінде Талас жерінен пана мен атамекен тапқан менің туған әжем – Қапаш Бийменова болды. Ол немерелеріне ешқашан өзі туралы айтқан емес. Мәліметтерді бірте-бірте анамнан сұрап таптым. Ол Киров ауданындағы «Бақайыр» колхозының мүшесі болған, 74 жасында қайтыс болды. Осы таулық ауылдан аты аңызға айналған айтматовтық Жәмиля шыққан.

Ашаршылық жылдарында ата-анасы мен жақындарынан айырылған ол Қырғызстанда мәңгілікке қалады, қауіпсіздік органдарында офицер болған қырғыз жігіті Кообаш Шукурбековке тұрмысқа шығады. Бірақ жұбайы белгісіз жағдайда қайтыс болды. Олардың қызы – анам Әнипа дүниеге келді. Кейіннен әжем күйеуінің туысканына тұрмысқа шықты, бірақ ол Ұлы Отан соғысы жылдарында қайтыс болды. Қайта тұрмысқа шықпай, немерелері мен балаларын, кейінгі күйеуінің інілерін тәрбиелеумен айналысты. 1949 жылы кездейсоқ Жамбыл қаласындағы Көк базарда өзінің сіңлісі Әлпия Дайрабаевамен кездеседі. Содан бері олар бір-бірінен ажырамайды.

1953 жылы анам Әнипа В. Маяковский атындағы Қырғыз қыздар педагогикалық институтының шет тілдер факультетінің 1 курс студенті менің әкем – саяқ руының үлкен-манапы және «Алаш» партиясы қырғыз бөлімшесінің белгілі қайраткері, 1927 жылы репрессияға ұшыраған Құрман Лепесовтің немересі, М.И. Калининатындағы Ленинград заң институтының түлегі, жоғары білімді бірінші заңгер, жас прокурор Кәрпек Шамсединұлы Құрмановқа тұрмысқа шығады. Кейіннен көшіп келіп, Қарағандыда 8-9 жыл тұрды. Әкем университет ректоры, академик Е.Ә. Бөкетовтың жеке шақыруымен Қарағанды мемлекеттік университетінің жаңадан құрылған заң факультетінің құқықтану кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Әнипа Құрманова ҚарМУ-дың заң факультетін сырттай бітіріп, Қазақстан мен Қырғызстанның мемлекеттік ведомстволары мен мекемелерінде заңгер қызметін атқарған. Қазіргі уақытта ол зейнеткер, жақында ғана 94 жасында бұл дүниеден өткен заң ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясы академигінің жесірі. Үлкен ұлы – Айдар Құрманов, 1954 жылы туылған, Қырғыз мемлекеттік заң академиясында профессоры болып жұмыс істеген,

заң ғылымдарының кандидаты. Ортаншы ұлы, 1955 жылы туылған, Зайнидин Құрманов, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасының білім беру ісінің үздігі, 4-ші шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің Төрағасы (спикері). Қазір ол Қырғыз Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясының проректоры болып жұмыс істейді. Құрмановтың кенже қызы Гүлнәр Мәскеу мемлекеттік университетінің заң факультетін үздік бітірген, жоғары санатты судья, күйеуі қазақ профессорымен Алматыда тұрады. Құрмановтардың екі немересі – Ілияс – саяси ғылымдар кандидаты, Малика – заң ғылымдарының кандидаты, Азим – дипломат, Қырғыз Республикасы Президентінің көмекшісі, Қырғыз Республикасының 3-сыныпты мемлекеттік кеңесшісі қызметтерін атқарған. Құрмановтар отбасында екі қазақ шөбересі – Раяна мен Рания Сәдуақасовалар бар. Ашаршылық қырғыз-қазақ Құрманов-Бийменовтер отбасының тағдырына осылайша түбегейлі әсер етті [10].

Ашаршылық кезінде «шапрашты» қазақ ақсүйектерінің руының жас жігіті Шоқан Садырқұлов Қырғызстанға Ильич Кемин селосына көшіп келді. Ол қырғыз қызына, беделді шу ақсүйегі – ірі де беделді манапы, «Алаш» партиясының қырғыз бөлімшесі басшыларының бірі, қайырымдылық пен ағартушылықпен кеңінен айналысқан, 1921 жылы төтенше комиссиямен атылған Дуур Сооромбаевтың қызына үйленді. Онымен бірге ауылға бірнеше қазақ отбасы қоныстанды, олар осында мәңгі қалды. Шоқан ата мұнда ауыл шаруашылығымен айналысып, колхоз мүшесі болған, 5 ұл және 3 қыз тәрбиелеп өсірген. Садырқұловтардың бірі 1953 жылы туылған Медет Шоқанұлы егемен Қырғызстан өміріндегі көрнекті саяси құбылыс, көрнекті ұйымдастырушы, Қырғызстандағы беделді мемлекеттік және саяси қайраткер, саяси ғылымдар кандидаты, Қырғызстанның Ирандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болды, Бішкек қаласының Бірінші Май ауданының әкімі, Қырғыз Республикасының Салық инспекциясы мен Есеп палатасының төрағасы болған, Ақаев пен Бакиевтің президенттіктері кезінде Қырғыз Республикасы Президентінің Әкімшілігін екі рет басқарған [9].

Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін салушы Кемел Тоқаевтың өмірлік эпопеясы да ашаршылық және Қырғызстан тарихымен байланысты. Ол Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Қалпе селосында дүниеге келген. Ұжымдастыру жылдарында Кемел Тоқаевтың отбасы ашаршылықтан туған жерін тастап кетуге мәжбүр болды. «Отбасы кеңесінде, – деп жазады Қазақстанның екінші президенті Қасым Жомарт Тоқаев «Әке туралы» кітабында, – Фрунзе қаласына жету туралы шешім қабылданды, ол жерде қиын кезеңдерді күте тұрып, қазақ ұрпағының өмірін қиған аштықтан құтылуға тырысу. Фрунзеге баратын жол ұзақ және қиын болды» [36]. Кемел Қырғызстанда 10 жыл тұрып, сосын еліне оралды, майданға аттанды, Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін алғанша өмір сүрді.

Белгілі қазақ қоныс аударушыларының ішінде әлем медицинасының шамшырағы, медицина ғылымының докторы, профессор, Қырғыз мемлекеттік медицина институтының ректоры, Қырғыз ССР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик Иса Коноевич Ахунбаевтың жары Бибихан Исмаиловна Исмаилованыа тауға болады. Ол (Б.И. Ахунбаева) 1910 жылы Қазақ ССР-і Шымкент облысында дүниеге келген. Ерте жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленген. Бес бала тәрбиелеп өсірген ана, тоғыз немеренің әжесі, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент, 1962-1973 жылдары Қырғыз мемлекеттік медицина институтының госпитальдық терапия кафедрасының меңгерушісі, республикалық гастроэнтерологтар қоғамының төрағасы [37].

Барлық балалар ата-анасының жолын қумайды. Анара Исақызы Ахунбаева өз сұхбатында былай деді: «Мен Иса Коноевичтің қыздарының кенжесімін. Барлығы бес бала болды: Мұстафа, Нелли, Чинара, Анара, Медер, Нелли, Чинара, Медер – дәрігерлер. Мұстафаның үлкен ағасы М. Малдыбаев атындағы Опера және балет театрында бас режиссер болып істеген, қазір зейнеткер. Мен – М. Қашқари-Барскани атындағы ШУ (Шығыс университеті – З.Қ.) тілдер кафедрасының доцентімін, орыс тілінен сабақ беремін. Қазір үшеуміз қалдық: Мұстафа, Нелли және мен» [98]. Нелли Исаевна Ахунбаева медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген дәрігері атанды.

Қарағанды босқындарынан 1955 жылы туылған Қырғыз Республикасының Жалал-Абад облысы, Токтогул ауданының тумасы Әділ Мауленович Джунусов. Ол көрнекті қазақ педагогі, Семей қаласындағы Губоно төрағасы, Омбы жұмысшы факультетінің Семей мұғалімдер семинариясының оқытушысы, Семей педагогикалық техникумының тұңғыш директоры, «Алаш» қозғалысының қатысушысы Әбікей Зейінұлы Сәтбаевтың немересі [37]. Қырғызстанда ол кейіннен педагогикалық институт болып өзгертілген Фрунзе педагогикалық техникумының директоры қызметін атқарды. Мәулен Жүнісов мектеп мұғалімі, директор, Кетмен-Төбен аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, районо меңгерушісі қызметтерін атқарды. Оның ұлы – Әділ Жүнісов Қырғыз мемлекеттік университетінің тарих факультетінде оқи бастап, кейін Қазақ мемлекеттік университетіне ауысқан, комсомол, Қазақстанның 2 бірінші басшыларының хатшы-референтіжәне басқа да жоғары мемлекеттік қызметтерде болды. КОКП ОК Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасын, Мәскеу мемлекеттік университетінің докторантурасын бітірген. Қазіргі таңда Абай атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Құқық және экономика институтының директоры, саяси ғылымдар докторы, профессор. Анасы мен әпкелері Бішкек және Тоқмақ қалаларында тұрады.

Рахымберді Куттуков 1922 жылы Алматы облысы, Қарадай ауданы, Ақ-Терек селосында, ұлы жүздің белгілі қазақтарының отбасында дүниеге келген. Үйсіннің ұрпағы, Жалмамбет бидің және Құлсерек бидің немересі. Рахымбердінің әкесі қуғын-сүргінге ұшырап, отбасымен бірге Сібірге жер аударылды, сол жерден Рахымбердіні 11 жасар бала ретінде Қырғызстанға жібереді. Қазақстанда ол кезде ашаршылықтың өршіген уақыты болатын. Қант ауданында бұрын белгілі қырғыз манапының баласына тұрмыска шыққан әпкесі Биғайшамен бірге тұрған. Осы жерде қалып, әскер қатарында болды, майданда болды, әскери ордендермен және медальдармен, оның ішінде «Отан соғысы» орденімен және «Ерлігі үшін» медальдарымен марапатталып, 3-ші дәрежелі мүгедектігіне байланысты 1944 жылы демобилизацияланған. Кіршелк селосындағы 7 жылдық орыс мектебін бітірген. Сол жылы ол саяқтардың көсемі, жұмғалдық үлкен-манап Құрман Лпесовтың туған немересі – Қант ауданындағы Черная Речка селосында тұратын Күләйге үйленді. Қойма меңгерушісі, Жданов атындағы колхоз төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды, колхоз партия ұйымының хатшысы, «Коммунист» мал шаруашылығы кешенінің меңгерушісі, селолық кеңестің төрағасы, ауыл үкіметінің басшысы болды. Бірнеше рет аудандық, селолық кеңестің депутаты болып сайланды. Рахымберді Куттуков өмір бойы Хун-Чи селосында өмір сүрген, құрметті адам болған, Кант ауданында үлкен беделге ие болған, артында жақсы есімі мен жақсы істерін қалдырған. Бейбіт уақытта «Еңбектегі ерлігі үшін» орденімен марапатталған. 8 бала тәрбиелеп өсірді, барлығына жоғары білім берді. Балалары: Амангелді, Қанышайым, Керім, Абдумуса ауданда түрлі басшылық қызметтерде қызмет етті. Абдумуса

қазір ірі құрылыс компаниясының иесі. Қызы Бюбайым ірі «Қырғызгипрозем» жобалау институтында, тағы бір қызы Нұрлаим Қырғыз Республикасының Ғылым академиясында жұмыс істеп, республиканың жоғары оқу орындарында сабақ берді. Қазір Рахымберді Куттуков отбасында 17 немере, 29 шөбере бар. Екі қызы мен 6 немересі АҚШ-та тұрады және жұмыс істейді.

Нурбиби Абдрахмановна Раимбекова 1926 жылы Қарағанды облысында ұстаз Райымбеков Абдрахманның отбасында дүниеге келген. Одан басқа отбасында тағы алты аға-әпке болды. 1932 жылы оның әкесін айыптау негізінде үйінен алыс емес жерде орналасқан лагерьге отырғызады,үлкен әпкелері Галина мен Сонаның онымен сым қоршау арқылы сөйлесуге, тамақ пен киім-кешек беруге мүмкіндігі болды. Абдрахман, – оның немересі тарих ғылымдарының кандидаты Анвар Аюповтың айтуынша, – лагерьде тұтқындардың сауатын ашқан, бұл лагерь күзетшілерінің назарынан тыс қалмаған. Бір күні күзетшілердің бірі атама оларды жақын арада өте қатаң күзетілетін зонаның басқа бөлігіне ауыстыратындарын ескертті, сондықтан ол «күнәдан алыс» қашуға мәжбүр болды. Атасы үйдегілерге заттарын жинап, күтіп алуды ескертті. Ал түнде күзетшінің көмегімен қашып кетіп, олар бүкіл отбасымен Қырғызстанға қарай жолға шыққан. Анамның айтуынша, ол кезде Қазақстанда ашаршылық өршіп тұрған. Ол адамдардың жаппай өліміне куә болған. Ісінген мәйіттер жол жиегінде көмілмей жатқан, өйткені босқындардың өзі шаршап, әрең қозғалған. Олардың көрші республика шекарасына бірнеше айда жеткен. Тарату пунктіне тоқтадық, кейіннен Райымбековтер отбасы Ұлы Отан соғысына дейін тұрған Кант ауылына жөнелтілді. Олардың көршілері қазақ, қырғыз отбасылары болды. Көптеген поляктар, кеңестік немістер, кавказдық қоныстанушылар, орыстар болды. Ата-аналар жергілікті мектепте мұғалім болып жұмыс істей бастады. Үлкен балалар оқып, ата-анасына үй шаруасына көмектесетін. Кейін атасының әпкесі Галина Райымбекова 1950-1960 жылдары Кант аудандық атқару комитетінің төрағасы, ағасы Тұрсынбек республикалық прокуратурада қызмет атқарды. Анам Қырғыз мемлекеттік медицина институтын бітіріп, кафедрада жұмыс істеді, содан кейін тәжірибелік жұмысқа ауысты. Қырғызстанның медицина саласында, 1960-1970 жылдары жауапты қызметтер атқарған. Қырғыз КСР Денсаулық сақтау министрлігінің 4-бас басқармасының (арнайы аурухана) бас дәрігері болып жұмыс істеді.

1949 жылы анам Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, орденші, қырғыз Нұрғазы Аюповқа тұрмысқа шықты, олардың отбасында екі бала дүниеге келді: Асылбек Аюпов, қазіргі экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚРМУ кафедра меңгерушісі және мен, Аюпов Анвар, тарих ғылымдарының кандидаты, кәсіпкермін», деп Анвар Аюпов әңгімесін аяқтады.

Босқын қазақтардың арасынан белгілі ғалым, Қырғыз ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Анварбек Хасанов шықты. 1914 жылы Семей облысы Маршан селосында дүниеге келген. 1934-1938 жж. тарих факультетінде оқып, Қырғызстандағы алғашқы тарих ғылымдарының кандидаттарының бірі болды. 1965 жылы Қырғыз ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. 1984 жылы өмірінің соңына дейін ҚМУ-де кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Ол қырғыздар мен көрші халықтар арасындағы қарым-қатынас тақырыбына маманданған. Жақында жерлестері Семей қаласында оған ескерткіш орнатты.

Тлеухор Бошумова жарты ғасыр өмірін Қырғызстанның азаматтық авиациясына арнады. Оның ата-анасы аштықтан Қарағанды облысынан Шу алқабынан 1944 жылы Тілеухор дүниеге келген Мәскеу ауданының Түлек селосына

көшіп келеді. Ол әуе лайнерінің бортында жолаушыларға қырғыз тілінде акпарат берген бірінші диктор болды және бұл аударма кейінгі жылдар бойы, бүгінгі күнге дейін клиенттерге міндетті нұсқамалық үшін негіз болды. Ал стюардесса болған соң, ол аспанда 17 жыл өткізіп, 20 мыңнан астам сағат ұшты! [38] Ал мұнда айтылғандар Қырғызстандағы қазақ босқындарының тағдыры туралы бұрын болған және қазіргі бардың аз ғана бөлігі. Жоғарыдағы шолу көрсеткендей, Қырғызстан өміріндегі қазақ диаспорасының рөлі өте-өте зор.

Қазақ диаспорасы, Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитетінің мәліметі бойынша, қазір 35 мыңнан асады және осы көрсеткіштер бойынша қазақтар саны жағынан республикада қырғыз, өзбек, орыс, тәжік, дүнгендер және ұйғырлардан кейін жетінші орында тұр, бірақ рөлі жағынан қырғыздардан кейін екінші орын алады. Ұлтаралық некелерді, қос азаматтық факторын және т.б. «төлқұжаттық ассимиляциялау», 1989, 1999 және 2009 жылдардағы еліміздегі халық санағы кезінде кейбір этникалық қазақтар өздерін «қырғыз» деп жазды, бұл көрсеткіш шын мәнінде әлдеқайда жоғары.

Қырғыздар мен қазақтар ежелден бері ұзақ тарих бойы бір-бірімен өте жақын және сенімді бауырластық қарым-қатынаста болған. Біз көршілес болдық, бірге көшпелі мемлекет құрдық, әскери жорықтарға шықтық, ортақ жаулардан қорғандық. Тіліміз бір, сеніміміз бір, тарихи тамырымыз бір, тағдырымыз ортақ еді. «Қазақ пен қырғыз – бауырлас, – деп Ю. Абдрахманов әр уақытта қайталаған, – біз бір халықпыз!» [39]. Бұл сөздер кейінгі ұрпаққа өсиет ретінде қырғыздар арасында әлі күнге дейін сақталған. Қазақтар Қырғызстанда ең жоғары мемлекеттік лауазымдар мен қызметтерді атқаруда, олар республикалық, облыстық, аудандық, қалалық және ауылдық масштабтағы басшылар қызметін атқаруда. Оларды қырғыздар шетелдіктер, көрші республиканың азаматтары ретінде қабылдамайды. Олар қудалаусыз, жалтақтамай, кез келген жерде, кез келген ұйымда, бөлім мен мекемеде, шаруашылықта жұмыс істейді. Олар министр, депутат, губернатор, әкім, қарапайым қызметкер ретінде еңбек етуде. Қырғызстанның тұңғыш президенті Асқар Ақаев, Қырғыз Республикасының Конституциялық сотының төрағасы және Қырғыз Республикасының Бас прокуроры Чолпон Баекова, Қырғыз Республикасының халық ақыны Абдрасул Токтомушев қалыптасқан қазақтың «Абыла» руынан шыққан. Ұлы Шыңғыс Айтматовтың Жәмилясы қазақ жігіті Даниярға ғашық болып, кетіп қалады. Біздің халықтарымыз арасындағы достық пен бауырластық ашаршылық жылдарында ауыр сынақтардан өтіп, одан әрі нығая түсті. Және олар ұрпақтан ұрпаққа берілуі керек.

Бұл жан түршігерлік трагедия енді идеологияның да, мемлекеттік құпияның да нысаны бола алмайды. Бабаларды жады, ежелгі ата-баба культі өтірікке шыдамайды. Жаңа адамды тәрбиелеудегі және жаңа қоғам құрудағы сұмдық эксперименттердің нәтижесінде әлі де болса өмір сүру сапасы мен адамгершілігі төмен дамушы ел болып қала бере әкелердің, аналардың, туыстардың, жақындардың «саяси экспериментінен» біз қанша жоғалттық? Профессор Ш.Батырбаеваның «біздің «жалған дүние» – жалғандыққа толы әлемімізден ата-бабамыз «шын дүние» – ақиқат әлемідеп жазғаны дұрыс. Туыскандық ең жоғары құндылық саналатын көшпенділер философиясының мәні де, дәні де осында. Біздің азаматтар үшін бұл саясатты зерттеп, объективті тарихи баға беру үшін сол кездегі арнайы қызметтердің құпия мұрағаты ашылуы керек [40].

Ескерту:

Кеңестік жүйе мен барлық меншік пен халық шаруашылығын мемлекет меншігіне алу жағдайында азаматтар арасында «мемлекеттік меншік ешкімнің меншігі емес», сондықтан оны өз бетінше алуға болады деген сенім тарады.

Демек, тауарлар мен азық-түлік тапшылығы жағдайында мемлекет меншігін ұрлау айтарлықтай кең ауқымда болды, дамыды және күшейді. Үлкен стильде өмір сүрген кеңестік миллионерлер болды. «Ешкімнің мүлкін» иемдену бойынша түрлі сыбайлас жемқорлық схемалары болды. Мемлекет мүлкін ұрлау үшін жаза қатаңырақ болғандықтан, қылмыс басқа бағытта дамыды, мысалы, парақорлық, рэкет, қандастар, арамдар... Лауазымдар сатылды, төлем міндетті түрде қолма-қол ақшамен емес, қызмет көрсету түрінде алынды, мүмкіндіктер, патронаж және т.б. Өндірістен «болттан шегеге дейін» бәрін сүйреп апарған көп миллиондық армия «котермейтіндер». Олар құм, құрылыс материалдары, ағаш, цемент, шыны, азық-түлікті сүйреп апарды...

Пайдаланған әдебиеттер

1. Элери Битикчи. Голод 1930-х годов: казахские беженцы и Киргизская АССР / URL: https://kgcode.akipress.org/unews/un_post:9712.

2. Разаков Т.Ж. Таласское восстание. // Вестник КРСУ. – 2012. – Т.12. – № 8. – С. 28-30.

3. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы. Т.3. (конец 1930 – 1933). – М.: РОССПЭН, 2000.– С. 318-354 (https://istmat.org/node/36702).

4. Расстрел на станции Андижан 127 человек из Алайской долины (июль 1931) URL: http://1916.kg/ru/documents/rasstrel-na-stancii-andizhan-127-chelovek-iz-alayskoy-doliny-iyul-1931.

5. Абдалиева Г. 1916 жылдагы көтөрүлүш. Кыргыздардын Кытайга качышы / URL: http://1916.kg/ky/articles/gulzada-abdalieva-1916-zhyldagy-kotorulush-kyrgyzdardyn-kytayga-kachyshy.

6. Постановление ГД РФ от 2 апреля 2008 г. N 262-5 ГД «О заявлении Государственной Думы Российской Федерации «Памяти жертв голода 30-х годов на территории СССР».

7. Жиромская В.Б. Голод 1932-33 гг. и его демографические последствия. // История государства. – Спецвыпуск. – Астана, 2012. – С. 107.

8.Батырбаева Ш. Население Кыргызстана в 20-50 годы: историко-демографический анализ. – Бишкек, 2005. – 272 с.

9. Курманов З. Уроки истории о Голодоморе и настоящей дружбе // URL:https://elgezit.kg/2020/12/09/uroki-istorii-o-golodomore-i-nastoyashhej-druzhbe/

10. Курманов К.Ш. Исповедь юриста. Автобиографический очерк. Изд. 2-е, перераб. и доп. – Бишкек: 2017. – 255 с.

11. Абдрахманов Ю. 1916. Дневники. Письма к Сталину. – Фрунзе: Кыргызстан, 1991. - 320 с.

12. Письмо Турара Рыскулова Сталину о голоде в Казакстане от 5 марта 1933 года. / URL: http://1916.kg/ru/documents/pismo-turara-ryskulova-stalinu-o-golode-v-kazakstan

13. Сельское хозяйство СССР. Ежегодник. 1935. – М.: Сельхозгиз, 1936. – 222 с.

14. Қырғыз Республикасының Саяси құжаттамасының орталық мемлекеттік архиві (СҚ ОМА). 10-қ., 1-т., 25-іс, 26-п.

15. Қырғызстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ОМА). 23-қ., 1-т.,670-іс,1, 83, 93-94-пп.,

16. Қырғызстан Республикасының Қоғамдық-саяси құжаттамасының орталық мемлекеттік архиві (ҚСҚ ОМА). 10-қ., 1-т., 376-іс, 2-п.

17. Қырғызстан Республикасының ОМА. 23-қ., 1-т., 605-іс, 183-а.п.

18. Қырғызстан Республикасының ОМА. 23-к., 1-т., 615-іс, 90-п.
19. Жусуп Абдрахманов: «Москванын буйругуна баш ийип, боордош казак элине жардам бербесем, эртен алардын козун кантип караймын» // URL:https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=4428213217276994&id=100002650783774&sfnsn=mo.
20. Қырғызстан Республикасының ҚСҚ ОМА. 10-к., 1-т.,377-іс, 184-п.
21. Қырғызстан Республикасының ҚСҚ ОМА. 10-к., 1-т. 453-іс, 14-15-пп.
22. Курманов З., Сарсенбаев Б. Турар Рыскулов и кыргызы. // Вестник КРСУ. – 2021. – Т.21. – № 2. – 31-35-бб.
23. Қырғызстан Республикасының ОМА. 21-к., 8-т., 5-іс, 40, 43, 45, 47-52, 65, 72-73-пп.
24. Қырғызстан Республикасының ОМА. 23-к., 1-т., 720-іс, 1, 3, 7, 10-11, 13, 15-17, 19, 20-23, 40, 42, 54, 56-57, 59, 63, 71, 73, 75, 78, 81, 83, 87, 91, 97, 101, 114, 124, 175-пп.
25. Қырғызстан Республикасының ОМА. 21-к., 1с-т., 92-іс, 22, 26-29, 45, 48-51, 57, 59-60, 91-пп.
26. Қырғызстан Республикасының ҚСҚ ОМА. 10-к., 1-т., 506-іс, 27-28-пп, 29-37-а.п.
27. Қырғызстан Республикасының ОМА. 23-к., 1-т., 718-іс, 5-п.
28. Қырғызстан Республикасының ОМА. 21-к., 8-т., 5-іс, 41-п.
29. Мельничные отходы. // URL: https://dic.academic.ru/dic.nsf/agriculture/1824/%D0%9C%D0%95%D0%9B%D0%AC%D0%9D%D0%98%D0%A7%D0%9D%D0%AB%D0%95.
30. Қырғызстан Республикасының ҚСҚ ОМА. 10-к., 1-т., 454-іс, 13, 24-пп.
31. Голод в СССР (1929-1934). Т. 2. – М.: МФД, 2012. – 452 с.
32. Сарсенбаев Б.С. Помощь Кыргызстана казахам в период голода 1932–1933 гг. //Вестник КРСУ. – 2015. – Том 15. – № 3.– С.80-84.
33. Плоских В.В. Революцией мобилизованный и призванный: Турар Рыскулов. // Вестник КРСУ. – 2017.– Том 17. – № 4. – С.22-26.
34. Екінші дүниежүзілік соғыс. Ұлы Отан соғысы. Алтыншы фильм. / URL: https://www.youtube.com/watch?v=sBrM9FSa5CQ
35. Қырғызстан Республикасының ОМА. 23-к., 1-т., 617-іс, 18-20-пп.
36. Основоположник детективного жанра в Казахстане – что известно об отце президента. // URL:https://ru.sputnik.kz/society/20190320/9632605/kazakhstan-kemel-tokaev-biografiya.html
37. Бибихан Исмаиловна Исмаилова // URL: https://www.medchitalka.ru/hirurg_ahunbaev/gody_ucheby/3171.html.
38. Хирург, воспитатель, гражданин (30 ноября 2007) // URL:https://msn.kg/ru/news/20944/.
39. Казахи Кыргызстана: свои среди своих.// URL: http://www.nlkg.kg/ru/projects/little-kirghizstan/kazaxi-kyrgyzstana-svoi-sredi-svoix.
40. Жусуп Абдрахмановдун ким экенин билип ал // URL: https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=4425347700896879&id=100002650783774&sfnsn=mo.

4.3. Ашаршылық жылдарындағы босқыншылық: Өзбекстанға қашқан қазақ босқындары (1929-1933 жж.)

А.И. Құдайбергенова

Ашаршылық жылдарындағы босқыншылықта қазақтардың мәжбүрлі көші-қонының бағытын анықтаған жайт көрші аймақта тұратын тамыр-таныс, туыстарын көмектесер деген оймен жағалап баруы. Ғасырлар бойы көрші мекендеген өзбек жерінде қазақтардың бір бөлегі ежелден ата қонысында отырды. Жалпы, Орта Азиядағы жергілікті халықтар мен қазақтардың түп тамыры ертеден бір екендігін, сондықтан да олардың орналасу ареалы жақын әрі көршілес екендігін орыс зерттеушісі Л.А. Маев: қазақ руларының 92 баулы өзбек ұрпақтарымен байланыстылығын, олардың орналасу аймағын көрсете келіп, мұндағы қоңырат, найман, қаңлылардың тараған жерлері Әмудың жоғары және төменгі бойы Каршы қаласының маңайы, Сырдың орта ағысы, Зеравшан бойының бір бөлігі бұларды қазақ деп атайды - деп жазады [1]. Жалпы қазақтар Ташкент уезінің бүкіл солтүстік бөлігінде, Келес алқабында, Шыршық пен Келестің су айырығында, Шыршықтың оңтүстігіндегі көптеген болыстықтарда өмір сүрген.

Сондай-ақ, 1922 ж. КСРО ҒА-ның КСРО халықтардың тайпалық құрамын зерттеу комиссиясы Өзбекстан аумағы уездеріндегі халықтардың сандық құрамын анықтады. Сондағы зерттеудегі қазақтардың баска халықтармен салыстырғандағы саны: Самарқанд облысында өзбектер – 12644, қазақтар – 11438, Жызақ қаласы мен ауылда өзбектер – 166297, қазақтар – 11438, Қаттақорғанда өзбектер – 121146, қазақтар – 89, Самарқанд қаласында өзбектер -199854, қазақтар -561, Ходжентте өзбектер – 61482, қазақтар – 10397, Мырзашөлде өзбектер – 12527, қазақтар – 9218, Ташкент уезі қаламен бірге өзбектер – 420430, қазақтар – 155228 адам болды [2, 96 б], Бірақ айта кету керек, халықтың сандық көрсеткіші әр кезеңде әркалай беріледі. Оның себебі, кей жағдайларда көшпелілікпен айналысқан қазақтардың санаққа кірмей қалуы не өздерін жасырып көрсету жағдайлары орын алғандығы белгілі.

Қазақтардың өзбек жеріне жұмыс іздеп көшуі Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында ақ орын алған еді. Өзбекстанның ішкері аудандарына қазақтардың жылжуы тек қана саяси оқиғалармен ғана емес, экономикалық қажеттіліктермен де байланысты болды. Мыңдаған қазақ отбасының 1920-1924 жыл аралығында Шөл-дала (Мырзашөл) ауданына көшкені жөнінде: «...Қызылқұм қазақтары Қаракөл және Бұхара оазистеріне тиіп жатқан далалық аудандарға жылжыды. Сөйтіп, қазақтар біртіндеп өзінің көші-қонымен орталық далаға (Қаршыға), Орталық Бұхараға, Байсын ауданындағы бос жайылым кеңістіктерге, тіпті Оңтүстік Тәжікстандағы Қорған төбе уәлаяты жерлеріне дейін жетті», - деген мәлімет бар. Қазақтардың осы аудандарға таралуы бір жағынан жайылым жерлердің сапасымен байланысты болса, екінші жағынан оазистерге тиіп жатқан кәсіпорындарға жалдануға құлшыныстың артуы еді. Сонымен бірге қандай да болмасын ирригациялық не темір жол құрылыстарында бүкіл ауыл-аймағымен, мал-жанымен келген қазақтарды көруге болады» [3, 139 б.].

1926 санақта Өзбекстанда 216856 қазақ (қаларында 6252 адам, ауылдарында 210604 адам) есептелінді. Соның ішінде: Ташкент облысында 86634, Бұқар облысында 5328, Самарқанда облысында 3791, Хорезм облысында 2936 Ферғана облысында 547 қазақ тіркелді [4, 110-112 пп.].

Кеңестік саясаттың 1920 жылдардың соңынан басталған елдегі бай-құлақтармен күрес науқаны, күштеп ұжымдастыру аркылы отырықшыландыру саясатының

салдарынан ашыққан халық тағы да Өзбекстанға қаша бастады. Қазақтар Шыршық қаласы мен Бостандық ауданына, Ангрен, Ахангаран аумағына (орта жүз қазақтары) жаппай көшті.

Мәселен, Ташкент облысының Шыршық қаласының шығыс бөлігіне бірыңғай орналасқан «Найман ауыл», Бостандық ауданындағы Табақсай, Газалкент елді мекендеріндегі қазақтардың бір бөлігі, Ангрен, Ахангаран аумағын мекен еткен орта жүз қазақтары (бүгінде олардың негізгі бөлігі тарихи Отанға оралған) және қазіргі Түркістан облысының Сарыағаш ауданы «Бағыс» елді мекеніндегі қазақтар 1931-1933 жж. ашаршылық жылдары келгендігін айтады. Ашаршылықтан аман қалуды ойлаған босқындардың бір тобы естеліктерінде Өзбекстанның Қоқан, Марғұлан қалалары мен Ташкент аралығында кірешілікпен (1-2 түйемен жүк тасып) айналысып, күн көргендігін айтады. Жергілікті халықтан бөлек қоныстанған босқындар мал шаруашылығымен айналысқан. «Елдегі мал, ет өткізу науқандары, малды тартып алуға қатысты қыспақтан қашудағы азапты жолын әңгімелеген әкем Кенжебектің әңгімелері де әлі есімде. Ата қонысы болған Ұлытау, Қарсақпайда малмен күн көріс етіп отырған халықтың малын колхоздастырамыз деген желеумен тартып алып, аман қалғаны қырылып, елде ашаршылық жайлағанда бірлі жарым аман қалған түйемен Өзбекстанға (ұмытпасам 1931 жылы) қоныс аударғанын, олар алдымен Өзбекстанның Әндіжан, Марғұлан, Қоқанд аймақтарына келіп, күн көріс, нан табу мақсатында түйемен «кіреші» яғни жүк тасымалдап, өзінің еті-тірілігі арқасында бір әулетті аман алып қалып, кейін жағдай түзелгенде Сарыағаш ауданы қарасты Бағысқа қоныс тепкенін айтып отырушы еді» деп еске алады Шыршық қаласында тұратын Абдуллаев Асылхан (руы қоңырат). Ол өзінің ашаршылық жылдары балалар үйінен қашып кетіп, Түркістанның көшелерінде үйсіз күйсіз көшеде нан сұрап, босқын болып жүргенде нан берген бөтен ұлт өкілі әйеліне еріп, Ташкенттен бірақ шыққанын, олар жас балаларды қамақта ұстап, әртүрлі істерге пайдаланатынын, азап көргенін, кейін жергілікті ішкі істер өкілдеріне астыртын хабар жібертіп, аман қалғандары жөнінде айтады [3, 140 б.].

1931 жылдың 9 тамызындағы Халық Қаржы комиссариатының БК(б)П өлкелік комитетіне Кахианиге Қазақстаннан тыс жерлерге кеткен шаруашылықтар туралы берген есебінде Өзбекстанға 187909 малы бар 3436 қожалық көшкендігі айтылады. Бұл жылдары келген қазақтар жергілікті халықтан бөлек қоныстанды.

Қазақстаннан шетке ағылған босқындардың жолда қырылуы көп орын алған. Ресми кеңестік өкімет юрисдикциясынан шығып кеткен соң олардың босу маршруттары (Қытай (ол арқылы бірнеше маршрут шығады), Өзбекстан, Қырғызстан, Сібір аймағы, Ауғанстан, Түрікменстан және т.б.), кеткендегі саны, межелі жерге жеткендегі саны, жолда қырылғандардың (жаңа жерлердегі қарақшылар деп аталғандардың, т.б.) саны мүлде іздеусіз-сұраусыз қалды. Осы жерде Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Мәшбек ауылы тұрғындарымен кездесу-сұхбат алу кезіндегі бір әңгімеге тоқталайық: Талгат Есқабылов, 1967 ж. туылған, қыпшақ, көкмұрын) өз ойымен бөліссек: «Қасіретті заман. Мектеп оқушыларымен кездесу кезінде, Бекшаба Қыдырбаев деген кісінің айтуынша, осы жерден аштық кезінде, Ташкенді бетке алып жолда кетіп бара жатқанда, халық кездесіп қалған қызылшаны жеп-жеп, жеген жерінде өлген екен. Қызылшаны бір тістегенде аш өзекке түседі екен де, екінші тістегенде өліп қала берген екен. Әсіресе балалар, небір балалар өлген». Сондай-ақ, Талғат Есқабылов Жаңақорған ауданы, Бірлік ауылының тұрғынынынтағы бір естелігін есіне алды: «Сондай-ақ, тағы бір жайт, Бірлік ауылының тұсында асу бар, сол асу осы аумақтағы ең биік жер. Өзбекстанға бет алған адамдардың қырылған жері екен сол асу. Ол кезде ағайымыздың өзі бала, атасының артына мінгесіп,

жауырына жабысып келе жатады. Төбеге шыққанда «домалаған адамдарды көріп тұрдым, жағдайын жасайын десек, өздерімізде шама жоқ, әл-дәрмен жоқ. Сол асу ең биік жер. Ар жағы ылди. Асуға зорға көтерілген халық, төбеден ылдиға құлай бастайды. Домалап барып, құлап, сол ылдида ыңырсып, қалып қойды. Көзіммен көрдім» дейді. Оны көріп тұрған адамдардың домалап құлаған адамдарды ұстап қалуға, көмектесуге күші жоқ. Ташкенге бет алған халық сол жерде қырылады. Ауыл адамдарының айтуынша мыңнан аса адам сол жерде өлген. Кейінгі жылдары көпке дейін ол төбеде қыдырыс орны (маевка) болған екен. Сонда үлкендер айтады екен: «Абайлаңдар. Ол жерде адам өлген. Қатты әбестік жасамандар» деп. Сол жерде: «Жолаушылар, машиналарыңыздың жылдамдығын тежеп өтіңіздер» деген жазу да бар. Ар жағынан келе жатқанда да сондай жазу қойылған. Халық арасында ол жер «Секретарь төбе» деп аталады. Мыңға жуық адам сол жерде қайтыс болған. Сол асудан өткендері Ташкенге жетті. Өтпегендері сол жерде қалды. Асудың қазір аты да бар. Қазір сол жерде бейіт бар. Халық сол төбеге адамдарды жерлей бастады. Бір әулиені атымен аталады» [5]. Мұндай естеліктер Қазақстанның барлық аймақтарынан кездеседі. Ескерусіз қалғандар саны қаншама?

Қазақ босқындары барған жерлерінде қысым мен кемсітушіліктерге де тап болды. Мысалы, БЛКЖ Оның мүшесі Ермұхамедовтың Қазақ ОАК төрағасына 1933 ж. 2 шілдеде жазған баяндамат хатында өзбек жеріндегі қазақ босқындарының ауыр жағдайы айтылады: «Қазақстандағы азық-түлікке қатысты қиын жағдайға байланысты 500 қазақ қожалығы Өзбекстанға Камир қаласына көшіп келді, онда өзбектер оларды жақтырмай, мазақ ете бастады. Біріншіден, өзбектер оларға базарларды пайдалануға, базарларда азық-түлік сатып алуға тыйым салды.

Өзбектер, 10-20 адам, қышлақта (қыстайтын жер) жұмыс істейтін қазақтарды таяқпен ұрды, өзбектер тарапынан мұндай әрекеттерге шыдамаған қазақтар қышлақта қышлаққа көшіп, орын таба алмай жүр. Қышлақта жұмыс істейтін кейбір қазақтарды жұмысқа алудан бас тартып, оларды адам етін жеген деп қорлады» [6: 130 п.].

Ұжымдастыру саясатының Өзбекстан үшін де, Қазақстан үшін де ортақ салдары болды. Мәселен, Кеңес өкіметі тарапынан қоқан-лоққы мен қудалауға қарамастан, Өзбекстан халқының бір бөлігі өз малын мемлекетке беруден бас тартып, оны Ауғанстанға айдай бастады. Малдарымен бірге жерінен айырылған орта шаруалар мен дехкандар Иранға, Қытайға кетті [7, 87 б.].

Айта кету керек, XX ғ. 30 жылдары Өзбекстанда жаппай ашаршылық болмағанымен, Өзбек КСР ОГПУдың өкілетті өкілі Залиннің 1934 ж. 9 наурызда ОГПУдың Құпия арнайы бөлімінің бастығы ОГПУ арнайы өкілі Молчановқа жіберген арнайы баянатында Өзбекстан КСР-і бойынша Республиканың жекелеген аймақтарындағы азық-түлік қиындықтары, аштықтан адам өлімі орын алғандығы айтылады: «Өзбекстанның 26 ауданында (Ханкин, Беш-Арық, Галля-Арал, Байсун, Сталин, Сары-Асый, Айым, Термез, Митанский, т.б.) барлығы 10780 шаруа қожалығы мен 38217 тұтынушысы бар 250 колхозда қиындықтар бар. Колхоз құрылысының беделін түсіру және көктемгі егіс жұмыстарын бұзу мақсатында құлақ- бай элементтері, мүлікті сату, мал сою, шетке қашу және колхоздан шығу фактілері бар; Колхозшылардың аштықтан өлгендігі және ісініп кету оқиғаларының көбейіп жатыр. Мысалы, Ханкин ауданының «Қызыл-Абад» колхозында аштық жағдайында 2 өлім және 12 ісіну жағдайы тіркелді, ал осы кезде қоймада 30 центнерден асатын нан болды» деген арнайы хабарламада [8].

1929-1935 жылдары Өзбекстанның көптеген аймақтарынан жүзден астам қышлақ халқы шетелдерге қоныс аударды. Мысалы, Наманганнан 7000 отбасы, Бұхарадан 8000 отбасы сыртқа кетті [7].

Ал, Қазақстандағы ашыққандар жағдайының өте ауырлығынан, көрші аймақтардағы қазақтар Өзбекстанға қашып, жан сақтамақшы болды. «Ел ашыға бастады, біздің үйде де ішерге дән қалмады, жан-жағымыздағы көрші-көлем, ағайындар теңкиіп-теңкиіп өліп жатты. Аштықтан адамдар ісініп кетеді екен.

Бір күні әкем шешемді ертіп елмен бірге Ташкенге баруды ұйғарады. Ол кезде Ташкенге бару өте қауіпті болса да тәуекел еттік. Поезбен Ташкенге барып бір өзбекке бір білезік пен сақинаға бір пұт бидай айырбастап алдық. Елге жеткен соң да қауіпті, қолында наның не астық болса тартып алып, шамасы келсе өлтіріп кете береді. Келесіде тағы да бардық, бір алтын бұйымға бір пұт астық айырбастап жүрдік. Одан артық алуға болмайды, себебі екеуміз бөліп ішімізге байлап тығып алып келеміз. Аш адамдар қолындағыны көрсе тартып алады, ұрып кетеді, өлтіреді. Станциядан үйге жеткенше де жанымызды шүберекке түйіп келеміз.

Не керек әшекейлер ғана емес, әшекейленген бас киім, шапан, желбегей, алтын жіптермен зерлеп тіккен көйлек, тіпті аяқ киімдерім де 3-4 жылға созылған ашаршылықта ас болды.

Бірде тағы жолға шықтық. Қыстың соңғы жағы, көктемнің басы еді, жерде әлі де қар бар. Ташкенге бара жатқанда эшолонда тонап кетті, бұған дейін де бірнеше рет тоналғанбыз. Бір ғана сақина қалды, өзбекке келіп жағдайды айттық, бермеймін деп бас шайқады. Енді не істейміз деп абдырып тұрғанда өзбектің көзі Анамның аяғындағы шоңқайма етігіне түседі. Жата-жабысып бір парына бір пұт бидай берем дейді.

Анамның аяғындағы қызыл-күрең әміркен етігі таза теріден тігілген, қонышы өрнектелген, қонышында тайға басқан таңбадай өрнегі бар. Кейін білдік. Байсарының таңбасы екен. Ол таңбасы асыл таспен жабылған. Оның басы мен өкшесінде алтын таға (пластина) болды. Шоңқайма басы қайыспен тігіліп алтын жіппен өрнектелген, асыл тас қойылған. Өзбектің көзі алтын тағаға түскен ғой.

Өзбекке етігімді шешіп беріп, бір сақинаға арзанқол аяқ киім алып кигенімде аяғымнан сыз өтіп жаланаяқ жер басып тұрғандай болдым. Келесі жолы екінші парына тағы солай 1 пұт бидай алдық». Осылай Анамның бар алтындары мен тіпті шоңқайма етігі де бір қора жанды аштықтан аман алып қалған» деп еске түсіреді ашаршылық жылдарының куәсы болған Жұмабек молданың немересі, Күлшімнің қызы Раушан Қыдырбаева [9, 66 б.].

Байлардың байлығын көрсету үшін емес, күнделікті өмірдің барысын байқату үшін осы естеліктен тағы үзінді келтірейін: «14-15-тердегі бұла өскен бай қызы кедейлеу әкемнің үйіне көпке дейін көндіге алмапты. Артынша ашаршылық басталды. Біздің үйде 15-16 жан бар. Әкеңе келгенде бір қоржыным, сосын бір түйіншегім болды. Екі қолымда 20-шақты білезік (қарыма дейін), саусақтарым тола сақина-жүзік (саусағымды босату үшін абысындар мен қайын сіңлілеріме таратып жүрдім), мойнымда бірнеше өңір жиек пен тұмарларым болды, бас киім, шапан, желбегей, камзолым, алтын жіппен зерленіп тігілген барқыт, шәйі көйлектерім тіпті аяқ киімде де асыл тастар болды. Мойнымда шаңқобызым болды, оның бауында да тастар болды, келгенде жұғысты болсын деген желеумен абысындар үзіп алып жатты, кейін ашаршылықта орыстарға балыққа айырбастап жіберіпті» деп анасының сөзін еске алады информатор Р. Қыдырбаева [9, 66 б..

РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловтың И. Сталинге 1933 жылы 9 наурызда (көшірмесін ОК ауылшаруашылық бөлімі мен КСРО

Халкомкеңесіне) Қазақстандағы ашаршылық зардаптарын жою жөніндегі баянхатын жолдайды. Көшірмесін 11 наурызда жөнелтпе жазбасына тіркеп, Алматыға, Мирзоянға жіберді. Ол жолдаған хатта казақтардың коныс аударуының ауқымы туралы мәліметтер және олардың жағдайы туралы хатында шамамен алынған мәліметтер бойынша Қазақстанмен көршілес жатқан өлкеге көшіп-қонып жүрген жерден алынған соңғы деректер негізінде казақтардың 40 мыңы Орталық Еділде, 100 мың адам Қырғызстанда, 50 мың адам Батыс Сібірде екенін айта келе Қарақалпақстанда 20 мың адам, Орта Азияда 30 мың қазақ барын жазады. Коныс аударушылар тіпті Қалмақ автономиялы облысына, Тәжікстанға, Солтүстік өлке және т.б. шалғай жерлерге де көшіп барған [10].

БК(б)П ОК хатшысы Т. Сталинге, БК(б)П ОК хатшысы Т. Кагановичке, КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Т. Молотовка 1933 ж. 9 шілдеде № 50437 «Өте құпия» деген грифпен жіберілген ОГПУ төрағасының орынбасары Аграновтың арнайы баяндамат хатында көрсетілгендей, Орта Азия ОГПУ ПП хабарлауынша, Қазақстаннан Өзбекстанға коныс аударған қазақтардың саны соңғы бір жарым айда екі есеге жуық өсті (15 сәуірдегі 8612 шаруашылықтан 1 маусымдағы 16 509 шаруашылыққа дейін) және өсуді жалғастыруда. Көшіп келген көшпелілер (босқындар-АИК), ең алдымен, негізгі астық және мал шаруашылығымен айналысатын аудандарға барып, ірі совхоздардың айналасында орналасады. 6000-нан астам шаруашылық Ташкент пен Самарқанд маңындағы аудандарда шоғырланған. Өзбекстанның үш астық кеңшарының («Галля-Арал», «Ударник» және «Яккабаг») айналасында 2535 көшпелі шаруа қожалықтары орналасқан [11].

Өзбекстанға барған казақтардың ауыр жағдайы жаппай сипат алғандығын, казақтардың арасында өлімнің көбейіп, өзбек жеріндегі тәртіпсіздіктерден жапа шеккендігін дәлелдейтін архив құжаттары да жетерлік. Ішерге асы жоқ босқындар арасында өлім-жітім өсіп, жұқпалы аурулар тарап, әлсіз адамдар саны күн сайын артады.

1933 ж. 9 шілде күнгі мәліметте «көшіп келген казақтардың барлығы дерлік малсыз, тек көлік құралы ретінде пайдаланылатын аз ғана түйелері бар. Көшіп келгендердің көп бөлігі астық пен жайылыммен қамтамасыз етілген жерлерді іздеп, өз беттерімен бүкіл ауылдарды, руларды аралап, ауданнан ауданға көшіп жүреді. Олардың материалдық жағдайы ауыр, олардың арасында эпидемиялық аурулар жиі кездеседі» деп көрсеткен [11].

Көшіп барған босқындардың едәуір бөлігі жүк тасу кәсібімен (кірешілікпен) айналысып, кейбіреулері совхоздарда жұмыс істеді. Олардың арасында тұрақты жұмыс істеушілер саны шамалы. Аз бөлігі колхоздар мен совхоздарда қайыр сұраумен, мал ұрлығымен және тонаумен айналысты. Босқындардың жағдайын баяндайтын осы құжатта: «Соңғы уақытта қылмыстық іс айтарлықтай өсуде, жергілікті тұрғындарға қарулы тонау мен көшпелілердің (босқындардың-АИК) шабуылдары орын алуда. Астық жинаудың жақындауына байланысты совхоздарға қылмыстық іспен айналысатын еңбекші табына жат элементтің ағыны байқалады. Барлық мәліметтер бойынша, босқын казақтардың бұндай көш ағынын тек егін жинау кезіндегі совхоздардың жұмыс күшін жалдауына ғана қатысты емес, сонымен қатар нан ұрлау мақсаттарымен де түсіндіріледі. Өткен жылы тек бір Яккабаг совхозында астық жинау кезінде 1500 центнерге жуық астық ұрланған» деп келген босқындарды жергілікті жерлерде калай кабылдағанынан хабар береді [11]. «Қазірдің өзінде совхоздардың босқындардың мал мен нан ұрлау жиілеп кетті. Совхоздардағы егінді ұрлықтан корғау жеткіліксіз. Көшпелі казақтардың Өзбекстан аудандарына ауа көшу ағыны және ұрлық пен тонаудың жиілеп кетуі казақтар мен өзбектер арасындағы ұлттық антагонизмнің күшеюіне себеп болды» деп көрсетеді.

Ұрлық жасады деп күдікке ілінген қазақтарды ұрып-соғу мен өз-өзіне қол жұмсаумен аяқталатын жанжалдар жиі туындады. Кейбір жағдайларда өзбектер қазақтарды тонап, олардан малды тартып алады.

Қазақ босқындарының ағылып келуін, қазақтардың ішінде тонаумен айналысқан жекелеген қылмыстық жағдайды пайдалана отырып, кеңес билігіне жат топтар жергілікті халықтың «балаларын ұрлап, халықты тонап жатқан қазақтармен» арасын шиеленістіріп, қырғынға ұшыратады. Кейбір аудандарда аса арандатқан халық балаларды мектептерге жіберуден бас тартты (Бек-Буин ауданы), тіпті партияның аудандық комитеттеріне оларды қазақтардан құтқару туралы өтініш білдірді [11].

1933 ж. Қазақстанды жайлаған аштықтан құтылудың жолы ретінде қашып барған босқындар өз мүлкінің қалдықтарын сатып, түксіз, «аш-жалаңаш» қалды. Бір бөлігі Өзбекстанның: «Катты-Корзян», «Кітап», «Жүребұлақ», «Қызылтөбе», «Кариш», «Сталинабад» аудандарына және Шығыс Ауғанстан шекарасына қарай көшті. Олар өздерінің қалған 4-5 малын қорғауға орын таппай, бір жерден екінші жерге ауысып, жолай қарақшылықтарға тоналып, жыртқыштарға жем болып, қиындықтар көреді. Мыңдаған қазақ қожалықтарының өлгендерінен қалғандары орнықты жер таппай, өзбектерден қағажу мен кемсітушіліктерге душар болады. Оңаша кездескен қазақтарды соққыға жығып, адам етін жеген қазақтар деп т.б. түрлі кемсітушіліктерге ұшырауы жиі кездесіп отырды. Бір қышлақта екіқабат қазақ әйелін ішінен теуіп қинаған жағдайлар кездесті, сондай-ақ, өзбек басмашыларының тонауына ұшырағандары қаншама» деген хабарлар Қазақ республикасының басшылығына да көптеп түсе бастайды.

Арнайы баяндаматтағы мәліметте: «Кеңес үкіметіне қарсы күресуші жергілікті топтар босқындардың ауыр жағдайын антисоветтік үгіт-насихат үшін пайдалануда. Олар «Кеңес өкіметі жақын арада өзбектерді де қазақтар сияқты күйге түсіреді». Босқындар арасында тек кедей топтар емес, көптеген бай және революцияға қарсы топтар де кіріп кеткен. Олар көшіп келген көшпелі қазақтарды барлық жағынан қанап қана қоймай, өкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізеді, бандиттік іс-қимылдар және мал ұрлығын ұйымдастырады» [11]. ОГПУ осылайша босқындар арасында тексеру жұмыстарын жүргізіп, анықталған бай және қылмыскер дегендерді қамауға алып отырды.

Қазақстан мен Орта Азия республикаларынан келген ОГПУ мен басқа да органдарының уәкілетті өкілдерінің ішінде онсыз да мәжбүрлі түрде көшіп-қонып, босып жүрген қазақтарды кері қайтару шараларының желеуімен босқындарды қинап, жағдайын одан ары қиындатқан жағдайлар кездескен.

Қашқан байларды кері қайтару тапсырмасын орындауға жіберілген өкілдердің кез-келген, тіпті кінәсіз қазақты кездескен жерінде ұстап, байсың деп, түрмеге қамаған оқиғалар да жиі кездескен. Қашқын бай-құлақтарды ұстап, кері қайтарса қуып барған басқарма өкілдерінің 10 000 рубль мен 20 000 рубль арасында ақша табатынын мастықпен айтып отырған жағдайлар кездескен. Немесе қашқан қазақтарды түрмеге қамамау үшін арнайы өкілдердің қазақтардан 1000 және 700 рубль аралығында ақша (пара) жинағандығы туралы мәліметтер де кездесті [12, 131 б.].

Байлардың мүлкін тәркілеу және қазақ халқынан салық жинау құқығы мен өкілеттігі туралы шектеусіз мандаттарға ие болған мұндай уәкілдер жергілікті кеңестік және партиялық ұйымдарын мүлдем елемей, қазақтарды тонап, бүлдіріп, өздеріне үлкен ақша бергізген. Мәселен, «Уәкіл Ділдібаев БК(б)П Қазақ крайкомы мен Қазақ ОСК жауапты бригадасының мандатына ие бола отырып, 50 000 рубль жинап, иемденді. (Ділдібаев қамауға алынды, іс бойынша тергеу жүргізілуде, мандаттың көшірмесін қоса береміз)» деген құжаттар кездесті [11].

Осылайша, кеңестік үкімет пен БК(б)П Орталық Азия бюросының көптеген аудандардағы босқындарға көмек көрсету туралы қаулылары қағаз жүзінде қалды, көшпелі қазақтарға – босқындарға жер бөлінбеді, науқастарға көмек көрсетілмеді, босқындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілуінде де салғырттық басым болды.

Өзбекстанға аштықтан қашып, Ташкенге беттеген қазақтар өміріне қатысты 1945 ж. Өзбекстанда туылған Серікбай Сұлтановтың естелігінен үзінді келтірейік[1]: «Әкем 1929 ж. колхоздастыру кезінде құрылған ТОЗ-ға мүше болды. Сол кезде бір-бірін ұстап беру, кудалау көп болды. Бірі-бірін: пәленшенің ошаққорасының астында тарысы бар не табалдырығының астына бидайы бар астығы бар тыққан деп, көрсетіп берушілер болған. Ұстап әкететін. Содан ашаршылық болды. Қазақтағы «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген сөздер сол Голощекин кезінен қалған. Әкеміз кудаланып малсыз қалды. Содан қашқан әкеміз Сұлтан, Ақтан, Махамбет бауырлар үшеуі Өзбекстанға кетеді. Бұл 1932 ж. еді. Үй қалған, бала-шаға қалған. Өзбекстандағы Тельман дейтін колхозға қашып барады. Колхоз басқармасы Құдайбергенов Айдарбек қожа деген кісі болған. Осы жақтан, Қазақстаннан ауып, көшіп барғандардың барлығының басын қосып, колхоз ұйымдастырған. Сол колхозға барған әкемді, ағайынды үшеуін колхозға қабылдамаған. Себебі қолдарында бір-де бір құжат жоқ. Колхозға мүшелікке қабылдауға құжат керек. Ол жоқ. Сонда Құрманов Әміре дейтін бір ағайын: «Сендер былай істеңдер. Менің құжатым бар. Менің фамилияма өтіңдер» дейді. Туыс қой. Содан ағайынды үшеуі Сұлтан, Ақтан, Махамбет Құрманов болып сол кісінің атымен колхозға кірген. 1933 ж. басында-ау. Негізі фамилиялары Жолдыбаев Сұлтан, Ақтан, Махамбет болуы керек еді, Құрманов болып кетті. Содан кешеге дейін әкеміз колхоз мүшесі болды. Бригадир болды. Сауаты жоқ. Арапша жазды сәл. Бас бармағанын түкіріктеп, қарындашқа үйкеп немесе сияға батырып алған бас бармақ ұшын қағазға басып қол қоятын. Сөйтіп жүргенде 1941 ж. соғыс болып кетті. Соғыс кезінде Ақтан кетті, Махамбет кетті, Біздің әкеміз броньмен мал шаруашылығына ферма меңгерушісі болып кетті. Шешеміз учетчик (есепші – АИК) болып кетті. Содан мынау Шардараның бер жағында Алқакөл, Ашыкөлде, арғы басында тіршілік жасадық. Мен дүниеге келдім, балалар, қыздар дүниеге келді. 1944 ж. оқ тиіп бір аяғынан айрылып, үсік шалған, үлкен інісі Ақтан қайтып келді. Колхозда жұмыс істеді. Інісі Махамбет 1947 ж. (7 жылдан кейін келді) біраз жерге барып, жеңіп, аман-есен келді. Сол жақта біз туылдық, өстік. Әкеміз пенсияға шықты Өзбекстанда. Ағамыз колхозда істеді. Өзбекстандамыз бәріміз. Ол кезде совхоз деген жоқ, колхоз болатын бәрі: Тельман, Киров, Куйбышев, Берия (баяғы Берияның атымен болатын), Сталинші деп аталатын колхоздарда жұмыс істедік. 1953 жж. әкем қайта бригадир болды. Пенсияға шыққанша жұмыс істеді. Пенсиясы сол 12 сом ба 20 сом ба болды[2]. Білмейміз, бірақ дым емес өзі (деп қолын бір сілтеді). Ағам инвалидтік алып кетті. Мен сол жерде оқыдым. Ол кезде жетіжылдық және онжылдық болатын. Жетіжылдықты бітірген соң, ары қарй Өзбекстандағы №4 Жамбыл мектебінде, қазақ мектебінде оқыдық. 1960 ж. бітірдім. Екі жыл трактор айдадым мақтаның арасында. Содан бір жолдасым бар еді, бір жас үлкен, сол айтты: «Серік, мектепті жақсы оқыдың, мына жүрісің не? Институтқа түссей» деп. Ташкенттегі Низами атындағы өзбек мемлекеттік университетінің қазақ факультетіне бардым. Ол кезде дәу балақты шалбар, тақтайдай чемодан, шашымызды жалтыратып полбоксинг тастайтынбыз. Педагогикалық факультетке, бастауыш мамандығына, түстім. Бір екі жылдай очно

[1] Серікбай Сұлтанов - информатор, 1945 ж. Өзбекстанда, Келес ауданында туылған.

[2] 1960-жылдардың ортасында колхозшы-шаруа 12-14 рубль пенсия алды – АИК.

оқыдым. Әке-шешем ауру болды, содан сыртқа ауысып, 1966 ж. бітіріп шықтым. Қайрат мектебінде бастауышты оқыттым. Үш жыл сабақ бердім. Осы жақтан Ауғанға кеткен, Тәжікстанға, Өзбекстанға, Самарқанға кеткендерден барлығынан делегаттар; Құлағи Наурызбаев, Әбдіғаппар Нұртазаев, Сейткамал, Еламан деген кісілер келді. Сонда мектептен келсем, үйде жиын болып жатыр.

– Қай жылы? – АИҚ.

– 1966 жылы. Шарабек деген жолдасым екеуміз Қайырлы мектебінен жұмыстан кейін үйге келсек, төрде үш адам отыр екен. Қазақстаннан адамдар келді дейді. Кіріп барып амандассақ, үлкендеу кісі екен. «Қазақсыңдар ма, өзбексіңдер ме?» деп сұрады. «Қазақпыз» дедік. Бірақ, тілімізде өзбекше акцент бар: «қозоқпыз» деген. Содан «қазақ болсаңдар Жаңақорған қайда?» дейді. Біз білмейміз. Көрмегенбіз ғой. «Қалай жағдайларың?» «Жағдай жақсы». Елге барасыңдар ма? Сонымен, 1967 ж. келдік бұл жерге. Содан осы Политотдел бөлімшесінде 1996 ж. дейін мектепте мұғалім болдым. Қазақ тіл сабағын бердім. Ол уақытта мұғалім жоқ казіргідей. Ол кезде 300-дей оқушы бар. Ана жақта ферма, Ақсуат оқушылары, балалары бізге келіп, сабақ оқитын. 320-310 оқушыға 16 ғана мұғалім сабақ беретін. Қазір мұғалім көп қой. Бірақ бәрі жақсы еді. Сонымен, балалар бөлінді, завуч болдым бірнеше жыл. Қайтадан бастауышқа сабақ бердім. Сосын халықтың ұсынысымен аулсоветке секретарь болдым. 2,5-3 жыл жұмыс істедім. Қайтадан мектепке мұғалім болып келдім. Содан кейін халықтың ұсынысымен ауылда 4-5 жыл управляющий болып жұмыс істедім. Сосын жас жақындады. Қайтадан мектепке келдім. Мектепті аяқтап, казір пенсиядамыз. Енді құдайдың бергені, 20 аса немере бар, 2-3 шөбере бар, жағдайым жақсы. Кіші балам осы мектепте директордың оқу ісінің орынбасары, басқа балаларым механизатор. Кемпірім бар қасымда, жағдай жақсы.

– Аға, әкеңізден естігеніңіз бар шығар, ашаршылық жылдары Өзбекстанға көшіп, қашып барғанда халық қалай қабылдады? Хал-жағдайларыңыз қандай болды? – АИК.

– Барғанда, қалай болды? Енді өзбек халқы ғой. Бізді «қозоқлар» деп бөліп отырды. Өзбекстанға барған кездегі қашып барған қазақтар, кепеде отырдық, осы жаққа келгенде де отырды ғой енді, жағдайымыз мүшкіл болды, астық жетпеді. Бірақ өзбектер бау-бақшаға күшті екен. Бізде бау-бақша кейіннен өсірілді. Жемістердің түр-түрі бар, олардың үйлері парк, гулзар. Сосын дихан халық екен. Солардың жұмысын істеді ғой әкелеріміз. Алдында қазақтарды бөлектейтін. Кейін ағайындасып, араласып кетті. Өзбектермен құдаласып та кеттік. Жеңге алдық, озбектердің жиендері, інілерім. Сөйтіп, кеше көшкенде де 300дей ташкенттік қожалық болды, мына жағымызда қожалар болды, бір жағымызда өзбектер болды, олардың барлығы көшерімізде кәдімгі туысқаннан артық, бет сүйісіп, қоштастық мінекей. Балаларымен жолдас болдық, әлі де араласып тұрамыз. Келіп тұрады, институтта бірге оқыған жолдастарым. Мал болған жоқ бізде.

– Көшкенде, жолда, барғанда адам өлімі болды ма? (АИҚ)

– Барғанда адамдардың қайтыс болғандары болыпты. Ашаршылықта, екінің бірінің дүниесін тартып алып, ұрып кету, барын тартып алу болды. Бар адамның қалтасындағы ақшасын тартып алу, немесе, 1 пұт (бір пұт деген 16 кг ба) немесе 4 кг астығы барларды соған бола, тартып алып, өлтіріп кеткен оқиғалар көп кездескен. Жолда бара жатқанда. Қыздарын тастап кеткен ғой тіпті аман қалу үшін. Тағы бір эпизод: Бір отбасының дым күн-көріс көзі болмаған, 12 жасар жалғыз қыз болған. Соны тамақ үшін бір бай өзбекке берген. Бірақ, өзбектің адамгершілігі бар екен. Өз қызындай күткен. Ол бой жеткен. Өзбек бір күні той жасағанда сол қызды күліске тіккен. Кім жықса, осы қызды беремін деп. Сонда қыз жылап отыр дейді. Өзбектердің кигізіп қоятын бет пердесі бар ғой, пәрәнжі киген: «Е құдай , Алла, бақытыма қазақ

шыкса екен» деп жылап, тілеп отыр екен. «Не болса да қазаққа барсам екен» деп. Сөйтсе бір каска бас өзбек бәрін жығып жатыр дейді. «Бір кезде бір шал шықты, қазақ, сол шалдың тілеуін тіледім. Шал жықты өзбекті дейді. Сөйтіп мені алып кетті» дейді (қыздың айтуы). Содан өзі алмады. Өзінің теңіне қосты. Содан туған баламды Қазақбай деп атын қойдым» дегенді естідім» – деді Серікбай Сұлтанов.

Талғат Ескабылов (Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Мәшбек ауылы №196 мектеп директоры, тарих пәнінің мұғалімі, 1967 ж. туылған, қыпшақ, көкмұрын) өз ойымен бөлісті: «Қасіретті заман. Бекшаба Қыдырбаев деген кісіден естуімше, ағайындарының бірі өзінің қарындастарын екі пұт па, екі кг тарыға айырбастап жіберіпті [13]. Сондай-ақ, Өзбекстанға барып, орнығып қалған, ұрпақтары да бар дейді. Міне, осындай заман болған».

1933 жылғы 24 ақпанда ОК Бас хатшысы И. Сталин мен Қазақ өлкекомының жаңа бірінші хатшысы Л. Мирзоянның атына «алтаудың хаты» (қол қойғандар: қызыл профессура институтының тыңдаушылары Ғатаулла Исқақов, Ильяс Қабылов, Жүсіпбек Арыстанов, Бірмұхамед Айбасов, Қазөлкеком мүшесі Ғаббас Тоғжанов, студент Оразалы Жандосов) жіберілді. Онда 300 мыңнан астам қазақ қожалықтарының Сібір және Орта Азия темір жол станцияларына, қалаларына, орталықтағы қалаларға, көрші республикалардың облыстарына босып кеткені, көбінің қайыршылық хал кешіп жатқаны айтылды. Шұғыл көмек көрсетілмесе, көктемге карай олардың арасындағы өлім-жітім тым көбейіп кететіні хабарланды. Қазақстандағы барлығы 58 ауданның 37-сінің халқының жаппай босып кеткені, індеттің жайылуы, өлім-жітімнің өскені, мал санының апатты түрде кемуі айтылады [14, 1-8]. Қазақ даласындағы ашаршылықтың ауқымы мен босқыншылық зардаптары туралы хат жазғандар ұлт жанашырларының қуғындала бастағанына қарамастан, азаматтық ұстанымдарының мықтылығын көрсетті. Олардың тағдыры өзінше бір тарих. Біз босқыншылық мәселесіне келейік.

1933 ж. 28 ақпанда Өзбекстан КП (б) ОК хатшылығының босқын қазақтардың орналастыру туралы отырысында Қазақстан халкомы Төрағасының бірінші орынбасары Құлымбетовтың баяндауы негізінде Өзбекстан аумағындағы босқын казақтардың жай-күйі, орналасу мәселесі карастырылады [15, 36 б.]. Отырыстың қаулысына сәйкес:

1) Қазақстан өкілдеріне Қазақстанның мақташыларын Өзбекстаннан қайтаруда көмек көрсетуді телеграф арқылы барлық аудандық комитеттерге міндеттеу ұсынылды. Орта Азия және өзбек ұйымдарымен арасында шарттық міндеттемелері бар шаруашылықтарды қайтару кезінде дау туындаған жағдайда әрқайсысы жеке жағдайда тиісті аудандық атқару комитеттері мен қазақ өкілімен бірлесіп шешеді. Келіспеген жағдайда дауды Өзбек КСР ХКК түпкілікті шешетін болсын;

2) Кәрімов пен Құлымбетовке осы шаруашылықтардың шамамен санын және орналасқан аудандарын анықтау тапсырылды;

Қазақ қызметкерлерін (оқушыларын) жұмылдыра отырып, шаруашылықтарды қайтаруды ұйымдастыру үшін тиісті уәкілдерді жіберу;

Қазақстанға оралуға жататын аудандар мен шаруашылықтардың санын анықтау кезінде олардың қайтару тәртібі (вагондар беру, уәкілдерді тағайындау, коректік пункттерді ұйымдастыру және т.б.) туралы тиісті жоспарларды әзірлеу және орындау көзделді.

3) Қазақ шаруашылықтарын қайтаруды ұйымдастыру кезінде орналасып қалған шаруашылықты мәжбүрлемеуге, ерікті түрде қайтару қажеттігіне де назар аударылды;

Құлымбетовтың қазақ шаруашылықтарын қайтару үшін аудандарға жіберілген уәкілдер қайтару орындарында қайтарылатын қолайлы жағдайлар жасау туралы Қазақ Үкіметінің тиісті өтініштерімен жабдықталатыны туралы мәлімдемесі назарға алынсын.

ҚР-ға партияға, аудандық атқару комитетіне және ГПУ органдарына осы шаруашылықтардың құрамын олардың құрамынан кулактар мен антисоветтік сауда элементін алып тастау үшін тексеру тапсырылсын» деп шешімдер қабылданды [15, 36–38 б.].

Осы отырыста Өзбекстандағы қазақ қожалықтарын орналастыру, жұмыстан шығарып жібермеу, екі онкүндік ішінде Өзбекстан жеріне босып келген қазақ шаруашылықтарын келген жерлеріндегі өндіріс орындарына, құрылыс нысандарына, совхоздарға орналастыру, суландыру жұмыстарына пайдалануды қалалық кеңестер мен Аудандық атқару комитеттеріне міндеттеу керектігі айтылды. Қазақ босқындары жұмыспен қамтылмаған жағдайда Еңбек ХК-на жағдайды хабарлап отыру керектігі шешілді.

Құлымбетов өз кезегінде панасыз қазақ балаларына арнап Ташкентке жақын қазақ аудандарында (Сары-Агат, Ишан-Базар және Тоболит) 3 балалар үйінің (1000 адамдық) ұйымдастырылатынын, бірақ оның панасыз балаларға жетіспейтініін ескеріп, Өзбекстан басшыларынан уақытша балалар үйін ұйымдастыруды сұрайды. Өзбекстан КП(б) Орталық комитетінің хатшысы Балтабаев қол қойған мәжілісте осы шараға шығынды Өзбекстандағы панасыздықты жою Қорының есебінен шығару да көзделеді [15, 36–38 б.].

Алайда бұл шешімдер жартылай орындалады. Босқындар барған жерлердегі оларға деген қатынас босқындардың ауыр жағдайын одан ары шиеленістіреді.

Дегенмен, босқын қазақтарға көмек тіпті көрсетілмеді емес. Өзбек КСР Жұмысшы-шаруа инспекциясының бастамасымен ЖШК халық комиссары Кацтың басшылығымен 1933 жылдың қаңтар айында аштықтан әлсіреген қазақтар үшін тамақ беру пункттер құру туралы шешім қабылданды. Өзбек КСР ХКК, Өзбек КСР ОАК, Өзбекстан КП(б) ОК мақұлдаған және қабылдаған бұл шешімнің негізінде Өзбек Қызыл Жарты Ай қоғамына 515 мың рубль ақша бөлінсді. Өзбек КСР-нің Қызыл Жарты Ай қоғамы Өзбекстан бойынша 22 қоректік пункт ашады, олар ашыккан халықты тамақтандырумен, Қазақстанға қайта қоныс аударумен, еңбекке жарамды адамдарды жұмысқа орналастырумен, балаларды балалар үйіне орналастыру үшін санық анықтаумен және мұқтаж науқастарды емдеумен айналысуды көздеді. Өзбек КСР-нің Әндіжан, Қарғалы, Хаваст, Самарқан, Икрам, Қаттақорган, Жаңа-Бұхара, Бок-Будин, Янги-Юль және Ташкент аудандарында тамақ беру пункттері ашылды [15, 16-17 пп.].

Аштарға көмек ретінде құрылған пукттердің 12-сі тек қазақ босқындарына ғана арнап ұйымдастырылды. Бұл пункттер толық санитарлық тазартудан өткен изолятор түрінде ашылды. Оларда 10-60 төсекпен жабдықталған қабылдау бөлмесі, қызыл бұрыш, кітапхана, жатақхана болды. Ашыққан халық күніне төрт реттен тамақтандырылды.

Транзиттік пункттер үшін нан нормасы күніне 200,0 гр. Изолятор-оқшаулағыштар үшін 400,0 гр. және балалар пункттері үшін 500,0 гр. деп белгіленді. Нан (40 тонна) және басқа да өнімдер жеткілікті және үздіксіз жұмыс істейді» деген есептер ОКке жіберіліп жатты.

Өзбек КП ОК төрағасының орынбасары, тамақтану жөніндегі істерге жауапты Мелкумов пен ОАК Құпия бөлімінің меңгерушісі Шабановтың 1933 ж. 27 тамыздағы Өзбекстандағы қазақтардың ауыр жағдайы туралы Есепті баяндамасында

осындай жұмыстар нәтижесінде, 1933 жылдың ақпан айынан тамыз айына дейін барлық пункттер бойынша 298.929 адам-күн, оның ішінде ересектер мен балалардан: қазақтарға 107.135 адам-күн, өзбектерге 20.909 адам-күн және басқаларға 162.785 адам-күн, оның ішінде 114.839 бала-күн көмек көрсетілді деген мәлімет бар. Босқындарға көмек көрсетудің нәтижесінде, 6.050 адам жұмысқа орналастырылды (совхоздар, колхоздар, қоғамдық жұмыстар және т.б.), 2.683 адам Отанына қайтарылды, 547 адам ауруханаға жатқызылды, 8.975 бала балалар үйіне орналастырылды, сонымен бірге 3.095 қазақ қайтыс болды, қоғамдық изоляторларда 346 адам бар және 353 адам әлеуметтік бөтен элементтер анықталды. Барлығына 370 мың рубль жұмсалды» деген мәлімет бар [15, 16-17 пп.].

Өзбек КСР-ндегі босқындардың бір бөлігін жұмысқа орналастырып, бір болігін ұйымдастырып Қазақстанға жібергені, балалардың Балалар үйіне орналастырылғаны және наукастарды емдеу мекемелеріне емделуге жаткызғаны т.б. жұмыстар жайлы есебі [15, 16-17 пп.] мемлекеттік деңгейде ашыққандарға көмек көрсету жұмысының қолға алынғаны мен нәтижесін көрсетеді.

Л. Мирзоян 1933 ж. VIII Қазақ өлкелік партия конференциясында сөйлеген сөзінде партия Өлкелік комитетінің басты міндеттерінің және толғандырған мәселелерінің бірі ауа көшуді тоқтату және ауа көшушілерді шаруашылыққа орналастыру жұмыстарын кеңінен өрістету екендігін баяндады. Бұл жұмысты табысты түрде жүзеге асыруда ауа көшкен босқындардың қожалықтарын нығайту бойынша біркатар жеңілдіктер жасау арқылы БК(б)П Орталық Комитеттің қаржымен, малмен, нанмен көмектесуі орасан зор рөл атқарды. Бұл шаралар ауа көшушілердің шаруашылығын дамытуға және босқыншылықты тоқтатуға берік негіз жасады.

Бастапқы кезде бұл маңызды істер дұрыс ұйымдастырылмады. Қайта оралған босқындарды алыс аудандарға орналастыру кей жерлерде дайындықсыз жүргізілгендігінен, жол азабын көрген босқындар тағы да аштан және аурудан қайтыс болды немесе жолда қашып кетіп, республика елді мекендеріндегі онсыз да көп босқындар санын көбейте түсті. Босқыншылық жалғаса берді.

Өзбекстандағы үкіметтік шаралардың орындалуы туралы мына құжатқа сөз берейік: 1934 ж. 9 желтоқсанда Өзбекстан КП (б) Әндіжан ҚК Бюросы мен Қалалық кеңес төралқасының біріккен отырысында босқын қазақтарды орналастыру және ерікті түрде Қазакстанға қайтару мәселесі қаралады.

Алдында «Қызыл Октябрь» және «Мохтакел» артельдерінде, сондай-ақ ауданда өз бетінше күн көріп жатқан түйешілер мен малсыз қазақтар арасында арнайы жиналыс жүргізіп, олардың қызметіне жүргізілген зерттеулер нәтижесінде артель мүшелерінің балалар мен ересектерге арналған мәдени-бұқаралық және тұрмыстық жұмыстар жүргізбегенін (ұйымдастырмағанын) анықтайды: ана тіліндегі мектеп, қызыл шайханалар ашылмаған, түйешілерге қызмет көрсетуде (жолда, жүк тасымалдау пункттерінде, жабдықталған тұрғын үй-жайлардың болмауы) көмектің болмағандығы отырықшыландыру үшін жер берілмегендігі және т.б. іс-шаралар өткізілмегендігі анықталады.

Бұдан соң Әндіжан ауданындағы босқын қазақтардың жұмыспен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру және ол туралы есеп беріп отыру, ал қайтамын дегендеріне көмек көрсету жұмыстарына ерекше қадағалауға алу туралы артельдерге, жергілікті партия ұйымдарына тапсырма беріледі [16, 5 п.]. Осы құжатта 1934 ж. аяғына қарай Әндіжан ауданында малы жоқ 600-700 қазақ қожалықтарына көмек көрсету шаралары көзделеді [16, 5 кп.]

Қазақстанға алып келінген аш босқындарды орналастырудағы бұл істе орын алған олкылықтарға жергілікті партия, совет органдары кінәлі болды. Кейбір облыстар мен аудандар Голощекиннің кезінде қалыптасқан аш босқындарды «байлардың және ұлтшылдардың үгітіне ілесушілер» деп санайтын біржақты да үстірт, немкетті де тасбауыр пиғылдың бұлыңғыр тұманынан айыға алмады. Сондықтан да олар оралған аштарды дер кезінде күтіп алмады, өздерінің уәкілдерін де кештетіп жіберді, оның үстіне оларды жиі-жиі ауыстырып, жұмыстың жүйелі жүргізілуін қиындатты.

Ауа көшуші-оралушыларды орналастыру туралы Оңтүстік Қазақстан обкомы БК/б/П бюросының хаттамалары және 1933 ж. бюро хаттамаларының көшірмесінде Обком ауа көшуші-оралушыларды орналастыру бойынша аудандық партиялық және кеңестік ұйымдардың жұмысын қанағаттанарлықсыз деп санайтыны жазылған. Көптеген аудандық, партиялық және кеңестік ұйымдар бұл жұмысқа тіптен кіріспегені, көпшілігі жарты жолда тоқтағанда тамақтануды ұйымдастырғанымен, осы шарамен шектелген; қайта көшіп келушілерді колхоздарға, кәсіпорындарға, артельдер мен ЖӨС-терге (Жерді бірлесіп өңдеу бойынша серіктестік) ұйымдастыру іс нақты басталмағаны, сонымен бірге облыстық кеңестік және шаруашылық ұйымдардың (Облснаб, ОблОНО, Тракторо центр, Облпотребсоюз және Тресттер) қайта көшіп келушілерді орналастыру ісінде аудандарға көмек көрсетпегені туралы атап көрсетілген. Обком бұл істі негізгі жұмыстардың бірі ретінде барлық облыстық және аудандық ұйымдарға ауа көшушілерді орналастыру бойынша жұмысқа бірден қосылуды міндеттейді, Обком аудандық және облыстық ұйымдарға ол ұйымның жұмысын тек тікелей жұмыс көрсеткіштерінің орындалуымен ғана емес, сонымен бірге қоныс аударғандарды орналастыруға қатысу бойынша да бағалайтынын ескертеді (17, 43 б.).

Босқындарды қайтару шаралары да жалғасты және босқындардың өз бетімен оралуы да орын алды. 1934 ж. Оңтүстік Қазақстан облысының Қаратас, Әулие-Ата және Ленгір аудандарына өз күштерімен Өзбекстан мен Қырғызстаннан 6000 босқын қазақ қайта оралды. Келгендердің көпшілігі Қызылқұм, Қазалы, Созақ аудандарынан көшіп кеткендер болды. Олар босқындарды орналастыруға бағытталған ешбір жоспарға ілінбегендіктен, шаруашылықтарға бөлінбеді. Өз күнін өзі көрді. Бұрынғы тұрған тұрғылықты жеріне қайта орналастыру жұмыстары жүргізілмеді. Қайта оралған босқындардың жағдайы тіпті мүшкіл еді.

Азық-түлікпен қамтамасыз етілмегендіктен өз бетінше оралған босқындардың жекелеген аудандарда колхоз және совхоз астығын жымқыру фактілері байқалды. Жұмыспен қамтамасыз етілмегендіктен, бұндай оқиғалар кең таралды. Астық алқаптарына кейде қарулы шабуыл жасап, егінді ұрлау, Өзбекстанның көршілес ауылдарынан келіп, егістікке шабуыл жасап, астықты алу оқиғасы кездесті. Мақтаарал ауданында колхозшы Сарсембаевты жаралап, колхоздан 50 га жердің бидайы ұрланған (2500 пұт) оқиғалары да кездесті [18].

1936 жылы Қазақстанға қайта оралған шаруа қожалықтарының негізгі бөлігі Өзбек КСР-нен келгендерді құрады. Олар Мақтаарал, Қызылқұм, Келес, Қаратас, Арыс, Шымкент, Шәуілдір, Қызылорда, Қармақшы, Ленгір аудандарына, Қырғыз жерінен келгендер Меркі, Мирзоян, Сарысу, Талас, Сайрам аудандарына орналасты. Ал Қарақалпақтан оралған ауа көшушілер Қазалы ауданына келіп орналасты (19, 2).

Аудандардағы қайтып оралғандар мен аз қамтылған колхоздарға көмек көрсету бойынша жергілікті бюджеттің жалпы сомасынан 507000 рубль қаржы тұратын аудандардағы қуаттылығы аз колхоздар үшін тұрғын үй құрылысына бөлінеді. Қалған 1468000 рубль көрші республикалар мен аймақтардан оралған

шаруашылықтарға көмек көрсету үшін ұйымдастыру шығындарына бөлу қарастырылады. Сонымен, 1936 жылғы жоспарда шағын колхоздарға көмек көрсету үшін 1227000 рубль бөлу, оның 720000 рубльді мемлекеттік бюджеттен, ал 507000 рубль қаржыны жергілікті бюджеттен құрылысқа жіберу қарастырылады. Мелиорацияға және жерге орналастыруға бөлінген қаражат 1937 жылы қоныстандыру жұмыстарын жүргізу үшін база дайындауға жұмсалады [20, 23]. Сонымен бірге, ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысында Талас ауданындағы орналастыру жұмыстарын ұйымдастыруға кететін шығындар (көлік, жолда тамақ және т.б.) көрсетіліп берілген. Өзбекстаннан келген оралушылардың 375 шаруашылығына Мирзоян қаласы 15000 рубль бөлуі, Келес өңіріне Орта Азиядан келген 110 шаруашылықты ұйымдастыру шығындары мен бастапқы орналастыруға 20000 рубль, Сайрам ауданының мақталық колхоздарына 80 шаруа қожалығын көшіріп, орналастыру үшін 8000 рубль, ал Қызылқұм ауданына қайта оралушылардың 200 шаруашылығына 10000 рубль [21, 17 п.] бөлу керек болды. Жергілікті билік тарапынан осындай қаржылық көмек беріліп, колхоз жұмыстарына тарту істеріне Орта Азия республикалары ішінен Қарақалпақ жерінен оралған ауа көшуші қазақтар да қамтылды.

Жалпы алғанда, көрші орналасқан республикаларда 1926-1939 жж. санақтар аралығындағы кезеңде ауа көшушілер есебінен қазақтар саны – РКФСР-де – 2,3 есе, Өзбекстанда – 1,7 есе, Қарақалпакияда – 2,5 есе, Түрікменстанда – 6 есе, Тәжікстанда – 7 есеге, ал Қырғыз Республикасында – 10 есеге дейін өскен. Осы уақытта көрші республикаларда тұратындардың пайызға шаққандағы үлестік көрсеткіші 8%-дан 26%-ға дейін жоғарылады. Ауа көшудің салдарынан шекарадан тыс жердегі қазақтар саны екі есеге көбейді [22, 108 б.].

1939 ж. Ташкент облысында 119779 қазақ (Ташкент қаласындағы 8677 қазақты қосканда барлығы 128456 адам), Бұқар облысында 21190 адам, Самарқанд облысында 12478 адам, Хорезм облысында 7601 адам, Ферғана облысында 6014 адам қазақ есептелінді [23]. Бір ғана Бұхар облысындағы қазақтар екі санақ арасында 5862 адамға немесе 4 есеге өскен! Бұндай өсім ашаршылық жылдары Өзбекстанға қашып барған босқындардан қалғандарының өсімі арқасында ғана мүмкін еді.

Қорытындыны естелікпен аяқтасақ: «Ол кезде адамдар шыбын сияқты қырылды, әр бұтаның түбінде теңкиіп өліп жатқан адамды көресің, көл жағалап балық аулайын десең балық жоқ, есесіне өліп жатқан адамдар. Көміп бетін жабуға да ешкімнің шамасы жоқ, дала өліктен сасып кеткен еді.

Негізінде менің ата-анам ашаршылық жайлы көп айтқылары келмейтін, енді бетін аулақ қылсын деп.

Әкем нан қиқымы жерде жатса еңкілдеп жылайтын «біз осы қиқымға зар болдық» деп. Ол кісі: «басымыздан Үш нәубетті өткіздік, солардың ең ауыры – ашаршылық болды» – дейтін.

Әкем «қанша қимасам да ананның алтын бұйымдары, тіпті аяқ киімі де бізді асырады, басқалар сияқты қамыс кемірмедік, шеңгел дәнін қуырып жемедік, тасбақа, кесіртке асып жемедік» – деп айтатын.

Бізге өсиет ретінде құмырсқаның қарны тоятын дәннің обалы бар, тастамаңдар деп айтатын. Анамның сөзі «алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» болды.

Бірде әкем аштық қысқасын немере бауыры Сағынтай атамның бір көлде керме тартып отыр дегенін естіп, туысым ғой деп апамды ертіп сонда барады. Сағынтай атам үйіне балық аулап кештеу келеді, әжеміз жалпылдағанмен атам салқын амандасып, келгендерін жақтырмайды. Ол кісі керме тартып балықты сатады екен. Әжеміз балықты дайындап Сағынтай атамыздың алдына қояды, сонда ол кісі бар балықты өзі жеп болып, қалған қылтығын әкем жаққа лақтыра салады...

Кейін заман түзелгенде әкемнің бетіне қарай алмай жүріпті, кейін малын сойып ағайынның алдында кешірім сұраған екен» [8]. Бұл естелікте қазақ халқының ашаршылық жылдарындағы өмірі, күнделікті тұрмысы, болашакка үлгі болар тәрбиелік тағылымы және сақтауға тиісті адамгершілік принциптері көрінеді.

Өзбекстаннан қазақ босқындарының қайта оралуы 1937 жылға дейін тоқтамады. Барғандар түгелдей қайтпай, Қазақстанға келе алмай сол жерде қалған қазақ ұлтының өкілдері көп болды. Жоғарыда жазып өткеніміздей 1933 жылдың ақпанында жаңа басшылықтың келуімен байланысты БК(б)П Қазақ өлкелік Комитетінің кеңейтілген VI пленумы өткен екі-үш жылдан кейін 400 мыңнан аса ауа көшкендерді өз жерлеріне оралтып, колхоздарға орналастыру мүмкіндіктері жасалды. Өкінішке қарай ауа көшкендерді туған жеріне қайтару істері күрт үзілумен байланысты толық аяқталған жоқ. Л.И. Мирзоян басшылығының өзі саяси қуғын-сүргінге ұшырайды.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Маев Н.А. Топографический очерк Туркестанского края. Орография и гидрография края / Сборник, изданный по поводу Политехнической выставки. – М.: Б.и., 1872. – Вып.1. География и статистика. – 90 с. – 325 б.

2 Қалшабаева Б.К. XX ғ. 20-50 жж. Орта Азиядағы қазақтардың қалыптасу тарихындағы саяси - әлеуметтік факторлар // – Отан тарихы. – 2020. – № 4(92). – С. 90-103.

3 Қалшабаева Б.К. 1930 жж. ашаршылықпен байланысты қазақтардың орта азияға қоныс аударуы // «Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелер»=«Массовый голод1930-хгодов в Казахстане и вынужденные откочевки казахов на сопредельные территории: проблемы современного осмысления и научной оценки»: халықар. ғылыми-тәжірб. конф. мат-ры / Құраст. А.И. Құдайбергенова, Ө.И. Исенов, А.А. Бекенова. – Алматы: Литер-М, 2022 ж. –321 б. (138, 139).

4 РМЭА. 1562 қ. 336 т. 1278 іс.

5 Құдайбергенова А.И. Далалық жазбалар. Талғат Есқабыловпен сұқбат. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Мәшбек ауылы. – 2022 ж.

6 ҚР ОМА. Р-30 қ. 7 т./ кс. 151 іс.

7 Пасилов Б., Пасилова Г. Земельно-водная реформа и коллективизации в Узбекской ССР: слом традиционного землепользования и «социалистическая трансформация» сельского хозяйства // // «Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелер»=«Массовый голод1930-хгодов в Казахстане и вынужденные откочевки казахов на сопредельные территории: проблемы современного осмысления и научной оценки»: халықар. ғылыми-тәжірб. конф. мат-ры / Құраст. А.И. Құдайбергенова, Ө.И. Исенов, А.А. Бекенова. – Алматы: Литер-М, 2022 ж. – 321 б.

8 Спецсообщение ПП ОГПУ по УзбССР о продзатруднениях в отдельных районах республики. Не ранее 9 марта 1934 г. // https://istmat.org/node/62196 (қаралған күні 30.07.2022).

9 Қыдырбаева Р.Қ. Аштықтан аман сақтаған анамның шоңқайма етігі // «Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың

көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-коны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. XX века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Байдалы Р. – Алматы: Литер М, 2021. – 210 б. – Қаз., орыс. (63-67).

10 Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. Полное собрание сочинений. Т. 4. 368 бет. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 325 б.

11 Спецсообщение ОГПУ о тяжёлом положении казахских кочевников. 9 июля 1933 г. // https://istmat.org/node/62170 (қаралған күні: 28 шілде. 2022 ж.

12 ҚР ОМА. Р–30 қ. 7 кс. Т. 151 іс.

13 А.И. Құдайбергенова. Далалық жазбалар. Серікбай Сұлтановпен сұқбат. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Мәшбек ауылы тұрғыны. 2014 ж.

14 ҚРПА. 141 қ. 1 т. 5734 іс.

15 ҚР ОМА. Р-1179 қ. 5 т. 7 іс.

16 ҚР ОМА. Р–5 ксн. к. 21 ксн т. 129 іс.

17 Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві (одан әрі - ТОҚСТМА) 40-қ. 1-т. 456-іс.

18 «Совершенно секретно»: Лубянка – Сталину о положении в стране (1922–1934 гг.): Сб. док. в 10 т. Т. 10 в 3 ч. 1932–1934 гг. – Ч. 2. – М., 2017.

19 Түркістан облыстық мемлекеттік архиві (одан әрі- ТОМА). 240 қ. 2-т. 114-іс.

20 ТОМА. 249-к. 1 т. 105 іс.

21 ТОМА. 249-к. 1 т. 105 іс.

22 Татимов М.Б. Демографические последствия перегибов в коллективизации: «белые пятна» в исторической демографии Казахстана. Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы. - Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 200 с.

23 РМЭА. 1562 к. 336 т. 970 іс. «Всесоюзная перепись населения 1939 года. Таблица 15 д. Национальный состав населения».

4.4 Қарақалпақ жеріне қоныс аударған қазақ босқындарының қоныстануы мен бейімделуі

Р.Ж. Байдалы

Көршілес Өзбек, Қарақалпақ, Қырғыз және Түрікмен жеріне қазақтың көшуінің себебі – бұл республикаларда ұжымдастыру саясатын іске асыру жұмысы Қазақстандағыдай шектен шыққан жоқ. Мұны шекаралас аймақ тұрғындары білді. Ашаршылыққа дейін жоғарыдағы республикаларға өтіп кеткендер қазақ елінде қалған туыстарымен байланыста болды. Қазақстандағыдай астық жинаудың жоқ екенін олар біліп отырды. Елдегі яғни қазақ жеріндегі астық дайындау науқанын, тағы басқа мәселелерді әрине өзара талқылады. Қыс айларында көшіп кету тоқтағанымен, жылда салынатын мемлекеттік салықты төлейтін астығы мен малы болмай, сотталып кететін болғандықтан көктемде шаруашылықтар амалсыз көшуге дайындалған. Олардың кейбіреулері дүние-мүліктерін алдын ала өткізіп те жіберген. Сондай-ақ, отбасын асырау үшін жұмыс іздеп қалаларға, ірі станцияларға, жоғарыда айтылған шекаралас елдерге асқандары да болған. Негізінде қазақтардың қара қалпақ жеріне көшуі.

1929-1930 жылдары Қазақстанның Қазалы, Шалқар, Темір, Табын және Ақтөбе аудандарынан бастау алды. Алғашқы кезде жеке топтар, бай шаруашылықтар қарақалпақ жеріне жақсы орналасты. Кейінірек ұжымдастыру тұсында көш бұқаралық сипат алды. Оған көтеріліс жасаған рулы ел де өз ықпалын тигізді. Қарақалпақ жеріне көшіп барған қазақтар есепке алынған жоқ. Олар міндеткерліктен бос болды. Малымен көшіп барғандар қарақалпақ базарларында негізгі мал сатушы болып, жергілікті саудагерлердің тауарын сатып ала бастады. Малдары жергілікті халықтың қолына өтіп, қазақтың арқасында қарақалпақ елі ет, жүн салығының 2-3 жылдық жоспарын орындады [4, 151-152 б.]. Есеп-қисап жасалмағандықтан Қарақалпақ жеріне қанша қазақтың көшіп барғандығы туралы мәлімет нақты емес. Қарақалпақ автономиялы республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің РКФСР үкіметіне 1931 жылы берген мәлімдемесінде Қарақалпақ жерінде қазақ босқындары 12830 адамнан тұратын 8060 қожалық деп көрсетілген. Бұл сандық көрсеткіш шындыққа сай келмейді. Мәселен, Қоңырат ауданында 327 шаруашылық, 1129 адам санын құрайтын қазақ көшіп келушілері бар деп есептелсе, Сейтқали Меңдешев бастаған уәкілдер Қоңырат ауданынан Қазақстанға 2644 адамы бар 772 қазақ шаруалары қожалығын қайтарды дейді. Қарақалпақ үкіметі Шымбай ауданында ешқандай да қазақ босқындары жоқ деп ақпарат берген болса, ал қазақстандық уәкілдер мұнан да 1044 адамы бар 324 қожалықты іздеп тауып, оларды елге қайтуға үгіттеп көндірген. Қарақалпақ жеріндегі қазақ босқындарының санын дәл анықтап алуға Қарақалпақстанның табиғи орналасу жағдайы да едәуір қиыншылық туғызды. Өйткені бұл өлкенің өзі көрші орналасқан екі бірдей одақтас республика Өзбекстан және Түрікменстан жеріне қазақты алып баратын қақпа еді [4, 152 б.].

«Біздің аталарымыз Ақтөбе облысы Байғанин ауданында өмір сүрген. Атам Ырысқұлұлы Аққұл 1890 жылы дүниеге келген. Атам үш ағайынды Бүркітбай, Жақау және Аққұл. Әкем Ырысқұлұлы Аққұл 1914 жылы казіргі Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарабек ауылында дүниеге келген.

Аштық жылдары атам отбасын алып, Қарақалпақ елінде тұратын үлкен қызы Қарашашқа қарай елмен бірге жолға шыққан. Жол бойында атам қайтыс болып, отбасының жауапкершілігін баласы Исаға аманаттаған. Алғашқыда ел малын айдап көшкен, қалып қойғандары кейін жаяулап аксирақ болып көшкен. Босқан елде, көш соңында қарулы жігіттер әлсіреп құлап жатқандарға көмектесіп, өлгендерін жерлеп отырған. Кейін атамыздың қайда жерленгенін білетін кісі табылғанымен Мәдине деген баласы сол уақыттағы жағдайларға байланысты сол білетін кісіден сұрап, көріп ала алмаған. Міне атамыздың қайда жерленгенін білмейміз. Аққұл атамыздың бірінші әйелінен Ысмағұл және Қарашаш, Иса дүниеге келсе, екінші әйелінен Мәдине және Жәмила деген балалары дүниеге келген. Аққұл атамыз молда, діндар адам болған, Мекке және Мәдинеге байланысты ұл баласының есімін Мәдине деп қойған. Мен атамыздың екінші әйелі Сәнжан әжемізді ғана көрдім.

Сонымен әкем Иса отбасымен ол кезде Қазақстан құрамындағы Қарақалпақ жеріндегі Ходжеліге жеткен (қожа деген). Қарақалпақ жері Ходжеліге Қазақстаннан босып келген қазақты елге қайтару үшін Сәкен Сейфуллин бастаған комиссия келген. Комиссия алдымен Патшалық Ресейде дума депутаты болған Бақытжан Қаратаевтың Қарақалпақ жеріндегі қазаққа сәлемін жеткізген. Үлкендердің айтуынша Бақытжан Қаратаевтың айтуымен қазақ босқындары шамамен 1500 үй Мырзашөлге көшірілген. Ол кезде ол жер Сырдария губерниясы деп аталған. 1924 жылы Мақтаарал ашылып, 1931 жылы аудан құрылған. Жақында сол аталып өтті. Бұл жердің ауа райына көндіге алмағандар да және қайта басқа жаққа көшкендер де болды.

Менің әкем Аққұлұлы Иса 20-21 жастағы жігіт трактор айдап, колхоздың комсомол хатшысы болып елге қызмет істеп жүрген. 1937 жыл болу керек, әкеме - сен молданың баласысың, НКВД тізіміне іліктің, енді сені ұстап қамайды, қаш!- деген. Бұрын Тәжік жеріне көшіп кеткен Жақаудың баласымен, Ауғанстанда жүрген Бүркітбай ағасымен байланыста болса керек. Содан елден кетіп, Самархан қаласының жанындағы Қатта қорған деген жердегі ағасы Жақаудың балаларына барған. Ол кезде Жақау атамыз өмірде жоқ. Жақау атамыздың Әкім және Қарашаш деген балалары бар. Әкім деген атамыз милицияда жұмыс істейді екен. Ол әкеме – сенің соңына түсті, ары қарай қаш–деп кеңес берген. Содан мен дүниеге келген Тәжікстан Республикасы Қорған төбе облысы Октябрь ауданына табан тіреген. Ол кісі Тәжік жерінде елге сыйлы болған. Елде жоқ трактор мамандығын игеріп, мақта колхозында жұмыс істеген. 1941 жылы соғыс басталғанда ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін әкеме брон беріліп соғысқа бармаған.

Әкем атты жақсы көрген, көкпаршы болған. 1956-1957 жылдары осы Тәжік жерінде Октябр ауданының 8 март колхозында бригадир болып жұмыс істеген. Мәскеуге ВДНХ-барған, қазір үйде медалы бар. Республикалық деңгейдегі Жоғары Кеңестен алған алғыс хат марапаттары бар.

Сталиннің өлімінен кейін Хрушев кезінде «укрепление колхозов» деп, колхоздарды ірілендіріп совхоздарға айналдыра бастады. Көшіп барған қазақтарға тізгін бермей қойған. Міне осы жағдайға байланысты 1957 жылы Тәжікстандағы қазақ колхоздары көтеріліс жасап, Сталинабадқа дейін барған, аяқтарында саптама етік, қолдарында қамшысы бар олар мәселені шешу керектігін алға қойған. Бірінші хатшы іс-сапарда болып, оның орынбасары Олжабаев мәселелерінді шешеміз деген. Содан кейін Тәжік жеріндегі қазақтар Қазақстандағы Мырзашөлмен байланысын үзбегендіктен іле-шала атамекендеріне бет алған.

Біз 1959 жылы күзде қарашада Қазақстанға Мақтарал ауданы Коммунизм колхозына Сардоба учаскесіне көшіп келдік. Көшіп келген 10-15 үй төбесі шифрмен жабылған, қабырғасы қамыстан салынған, сырты саз-балшықпен сыланған екі қатар көшеде орналасты. Мен ол кезде 7-8 жасар баламын. Әкем осы жерде «зав. участке» бастығы болды. Сол көшіп келгендердің арасында тәжік жерінде Социалистік Еңбек Ері атанған Алдыбаев Оразғали, Жайлыбаев Тәңірберген, райкомның хатшысы болған Әлжанов Дербіс Қалдыбайұлы бар еді. Әкем оларды да, тәжік жерінде қалған жұртты да елге көшірді.

Мен бірінші сыныпқа дала қосында бардым. Тәжік сыныбында бірінші сыныпты оқыдым. Әкем ол кезде мақта бригадирі ретінде жұмыс істеп жүрді. Шамамен ол 1956-1957 жылдары болса керек. Қазір есімде қалғаны 10-ға дейін санай алатыным. 2-ші сыныпты «Москва» колхозында орыс сыныбында оқыдым. 3-ші сыныпты «8 март» колхозында М. Горкий атындағы қазақ мектебінде оқыдым. Қылыбаев Сәрсен мектеп директоры, бастауышта Қанатбай деген кісі фамилиясы қазір есімде жоқ, сол кісілер сабақ берді. Тәжікстанда дәрежелі қазақтан шыққан кісілер Кенжекұлы Әбдірхан шаруашылық саласында министр болды. Прокурор, милиция бастығы болған қазақтар болды.

1967-1971 жылдары бұрынғы КазПИ қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде физика мамандығы бойынша оқыдым.

1974 жылы әкем 60 жасында айықпас дертке ұшырап қайтыс болды. Сөйтсем әкем мақтада жұмыс істегенде ұшақпен егістікке қара дәрі сепкен екен, соның кесірінен осы жақта көп адам обырдан ажал құшты.

Өзіміз қазір сол Түркістан облысы Жетісай ауданы Жаңа ауыл округі Ынтымақ ауылында тұрамыз. Бес ұл, алты қызымыз бар еді, бір ұлымыз кішкентай кезінде

шетінеді. Сол төрт ұлдан төрт келініміз бар, қыздарым бәрі тұрмыста. 30 -дан астам немере, 34 шөбере сүйіп отырмыз. Балаларымның барлығы да жоғары білімді» [5] - деп аяқтады әңгімесін Исаев Әбдіғапар ақсақал. Бұл – сол қасіретті жылдарды бастан өткергендердің ұрпақтарының көбіне ортақ шежіре.

Жоғарыда айтылған Әбдіғапар ақсақалдың берген дерегі арқылы біз Қазақстанның Батыс өлкесі тұрғындарының бір бөлігі тікелей Түрікменстанға, бір бөлігі қазіргі Қарақалпақстанға, сол жерде тұрақтағаны тұрақтап, қалған бөлігі Тәжікстанғанға, Түрікменстанға ал, қалған аз бөлігі Түрікменстан арқылы Иран, Ауғанға ауа көшкенін көріп отырмыз.

1933 жылы қаңтардың басына қарай базарларда өнімдердің және тауарлардың үздіксіз қымбаттауы жағдайында Қарақалпақ жеріндегі босқын қазақтардың тұрмысы біртіндеп ауырлай түсті. Олардың көпшілігі малдан мүлде айрылды, ашыға бастады. Олар Қарақалпақ жерінің барлық ауданын жүріп өтіп, өз жолдарын жаңа мәйттермен толтырды. Әсіресе балалар өлімі өте көп болды. Біз мұны босқындарды қайтарғандардың ішінде 10 жасқа дейінгі балалардың санының аздығынан аңғардық. Көшіп кетушілердің арыз-шағымы бойынша және біздің байқағанымыздай қазақ босқындары көмектің орнына қарақалпақ тұрғындары мен жергілікті биліктен зәбір көргенін анықтадық. Олар: ұрлық жөнінде жалған жала, өлімші етіп сабау, тиімсіз келісім, әйелдерді тартып алу т.б. [4, 152 б.] дегенді баяндаған қазақ уәкілдерінің жазғаны көп жайдың бетін ашады .

1932 жылдың 19 сәуіріндегі Оңтүстік Қазақстан облысының бюро мәжілісінің №24 хаттамасының күн тәртібінде «Голощекин жолдастың Пахтаралға Адайларды орналастыру жөніндегі» телеграммасы тыңдалады. Осыған байланысты жергілікті үкімет билігі мынадай қаулы қабылдайды: «Қаратас ауданына жаппай қоғамдық жұмысқа орналасатын 1000 ауа көшкен шаруашылықты Пахтаралға жіберу, оларға 5000 пұт азық, 5000 сом ақша бөлу керек. Бұл шешімді Пахтаралға мәлімдеп, бұл тапсырмаларды Восконов жолдастың жүзезе асыратынын Голощекин жолдасқа хабарлау керек». [6, 137 п.].

Бұл құжат арқылы адайлардың бір бөлігінің алғашқы кезде қазіргі Түркістан облысы, Жетісай ауданына қалай көшкенін көреміз.

1933 жылдың көктеміне дейін жоғары органдарға бас шұлғып уәде берген қарақалпақ жерінің жергілікті өкімет мекемелері шын мәнінде босқын қазақтарға ешқандай елеулі көмек көрсете қоймады. Қарақалпақ облыстық партия комитетінің нұсқауында және Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысында босқын қазақтарды жергілікті жерлерде есепке алу және оларды орналастыру туралы арнайы айтылғанына қарамастан, жергілікті жердегілер мұны орындауға немкетті қарап мән бермеді. С. Меңдешевтің айтуынша біз Ходжейлі, Шымбайлы және Қоңыраттағы қазақ босқындарының балалары орналасқан балалар үйін аралағанымызда ондағы балалардың киінбеген, жуынбаған күйде жалаңаш еденде жататынын көрдік. Олар әртүрлі аурулармен ауыруда, ашыққан балаларға тек қана нан береді. Балалар арасында өлім өте жоғары. Обкомның директивасы мен Халық комиссарлар кеңесінің қаулысындағы қазақ босқындарын орналастыру мен есебін жүргізуді жергілікті жердегілер жүзеге асырған жоқ [2, 267 б.]. Қазақстаннан барған уәкілдер Отандарына қайтуға жарамайтын тым әлсіз босқындарды Өлкелік партия комитеті нұсқауына сәйкес Қарақалпақ обкомымен ақылдаса келе Қарақалпақстанда орналастыру жағын ойластыра бастады. Бірақ жергілікті ұйымдар Қазақстандық уәкілдерден босқындарды түгелдей алып кетуді талап етті. Босқындарды Қазақстанға қайтару жұмысының жандануына олардың өздерінің де туған жерге қайтуды аңсай түсуі ғана емес, сонымен бірге Голощекиннің орнына Мирзоянның хатшы болуы туралы хабар да әсерін тигізді.

Қазақ босқындары елге екі түрлі жолмен - құрылыс арқылы Қоңырат және Тақтакөпір жерімен, су жолы - Арал теңізімен қайтты. Алғашқы жолмен 1933 жылдың желтоқсанына дейін 257 шаруа қожалығы 258 жылқы мен түйені, 320 қой мен ешкіні, 422 есекті айдай жүрді. Ал, Арал теңізі арқылы 8000 адамнан тұратын 2500 қожалық қайтып оралды [2, 267-268 б.].

Сейтқали Меңдешев бастаған қазақстандық уәкілдер қарақалпақ жерінде қанша қазақтардың қалып қойғанын арнайы есеп жүргізілмегендіктен дәлме-дәл айтып бере алмады. Дегенмен олардың шамалауынша онда қалғандардың саны Қазақстанға қайтып оралғандардың санындай болып табылады. Бұл дегенің - 10000 адамнан тұратын 2500-дей отбасы, оның ішінде Шымбай, Қоңырат және Ходжелі балалар үйіндегі 600-ге тарта жетім бала да бар деген сөз [2, 268 б.]. Қарақалпақ үкіметі қазақ босқындарына бөлінген азық-түлік пен қаржы қорын алғанымен жоғарыда келтірген көңіл күйге байланысты ешқандай көмек көрсетпеді. С. Меңдешев бастаған қазақ уәкілдері бұл қорлардың қазақ босқындарына түгел жетпейтінін түсінді. Олар алдағы қыстан қазақ босқындары аман шығу үшін қазақ үкіметі араласу керектігін алға тартты. 1934 жылдың көктемінен бастап барлық қазақ боскындары Қарақалпақ жерінен кетеді деген сенімде болды [4, 155 б.].

Қазақ босқындарын қайтарумен айналысатын уәкілдіктің айтуынша Шабав елді мекенінен төмен Амударияның оң жағында «Қасиетті» таудың ар жағында Қазақстан мен Орта Азия республикаларының бойындағы жапан түзде Қазақстан жерінен малымен келген қазақтардың барлығын анықтадық. Олар ешкіммен араласпайды, ешқандай салық міндеткерлікті атқармайды. Ал, өздеріне керекті шикізатты араағайындық арқылы алады. Бұлардың арасында байлар мен көтерілісшілердің бір бөлігі Орта Азия елдерінде қызметте [2, 153 б.]. Бұл деректен көретініміз - Адай көтерілісі кезінде жазалаушы үкімет әскерімен соғысқан рулар мен көтерілісшілерге ерген наразылардың Маңғыстау жұртының тұрғындары екенін айтқымыз келеді. Үгіт - насихат арқылы көздерін ашып, туған жерге оралу керектігін түсіндіруге болатын еді. Бірақ, ондай жұмысты балапан басымен, тұрымтай тұсымен дейтіндей босқыншылыққа ұшыраған ол жердегі қазақтардың көңіл күйінде жүргізудің өзі мүмкін болған жоқ.

Босқындарды орналастыру бойынша келесідей жұмыстар ұйымдастырылды: Меңдешев және Сейсекенов Қарақалпақ аудандарынан босқындарды жинап жөнелтумен айналысты. Медетов босқындарды Қараөзек жағалауынан жіберумен айналысса, Билауытов Арал теңізінен қарсы алып, облыстардың өкілеттіліктеріне тапсырды. Құрлықпен оралатын босқындарды топтарға жинап, олардың іштерінен жол басшыны тағайындап, олар жеткізетін болып шешілді. Байсалбековтың басшылығымен 50 шаруашылықтың Қазалы ауданына келгенінен басқасы жөнінде мәлімет жоқ [4, 156 б.]. 1933 жылдың сәуір айынан бастап Қарақалпақстан үкіметі қазақ босқындарын және панасыз қалған балаларды шаруашылық бойынша орналастырумен айналысты. Орталық Атқару Комитеті және Қарақалпақ Автономиялы Кеңесі Социалистік Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының арнайы комиссиясы және Қарақалпақ Автономиялы Кеңесі Социалистік Республикасының Орталық Атқару Комитетінің төрағасы К. Нұрмұхаметовтер бірнеше аудандарға барды. Бұл комиссия Шымбай қаласында Тақтакөпір, Қараөзек, Кегейлі және Шымбай аудандары арасында ауданаралық кеңесін өткізді. Қабылданған шешімде қазақты орналастыру бойынша жұмыстың жүргізілмегені анықталып, 1933 жылдың 1 мамырында босқын қазақтың нақты санын анықтауға тапсырма берілді. Комиссия жұмысы нәтижесінде бұрынғы және жаңадан құрылған колхоздарға қоныстанушыларды орналастыру шаруашылықтар бойынша 600-ден аса

ересектерді және боскын казақтың 800-ден аса балаларын әртүрлі балалар үйлеріне орналастырды [7, с. 45]. «Алайда, жағдай өте шиеленісті болып қала берді, өйткені Қарақалпақстан Үкіметінің көмегі жеткіліксіз болды және барлық мәселелерді түбегейлі шеше алмады. Біздің республикамыздың Үкіметі өткізген іс-шаралар, ең жақсы жағдайда, қандай да бір азық-түлік ресурстарынан айырылған қоныс аударушылар арасында орын алған аштық өлімін тоқтату үшін қажетті алғышарттар жасады» - дейді қарақалпақстандық зерттеуші А.М. Джумашев.

Мұндай жағдай Қарақалпақстан үкіметін орталық мемлекеттік органдардың алдына жедел және батыл көмек көрсету қажеттігі туралы мәселе қоюға мәжбүр етті.

Джумашев келтірген келесі архив құжатында «БК(б) п облыстық комитетінің хатшысы И. Әлиев пен ҚҚАКСР ХКК төрағасы Қ. Авезовке 1933 жылғы 1 шілдеде Алматыға БК(б)П Қазкрайкомына және ҚазАКСР ХКК-ға үкіметтік жеделхат жолданды, одан Қарақалпақстан аумағына 3358 шаруашылық қоныс аударды, оның ішінде ауыл шаруашылығында 1215 шаруашылық ұйымдастыру көзделді және жергілікті өнеркәсіптік ұйымдарда 1215 шаруашылық орналастырылды деп қорытынды жасауға болады. Барлығы 1243 шаруашылықты иелену туралы шешім қабылданды, 900 шаруашылық Қарақалпақстанда қалудан үзілді-кесілді бас тартты. Олар Арал теңізін жағалай өз елдеріне кетуде» дейді [7, 46 б.].

1933 жылдың тамыз айының ортасына қарай қоныс аударған қазақтардың жалпы жағдайы келесі көрсеткіштермен сипатталды: олардың бір бөлігі колхоздарға орналастырылды немесе колхоздық өндіріске қатысты немесе жеке шаруа болып қала отырып, өз егістіктері болды. Басқа бөлігі Қарақалпақстанның өндірістік кәсіпорындары мен құрылыстарында жұмыс істеді. Ал көшпелілердің едәуір бөлігі жоспарсыз, өз бетімен қоныстанды. Көбісі экономикалық және мәдени құрылыстың әртүрлі учаскелерінде өз бетінше жұмыс істеді немесе бос жерлерді игерді.

Қазақстан басшылығы тарапынан жолданған үкіметтік жеделхатқа жауап ретінде 1933 жылдың тамыз айының соңына қарай С. Меңдешев төрағалық ететін комиссия Қарақалпақстанға жіберілді. Аталған комиссия қоныс аударған қазақтарды қайта эвакуациялауды жүргізуге тиіс болды. Осы комиссия келгеннен кейін, Мендешевтің қатысуымен «көшіп келген қазақтарды еліне жіберу бойынша Қазақстан өкілдеріне көмек көрсету туралы» сол жылғы 1 қыркүйектегі №265/345 ҚҚАКСР ХКК қаулысы қабылданды. Сол жерде Ауатком төрағаларына қоныс аударған қазақтарды Қазақстанға қайта жіберу бойынша Қазақстан өкілдеріне көлік және басқа да қажетті заттарды ұсына отырып, толық жәрдем көрсету ұсынылды. Сондай-ақ, ұйымдастырылған қазақтар Отанына жөнелтілетін қазақтардың қатарына кірмегеніне назар аудару керек екендігі айтылды. Қарақалпақстан Үкіметі комиссияға өнеркәсіп кәсіпорындарында да, колхоздарда да орналаспаған шаруашылықтарды ғана эвакуациялауды ұсынды. Демек, осы комиссия келгенге дейін Қазақстанға оралғысы келген 900 шаруашылықты ғана қайта эвакуациялауды жүзеге асыру қажет болды [7, 47 б.].

Сол жылдың 18 қазанында РКФСР ХКК-нің «ҚҚАКСР-ға қоныс аударған қазақтарды орналастыру жөніндегі іс-шаралар туралы» қаулысы қабылданды, онда былай делінген:

1) ҚҚАКСР ХКК бекіткен жоспар бойынша Қарақалпақстанға қоныс аударған шаруашылықтардың жалпы саны 3358 отбасы, ауыл шаруашылығына 1215, қолөнер өнеркәсібі және басқа да жұмыстарға 1243 орналастырылса, ал, қалған 900 отбасы кері қайтуға ниет білдірді.

7) ҚазАКСР ХКК кері қайтуға ниет білдірген қоныс аударған қазақтарды ҚҚАКСР-дан қайта эвакуациялауды құралдармен және тамақпен қамтамасыз етуді міндеттесін [7, 48 б.].

1933 жылдың 28 қарашасында Қазақ өлкелік БК(б)П комитеті бюросының ауа көшушілерді қоныстандыру және шаруашылық орналастыру бойынша міндеттер туралы қаулысы қабылданды. Қаулыда Еділден, Қарақалпақстаннан, Орта Азиядан, Сібірден елге оралғандардың легі көбейе түскендіктен, оларды қоныстандыру, орналастыру бүкіл партия ұйымдарының ең маңызды міндеті болып белгіленді [8, 265 б.].

Мендешевтің 1933 жылғы 13 желтоқсандағы жеделхаты Қарақалпақстан Үкіметіне жіберілді, онда ол республика бойынша барлығы 2 мың шаруашылық «жұмысқа қабылданды» бұл 8 мың адам, оның ішінде 2000 адам Қараөзекте мемлекеттік пароходты, 1500 адам Қараөзекте азық-түлік күтуде [7, 48 п.] деді.

Кейіннен бұл комиссия қоныс аударған қазақтарды қайта көшіру мәселесінде өрескел қателік жіберді, оның ақыры өте ауыр жағдайға алып келді. Кезінде біздің аумақта қалудан үзілді-кесілді бас тартқан 900 шаруашылықты жіберудің орнына бұл комиссия шаруашылықтарды екі есе көп үгіттеді. Бұл өз жерлері болған көшпенді қазақтардың егістіктерін тастап кетуіне әкеліп соқты. Қоныс аударушылар - колхоздардың төрағалары мен хатшылары өз жұмысын тастап кеткен жағдайлар да болды. Сол күндері босқын-қазақтың жетім қалған балалары балалар үйінен қашып жатты.

Комиссияның нашар жүргізілген жұмысы және жергілікті жерлерде аудандық органдар тарапынан қайта эвакуациялауға жеткіліксіз назар аудару жаппай қайта эвакуациялауға алып келді де, Қарақалпақстан Үкіметінің жоспары мен РКФСР ХКК бекіткен жоспарлардан едәуір асып түсті, бұл өз кезегінде қоныс аударушылар арасында өлім-жітім жағдайына алып келді-делінген [7, 48 б.].

Біздіңше Қарақалпақстандағы босқын қазақтардың мүшкіл халін көріп, жергілікті Қарақалпақ үкіметінің көмегінің созылып кетуіне байланысты орындалуына күмәнмен қарап, алдағы қыста босқын қазақ аман қала ма?-деп әрекеттенген болу керек. Қалай дегенменде Қазақстандық комиссия босқын қазақты көбірек туған жерге қайтаруға әрекет жасады.

1933 жылғы 25 желтоқсанда ҚҚАКСР ХКК жанынан қоныс аударған қазақтарды орналастыру жөніндегі республикалық комиссияның отырысы өтті, онда Қарақалпақстанда Ходжелі және Кегейлі аудандары бойынша қоныстануға ниет білдірген қоныс аударған қазақтардың нақты саны бекітілді (бұл 970 және 313 шаруашылық). Сондай-ақ, Өзбекстанның Хорезм облысы мен Түрікменстанның Ташауыз облысынан қазақтардың келуі есебінен күн сайын көшіп-қонудың ұлғайып келе жатқандығына байланысты ҚҚАКСР ХКК осы облыстардың үкіметтерінен қазақтар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді телеграф арқылы сұрағаны атап өтілді. Босқындардың Қарақалпақстан шекарасына көшуді тоқтату туралы, сондай-ақ оларды өз аумақтарында орналастыру туралы айтылды.

1934 жылғы 16 қаңтарда ҚҚАКСР ХКК төрағасының орынбасары Карповтың БК(б)П аудандық комитеттерінің хатшылары және ауатком төрағаларымен кездесуі өтті, онда 1934 жылғы келген қазақтардың шаруашылық құрылысының жаңа жоспары қаралды. Ол кезде Қарақалпақстан аумағында көшпелілерден 3875 отбасы және 1580 көше балалары болған және оларды жұмысқа орналастыру бойынша шаралар қабылданған-ды [7, 49 б.].

Осылайша, Қазақстаннан қоныс аударушыларды орналастыру және қайта эвакуациялау бойынша алғашқы кезеңдердің бірі аяқталды. 1934 жылы жаңа кезең басталды, бұл жолы Қарақалпақстан Үкіметі алдыңғы жұмыстардың тәжірибесінен қорытынды шығарды және осы проблемаларды шешудің алдын ала жолдарын белгіледі.

Біркатар үкіметтік құжаттар қабылданды, бірақ су тасқынына айналған көктемгі сең журу қоныс аударған қазақтардың құрылымына ғана емес, жалпы Қарақалпақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайына да әсер етті. 1934 жылғы 20-25 ақпанда болған дүлей апаттардан кейін қазақтардың қайтадан отанына жаппай қоныс аударуы басталды. Өткен жылғы оқиғаларды қайталамау үшін Қарақалпақстан Үкіметі орталық органдарды алдын ала хабардар етіп, жоғарыдан келген жарлықтарды күтпей, қоныс аударушылардың проблемаларын шешу бойынша маңызды құжаттарды қабылдай бастады.

Тек 1934 жылдың 16 маусымында ғана КСРО-ның ЕҚК (Еңбек және Қорғаныс Кеңесі) «ҚҚАКСР-ға қоныс аударған қазақ шаруашылықтарына көмек көрсету туралы» қаулы қабылдады. Онда Қарақалпақстанда шаруашылық құра алмаған 7 мың босқын қазақтарды Қазақстанға жіберу ерекше атап өтілді. Қоныс аударған қазақтардың құрылмаған шаруашылықтары санының күрт өсуі олардың Қарақалпақстан аумағына Хорезм және Ташауыз облыстарынан өз бетімен келгендігімен түсіндіріледі [7, 50 б.].

1934 жылдың 17 шілдесінде БК(б)П Қарақалпақ обкомының бюросы «қоныс аударған қазақтарды жіберу туралы» осындай қаулы қабылдады. Осы бюрода Д. Логиновтың Қарақалпақстанда нақтыланған деректер бойынша 6 мың құрылмаған шаруашылық қалғаны, 1 мың шаруашылық Қазақстанға өз бетімен қоныс аударғаны туралы хабарламасы тыңдалды. Бұл шаруашылықтарды Қазақстанға ұйымдасқан түрде жіберу үшін ҚҚАКСР ХКК жанынан жедел үштік құрылды.

ҚҚАКСР ХКК-нің сол жылғы 5 тамыздағы №221/610 «қоныс аударған-қазақтарды көшіру туралы» қаулысымен, жөнелту мерзімі белгіленді: Ол, 1934 жылғы 15 тамыздан 15 қыркүйекке дейін деп белгіленді.

РКФСР ХКК қоныс аударған-қазақтарды жөнелту жөніндегі комиссиясының отырысында сол жылдың 9 тамызында БК(б)П облыстық комитеті мен ҚҚАКСР ХКК қоныс аударушыларды жөнелту жөніндегі уәкілдері туралы ереже қабылданды. Сол жерде ҚҚАКСР-ден ҚазАКСР-ға қоныс аударған қазақтарды қайта көшіру жөніндегі Нұсқаулық бекітілді, онда §2 былай делінген: «шаруашылықтарды жөнелту тек ерікті түрде жүргізіледі, Қазақстанға барғысы келмейтіндер осы жерде, колхоздарға, совхоздарға, кәсіпорындарға және басқа да жұмыстарға орналастырылады» [7, 50].

Осылайша Отанына қоныс аударған қазақтарды қайта эвакуациялаудың екінші кезеңі аяқталды.

Жоғарыдағы деректерді біз Түркістан облысының мемлекеттік архивіндегі деректермен толықтырсақ. 1934 жылдың маусым айында қазақ үкіметі Қарақалпақ елінен оралатын ауа көшкен 700 шаруашылықты Қазақстанның үш облысы атап айтсақ, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Ақтөбе облыстарына төмендегі кестедегідей орналастырмақшы болды [9, 24-п.].

1 кесте. Оңтүстік Қазақстан облысына [9, 24-п.].

№	Аудан атаулары	Мақта өсіретін аудандары	Қызылша өсіретін аудандар
1	Мерке	300	1000
2	Әулиеата	400	1600
3	Жаңа-Қорған	130	-

4	Арыс	120	-
5	Келес	800	-
6	Сайрам	400	-
		2150 шаруашылық	2600 шаруашылық

2 кесте Алматы облысына [9, 24-п.].

№	Аудан атаулары	Мақта өсіретін аудандары	Қызылша өсіретін аудандар
1	Іле		800
2	Талдықорған		1100
		-	1900 шаруашылық

3 кесте Ақтөбе облысына [9, 24-п.].

№	Аудан атаулары	Мақта өсіретін аудандары	Қызылша өсіретін аудандар
1	Арал	-	100
2	Шалқар	-	50
3	Ақбұлақ	-	100
4	Степной	-	100
		-	350 шаруашылық

Бұл кестелерден көретініміздей 7000 мың шаруашылықтың жартысынан көбін Оңтүстік Қазақстан облысына орналастырмақшы болған.

Бұл бойынша: Арал теңізі, Арыс және Луговой станцияларында тамақтандыру орнын ұйымдастыру;

- Ауа көшкендерді орналастыру бойынша жөндеу және құрлыс жұмыстарын жүргізу;
- Қабылдау пунктерінде санитарлық емдеу шаралары, дәрі-дәрмекпен қамтамассыз ету;
- Оларға екі айлық есеппен жан басына 16 кг. азық беру;
- Қарақалпакстаннан 30 000 ауа көшкендерді тасымалдау үшін Самара-Златауст темір жолынан вагондарды сұрау...[9, 24-24 ор. п.].

Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы О. Исаев қол қойған құжаттан біз Қарақалпақ жеріндегі ауа көшкен қазақ шаруашылықтарынан 30 мың адамның санын білудеміз. Сол жоғарыдағы Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің 121-ші қорларындағы 318-ші, 325-ші істерде Қарақалпақстандағы ауа көшкен қазақты Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша орналастыру бойынша мәлімет сақталған. Бұдан біз Қазақ үкіметінің нақты шаралар қабылдағанын көреміз. Партия ұйымдары мен кеңес органдары ауа көшушілерді, ашаршылық босқындарын қоныстандыру және шаруашылыққа орналастыру бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесінде олар мақта, астық, мал шаруашылығы, балық аулау, жаңа құрлыстарды салу өндіріс орындарына жіберіліп қоныстандырылды. Архив деректерінде жазылғандай ауа көшушілерді, ашарлық босқындарын қоныстандыру және шаруашылыққа орналастыру бойынша өңірлерде салынған баспаналардың төбесі, терезесі жоқ, бұлардың бәрі қолайсыз ауа райынан

бұзылуда, оларға деп бөлінген азық-түліктің ұрлануы т.б., хаттамаларда ауа көшуші-оралушыларды, ашаршылық босқындарын орналастыру бойынша аудандық партиялық және кеңестік ұйымдардың жұмысы қанағаттанарлықсыз деп жазылған [10, 163-167 п.]. Жалпы А. Қабылдың зерттеуінше 1933 жылы 50 мыңнан астам, 1934 жылы 70 мың ауа көшушілер қожалығын қазақ даласына орналастыру жоспарланған дейді. Осыдан кейін 1935 жылы ауа көшушілер санының күрт төмендегенін айта келе аталған жылдар Қазақстандағы экономикалық қиындықтармен күресе отырып, жергілікті халыққа және сырт елдерден елге оралған қазақтарға жағдай жасау мәселелерін күн тәртібіне қойып, оларды өз Отанында өмір сүруіне ықпал жасаған кезең еді [8, 26-270 б.] – деп тұжырымдайды.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен отырықшыландыру саясатын жүзеге асыруда Қарақалпақ жерінде қазақ ұлтының өкілдері пайда болды. Олар жазалаудан құтылу, ұрпағын аштықтан аман алып қалу үшін шекара бойындағы Қазақ құрамындағы Қарақалпақ Автономиясына көшіп кетуге мәжбүр болды. Алғашқы кездегі ауа көшушілер, ашаршылық босқыншылығына ұшырады. Сол Қарақалпақстандағы ауа көшуші қазақтарды және олардың ұрпақтарын елге көшіру мәселесі Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында саябырсып, 1950-1960 жылдары қайта жалғасын тауып, еліміз тәуілсіздігін алғаннан кейін сең қозғалып «оралман» мәртебесімен жалғасын тапты. Қазіргі таңда сол ауа көшіп, босып кеткендердің ұрпақтары қандас болып елге оралуда. Бірақ оларға ел ішінде орналастыру, көшіп-келу шығындары мен отбасындағы жан басына берілетін қаржы тым жеткіліксіз. 1930 жылдармен салыстырғанда экономикамыз жоғары болғанымен мемлекетіміз жеткілікті деңгейде көңіл бөлмей отыр.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 344 б.

2. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 772 б.

4. Адай көтерілісі. Востание Адаевцев в 1931 году: Сборник документов. – Алматы: «Нұрлы Әлем». 2010. Т. 2. – С. 448.

5. Исаев Әбдіғапар. – Мәлімет беруші, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жаңа ауыл округі, Ынтымақ ауылы. Қаңтар 2021 жыл. Қостанай қаласы.

6. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 40-қор, 1-тізім, 16-іс, 137- п.

7. Джумашев А.М. «Казахи-откочевники» в истории Каракалпакстана (1933-1934 гг.) «Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» респ- тәжіриб. конф. мат-ры. / Құрас. А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, Р.Ж. Байдалы. – Алматы: Литера-М, 2021. – 296 б.

8. Қабыл А.Ә. Қазақстанның Оңтүстігіндегі ауа көшу және оларды қайта орналастыру мәселесі. «Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелері» = «Массовый голод 1930-х годов в Казахстане и вынужденные откочевки казахов на сопредельные терртории: проблемы современного осмысления и научной оценки»: ғылылыми-тәжірб. конф. мат-ры /

Құраст. А.И. Құдайбергенова, Ө.И. Исенов, А.А. Бекенова. - Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022 ж. – 324 б.
9. Түркістан облыстық мемлекеттік архиві 121-қор, 1-тізім, 325-іс, 24-п.].
10. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві 40-қор, 1-тізім, 209-іс, 163-167-п.

4.5 Тәжікстан республикасына қоныс аударған қазақ босқындары: олардың бейімделуі

Ө.И. Исенов

XX ғасырдың 20-30 жылдары Тәжікстан жеріне ауа көшіп барған қазақ босқындарының тарихы күрделі тақырып. Біріншіден, XIV ғасырдан былай қарай 10 шақты тәжік қолжазбаларында қазақтардың тұрған жерлері, тіршілігі, мәдениеті туралы материалдар бар. Оны оқу үшін парсы тілін білу керек. Екіншіден, Тәжікстанның оңтүстігін жайлаған халықтардың тайпалық құрамын зерттеуді мақсат еткен орыс ғалымдарының еңбектерінде қазақтар жайлы мәліметтер жоқтың қасы, өте аз десек те болады. Қазақтардың тұрмыс-тіршілігі басқа халықтар сияқты тиянақты түрде талдап зеріттелінбеген, тарихы да көмескі. Үшіншіден, орыс ғалымдары түркілердің бұл аймақтың байырғы тұрғындары – тәжіктермен қаншалықты аралас-құралас болғандығы туралы да мәселе ғылыми тұрғыдан қарастырылып, кешенді түрде анықталмаған. Тақырыптың күрделілігі осында. Сондықтан да XX ғ. 20-30 жылдары Тәжікстан Республикасына қоныс аударған қазақ босқындары және олардың бейімделуі нақтылы зерттеуді, табанды ізденістерді талап ететін өзекті тақырыптардың бірі [1, 96 б.].

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылық кезіндегі Орта Азия елдеріне қоныс аударған қазақ босқындарыкеңестік кезеңдегі архивтік құжаттарда «көшпенділер»,- деп жазылды. Нәубет жылдары Қазақстаннан ауа көшкен қазақтартарихы бүгінде Отандық тарих ғылымында өзекті тақырып болып отыр. Біздің мақаламыздың арқауы Тәжікстан Республикасына зұлмат жылдары ауа көшіп, босып барған қазақтардың жайы.

Тәжік ғалымы профессор Әбдісаттар Нұрғалиевтің «Тәжікстан Қазақтары» аталатын 2016 жылы Душанбеде Истеьдод баспасынан еңбегі жарияланды [2]. Автор еңбегі,1730-1840 жылдардағы қазақтардың тәжік жеріне қоныстанған қазақ тайпаларының құрамы, адамдар саны, қазақтардың Тәжікстанға барған тарихы туралы. Сонымен қатар автор еңбегінде, Тәжікстан қазақтарының әдет-ғұрпы және бүгінгі салт-дәстүрлері жайында деректер бар. Профессор Әбдісаттар Нұрғалиев қазақ әдебиеті және Абай туралы тәжік тіліндегі бірнеше зерттеулердің авторы. Әбдісаттар Нұрғалиев тәжік-қазақ достық қоғамының төрағасы, Душанбедегі Ресей-Тәжікстан славян университетінде профессор болып қызмет атқарып, студент жастарға дәріс оқыды.

Автор еңбегінде, 1989 жылғы мәлімет бойынша, Тәжікстанда 12 мың қазақ ұлты тұрған. Қазақ елі тәуелсіздік алғанынан кейін, 10 мыңдай тәжік қазақтары Қазақстанға оралған [2, 8 б.]. Сол кезде, Тәжікстанда 2000-ға жуық қазақтар қалған.

Қазақтар Тәжікстанға қай кезде барған?

Әбдісаттар Нұрғалиев зерттеуі бойынша, Тәжікстан қазақтарының бұл жаққа келгенінс 500 жылдай уақыт болған [2, 77]. «Ғасырлар бойы осында өмір сүрген ежелгі түркі тайпаларының ұрпақтары бүгінде өздерін күнгір, локай,

дурмен, найман деп атайды. Олардың тілі Қазақ диалектілеріне жақын. Олардың ішінде сөйлеу, дәстүр, мәдениет, әдет-ғұрып және фольклор бойынша локайлар мен күнгірлер ерекшеленеді, олардың құрамында «қазақ» және басқалары бар. Осы тайпалардың этногенезін зерделеу олардың қазақ ұлтына қатысты туыстығының қызықты фактілерін ашады деп санаймыз [2, 9 б.], деген қызықты деректерді келтіреді.

Қазақтардың Тәжікстан жеріне көшіп баруының тарихын профессор Әбдісаттар тарихи зерттеулерге сүйене отырып, Тәжікстанға келген қазақтар – негізінен Маңғыстау өңірінен қоныс аударған, XVI ғасырдың басында Шайбани бастаған көшпелі өзбектердің Мауераннаhр мен Ауғанстанға жасаған шабуылы кезінде өзбек-қазақ болып аталатын тайпалар құрамында бірге келген қазақтардан бастайды [2, 12 б.]. Тәжікстандағы қазақ тайпаларына қатысты рулар туралы автор зерттеуінде: Өзбек қоңыраттарының тілі өзбек әдеби тілінен өзгеше және түркі-қазақ тіліне жақын екенін атап өткен жөн. Б. Қармышева құрастырған рулардың шежіресі:

1. Жалаңтаңбалы, Билғалы, Қаракоңырат, Төленгіт, Қанжығалы, Бесбала, Ноғай сияқты түрлер тек қазақша атауларға ие.

2. Ал Қаракоңырат руында қазақ бөлімдері бар, олар отбасылық-туыстық топтарға бөлінеді. Мұның бәрі осы жерлердегі Қара қоңыраттардың аттас қазақ тайпаларымен туыстық байланысын көрсетеді. Денаус, Гиссар және Кабадия бекеттерінде (XX ғасырдың басында) Қара қоңыраттар түрінде кездесті. Қара қоңыраттар қазір Қорғантөбе (Қазіргі Хатлон) облысында кездеседі.

Зерттеушілердің айтуынша, Локай (Лакай – Ө.И.) тайпаларының арасында қазақ руларына ұқсас атаулар бар. «Қазақ» деп аталатын лақайлықтардың бір бөлімшесі Шәкай рулық тобына кіреді. Сондай-ақ, лақай руларының кейбір бөлімшелері қазақша айтылады, мысалы, Күшік (Кучик), Тәңірберді, Құдайберді, Шеркурауық (Чиркурауык), Досай, Қоңыртан, Қарасирақ, қараша, Сүйіндік және тағы басқалары Куляб бекінісінде (XX ғасырдың басында) тұратын Семіздер мен Кесамирлердің арасында Керей, Жаппас, Қиықшы, Ноғай сияқты қазақ рулары болған.

Күләб бекінісінде (XX ғ.басында) тұратын Семіздер мен Кесамирлердің арасында Керей, Жаппас, Қиықшы, ноғай сияқты қазақ рулары болды. 1875 жылы осы жерлерге барған алғашқы орыс зерттеушісі Н. Маев бұл туралы егжей-тегжейлі жазған. Осылайша, орыс зерттеушілері өзбек тайпаларына жатқызған Дурмен түркі тайпасының этникалық құрамын талдауға болады. Алайда рулар мен бөлімшелердің этникалық құрамы мен атауын талдау оларды басқа және түркі тайпаларымен, қазақтармен араласу фактісін көрсетеді. Мысалы, Дурмен тайпасының шежіресі осыны көрсетеді. Қоңыр, Жамантай, Қият, Аққойлар, Қазақ, Ноғай, Борбай сияқты Дурмен рулары қазақ руларымен тығыз үндеседі. Алайда, осы уақытқа дейін бұл мәселені ешкім зерттеген жоқ. Біздің ойымызша, бұл ерте тайпалар осы аймақтың мекендейтін жерлерін таңдап, V-VI ғасырлар бойы ассимиляцияланып, өздерін Датурамыз деп санайды [2, 19 б.], – дейді. Сонымен қатар автор, қазақтардың қоныстанған қыс қыстау, жаз жайлаған жайлауларының аймағында көрсетеді. Ол жөнінде: Қазақтар негізінен Қорғантөбе және Балжуван тау бөктерлерінде өмір сүрді және көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткенін айтады. Б.Х. Кармышеваның дерегінше: «олар Вахша алқабында және Таирсудың төменгі ағысында қыстап, жылдың қалған уақытында Теректітау (Тереклитау) таулары мен Әлімтай шатқалында көшіп жүрген. Олардың бір бөлігі жазда, Балжуана тауларына кетеді [2, 21 б.]. Автор Тәжікстанды мекендеген тайпалардың рулық құрамын, шаңырақ санын анықтауға

талпынған. Автор өзіне дейінгі зерттеушлердің еңбектеріне талдау жасай келіп, былай дейді: Н. Февралев (1892-1893 жж.) 800 шаңырақ Адай, Әлім, Балықшы және Табындар болғанын [2,21 б.] көрсетеді.

П. Гаевский (1910-1914 жж) 180 шағырақ болғанын айтады. И.П. Магидович,«әскери мәліметтерге» (шамасы, Н. Февралевтың деректеріне) сілтеме жасай отырып, бұрынғы уақытта Қорғантөбе жазығында 800-ге жуық шаңырақ қазақтар, яғни 4 мыннан астам адам көшіп келгенін көрсетеді. Оның мәліметінше, олардың барлығы Кіші жүз тайпалары; олардың арасында, Байұлы (Адай), Әлімұлы, Жетіру (табын) рулары кездесетінін [2, 22 б.] жазады. Одан әрі деректе: Магидовичтің айтуынша, 1924 жылы қазақтардың сандық құрамын дәл анықтау мүмкін болмады, тек балықшылар мен кедейленген отырықшы қазақтар (джатақтар) есепке алынды, барлығы 490 адам [2, 22 б.]. Ақпарат берушілердің хабарлауынша, бай казақтар-малшылар басмаштық жылдары туыстарымен бірге Ауғанстанға қоныс аударған [2, 22 б.]. Автор зерттеуінен, қазақтардың Тәжікстаннан Ауғанстан жеріне көшкені туралы да мәліметті кездестіреміз. Автор өзіне дейінгі зерттеушлердің еңбектерінің кемшілік тұстарында атап өтеді.

Б. Кармышева еңбегіне қатысты өзінің пікірінде: Б. Қармышева өзінің кітабында осындай статистикалық тапшы мәліметтерді келтіреді. Алайда, осы мәліметтер бойынша, Тәжікстандағы қазақтардың санын анықтау мүмкін емес. Бұл авторлардың Тәжікстанның солтүстік аймақтарын аз зерттегендерін атап өтеді [2, 22 б.].

Тәжікстандағы лақай тайпаларының тегі туралы да мәлметтері біз үшін құнды дерек. Лақайлар жөнінде: Б. Қармышева лақай рулық-тайпалық бөлімдерінің 155 руларын тіркеді, оның 69-ы басқа түркі тілдес көшпенділер арасынан табылды. Бүгінгі таңда лақайлықтар өзбек тайпалары болып саналса да, Б. Кармышева: Тәжікстанның Оңтүстігіндегі лакайлықтардың алғашқы өзбек тайпаларымен ортақ этнонимдік байланыстары жоғын айтады. Лакайлықтардың қазақтармен ең көп ұқсас элементтері (38), Орта жүздің арғын, найман, керей, қыпшақ тайпаларымен (28) болды, деп атап өтеді.Сонымен қатар, Кіші жүз руларының 8 (сегіз) руларының атауларын мұкият зерделей отырып, олардың кейбіреулері локайлықтармен сәйкес келетіндері барын айтады. Автордың зерттеуінше, лақайлардың Орта жүзді құрған арғын, найман, керей, қыпшақ төрт тайпадан шыққаны белгілі [2, 31 б.]. Демек, автор лақай этнонимдерінің Орта жүз тайпаларының этнонимдерімен сәйкес келетіндігін дәлелдейді.

Лақайлар тайпасы – Орталық Азиядағы ежелгі түркі ұлысына жатады. Тәжікстанда ерте заманнан Пяндж және Кофарнихон өзендері бойын мекендеп, көшпелі өмір салтын ұстанған лақайлар тек XIX ғасырдың соңына қарай отырықшылыққа бет бұрған. Бүгінде саны 70 мың адамды құрайтын лақайлар ана тілін, салт-дәстүрін берік сақтап келе жатқандығы баршаға мәлім. Мәселеге қатысты, Түркі тайпаларының этникалық құрамын зерттеуші Н.А. Аристов: Төртеуіл және Сүйіндіктердің Арғын руларының екенін дәлелдеді. Арғындардың басқа тайпалардын құрамына, олардыңкөші-қон қозғалыстарымен араласу нәтижесінде қосылғанын жеткізеді [1, 32 б.]. Бірінішіден, автор дерегі ғасырлар бойы қазақ халқының Тәжік елін мекендегенін дәлелдейді. Екіншіден, қазақтардың Ауған жеріне қоныс аударуының тарихынан хабар береді.КСРО - ның кеңестік билік кезіндегі Орта Азияға көшіп барған қазақтардың тарихы XX ғасырдың 20-30- шы жылдарынан Тәжікстан мен Ауғанстан жеріне ауа көшіп барған қазақтардың кеңестік кезенінің тарихы басталады.

Қазақтарда Байрам атауы кездескен жоқ. Алайда, Н.А. Аристов Алаштың ұрпақтарының бірі, барлық қазақтардың атасы Арғын ұлды болды, оның үлкен әйелі Мейрам екі ұлы туады. Олардың есімдері – Қуандық және Сүйіндік. Лакайлықтардың өз атауы – Қуандық болып таралады. Автордың пікірінше, лакайлықтардың Байрам (Мейрам) атауын Арғындардан шыққан деп санауға болады [2, 32 б.]. Мейрам - Орта жүздегі арғын тайпасының құрамындағы бес рудан құралған бірлестік. Бес мейрам аталады. Оларға қуандық, сүйіндік, бегендік, (қозған) шегендік (қаксал), қаракесек (болатқожа) рулары да кіреді. Мейрам рулары Ақмола, Атбасар, Қарағанды, Павлодар аймағында көп қоныстанған. Бұл бесеуіне қаракесектің маңында топтасқан шұбыртпалы және қамбар рулары да жатады. Таңбасы арғынның көз таңбасы, ұраны «Ақжол».

Тәжікстанның Хатлон аймағында қазақтар ХХ ғасырдан бұрында қоныстанып келгенін деректер айғақтайды. Ол туралы: XIX-XX ғасырдың басында қазақтардың тәжік жеріне қаныстанғаны туралы мәліметтер кездеседі. Сондай деректердің бірі-1909 жылы қайта жазылған Мұхаммед Содикходж Гүлшанидің «Тарихи Хумоюн» («Асыл тарих») қолжазбасы (АНРТ Шығыс қолжазбалар институты қорының № 2968) [2,78 б.]. Әмірдің кеңесшісі ретінде ол Шығыс Бұхараның бүкіл аумағын, яғни қазіргі Тәжікстанды аралады. Оның жазғаны: «Егер Нұрек көпірі арқылы Вахш өзені өтсе, Балжуван мен Кулябтың иеліктері сол жерден басталады, алайда олар Душанбе мен Хисарға бағынбайды. Ежелден бері (бұл жер) Балжуван мен Хатлонға бағынады, ал жол тек ескі (атасы) көпірі арқылы өтеді. Бұл аумақтың халқы 150 мың шаңырақтан тұрады. Оның ішінде 10 мың түрікмен үйі мен 5 мың шаңырақ қазақ және 35 мың өзбек түркі отбасы бар».

XIX ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында қазақтар мен түркі тілдес халықтың бір бөлігі Бұхара әмірлігінің Нұратин облысынан көшіп келді. Бұл туралы аға буын өкілдері айтады және мұны Гүлшанидің «Асыл тарихы» растайды. «Ең жақсы және бай базарлардың бірі – 15 сарай (керуен тірегі) бар Гиджидуван вилоят базары», – деп жазады ол. Нұрат қазақтарының басым көпшілігі барлық қажетті тауарларды осы жерден сатып алады және Бұхараға бармайды». Гүлшани Әмір үшін, Шығыс Бұхара ауылының тұрғындары туралы нақты мәліметтерін жариялады. «Осы жерлердің (Нұратин облысының) далалары мен кішкентай жерлерінде», - деп атап өтті ол, көптеген түркі тайпалары тұрады. Бұл өлкеде көптеген түйелер, жылқы табындары және қой отарлары бар қазақ және қарақалпақ тайпаларының 10 мың шаңырақтары тұрады. Көшпенділердің бүкіл халқы киіз үйлерде тұрады. Олар көмір дайындаумен және оны сатумен айналысады». Содан кейін, ХХ ғасырдың басында бұл аймақ халқының бір бөлігі қазіргі Оңтүстік Тәжікстанның бос жерлеріне қоныс аударады. Гүлшанидің бұл мәліметтерін кейінірек Б.Х. Кармышева және Тәжікстан халқының басқа орыс зерттеушілері де растайды [2, 79 б.] деген. Біздің тақырыбымыз үшін, кеңестік дәуірге дейінгі Тәжікстанға қазақтардың қоныстануының тарихына қатысты профессор Әбдісаттар Нұрғалиевтің еңбегі құнды мәліметтер береді [2].

Сонымен айтпағымыз, қазақтардың Тәжікстан жеріне қоныстануларының тарихы 6 (алты) кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – Тәжікстанға келген қазақтар – негізінен Маңғыстау түбегінен қоныс аударған Кіші жүз рулары, XVI ғасырдың басында Шайбани бастаған көшпелі өзбектердің Мауераннаһр мен Ауғанстанға жасаған шабуылы кезінде өзбек-қазақ болып аталатын түркілік тайпалар құрамында бірге барған қазақтар.

Екінші кезең – 1723 жылдан кейінгі жоңғар жаугершілігі кезінде «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», деп аталатын кезеңде бас сауғалап, үдере көшкен

қазақтардың бір тобының осы жерге келіп қоныстануы. Профессор Әбдісаттар Нұрғалиевтің айтуынша, мұны да кейбір шежіре білетін карттар анық айта алмағанымен, жоққа да шығармайды.

Үшінші кезең – кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1924 жылы Өзбекстаннан Тәжікстанның Қорған төбе ауданына мал-жанымен барып қоныс тепкен, қазақ еңбек миграциясы көшінің өкілдері құрады [3].

Төртінші кезең– кеңес үкіметі бай-кулактарды қудалай бастаған кезеңде қоныс аударған қазақтар. Бұл кезең 1928 жылдан басталады.

Бесінші кезең – 1932-1934 жылдар аралығы Қазақстандағы аштық жылдарындағы ауа көшкен қазақ босқындардың Қарақалпақстан, Өзбекстан, арқылы Тәжікстанға баруы. Босқындардың азғантай тобы Тәжікстан, Өзбекстан асып Ауғанстанға жетті.

Алтыншы кезеңі – КСРО – кезінде білікті маман кадрлардың 1950-1960 жылдардан бастап, өндірістерге, басқада салаларға жолдамамен жұмысқа жіберілген мамандардың қоныстануы [1].

Әбдісаттар Нұрғалиев 1917 жылы 31 қаңтарда «Азаттық радиосына берген сұхбатында: «Тәжікстанда 1990 жылы 11 мың 700 қазақ болған еді. Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін басым бөлігі көшіп кетті. Ресми есеп бойынша, 2 мыңға жуық қазақ бар. Бірақ осыдан екі жыл бұрын қазақтардың тағы бір тобын таптық. Олар – өзбектеніп кеткен қазақтар. Рулары – уақ, құжат бойынша ұлты – өзбек. Яғни ұлтын өзбек деп жаздырып алған, бірақ бойларында қазақ қалыптары сақталған. Олар Соғды облысына қарасты Истаравшан ауданындағы Боратөбе ауылында тұрады. Сосын 200-дей аралас отбасылар бар. Сол себепті, мен дәл қазіргі сәтте 4 мың қазақ тұратынын анық айта аламын» [4], – дейді.

Тәжікстанға XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Тәжікстан жеріне барған қазақ босқындарының тарихы күрделі тақырып. Тәжікстан Республикасына ауа көшіп барған қазақтардың тарихы неге күрделі? Енді осы мәселені талдайық. Біріншіден, XIV ғасырдан былай қарай 10 шақты тәжік қолжазбаларында қазақтардың тұрған жерлері, тіршілігі, мәдениеті туралы материалдар бар. Оны оқу үшін парсы тілін білу керек. Екіншіден, Тәжікстанның оңтүстігін жайлаған халықтардың тайпалық құрамын зерттеуді мақсат еткен орыс ғалымдарының еңбектерінде қазақтар жайлы мәліметтер жоқтың қасы, өте аз десек те болады. Қазақтардың тұрмыс-тіршілігі басқа халықтар сияқты тиянақты түрде талдап зеріттелінбеген, тарихы да көмескі.Үшіншіден, орыс ғалымдары түркілердің бұл аймақтың байырғы тұрғындары – тәжіктермен қаншалықты аралас-құралас болғандығы туралы да мәселе қарастырылып, анықталмаған. Тақырыптың күрделігі осында. Сондықтан да XX ғ. 20-30 жылдары Тәжікстан Республикасына қоныс аударған қазақ босқындары және олардың бейімделуі нақтылы зерттеуді, табанды ізденістерді талап ететін келешектің ісі.

Қиындық болып тұрған нәрсе қазақтар жайын баяндайтын жазба тарихи деректер сақталынбай қалған. Хатқа түспеген. Бұл тақырыпты зерттеушілер болмаған. Оның себебі де түсінікті Кеңестік билік тұсында XX ғасырдың 20-30 жылдардығы ашаршылық пен босқындар тарихы жабық тақырыптардың санатында болды.Аталмыш тақырыпқа қатысты архив қорлары зерттеушілер үшін рұқсат стілмеген жабық тақырып болды. Республикада өмір сүрген шежіре білетін карттардың көбісі дүние салып, ендігі бір тобы Қазақстанға қоныс аударған. Кейбір тарихи дереккөздерін тек архив қорларынан ғана іздеуге болатындығы белгілі. Бірақ, оған біріншіден уақыт керек. Екіншіден, кешегі тәжіктердің өзара қақтығысы азамат соғысы кезінде 1992-1997 жылдары облыстық және аудандық кейбір архивтердің қорлары өртеніп кеткен. Бір сөзбен айтқан да архив құжаттарынан

айырылып қалған жайымыз бар. Ендігі біздің сүйенетін деректеріміз, Тәжікстанда тұрып жатқан және елге оралған қандастарымыздың тарихи естеліктері болмақ. Сонымен қатар сирек кездесетін қолжазбалар деректері.

Профессор Жанна Қыдыралина зерттеуі бойынша: XX ғ. 30-шы жылдары Қазақстаннан 400 мыңға жуық шаруа қожалықтары көшіп кетсе, 1920-жылдардың аяғындағы көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтары 75 % - ды құраған [5].

Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында Тәжікстан жеріне қазақтар еңбек миграциясымен барған. Мәселен, 1924 жылы Ферғана облысының Өзбекстанға өтуімен бірге ауыл халқының 8 пайызын құрайтын 90 мың қырғыз-қазақтың енуі де қазақтардың Ферғана облысындағы санын толықтырды. Бұл аймақта негізінен қырғыздармен қазақтар да өмір сүрген. Мұнан басқа мыңдаған қырғыз-қазақ отбасы 1920 жылдан 1924 жылға дейін, Шөл-дала (Мырзашөл) ауданына еңбек миграциясымен барғандығын архив құжаттары куаттайды. Архив дерегінде: «Хорезм қазақтары мен қарақалпақтары Хорезм облысының солтүстік батыс бөлігіне («шуро» Хтай мен Қыпшақ топтары) жылжыды. Ал, Қызылқұм қазақтары Қаракөл және Бұхара оазистеріне тиіп жатқан далалы аудандарға бет алды. Сөйтіп, қазақтар біртіндеп өзінің көші-қонымен орталық далаға (Қаршыға), Орталық Бұхараға, Байсын ауданындағы бос жайылым кеңістіктерге, тіпті Оңтүстік Тәжікстандағы Қорғантөбе уәлаяты жерлеріне дейін барып қоныстанған. Қазақтардың осы аудандарға таралуы бір жағынан жайылым жерлердің мал ұстауға тиімділігімен оазистерге іргелес жатқан кәсіпорындарға жалданып жұмыс жасаудың мүмкіндігі қызықтырған. Ирригациялық не темір жол құрылыстарында бүкіл ауыл-аймағымен қазақтар жұмыс істеді» [3, 51-52 п.]. Сонымен 1924 жылы Тәжікстанның Қорғантөбе ауданына мал-жанымен барып қоныс тепкен, қазақ еңбек миграциясы тобының өкілдері құрады.

Архив дерегінде Маңғыстау ауданы бойынша 13.08. 1932 жылғы мәлімет бойынша Ауданның Атқару Комитетінің жауапты хатшысы Батыков пен инструктор Чмировтың қолдары қойылған ауқатты адамдардың тізімдері берілген [6, 2 п.].

Архив құжатынан көріп отырғанымыздай, бай-құлақтардың тізімін ауызша сұрау салған ОГПУ-дың ұйымына ресми жазбаша түрде бірнеше ауылдың тұрғындарын бай-кулак, деп тізімдеп беріп отырған.

Қара тізімге іліккендер:

1. Ишанов Шаудірбай №12 ауылдан
2. Аженов Ұйсын, ауқатты №14 ауылдан
3. Жаңғыбаев Баймұрат №14 ауылдан
4. Кулгаматов С., ауқатты №18 ауылдан
5. Енербаев Қызылбай №12 ауылдан
6. Аяшов Чамгул., ауқатты №12 ауылдан
7. Саткулов Менгибай., (құжатта, – индивидуальник) жеке шаруашылық, ауқатты №14 ауылдан
8. Узганбаев Илибай., (құжатта, – индивидуальник) жеке шаруашылық, ауқатты №17 ауылдан
9. Берниязов Осар, кулак (лишенец).
10. [...]баев (тегі оқылмайды- Ө.И.) Испай, ауқатты.

Қара тізімге іліккен ауқатты байлар мен жеке шаруашылық қожалары қылмыстық жауапқа тартылып сотты болып, бас бостандықтарынан айырылып жер аударылып кете барды. Мұндай қара тізімге іліккен ауқатты байлар ауа көшіп басқа мемлекттердің жеріне өтіп кетіп бала-шағасын сақтап қалудың амалын жасауға мәжбүр болды.

Архив деректері бойынша, өткен ғасырдың 20-30 жылдары қазақ даласынан Еділ бойына 40 мың, Қырғызстанға 100 мың, Батыс Сібірге 50 мың, Қарақалпақстанға 20 мыннан астам, Өзбекстан мен Тәжікстанға 45-50 мыңдай адам аштықтан босып барған. Мысалы, көршілес Қырғыз Республикасына ауа көшіп барған қазақтар жөніндегі шолуда: олардың жалпы санын айту қиын, өйткені халық өз бетімен лек-легімен барған. Қордай асуында Қырғыз еліне жете алмай жолда қайтыс болған көптеген адамдардың денесі көктемде қар астынан шыққаны туралы архив қорында тіркелген. Еділ және Сібір аймағына кеткен қазақтардан да көп адамдар аштан өліп, қырғынға ұшыраған. Қазақ босқындардың жағдайы өте ауыр болған. Архив деректер бойынша, 71 аймақ көшпелілер ықпалынан зардап шексе, оның 50-і көшпелі және жартылай көшпелі, 21-і отырықшы егіншілік аймақтары болды. Мәжүбірлі көші-қоннан (ауа көшкен босқындар. – Ө.И) әсіресе Оңтүстік өңірдің аудандары, Алматы облысы, Қарағандының оңтүстік бөлігі, Ақтөбе облыстарының Шығыс және Оңтүстік бөлігінің батыс бөлігі және Батыс өңірінің бірнеше аудандары зардап шеккен. Сонымен қатар, ескі егіншілік аймақтарының ішінде ең көп зардап шеккендері, Әулие-Ата, Талдықорған, Меркен, Талас, Шу, Созақ, Іле, Ақтөбе облысына қараған Қаратал, Жетіғара, Семиозерный, т.б. Қазақстанның барлық аймақтарда аштыққа ұшыраған 90 мыннан астам үй шаруашылығы, жалпы халқы шамамен 300 мың адамдар тұрақты қоныстарын тастап, басқа аудандарға, облыс орталықтарына, теміржол бекеттерінің бөлімшелеріне босып барған [7].

Талас Омарбеков дерегінше, 1930 жылы көшіп кету қозғалысымен 34 977 қожалық қамтылды. 1931 жылы 45 000 шаруашылық көше бастады. Айта кету керек, ауа көшкендер қожалығында өлкенің өз ішінде қоныс аударғандар мен сыртқа көшкендер саны қамтылған. Орта есеппен 1931 босқындар жолына түскен қазақ шаруаларының жалпы саны 225 000 адамды құраған [8, 257 б.].

1 кесте. 1931 жылы ауа көшкен босқындар туралы мәлімет [8, 257 б.].

№	Босқындар барған жерлер	Босқын қожалықтары	Олардағы мал басы
1	Өзбекстан	3436	187909
2	Түрікменстан	7371	319725
3	Тәжікстан	1767	88350
4	Қырғызстан Республикасы	1031	33595
5	Қарақалпақ автонамиялы облысы	2355	112621
6	Төменгі Волга өлкесіне	2562	13797
7	Сібір өлкесі	2100	27348
8	Украйна	901	6652
9	РКФСР-дің қалған бөліктеріне	13511	100801
10	Қытайға	563	2276
Барлығы:		35597	893074

Кестеден қазақ босқындарының негізінен Ресеймен Орта Азия республикаларына қоныс аударғаны көрінеді [8, 258 б.]. Бұл 1930-1931 жылдары елдегі азық-түлік дағдарысы тым қатты болғанын көрсетеді. Қазақстандағы дағдарыс

Мәскеу билігінің бақылауынан шықты. Кестеде мал басына қатысты алдымен босқындар қоныс аудару кезінде мал мен мүлікті өздерімен бірге алып кетті, содан кейін босқындарда мал мен мүлік болмады.

Архив деректері бойынша, Орта Азияға ауа көшкен қазақтардың көші-қонның бірінші кезеңі; Маңғыстау өңірінің қазақтарының Түрікменстанға, Қарақалпақстанға, Астраханға 1928 жылдан бастап көшулерінен басталған Екінші кезеңі; 1932 жылдан жалғасқан. Орта Азияға көшіп барған қазақтардың көпшілігі шаруашылықтарға орналаспаған. Қазақтар жер ауып көшіп барған аудандарда қазақ көші-қонын орналастыру мәселесімен биліктің құзырлы орындары айналыспады. Бір ғана Тәжікстанның Қорғантөбе ауданына барған 500 000 (бес жүз мың) қазақ көшінің шаруашылығымен мақта колхоздары мен түйелері бар қазақтардан транспорт артелдері ұйымдастырылған. Шилікөл, Пяндже жерінде қазақтардың 3500 шаруашылықтарынан құралған мақта егумен айналысатын 9 колхоз тыңнан құралған.

Қазақтардың көші-қонынан құралған колхозшылар ұжымы мемлекет тарапынан тиесілі көмек көрсетілген жағдай да қолдарындағы өздерінің малдарымен отандарына оралу ниеттері барын білдірген. Өйткені малымен көшіп барған қазақтардың жеке малдары колхоз ұжымына ортаққа қоғамдастырылған болатын. Сонымен қатар өздерінің қолдарында да жеке ұстап отырған төрт түлік малдары болды. Колхоздың адамдары тек қана қазақ ұлтынан құралған біріңгай қазақтар болды. Олар Қазақстанға көшетін болса, Тәжікстан үкіметі түрлі айла, әдістермен қазақтардың малдарын колхоз меншігіне алып қалатындарынан үрейленген. Сол себептен кері ата мекендеріне көшкен жағдайда малдарын алып кетулеріне Тәжікстан Үкімет тарапынан құзырлы мемлекеттік органдарының кепілдік берулерін сұраған [9, 152 б.].

Атырау өңіріне кері оралған босқындардың қиын жағдайлары туралы деректер архив құжаттарында бар [10, 152 п.]. Ата қонысына оралған босқындардың елге келгеннен кейінгі жағдайлары түзелмеген жергілікті билік тарапынан көмек көрсетілмеген. Аштықтан келген ажалдан қайтыс болған жандардың азапты өлімдері туралы архив құжаттарында хатталған. Сондай бір архив құжатының дерегін келтіруді жөн көрдік.

Атырау облысы бойынша, елге оралған босқындардың аштан өліп жатқандары туралы мәлімет 1932 жылғы мәлімет [10, 15 п.]. Елге кері оралған босқындардың көпшілігі 1931-1932 жылдары оралған [10, 20-25 п.]. Оралмандардың елге келгеннен кейінгі жағдайлары түзелмеген, жергілікті билік тарапынан көмек көрсетілмеген. Тек қана аштардың аты-жөндерін тіркеп, жай-күйлерін хаттағаннан басқа көмектің жоқтығын архив құжаттары айғақтайды. Азық-түлік тапшылығынан Өлкелік КК Жылқосын ауданының Ульянск ауылдық кеңесінде бірқатар өлім-жітім және оралғандардың ісінуі жағдайлары туралы мәлімет тіркелген. Оралған Бурзаев екі ай жарым бойы азық-түлік көмегін алмаған. Барлық заттарын сатып тауысып, қараша айында ұлымен бірге аштықтан қайтыс болды, әйелінің денесі ісінген күйде жатыр. Оралмандардың аштықтан қайтыс болған жағдайларына қатысты жайлы архив құжаттары растайды [10, 15 п.].

Тәжікстанға ауа көшіп қоныс аударған қазақтардың Отанына оралғысы келген себебіде бар болатын. Өзге елге қоныс аударып барған қазақтарға барған жерлеріне үйреніп, бейімделуінің де қиындықтары болды. Архив қорларында, қазақтардың жаңа жердегі көрген қиындықтары туралы деректер де сақталған. Қазақтардың құқын таптаған жайлар туралы архив дерегінде: «...Тәжікстанға қоныс аударғандар

төрт түлік малмен барды. Ол жақта күн көріс үшін мал ұстады. Орталық Азияда алаяқтармен қарақшылар малға жабысады, әсіресе түйеге. Қазақтар 90 басқа дейін түйелермен атпен, артель ұйымына шарт жасамай жүк тасуға келісіп, табыс табады. Жалпы, қазақ далада түйемен, есекпен өзбектерге кездескенде, бұл мәселеде (әсіресе базар күні) өзбек алаяқтары «малды» болады. Жүк тасып жүрген қазақтыөзбек қара жолда ұстап алып, түйесінің немесе есегінің бір жарым жыл бұрын жоғалып кеткенін айтады. Қазақтың түйесі немесе есегі өзбектікі екенін растайтын,сол сәттекуәгерлер табылып жанжал-төбелес басталады. Ақырында, өзбек милиционерлерінің «көмегімен»«жоғалған» түйесін немесе есегін таныған өзбекке беріледі. Өтірік жала жауып қазақтың малын тартып алғандары аздай, оған төлқұжатының жоқтығына, 100 рубль айыппұл салады. Осы айла-шарғы үшін, жақсы көмекшілерден милиционер ақшалай «сыйақы» (пара) алады [9, 153 б.]. Келесі деректе: 1935 жылдың желтоқсан айының 7 жұлдызындағы Көші-қон және қоныстандыру бөлімінің инспектор Агжановтың Көші-қон және қоныстандыру бөлімінің бастығына жазған баянатында (Докладная записка): «Қазақ откочевниктеріне жасалған бопсалау және қылмыстық қарым-қатынастың мұндай фактілері көп, бірақ аудандық құқық қорғау жүйесінің құзырлы ұйымдарының ешқандай жұмыс, ешқандай күрес жүргізбейтіндігі ашық айтыды [9, 153 б.]. Осы деректің өзі Орта Азияға көшіп барған қазақтардың жаңа жерге бейімделудегі тұрмыс тіршіліктегі көрген қиындықтарына қатысты көптеген мән жайды аңғартады.

1931 жылдың 8 тамызындағы Бүкілодақтық коммунистік партияның Табын уездік комитетінің Аудандық Атқару Комитетіне берген ақпараты:

1) Өңірімізге биыл тамыз айында келген босқындар және қыркүйек айында қайта оралған босқындар көршілес облыстардың аумақтарына қоныстанады, ауданымызда қонысқа қолайлы жер тапшы. Қайта көшіп кеткендер Қазақстанға 1932 жылдың көктеміне дейін оралмайды. Елдегі қалыптасқан азық-түлік тапшылығы жағдайларына байланысты, шарт бойынша оларға мәдени-экономикалық қызмет көрсетудің мүмкіндігі болмай тұр.

2) Табын ауданынан (қазіргі Байғанин ауданы – Ө.И.) 7070 шаруа қожалығының Түрікменстан, Қарақалпақстан Тәжікстан территориясына және басқа республикаларға көшіп кеткен туралы мәлімет архив қорында сақталған [11, 218 п.]. Ақтөбе облысының бір ғана Табын ауданынан Орта Азия жеріне 7070 шаңырақ көшіп кеткен. Табын ауданына оралған босқындарға мемлекет тарапынан көмек болмаған соң қайта көшіп кеткендерін архив құжаттары қуаттайды.

1926-1939 жылдардағы санақ бойынша, іргелес жатқан мемлекеттерде ауа көшіп барғандар есебінен өскен қазақтар саны: Өзбекстанда – 1,7 есе, Ресейде – 2,3 есе, Қарақалпақияда – 2,5 есе, Түрікменстанда – 6 есе, Тәжікстанда – 7 есеге, ал Қырғызстанда – 10 есеге өскен. Осы уақытта көрші республикаларда тұратындардың пайызға шаққандағы көрсеткіші 8-ден 26-ға дейін жоғарылады. Ауа көшудің салдарынан шекарадан тыс жердегі қазақтар саны екі есеге көбейген [12, 108 б.]. Мәліметке сүйенсек, босқындыққа (откочевники) байланысты Тәжікстан жерінеауа көшіп барған қазақтар саны 7 есеге жеткен.

Ал Қазақстанан тыс жерлерде орналасқан қазақ шаруа қожалықтары мен Қазақстан аудандарына қоныс аударуға ынта білдіріп, келгісі келетіндер және осындай ауа көшу бойынша, 1935 жылдың айындағы мәліметте қазақтардың ата қоныстарына қайта оралуы бойынша, жүргізілетін іс-шаралар қатарында қоныстанушылар үшін, ауыл шаруашылығы салығынан босатқан жеңілдіктер берілген. Облыстар мен өлкеге Қазақстанға қайта оралатын қазақтарға бүкіл қоғамдастырылған мүлкімен, үлестік жарнасымен қайтаруды міндеттейтін шешім

шығару, қоныстанатын шаруа қожалықтарына шаруашылық орналастыру және мал алу бойынша бағытталған шараларды жүзеге асыру мәселелері қарастырылды. Облыстар мен өлкелерде ауа көшіп кеткендердіңелге қайта оралуларын жүзеге асыру үшінқұрылған бригадалардың іс-сапарлары ұйымдастырылған. Басқа республика жерлеріне: Тәжікстанға, Өзбекстан және Қарақалпақстан, Қырғыз жеріне, Түрікменстан, Орынбор мен Паволжьеге, Сібірге баратын бес бригадаларды жіберу ұйымдастырылды [13, 10 п.].

Бүгінгі таңда, қазақтардың бір шоғыры Тәжікстан Республикасында, Душанбеден 120 шақырымдай қашық жатқан Хатлон облысында өмір сүріп жатыр.

Хатлон облысы - Тәжікстан Республикасының құрамындағы әкімшілік аймақ. Елдің үш аймағының бірі солтүстікте республикалық бағыныстағы облыстармен, шығыста - Таулы Бадахшан автономиялық облысымен, оңтүстікте - Ауғанстанмен, батыста - Өзбекстанмен шектеседі. Әкімшілік орталығы - Бохтар қаласы. Аумағы 24 600 км, халқы 3048 200 адам (тәжіктер - 81,8%).

2 сурет. Тәжікстан Республикасының құрамындағы Хатлон облысының әкімшілік аймағының картасы. Карта әлеуметтік желіден алынды.

Хатлон облысының Дүстей ауылындағы Әлімабад ауылында Кіші жүз әлімдер тұрады. XX ғасырдың 20-30-шы жылдары Қазақстанда байларды жаппай тәркілеуде, 1000 (мың) түйені айдаған Қызылордалық қазақтар Өзбекстан арқылы Тәжікстан асып кетеді. Таулы өлкеде өмір сүретін Тәжіктер түйе мінген қазақтарға басында таңырқап қарасада, уақыт өте келе үйренісіп кетеді. Тәжік жүк таситын транспорт компаниясы ұйымының негізін қалаған осы түйе жетектеген қазақтар болды. Қазақ байлары 1928 жылы жер ауып көшіп келгенде, ол жерде ешнарсе жоқ еді.

Ақыр соңында түйелі қазақтар «Тәжіктранс» ұйымының негізін қалайды. Бертін келе II Дүниежүзілік соғыс басталады да, мұндағы қазақтар бронь алып, Ауғанстан мен Тәжікстанның арасында керуен жолын жүргізеді. Астық, қару-жарақ, тұрмысқа қажетті заттарды тасымалдап, көлік жүре алмайтын таулы өлкенің өзегіне қан жүгіртіп, КСРО экономикасына айтарлықтай үлес қосады. Әлімабадтағы Нұрлан ақсақалдың айтуынша, 3-4 ай жол жүретін керуеншілер 3-4 күн демалып, қайтадан сапарға аттанады. Қаншамасы таулы өлкенің құз-қиялы жолдарынан қиыс кетіп каза

табады. Тек соғыс аяқталып, таулы өлкеге тас жолдар салына бастаған 1950-інші жылдардан кейін ғана түйелі қазақтар әскери өмірге пара-пар қызметтерін тапсырып, бейбіт өмірге қайта оралған. Сол Нұрлан ақсақалдың қорасында тайлақ байлаулы тұрды. «1000 түйеден қалғаны осы. Сойып тастауға көз қимайды. Ата-бабам кәсіп қылған түліктің тұяғы ғой. Жүре берсін» [14] дейді Нұрлан карт.

Қазақтар шекараға заттар апарып, қайтарда азық-түлік, бидай алып қайтатын болған. Тәжік халқы қазақтарға мейріммен қараған. Нұрлан ақсақалдың айтуынша: Оларда ішерге ас, жатарға үй-жай болмағанда тәжік жұрты көмектескен.Тәжік жұртының мейрімділігін атасы баласына, баласы немересіне айтып келе жатыр. Қызылорда облысының Шиелісінен көшіп келген 100 (жүз) отбасы Хатлон облысына қоныс теуіп, бір ауыл болған. Еркектер түйе тартып бала-шағасын асырады, Ауғанстан шекарасындағы әскерге қару жарақ киім-кешек апарып сауда жасап күн көрді.

Қазірде Тәжікстандағы қазақтардың жағдай жақсы. Бүгінде Нұрлан ақсақалдың 8 баласы 30 немересі бар, бәрі бір ауылда тұрады. Бұл біздің өскен жеріміз, бұл біздің ата жұртымыз, деп айтамыз. Біз бармасақта, құдай қаласа, ата жұртқа барып отау тігетін осы балалары болатынына үмітті. Нұрлан ақсақал өзінің немерелеріне қазақша тіл үйретіп, қазақша дәстүрлерді дәріптейді. Қазіргі таңда 2 ұлым 1 қызым Қазақстанда ата жұртқа оралды. Нұрлан ақсақал, Тәжікстанда қалған қандастарымыздың ниеттері елге оралу екенін жеткізді [14].

Қазақ босқындары тарихын зерттеуші ғалымдар мен өлкетанушылары бір себептермен Ауғанстан жеріне қазақтардың үш рет ауа көшіп барғанын айтады. Ата қоныстан ауа көшкен босқындардың соңғы көші қазіргі Жамбыл обылсында Шу өңірінен кеңестік «көсемдердің» XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ұжымдастыру, колхоздастыру, индустрализация саясаттарын жүзеге асыруда қолдан жасалған ашаршылық кезінде, босып жер ауып көшіп кеткен.

Әлқисса, елден жыраққа кеткен Әсия Сардарбек қызының естелігі. Кеңестік ұжымдастыру саясаты кезінде Әсия апамыздың әкесі Сардарбек кеңес үкіметінің бай- құлақтардың малын тәркілеу кезеңінде бір түнде, бір топ адам болып қашуға тәуекел етеді. Олар Қарақалпақстан асып, Түрікменстан арқылы Әмудария өзенінен өткен қазақтарды Меймене өңірін басқарып жүрген әскер басы Надир шах қарсы алады.Кейінен құдалыққа сөз салған ауғандықтарға Сардарбек карт өзінің жалғыз қызы Әсия Сардарбекқызын беруге келсімін береді. Сонымен Ауғанстанды монархиялық жолмен басқарып келген әулетпен құда болған Сардарбек қызы Әсия апамызды 14 жасында ұзатады.

Ауғанстан билеушісінің ұлы Амири Мұхаммедке тұрмысқа шыққан жас Әсия апамыздан әулетімен хан сарайында тұрады өздерінің жеке күтушілері болады. Әсия апамыздың қызы өзінің анасының туыстарымен қазақша сөйлесетінін айтады. Қызының айтуынша, анасы Әсия Сардарбекқызы он құрсақ көтерген, қазіргі таңда бес баласы ғана қалған.

Әсия Сардарбекқызы Әмина Амири Рахманның айтуынша: Коммунистер Ауғанстанға басып кіріп, Дәуіт хан әулетін тұқымымен түгел өлтіреді. Елде қудалау басталды. Балалары анасының туған жері қазақ жеріне барып келеміз деген сылтаумен шет елге шығуға рұқсат алып, паспорт жасатады. Паспорт жасатқан 13 адам, Ауған елінен қашып шығады. Олар 1982 жылы Түркияға барған, кейін Германия арқылы Америкаға жетеді. Ал қазір олар Американың Свержения қаласында тұрады. Әсия әжей қарттар үйінде тұрады. Әжейдің екі бөлмелі үйі және жеке күтушілері бар.

Кеңестік қызыл комунистерден екі рет озбырлық көрген Әсия әжей алдағы уақытта өзінің Қазақстандағы қандастары ондай қасірет көрмесе екен, – дейді. Жалайыр руынан шыққан Әсия әжей 1916 жылы 10 жасында елден кетсе де дінін, ділін, тілінде, асыр салып ойнаған ауылында әлі күнге дейін ұмытпаған. Әсия әженің айтуынша: Америкада тұрып жатқанына 36 жыл болса, қазақ топырағынан кеткеніне 91 жыл болыпты. Асия әжемізалдағы уақытта қазақ еліндегі халқы жат жұрттық болмаса екен дейді. Өйткені оның 20 немересі 20 шөбересі Америка азаматтығын алған Америка тұрғыны болып кетті [15].

Тәжікстанның оңтүстігіндегі Хатлон облысы, Жиликул ауданының Эсоқул деген ауылында алты жүз адамның басын құрайтын этностық қазақтар тату-тәтті тұруда. Олардың ендігі армандары тарихи отандарына – Қазақстанға оралу болып отыр.Тәжік жеріндегі қазақтардың мұнда тұрып жатқандарына жүз жылға жуық уақыт өтсе де, олар баяғы тұрмыс салттарын сол қалпында дерлік сақтап қалған. Олардың сол мезгілдегіден бар айырмашылығы сірә, қазір бұрынғысынша киіз үйлерде тұра қоймайтындары ғана шығар деп жазады басылым.

Тәжікстанға қазақтардың алдыңғы легі кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдарда келе бастаған. Соның өзінде олардың осында тұрақтап қалуларының әртүрлі себептері болған. Біреулері оқу немесе жұмыс іздеп келіп, үйлі-жайлы болып, қалып қойған. Тағы біреулері жер аудару жолымен келген. Ал Эсоқул қишлоғына қоныс тепкендердің ақсақал Қожамқұл Нұрматовтың ата-бабалары большевиктерден қашып, қора-қора малдарымен Ауғанстан асып бара жатқандарында әрі қарай жете алмай, осы жерде қалып қойған. «XX ғасырдың 1920-шы жылдарында әкем Қызылорда облысынан Ауғанстанға қарай бет түзепті. Тәжікстанда оны кеңес өкіметінің өкілдері ұстап алып, барлық малын колхозға тартып алған. Сол замандарда мұнда жол салынып жатыпты да, түйелері тасымал көлігі ретінде құрылысқа жегіліпті. Әкем осы жерде түйелерімен бірге қара жұмысшы есебінде қалдырылған» [16], - дейді Қожамқұл Нұрматов.

Қария жол құрылысында 20 жыл жұмыс істейді. Ол кезде Даңғара ауданында тұрады. Тек бертінде ғана өздеріне жақын жердегі Жиликул ауданында жер аударылып келген қазақтар тұратынын естіп, осылай қарай көшіп келеді «Ауданда алуан түрлі ұлттардың өкілдері тұрады екен. Олар орыс, тәжік, өзбек, қазақ, неміс, шешен, украин, түрікмен сияқты 16 ұлттың өкілін құрады. Бірақ 80-ші жылдары солардың көбі басқа жақтарға кете бастады. Мәселен, бүгінде біз тұратын қишлақта бұрынғы жер ауып келген қазақтардың ұрпақтарынан ешкім қалған жоқ. Мұндағы қандастарымыздың бәрі – менің әкемнің ұрпақтары, біз түгел туыспыз біздің балаларымыз өзбек мектебінде оқиды. Басқа мектеп жоқ. Ең соңғы қазақ мектебі кеңес кезеңінде жабылды. Бұл – біздің үлкен қасіретіміз. Біз қазір өзіміз үшін қалайда қазақ тілінде оқытатын мектеп ашуды талап етпейміз. Оның орнына тәжікше оқытатын мектеп болса дейміз. Әйтпесе, ертең біздің балаларымыз қайда барып күн көреді? Олар – Тәжікстанда тұратын қазақтар сөйте тұра білімді өзбек мектебінен алады бұл қалай?», - дейді ақсақал. Міне осы мәселе Эсоқул тұрғындарын енді туған Қазақстанынан кетуге мәжбүр еткелі тұр. Осы ретте Қожамқұл Нұрматов бірнеше рет тарихи отанына барып, Орал және Қостанай өңірлерін көріп қайтқан. «Бірақ ол жақтар суық екен. Оралмандардың көші-қон бағдарламасына сәйкес бөлінетін жер де аз – бар болғаны 10 сотық, сонда біз малымызды қалай бағамыз, оларды қалай көбейтеміз?», – дейді ақсақал Эсоқулдағы Нұрматовтардың орасан зор әулеті қазір бақуатты тұрады. Олардың жүзден астам ірі қара малдары, отар-отар қойлары, үлкен бақшалық жерлері бар.

«Бұрын біз мұнда лимон да, жүзім де өсіретін едік. Бірақ Эсоқулда жиырма жылдан бері су жоқ. Суды Вахш өзенінен тасуға тура келеді. Ал оған дейін 17 шақырым жер бар. Біз қазір бұған да үйрендік. Суды водовозбен тасып әкеп, цистерналарды толтырып аламыз. Былтырдан бері маңайға қытайлар келіп, мақта еге бастады. Енді олардың су әкелетіндері сөзсіз», - дейді қария.

Дегенмен, Эсоқулда бұл суды Нұрматовтардың тек жасы үлкендері ғана күтіп жүрген сияқты. Жастар болса елге қайтқылары келіп, қатты құлшынып отыр. Олардың біразы бүгінде Қазақстан жоғары оқу орындарында білім алып жатқан көрінеді. Ата-аналары оларға сол жақта қалып қоюды тапсырып жүргенге ұқсайды.

«Мен болсам Тәжікстанды жақсы көремін, себебі бұл жер – менің туған мекенім осында отбасын құрып, бала-шаға өсірдім, жергілікті тұрғындармен ешуақытта жанжалға барып көрген жоқпыз. Біздің үйіміз көршілеріміздің бәріне – мейлі ол тәжік, мейлі өзбек болсын бәріне қашанда ашық. Бірақ мектептің жоқтығы маған маза бермейді. Сондықтан біз қариялар осында өлсек те, жастардың тарихи отандарынан мекен тапқандарын қалап отырмыз», – деді ақсақал өз сөзінде.

Эсоқул қишлағының қазақтары малсақ жандар ретінде де жұртқа белгілі екен. Былайғы тұрғындар бұл ауылды түйе өсіретіндігімен де жақсы таниды екен. Себебі маңайдағы тәжіктер мен өзбектер елді мекендерінде түйе деген атымен жоқ. Қазақтар сондай-ақ жылқы малына айрықша үйірсектігімен де елге танылып қалған сияқты [16].

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Коммунистік қызыл империяның солақай саясаты тұсында Тәжікстан Республикасына босып, көшіп барған қандастарымыз елге оралуда. Олар Жамбыл облсына қоныстануда. Қандастарымыз Тәжікстан жерінде Хатлон қаласында өмір сүрген. Тәжікстан жеріндегі ең үлкен шаңырақ Ходжамқұл Нұрматов ол өз елінің сағынаттын және өз еліне оралғысы келетінін айтты. Ата қонысқа оралу мақсатында қазіргі таңда 5 (бес) ұлы қазақ жеріне көшіп келіп, қоныстанған. Әзірге қария Тәжікстан жерінде екі ұлымен қалып отыр. Жақын арада бұларда елге оралуға ниеттеніп отыр. Хатлон қаласында өзі білетін елге оралуға ниеттеніп отырған қырыққа жуық отбасы бар екендігін айтты. Алғаш қазақ жеріне келгенде Көкбастау тұрғындары оларды жақсы қарсы алған.

Қазақстан жеріндегі жаппай босулар 1930 жылдың көктемінен бастап республиканың шығыс және оңтүстік аудандарында да көбейе бастайды. Шекара қызметінің берген мәліметтері бойынша Қырғыз, Қытай жеріне ауа көшкен қазақ кедей-шаруалар қосынының көшу себептерін бай-құлақтардың оларды азғыруынан болғанын көрсетеді, Коммунистік солақай саясатының салқынының себебін көрсетпеу үшін, бай-құлақтарға кінә артулары болатын. Шын мәнінде айтылмаған ақиқаты басқаша еді.

1934 жылдың 1 желтоқсаннында оралған босқындар туралы есепте: «Облыста босқындардың 1249 шаруашылығы бар. Солтүстік облыстарда орналасу тәртібімен Облыстық атқару комитетінің директивасы негізінде 92 шаруа қожалығы Семиозерный ауданына, 286 шаруашылық Федоров ауданына көшірілді. Қостанайда құрылысшылар курсына 59 шаруашылық адамдары алынды. Босқындар өңірінде 871 шаруа қожалығы бар. Аудандық жоспар бойынша, босқындарды қыстауға көшіру үшін 400 тұрғын үй мен 200 қора жөндеуден өткізу жоспарланған. Өңір халқы, оның ішінде босқындар тұрғын үймен, мал шаруашылығымен толық қамтамасыз стілген», деген мәлімет архив қорында тіркелген. 1934 жылдан бастап ата қонысына оралғандарға үкімет билігі тарапынан жағдайлар жасалғандығына куә боламыз [17, 9 п.].

1934 жылы ата қонысына қайта оралған босқындардың әлеуметтік жағдайларына қатысты мәліметте: ... Ауданда ағаш материалдарының және әйнектің мүлдем жоқтығына байланысты малшылардың тұрғын үйлерінің жөндеу жұмыстарының сапасының нашар екендігі айтылған. Аудан жоспары бойынша нығайтылған ТОЗ-дарға 700 көшпелі шаруа қожалығын тартып, дербес ТОЗ құру көзделген. Қолда бар мәліметтерге сәйкес, 434 шаруа қожалығына мал беріліп, ТОЗ-ға тартылған. Малды бөлу жұмыстарының қорытындысын шығару және босқындарды ТОЗ-ға тарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды тексеру нәтижесінде елге оралған босқындардың 49,8 пайызы отырықшы болады. Облыстық атқару комитетінің рұқсатымен және ҚазақХКК босқындарға тұқымдық мал сатып алуға арналған ауданның өткен жылдардағы қалған қаражат қорынан 55 мың сомға киім-кешек пен өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз етуге жұмсалды. Көрсетілген соманың 44 мың сомына аудандық кәсіподақтың жергілікті кәсіподақ ұйымы арқылы өндірілген өнім, дайын киім, аяқ киім, т.б. үлестірілді. Кейбір ауылдарда толық емес 34 көшпелі шаруашылық бар. Оларлың барлығы жанармаймен қамтамасыз етілмеген. Осы мақсатта ауыл ұйымдары жанар-жағармай тасымалдау, дайындауда өзара көмек ұйымдастырмақ, бұл тәжірибе алдағы уақытта да жалғасын таппақ. Ауданда босқындардан (откочевник) шыққан адамдардан тұрғын үйсіз қалғандары жоқтығы туралы мәліметтер берілген[17,10 п.]. Елге қайта оралған босқындарға жағдай жасалғандығын архив құжаттары куаттайды.

1920-1930 жылдардары ата мекеннен ауа көшіп, Тәжікстан еліне босып барған Маңғыстау босқындары туралы естелікті Маңғыстау облысы Ақтау қаласының тұрғыны Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша комиссияның Жобалық офис сарапшысы Нұрғазтегі Арман Абайұлынан жазып алдық.

Әңгіменің әлқиссасы Маңғыстаулық Қожахмет әулетінің босқыншылыққа ұшырауы және Тәжікстан мен Ауғанстан асқандығы туралы әулеттің тағдыр тәлкегінің тарихи баянына кезек берейік. Әулеттің басынан кешкен тағдыр тәлкегінің тарихын Арманның әкесі сол бір нәубет заманда ұлт намысын қорғаған, елдің мұңмұқтажын ойлаған ел ағаларының бірі – Нұрғазы Қожахметұлы туралы тарихи деректік жазбаны оның тікелей ұрпағы Абай Нұрғазиев жазып алған екен.

Әлқиса, Бесенұлы Тағанияздың жалғыз баласы Қожахмет 1865 жылы Маңғыстауда Шайыр ауылында дүниеге келіп, осы Шайырдың солтүстік-батысындағы Ақтау-Аққорған таулы жеріндегі қуысты мекен етеді. Бұл жер кейін «Қожахмет қуысы» деп аталады. Қожахмет өз заманында еліне құрметті, сыйлы, иманды, көреген, өте қажарлы және дәулетті адам болған. Оның үш әйелінен бес баласы болды: бәйбішесінен (руы Мамыр) – Бимұханбет (1894-1983), екінші әйелінен (руы Медет, есімі Аккенже) – Нұрмұханбет (1896-1944) пен Нұрғазы (1898-1980), кіші әйелінен (руы Қыдырша, есімі Дәмелі) – Нұрлыбек (1919-2001) пен Бердібек (1923-1996).

Ел басына күн туған Кеңес өкіметінің билгі тұсындағы 1920-1930-шы қасіретті жылдарда Маңғыстау жері тұрғындарының туған жерінен ауа көшуіне, жат елдің топырағына барып бас сауғалауына тура келген. Маңғыстау қазақтарының парсы мен ауған, тәжік пен өзбек, қарақалпақ пен түрікмен жеріне қоныс аударуының арғы тарихын айтпағанда, кешегі Кеңес өкіметінің орнауы, ондағы ұжымдастыру саясатындағы асыра сілтеуден туындаған ел жайлаған ашаршылық, қуғын-сүргін кесірі Маңғыстаудың көптеген жұртшылығының дәл осы кезеңде көрші елдің табалдырығынан аттауына мәжбүр етті.

1927-1928 жылдары Маңғыстау өңірің жайлаған ашаршылық, одан кейін 1929-1931 жылдары орын алған Кеңес өкіметінің кәмпіскілеу саясатымен Қожахметтің балалары келіспей, Форт-Александровскіде қызылдармен жауласқан. Оған себеп болған Қожахмет атамыз бай болғандықтан оның бар малы мен байлығын тәркілеуі.

1931-ші жылдың наурызында Адай көтерілісі басталады. Адайдың әр арысы өз алдына жеке хан сайлап, Қожахметтің үлкен баласы Бимұханбет сол уақытта құрылған Тобыш жасақтарының бас сардары атанады. Оның қолында әкесінен алған бесатары болды, бұл бесатарды ақтардың атаманы Толстовтың бір әскерінен Қожахмет иеленіп қалған. 1919-1920 жылдары Кетікке Шайыр үстімен шұбырған ақтардың бір козак әскері Қожахметтің ауылына жақындап, оны үйдің қасында жүрген келіні көріп қалып, дереу атасы Қожахметке хабардар етіпті. Қожахмет тез арада үйден шығып, адасып жүрген әскерді ұстап алып, сол жерде төбелес болып, оны жеңіп жыққасын қолындағы бесатар мылтығын тартып алады. Осы бесатармен Кетік (Форт-Александровск) қаласын шабуылдауға Бимұханбет пен Нұрғазы аттанып шыққанда, түрмеде отырған жазықсыз қамалғандарды босату және қойманы бұзып, ондағы тауарды аш жүрген халыққа тарату еді. Түрмеге қамалғандардың арасында бай-кулак деп сотталған ағайыны Ермекұлы Бермағанбет те бар еді. Кетік түбіндегі ұрыста Бимұханбет қызылдарға жақындай келіп: «Ел адамысың, әлде жау адамысың?» – дегенде, қызыл әскерлері оған бірнеше рет мылтықпен атып, оның қолы оқтан жаракат алады. Әйтеуір ауылына аман жетіп, үй-ішімен ақылдасып, арттарынан қуғыншылар келмей тұрғанда отбасымен ауылын тастауға мәжбүр болады. Кеңес Өкіметіне бодан болмаймыз деп бір түннің ішінде жүктерін түйелерге арқалатып, Иран асып кетуге шешім қабылдайды. 1931-ші жылдың шілдесінде темірдей зеңбірекпен қаруланған Өкімет әскерлерінен көтеріліс жеңіліс тауып, Маңғыстау халқы үдере көшуге ұмтылады. Өкіметті мойындамағандар, байлар, намаз оқитындар және ереуілге шыққан батырлардың күресі енді жер үшін емес, бала-шаға қамы үшін және жер бетінен жоқ болып кетпес үшін артта ұрпақ қалдыру мақсатында туған жерді тастап, Кеңес Өкіметі орнамаған жерлерге кету болды. Қазақты қазаққа қарсы қойған саяси тұста, ағайынды бауырлардың сатқындық жасату кезінде, ОГПУ-дың мүшелері ағайынды рулас екі жігіт көшу алдында тұрған Қожахметтің ауылына келіп, тәркілеу мен жер аудару үкімін айтқанда, оларды Нұрмұханбет пен Нұрғазы аттарынан түсіріп сабап, қол-аяқтарын байлап тастайды да, өздерімен бірге жолға алып шығады. Шұбырып бара жатқан үлкен көшке Қожахмет отбасы жетісіп алғасын, биеге байланған қызылдардың екі қолшоқпарларын көштің батырлары келіп өлтіруге кіріседі, бірақ олардың алдынан Қожахмет тұрып өлтіртпейді. «Неге?» деген сұраққа Қожахметтің жауабы: «Олар бұйрықты орындаушылар, бізге ағайынды адамдар, оларды өлтірмес бұрын алдымен мені сосын бес баламды өлтіргесін ғана олардың жанын қия аласыңдар» – деп, ОГПУ-дың екі әскерін аман алып қалған. Көш орта жолға жеткенде, Қожахмет өз әулетінің көшін теңіз жағалап жүруге бұйырады. Себебі көшкен халықты кейін қайтару үшін Адай бандасы деп аталғандарды қуып келе жатқан әскерлер олардың алдында шекарада да күтіп тұрған еді. Бұл шешім дұрыс болып табылып, теңіз бойымен еш қарсылықсыз шекараға жақындағасын, ОГПУ-дың екі қызметкерін босатып, оларды әлсіз буаз биеге мінгізіп: «Елге бізден сәлем айтарсыңдар, біз Иранға тарттық» – дейді де, көшті Ауған асамыз деп Тәжік жеріне өтіп кеткен руластарына қарай бет бұрады.

Осы мезеттен дәл 1 ай бұрын Қожахметтің рулас ағайындары Тәжікстан мен Ауғанстан жерлеріне көшіп кеткен еді. Бұл ағайындардың боскыншылыққа ұшырау себебі – Кеңес Үкіметінің бай-кулактарды тәркілеу саясатынан озбырлық көріп,

қудалауға түсіп қалмас үшін жан сақтап, босқыншылықтың тағдырын кешу болды. Атап-айтқанда, 1 түннің ішінде 30 шаңырақ – оның ішінде шал-кемпірлер, әйелдер мен бала-шағаларын алып, барлығы 100-ден аса адам өз ата-мекенін тастап, жат жерге шұбырып барды. Тәжік және ауған жерлеріне көшкен бұл 30 отбасының (бала-шаға мен әйелдерді қоспағанда) есімдері мынадай:

1. Әбеңұлы Нұрсұлтан
2. Әбеңұлы Қансұлтан
3. Имамәдіұлы Өтеш
4. Имамәдіұлы Тәжен
5. Имамәдіұлы Әли
6. Имамәдіұлы Нұрнияз
7. Нұрмағанбетұлы Жүсіп
8. Нұрмағанбетұлы Жарылғап
9. Нұрмағанбетұлы Қали
10. Нұрмағанбетұлы Орынбасар
11. Нұрмағанбетұлы Ілесер
12. Ізмағанбетұлы Мұстафа
13. Ізмағанбетұлы Ибайдулла
14. Балтаұлы Еңсеген
15. Дүйсенбайұлы Тұрсынбай
16. Дүйсенбайұлы Тұрғанбай
17. Дүйсенбайұлы Сарыбай
18. Жұмашұлы Рахмет
19. Жұмашұлы Дабыл
20. Жұмашұлы Піржан
21. Бисенбайұлы Мәтжақып
22. Бисенбайұлы Сапар
23. Алдоңғарұлы Қаржаубай
24. Алдоңғарұлы Ерназар
25. Алдоңғарұлы Абдразақ
26. Қаржаубайұлы Қанатбай
27. Қаржаубайұлы Шүрегей
28. Қаржаубайұлы Балта
29. Қаржаубайұлы Төлеген
30. Абдразақұлы Көшер

Қасіретті 1931 жылы Қожахметтің жасы 66-ға келіп қалған болатын. Шекарадан өте бергенде, көш алдында Маңғыстауды қимай айтқан сөздері:

Күндердің күнінде ел елге қосылады, тау тауға қосылады.

Ат баспаймын деген жерді – үш басады,

Ел көрмеймін деген жерді – ер үш көреді.

Біз көрмесек те, егемендік өмірді кейінгі жастар мен ұрпақтар көреді...

Әрине, зеңбірегі гүрсілдеп, мылтығының аузынан қызыл жалын атқан қуғыншы жазалаушылар босқан елдің іргесі сетінемей, тұтас күйінде бір жерге жетуіне мүмкіндік жасамағаны белгілі. Жолда бар малынан айырылды, тұтқиылдан жасаған шабуылдан бастап келе жатқан басшысынан, қорғаны болар ер азаматтарынан айырылды. Азып тозған, құр сүлделері қалған, тірі қалғандары аяғының жетіп, маңдайы тірелген жеріне барып кідірді. Кешегі ру-ру болып отыратын, ағайынның қалың ортасында жүретін жайдың бәрі адыра қалды. Барған жерінде азғана

қазақтың бірігуіне, бір-бірінің қолтығынан сүйеп, демеп жүруіне тура келді. Дініміз бір, тіліміз жақын десек те, бөтен жердің аты бөтен жер. Өзге ұлттың ортасына тастай батып, судай сіңіп кету де оңай шаруа емес. Ол үшін етіннің тірлігі мен көзіннің ашықтығы керек. Түрікмен жері бітетін шекарадан әрі өте алмай, мұнда да қарақшылармен Бимұханбет жағаласып, жергілікті түрікмендерге де сес көрсеткен еді. Шекара аспай қайтып кейін қарай жүріп, алдыңғы жарақатынан жазылмаған Бимұханбеттің қолынан қан тамып, оған шыбындардың үймелегенін көрген көштегі Бермағанбетұлы Айымбай: «Қағып жіберсеңізші, үймелетпей» дей бергенде, Бимұханбет оған: «Мені жаудың оғы алмады, бұл құрт-шыбындар сірә ала-алмас!» – деп жауап қайтарған екен. Көне Үргенішке жеткенде, жергілікті руы Текс түрікмен жігітімен Нұрғазы келіссөз жүргізіп, оның бидай өсетін жерін алып, қасына паналай тұрады. Ержүрек батыр Бимұханбет ауыр жарақаттанған күйінде болады, Нұрмұханбет шаруашылықпен айналысып, Нұрлыбек пен Бердібек жастары кішілігінен тентекшілдеу болады. Әкесі бай болғандықтан және өмір бойы аттың үстінде өткізгесін, әйтеуір қара жұмысқа ешқашан да олар еңкеймеген.

1932 жылы Нұрмұханбеттің келіншегі егіз босанып, қызға Айтуған деп, сыңарына Төлеубек деп ат қойған. Зобалаң замандағы ауыр көштің кесірінен Айтуғаны жастайынан шетінеп, Төлеубек өлер-өлмес халінде жатқанда сол кездегі халық ырымы бойынша ауырған кісінің бойынан ауруын емдеу үшін малды айналдырады екен. Сол сәтте қастарынан еш малы болмағандықтан, Бимұханбет өзінің 7-8 жастағы Назым есімді қызын Төлеубектің бойынан айналдырады. Келесі күні Төлеубек ауруынан толық жазылып, аман-сау қалады, бірақ ауруды өзіне сорып алған Назым сол бойда мерт болады. Нұрмұханбет ризашылығын ағасы Бимұханбетке өз баласының өмірін қидыртқаны үшін Төлеубекті бала қылып алуға тапсырып береді. Нұрмұханбеттің алғашқы перзенті Шекер деген қызы бар еді, енді келесі ұл болады деп үміттеніп еді, Теңгеш келіншегі қатарынан екі қыз туып береді, есімдері Үміт және Айжамал. Бимұханбеттің әйелі Сұлухан көпке дейін бала босана алмайтын болғандықтан, артында ұрпақ қалдырсын деп Бимұханбетке Алуа есімді бойжеткенді токалдыққа алып береді. Одан Аяп және Төлеп есімді ұлдары болып, олар да жастайынан шетінейді. Кейін Ырыс есімді қызды болады. Нұрғазыға айттырып қойған есімі Хандигаш руы Жеменей Қаратоқа Жұбандықтың қызы еді, бірақ көтеріліс салдарынан оған үйлене алмай қалады, кейін Нәбихан есімді руы Жеменей Ақбота Екібай қызына үйленіп, одан алты ұл мен үш қыз сүйеді.

Парсы, Түрікмен, Өзбек, Тәжік және Ауған жеріне барған қазақтардың негізгі алға қойған мақсаты – әйтеуір тірі қалу емес, елдігін сақтап қалу, бірлігінен айырылмау еді. Жат елде жүрсе де Қожахмет балалары тектілігін көрсете білген, оларды «Бесен батыр ұрпағы, елінің ар-намысы үшін Маңғыстау көтерілісіне, одан кейін Адай көтерілісіне де қатысқан Тағанияз тентектің әулетінен» деп замандастары қадірлеп сыйлаған. Бимұханбеттің абыройы соншама, оның беделін жат елдің жергілікті халқы да мойындаған. Заман түзеліп, тағдырдың қыңыр қарауынан айырылса, түбі атамекенге кір жуып кіндік кескен жерге оралу еді, сонымен бірге аталарымыз сол бір қиын кезде туған жерге деген сағынышын бір-біріне көз жасын көлдете отырып айтатын. Маңғыстауда өздерінің мекендеп қоныстанған жер-су аттарын, өмірден өткен батыр бабалары туралы жыр әндерін әлі оң-солын айыра алмаған балаларының құлағына құя беретін. Сол жақта өмірге келген ұрпақтарының бойына Маңғыстауға деген сүйіспеншілік сонау балалық шақтарында бойларына дарып еді. Әкелерінің бауырында жатып, көздері көрмеген Жетібай, Шайыр, Шетпе, Бозашы жерлерін және Отпан, Шеркала, Айрақты, Аққорған тауларын өздерінше елестететін. Туған елін сағынған Қожахмет:

Маңғыстау – елің де бай, жерің де бай,
Жеріңе қайтып айналып бара қойсақ болады-ау
Малмен басын мыңғырғандай... деп жырлатып, қартайған шағында:
«Бұл кәпір өкімет берісі 40 жылда, әрісі 70 жылда жоқ болады, ақыры қосыласыңдар елмен, біз болмасақ та артымыздағы балалар қосылады» деп армандап отырады...

1937 жылы Қожахмет қайтыс болғаннан кейін, оның балалары ата-қонысына оралуды мақсат етіп, Маңғыстауға келіп кеткенде, ел арасы әлі тыныш болмаған кезі еді. 1941-1945 жылдарғы соғыс майдандарына Нұрмұханбет пен Бердібек аттанып, 1944 жылы Нұрмұханбет қаза табады, ал Бердібек 1945 жылы шығыс майданына жіберіліп, одан 1947 жылы отбасына оралады. Нұрмұханбеттің артында қалған балаларын оның ағасы Бимұханбет бағып асырайды. Сөйтіп не керек, елге деген, жерге деген сағынышы жасының ұлғайып келе жатқанын ескере отырып, осы балаларымды елге апарып, елге қоссам деген Нұрғазы кәкеміздің арманы болатын. Нұрғазының 1956 жылы Маңғыстау еліне Форт-Шевченко елді мекенінде тұратын рулас ағайындарының үйіне келіп кеткені бар. 1960-шы жылдары Жетібайда бір ағайынның үйінде отырғанда, сырттан есік ашып келген біреу: «Адай бандылары келіп қалыпты ғой» дегенде, дастархан басында отырған Нұрғазының інісі Нұрлыбек орнынан түрегеліп, жұдырықпен сол кісінің тұмсығына ұрып: «Не оттап келіп тұрсың? Сендей сияқты сатқындардың кесірінен халқымыздың тоз-тозы шығып, жан-жаққа бытырап кетті» – деп орнына үндеместей қойып тастаған екен.

1973 жылы Нұрғазы өзінің ортаншы баласынан кішісі Орынбекті ертіп, баяғы өзінің кіндік қаны тамған елі Маңғыстаудағы Шайыр ауылына келіп, сол жердегі немере інісі Көпжасардың үйіне тұрақтайды. Сол барған күні Көпжасар інісінен айналасындағы ағайындарды сұрастырып, қайсы шалдардың үйлері барын біліп, келесі күні сол шалдардың басын қосып үлкен әңгіме дүкен құрады. Нұрғазы кәкеміздің көзі көреген, көкірегі ояу, ескіше білімі бар және бес намазын тастамай оқитын, Құранды жатқа білетін, өз айналасына сыйлы да, құрметті, айтқан сөзі өтімді кісі болған. Жалпы Кіші жүз шежіресінде көне көз қариялардың айтуы бойынша Құлбаласынан тараған ұрпақтарының ішінде қол өнері мен қол шеберлері көп болған, соның бір айғағы – біздің әңгімелеп отырған Нұрғазы кәкеміздің қол шеберлігінде, оның қолынан шыққан небір сәйгүлік атқа арналған әдемі сүйектен ер жасаған және там салу, мәсі тігу тағы басқа да көптеген жәдігерлер болатын, қолынан келмейтін ісі болмайтын. Жалпы кәкеміз осындай кісі болған.

Нұрғазының әкесі Тағаниязұлы Қожахмет Түрікменстандағы Ташауыз велаяты, Көнеүргеніш, Сапармұрат Түрікменбашы этрабы, Ждан ауылындағы «Зорбай» (Айдалаң) қорымында 1937 жылы жерленген. Нұрғазының ағасы Бимұханбет 1983 жылы және інісі Бердібек 1996 жылы Қожелідегі «Мәздімхан» қорымында, інісі Нұрлыбек 2001 жылы «Кәді» қорымында жерленді, ағасы Нұрмұханбет 1941 жылы Ұлы Отан Соғысына кетіп, 1944 жылы майданда қайтыс болды.

Нұрғазы кәкеміздің туған жері Форт-Шевченко бұрынғы «Форт-Александровск» қаласында 1898 жылы дүниеге келген, 1980 жылы қыркүйек айында дүние салды. Әжеміз Нәбихан Жеменейдің Ақбота руынан шыққан 1916 жылы Бозашы елді мекенінде дүниеге келген, 1984 жылы қаңтар айында дүние салды. Олар Шайырдағы «Кәді» қорымына жерленді. Олардан туылған алты ұл: Төребек, Қазтұрған, Ізтұрған, Орынбек, Бекарыс, Бисенбай және үш қыз: Несібелі, Мендібеке, Жұма.

Зорбайдың Құлбаласы (шын есімі Құлмұхамбет – Ө.И.) руынан көптеген батырлар мен қол-өнер шеберлері шыққан, бірақ та көптеген мәліметтер дер кезінде жазылмай, қағаз бетіне түспей қалғандықтан ұмытылып қалған.

Кеңес Өкіметінің жазыксыз қуғын-сүргін көріп, елден қашып жаңұясымен Тәжікстан жеріне ауа көшіп барғандардың бірі – ишан Сағидолла Жұмағұлұлы.

Байшуаков Хұсейін Сағидоллаұлы 1942 жылы туған, Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының тұрғыны. Хұсейін ағамыздан ХХ ғасырдың 20-30 жылдары тағдыр тәлкегіне түскен Байшуақтар әулетінің тарихына қатысты естелігін жазып алғанмын [1]. Кеңес Үкіметінен жазыксыз қуғын-сүргін көріп, елден қашып жаңұясымен Тәжікстан жеріне ауа көшіп барғандардың бірі – Байшуаков Сағидолла ишан Жұмағұлұлының әулеті.

Әңгіменің әлкиссасын Хұсейін ағамыз есімдегілер деп бастады. Кеңес Үкіметінен жазыксыз қуғын-сүргін көріп, елден қашып жаңұясымен Тәжікстан жеріне ауа көшіп барғандардың бірі – Сағидолла әкем Жұмағұлұлы. Кеңес Үкіметі атасы Жұмағали ишан Байшуақұлы (1858 - 1934) бай санатына қосып, дүние мүлкін тәркілеп, он жылға Орынбор түрмесіне жабады. 1920-1930 жылдардағы елді жайлаған зобалаң Сағидолла ишанның да отбасын айналып өтпеді. Ата мекенін тастап Тәжікстан жеріне ауа көшіп босып барғандардың бірі – Сағидолла Жұмағұлұлы (1876 - 1964 ж.ж.) Ақтөбе облысы Қобда ауданы Қобда өзені бойында Өтешсай елді мекенінде дүниеге келген. Руы: Сармантақ Табынбала кезінде ауыл молдасынан сауат ашып, білім жолына 7 жасында керуенмен Бұхарға кетіп, білімін Бұхарадағы «Көкілташ» медресесінде оқып 22 жасында елге оралады. Елге келген соң, Алға ауданы Көлтабан елді мекенінен мешіт ашып, шәкірт оқытып, ересектердің діни сауатын ашқан. Дін мен ғылымды терең меңгерген Сағидолла ишан Уфадағы атаулы медресесін бітіріп, елге хазірет атағын алып оралады. Өзімен бірге Бұхарда оқыған Қали ишан қызы Нәзираға Сағидолла хазірет үйленеді. Отбасында бірнеше балалары болған.

Ұлты татар Сорокин атты түрме бастығы көп беймәлім істердің куәсі болып, тегін жан емес екенін мойындаған. Астындағы атын беріп, құрметтеп, арада жылдар өткенде, іздеп келіп бата сұраған. Қайын атасы Қали өмірден өтерде атай түрмеде отырса керек. «Сағидолла келіп, менің жаназамды шығарсын!» деп өсиет айтады. Ол өсиетті сезіп-білген Сағидолла Жұмағұлұлы таң намазын оқи сала түрме күзетшілеріне байқатпай, шығып кетіп, қайтыс болған қайын атасының намазын шығарады. Қали ишанның жаназасын шығарып, жерлеп қойған кезде артынан қуғыншылар келіп қалған. Сол кезде қалың қамыска кіріп кетеді.

Сағидолла Жұмағұлұлы бай дәулетті отбасынан шыққан, байларды кәмпескілеу кезінде 1928 жылы Башқұртстанға көшеді. 1948 жылға дейін сол жерде бой тасалап, жекенің малын бағады. Артынан қуғындалған хабар келген кезде, темір жол бойындағы паравозшылармен келісіп, бас сауғалап туыстарымен Тәжікстан жерін паналайды. Тәжікстанның ол кезде астанасы Ленинабад аталатын кезі. Астанаға жақын Калинин атындағы колхозға қоныстанып, сол елге қадірлі имам болған. Елге Ақтөбе қаласына 1962 жылы оралады. Ол кезде қартайған шағы. 1964 жылы 88 жасында қайтыс болады. Әкесі Жұмағұл хазіреттің мешітінің ішіне жерленген. Қобда ауданы, Қызылшан зираты.

Елге қиыншылық заман келіп, бас сауғалаған уақытта Сағидолла әкем мен Нәзира анамыз балалары Сапура мен Шүкіралыны уақытша балалар үйіне тапсырады. Кейін із-түзсіз жоғалған балаларының қайғысын көтере алмай Нәзира анамыз қайтыс болған. Содан кейін Сағира анама үйленген. 1942 жылдары Сағидолла әкей өкіметтен қысымшылық көріп, Башқұрт жерін паналайды. Мен ол кезде бесікте екенмін. Отбасымызда апайым Бәкиза (1927) ағайым Зарлыхан (1938) Башқұртстанның Амекачев ауданына қоныстанған. Жергілікті сол елдің

тұрғыны Гырфан атты башқұрт бір бөлмесін босатып беріп, әкейге сол елдің малын бақтырады. Малын бақтырған әр отбасы ақысына қаптап картоп, араның балын, оған қоса 2 килодан астық беріп отырған. Сол жақта 6-7 жылдай башқұрт ағайындармен араласып, жақсы сыйластықта болдық. Ес біліп қалған бала кезім. Бірде Гырфан ағай ұмытып балалардың қол жетер жеріне қол сағатын тастап кеткен. Оны көзіміз шалған біз балалар, қол сағатты қолға алып зерттей бастадық. Оңайлықпен ашылар, ішінен сыры шашылар сағат көрінбейді. Жүрегі соғып тұрған сағатты балталауға көштік. Сөйтіп, жанашыр Гырфан ағамыздың тым тәуір дүниесін балталап, жарамсыз етіп тастағанымыз. Мұны көріп-білген анамыз Сағира қысылып ағамызға өзге қол сағат ұсынғаны. Жүрегі мейірімді Гырфан ағай «Баланың ісі емес пе? Өйтпесе бала бола ма?» деп ұсынған сағатты алмай қойды. Ол ауданда аз болса да тыныш өмір сүргенмен, қуғындау хабары келген кезде башқұрт ағайындар «Біз сізді қуғындауға бермейміз. Ешқайда жібермейміз» дегенмен тыныш өмір болмайды. Тынымсыз әкем теміржол бойындағы паровоз машинистерімен хабарласып, Тәжікстанның Душанбе қаласына жақын Чептура жеріне қоныс аударуына тура келді.

Әкесі Чептура жеріне ертерек келген Садық Ядолла атты інісін сағалайды. Жергілікті адамдардан қазақтарды іздестіреді. Сол жерден Табын әулетінен шыққан Ақтөбенің Алға ауданынан жерлесі Біржан есімді кісіні іздеп табады. Біржан «Құдайы қонақпыз», деп келген жандарды «Бауырларым келді» - деп күтіп, жалғыз ешкісін сойып қонақасы берген. Сол елдің Гиссар атты ауданда Учхоз атты елді мекен болатын. Ол жерде 15 үйлі қазақтар тұрды. Гиссардағы мешітке әкей жиі намаз оқуға баратыны есімде. Кейін сол жерге қоныс аударып, Гиссар мешітіне имам болды. Ауыл ақсақалы Ишимов Мамыт атты атай әкейді ғұлама ишан деп, құрметтеп үйінен орын берді. Аса мейірімді Мамыт ағайдың отбасы, төрт балалары бар болғаны есіме сақталып қалды. Әкеміздің діни атағын құрметтеп «Социалистік Еңбек ері» атағы бар абыройлы, еңбегі елге танымал колхоз басқармасы Бөрі Азизов атты азамат келіп танысып, сол маннан 30 жүздік жері бар үлкен үйге көшіреді. Көші-қонға машина бөліп, қамқорлық жасаған. Өзбектер тәжіктер дінді құрметтейтін халық. Жұма намаздан қалмай мешітке жиналады. Балаларын атайға оқуға беретін. Сабақтар кешкісін болатын. Әкейдің қолы жеңіл. Жас балаларды сүндетке де отырғызатын. Бүгінде бір қызы Айша Қазақстанға қоныстанып, Сарағаш жерінде тұрады. Сол елде араласқан Досан ағайдың ұл-қызы болды. Ұлы Қозыбай әскерден келген соң, апамыз Бәкизаға үйленді. Сөйтіп әкей Тәжікстанға ертерек кеткен ағаларының соңынан жетеді. Ленинабадқа жақын жердегі Калинин атындағы колхозға қоныстанды. Мешітте имам болды. Ел халық қалтқысыз сыйлады. Тұрмыс тіршілігі тым тәуір. Бау-бақшалы еңселі үйіміз болды. Әкейдің оқымыстылығы сонша, сол жердегі мешітте имам болып шәкірт тәрбиеледі. Жас балаларды сүндетке отырғызды. Емшілікпен де айналысты. Үйімізге науқас адамдар жиі келіп, ішірткі дұға жазғызып, кітап аштырып, дем салдыртатын. Құран кітаптары өте көп. Оларды қастерлеп жинайтын. Ол кітаптар қолжазбалар күні бүгінге дейін қолымызда. Сол уақыттарда қай жерге, қай елге қоныстансақ та, отбасының алаңы, қорқынышы бір сәт те сейілген емес» деп есіне алады Хұсейін ағамыз Сағидоллаұлы.

– Тәжік жеріндеміз. 1954 жылдары таңға жуық қақпаның жанына тоқтаған «М-20 Победа» машинасын байқаған әкей: «Анау, Алмас неге сүмірейіп тұр? – деп сұрап. – Сағира, маған да қуғын келді. Шайыңды әзірлей бер. Алла жар болсын!» деді.

– Ассалаумаликум бобо! – деп амандасқан ірі денелі тәжік азаматы есік алдында тұрып қалды. Қолдарында әкейді тұтқындау туралы заң орындарының анықтамасы. Келген қонақтарды төрге өтуін өтінген әкей қымыз ұсынды. Сол кезде келген

қонақтардың аяқ-қолдары дірілдеп, не дерге білмей «Бата беріңіз!» дегендей болған соң, әкей батасын жаудырды. Мезгілсіз келген жандар бата берген әкейдің қолын сүйіп, кешірім өтінеді. Тұтқындау туралы бұйрық қағазды сол жерде жыртып тастайды. Олар Тәжікстан ҰҚК бастығы Ишанқұл Хафизов еді. Олардың айтқаны «Сіз туралы іс қозғалған еді. Ол адамды табамыз деп сөз бергенбіз. Кешіріңіз осындай білімді сыйлы адамды әуреге салдық». Кейін, бірнеше рет қонаққа шақырып құрметтеді.

Есімде, 1959 жылы бір кездері Бұхарада діни мектепте оқыған замандастары Бисен Абдоллаұлы, Кәрімберген Сарқұлов хазіреттер іздеп келгені. Бұл жандар бір кездері имандылық жолында Бұхарада бірге оқып, елді имандылыққа ұйытқан, кейінгі өмір жолдары қиыншылықпен өтіп, Сібірде айдауда болып, ақталып, енді ес жиған кездері болса керек. Қуанышпен қарсы алдық. Мал ұстап отырғанбыз. Қонақтарға әбден семіздіктен баса алмай қалған, құйрығы тегенедей етіп, арт жағына екі аяқты арбаға артып қойған семіз қойды сойғаны есімізде. Келген меймандарға сойған қонақасымыздың семіздігі сонша, адам таң қаларлық еді. Өйткені сойған қойдың ақтарылған ақ майлылығы өз алдына, қабырғаларының өзі шидей жіңішке. Көптен көріспеген хазіреттер арқа бойын жазып, дидарласты. «Аға, сені сағындық. Аңсап келдік. Осы күнге шаққа жеттік», - деп ардақтап келген аталар апта жатып кеңесті. Естелік болсын деп оларды суретке де түсіріп алғанбыз. Аталар ел аралап, жер танып дегендей бір жасап қалды.

Суретте: (солдан оңға қарай) Бисен Абдоллаұлы. Сағидолла Жұмағұлұлы, Кәрімберген Сарқұлұлы. 1959 жыл Тәжікстан.
(Фото Хұсейін Сағидоллаұлының отбасылық архивінен алынды)

Тәжік елі табиғаты бай. Жасыл желекті өлке. Биік таулары, тасына дейін гүлдеп тұрғандай әсем көрікті. Сарқырама өзендері. Көгілдір көл, кең дария сулары егістікке, бау бақшаға мол. Бұл жақта сирек өсетін жеміс - жидектер мен көкөніс өнімдері жылдың қай мезгілін алсаңыз да бай. Жылдың төрт мезгілі тұрмысқа қолайлы. Қыраулы қыс дегеніңіз айтарға ғана. Қыс айлары тамылжыған күз болып, жеріне

сарғайыңқы көрік береді. Жергілікті ұлт өкілдері жермен айналысатын еңбекқор жандар еді. Сол ағайындармен тату-тәтті сыйлы болып күн кештік. Мен 2-ші сыныпты өзбек мектебінде, 3-ші сыныпты тәжік мектебінде, 7-сыныпқа дейін орыс мектебінде оқыдым 8-жылдық біліммен Автомеханика техникумына түсіп, мамандығым бойынша жұмыс істедім. 1962 жылы әскер қатарына алындым. Түркіменстанның Мары қаласында әскери міндетімді өтедім. 1963 жылы демалысқа келдім. Ол кезде Қазақстанға көшіп келген әкейдің картайған шағы. Заман тынышталған соң, елге жетуді мақсат етіп, Ақтөбе қаласынан орталық көшелерден үй сатып алған. Ата-жұртқа жетуді армандап «өзге ел, басқа ғұрып, басқа ұлт» дегендей. Әкей бізді Тәжік елінің қыздарына үйлендірмеді. Мен сол демалысқа келген кезде Капыбаев Қазиханның қызы Жаңғақ (1942-1987) атты қызға үйлендім. Ұл қыз сүйген бақытты шаңырақ едік. Көп ұзамай әкем Сағидолла 1964 жылы қайтыс болды. Өзінің өсиеті бойынша әкесі Жұмағұлдың мешітіне ішіне жерленді. Ал мен әскерден оралған соң, партия қатарына өтіп, Ақтөбе қалалық Ішкі істер бөліміне жұмысқа орналасып, абыройлы қызмет атқардым. Жан жарым балаларымның анасы Жаңғақ өмірден озды. 1992 жылы еңбек демалысына шықтым. 5 баламыз бар. Бүгінде кейінгі үйленген жұбайым Тамарамен немере шөбере көрген үйелменді отбасымыз. Тәжікстанда тұрған жездеміз Досанов Қозыбай, апамыз Бәкиза отбасымен көшіп, Қызылордаға барып, одан Ақтөбеге келіп қоныстанды. Олардың 9 ұл-қызы бар. Сол кездерде әкейдің айтқан болжамдары есте қалған. «Күндердің күнінде осы үкіметке де бір зауал болар. Мешіттер қайта қалпына келтірілер» деп. Сол болжамдарын күні бүгінге дейін дұрысқа санаймын. Алла қолдап ойламаған жерден 2004-05-06 жылдары 3 жыл қатарынан Мекке Мединеге қажылық сапарда болдым. Қасиетті қағбаны көріп, Арафат тауына шықтым. Бұл да бір Алланың маған берген сыйы шығар.

Зейнеткер болсам да мен қызмет атқарған Ақтөбе облыстық ішкі істер бөлімі құрметтеп сый сияпат көрсетіп мерекелік жиындардан қалдырмай марапаттап отыр. Мың алғыс баршасына! Бұл күнге жеткеніме Аллаға «тәубә» деймін. Жүрегімді мақтаныш кернейді. Батыр да болған айбынды. Би де болған беделді. Діндар да болған аруақты бабаларым жарыққа шығып, кейінгі ұрпақтарыма мақтаныш боларлық дәуірге жеткеніме қуаныштымын. Тәуелсіз ел болғанымызға, жариялылық заманы туғанына, бақытты ел болып, тыныштықпен өмір сүргенімізге мың шүкірлік етемін, - деді

Жиырмасыншы ғасырдың басында тәжік жері қуғын-сүргіннен қашып барған көп қазаққа пана болды. XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанның Ақтөбе, Қызылорда облыстарынан көптеген қазақтар үдере көшіп барды. Алдымен Өзбекстанның Қаршы деген жерінде кідіріп, сол жердегі отырықшы елге сыйыспаған соң, Тәжікстан арқылы Ауғанстан жеріне асқан. 1924 жылдары Тәжікстанда да кеңес өкіметі орнады. Ауғанстанмен арадағы шекара жабылып, қалың қазақ мал-жанымен осы жерде қалаған. Кеңестік биліктің зорлығынан қашқан ишан-қожалар, үлкен ғұламалар сол жерге орналасқан. Қазақстанда аты белгілі Ақ қожа ишанның немересі Махмұт ишанда ата қонысын тастап ауа көшіп барған. Алпысыншы жылдары олар да елге қайта көшті.

Жергілікті тәжіктер таулы Памирды мекен еткен, ал жазықта Бұхарадан, Самарқанд тәжіктері, өзбектер қоныс тепкен. Екі қала да ежелден мұсылмандар мекені. Ала сапран жылдары елден босып келген көптеген қожалардың бейіті Тәжікстанның Қорғантөбе қаласының айналасында. Бұл зертеушілердің кезегін күтіп жатқан тарихи мәселе. Себебі, көшкен қазақтардың мал-жанынан бөлек, байлығы да, рухани қазынасы да сол жақта қалды. Қазақтың өткен ғасырдың алпысыншы жылдарға дейінгі тарихының бір кезеңі осындай болса, алпысыншы жылдардан кейінгі тәжік елі экономикасында қазақ ағайындардың үлесінің алған

орны болған. Бұл қазақ тарихының қазіргі заманының дерегі. Әртүрлі салаларда еңбек еткен қазақтар да жетерлік. Қазақтар канал қазған, түйелерімен жүк тасып, жол салып, қала тұрғызған. Қазақтар түйе керуенімен Яваннан Қорғантөбеге азық-түлік тасып, қажетті заттарды жазыққа жеткізіп тұрған. Ол кезде түйесіз қазақ болмаған. Қазақтың ең кедейінде екі түйесі боған. Тәжікстанға түйемен барған қазақтар Тәжік елінің экономикасын дамытуға өз үлестерін қосты. Тәжікстан трансұлттық компаниясының негізін түйелі қазақтар құрған.

Хүсейін ақсақалдың айтуынша, атасы Жұмағұл Байшуақұлы (1858-1934) діни адам ишан, байдың ұрпағы ретінде қуғынға ұшырап, мал-мүлкі тәркіленіп, өзі он жылға Орынбор түрмесіне қамалған. Алты жыл түрмеде отырып, ауруға шалдыққан соң, денсаулығының нашарлауына байланысты түрмеден босатылған. Елге келе жатқанда жолда 1934 жылдың көктемінде қайтыс болған. Атасының сүйегі Ақтөбе облысының Қобда ауданынына қарасты Жарсай ауылынан 13 шақырым жерде Қобда өзенінің жағасындағы биік қыр басындағы төбеде жерленген. Ол жерде бұрын мешіт болған. Хүсейін ақсақалдың әкесі Сағидолла Жұмағұлұлы сол мешітте имам болған. Сағидолла Жұмағұлұлының сүйегі өзі иман болып қызмет еткен мешіттің орнына жерленгенін жоғарыда айттық. 2021 жылы шілде айында Хүсейін ақсақалмен бірге Жарсай ауылына бардық. 82 жастағы ағамыз әлі тың, Ақтөбе қаласынан Хобда ауданының Жарсай ауылына барып келгенше жеңіл машинасын өзі жүргізді. Жарсай ауылының тұрғыны Байгельдинов Жүсіп Хамитұлымен үшеуміз зират басына барып Сағидолла иман Жұмағалиұлына, атасы Жұмағұл Байшуақұлының зираттарына барып марқұмдарға құран бағыштадық.

Әлшекей күйші сияқты саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар Тәжік елін паналап келгендігі де бүгінде белгілі болып отыр. Ал өмірінің соңына дейін Тәжікстанда еңбек етіп Тәжікстан Жоғарғы Кеңесіне 2 рет депутат болып сайланған әйгілі мүсінші Жанғазиннің еңбектері арнайы әңгімеге арқау болар үлкен оқиға деуге болады[2].

Тәжікстандағы қазақтардың 1990 жылдардан кейін 11 мыңнан астамы атажұртқа қоныс аударған болатын. Олардың арасында өздерінің бұл елдегі тарихын біршама жақсы білетін көнекөз қариялар аз емес. Сондықтан олар бақилық болмай тұрғанда Қазақстан ғалымдары арнайы іздеп барып, әңгімелерін жазып алса жөн болар еді.

Ресей-Тәжік (Славян) университеті тарих және журналистика теориясы кафедрасының профессоры Абдусаттор Нуралиев: Қазақ халқы өнегелі өмір сүрді. Сол кезде оқу орындары Самарқан, Бұхарада болды, біздің есептеуміз бойынша 70-ке жуық қазақ жазушылары осы оқу орындарында, медіреселерде оқып шыққанан айтады. Сағидолла ишан Жұмағұлұлы Бұхарада медреседе оқыған.

Абдусаттор Нуралиевтің әке-шешесі екінші дүние жүзілік соғыс біткеннен кейін Шардараға қоныс аударған. Өзіде Шардарада мектеп бітіріп, Алматыдағы Қазақ ұлттық университетіне журналистика мамандығына оқуға түседі. Ұлты тәжік болғанымен қазақшаға жүйрік. Оқуын бітіргеннен кейін жолдама мен Душанбеге келеді. 50-ден астам уақыт шәкірт тәрбиелеп, қазақ пен тәжік тарихын зерттеп жүрген жаны қазақ пен тәжік мәдениеттін зерттеп, 4 әдеби шығарма жазды. Зерттеушінің бұл ісіне Тәжікстандағы Қазақстан елшілігі қолдау жасаған [4].

Тәжікстанда 2 (екі) мыңға жуық қазақ тұрады. біразы қазақ жерінде ала сапыран революция болған кезінде, тау асып, пана іздеп келсе. біразы кеңес үкіметі кезінде оқуға, жұмысқа келіп қалып қойды. Душанбе де 80-ге жуық қазақ отбасы тұрады. Жат жерде жүрседе, қазақтардың тілін білуге ынтасы зор. Өйткені көбі болашағын қазақ елімен байланыстырады. Тіл оқуға деген құштарлық осыдан туса керекті.

Әбдісаттар Нұрғалиев: – Тәжікстандағы аз қазақтың басын қосатын – «Бәйтерек» мәдени орталығы 2006 жылы Қазақстан елшілігі қолдауымен құрылған, оның жұмысына Душанбедегі қазақ елшілігі көмектесіп тұрады. Бәйтерек орталығының жетекшісі Зәуре Советқалиқызы Саминова Шығыс Қазақстан тумасы, жұмыс бабымен келіп тәжік азаматына тұрмыска шығып таулы тәжік жерінде қалып қойыпты. Зәуре Советқалиқызының Тәжікстанда тұрып жатқанына 38 жыл болыпты. 3-ші Құрылтайға барғаннан кейін жан жақтан келген қазақтармен танысып, олардың жұмысын көріп танысып, қайта Тәжікстанға келгенде сол елшілік арқылы, елшілікпен ақылдасып Бәйтерек ұйымын құрған.

Елшілік тарапынан жыл сайын киіз үй, домбыра, ұлттық нақыштағы киім кешектер жеткізіледі мұндағы қазақтардың кәсібі де әркилы. Мемлекеттік қызметте де істейтіндер бар. Мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар да бар. Бірақ қазақ тілін білетін ақсақалдардың бәрі Қазақстанға кетіп қалған. Қазіргі жастар ана тілін білмейді. Бұған, біріншіден, мектепте қазақ тілінің оқытылмайтыны себеп болса, екіншіден, өскен органың әсері көп. Себебі бұл жерде өзбек ұлтының өкілдері көп шоғырланған. Сондықтан да болар қазақ жастары не орысша, не өзбекше сөйлейді. «Бәйтерек» орталығы қазақ жастарын жинап, тілін-дәстүрін үйретуге барынша жұмыс жасайды. Өскен ортасына байланысты ұстанатын салт-дәстүрлері де бейімделе береді ғой. Орта мектепте қазақ жастарының алдында не өзбекше, не, орысша, не тәжікше оқуға таңдау бар. Сол себепті орта мектеп бітірген жастар Қазақстанға кетуге, сол елде білім алуға талпынады. Жыл сайын арнайы конкурстан өтіп, Қазақстаннан оқуға мүмкіндік алып жатқан жастар да жетерлік.

Бәйтерек ұйымын құрудағы басты мақсат, бастапқыда болған 14 мың қазақтан қазіргі уақытта 2 жарым 3 мыңға жуығы қалған. Сол қалған қазақ балаларға қазақ тілін дәстүрін дәріптеп, қыз келіншектерге ою өрнектер сақтап балаларына дәріптеп ас пісіретін дәстүрлерді дәріптеу, - дейді Зәуре Саминова. Бәйтерек клубы қазақ тілін, қазақ салт дәстүрін, ою өрнегін дәріптейді. Елінен жырақта жүрген қандастарымыз, тамыры терең елінің тарихын ұмытпауын, атадан балаға мирас болған дәстүрінен қол үзбеуін көздейді. Қазақ қоғамдық бірлестігі тәжік жерінде өтетін мерекелерден құр қалмайды, үкілі кәмшат, бүрмелі көйлегін киіп қазақ ұлттының бай мұрасын насихаттап жүреді.

Тәжікстанда қазіргі таңда өзін қазақпын дейтін адамдардың жалпы саны 2 мыңға жуықтайды. Алайда 2013 жылғы халық санағы бойынша қазақтардың саны 600 болған. Бірақ бұл санаққа енбей қалған қазақтар да болған. Мәселен, Жылыкөл ауданында Гарагути деген жер бар. Қазір ол «Тәжікстанның 20 жылдығы» деп аталады. Сол жерде Қызылордадан барған 60 үй наймандар бар. Ол жерде өзбектер басым тұрғандықтан 200-ден астам қазақ балалары өзбек мектептерінде оқиды. Ондағы қазақ балалары қазір қазақша мүлде білмейді. Үлкендері қазақша сөйлегенде өзбекше араластырып сөйлейді. Бала-шағаның болашағы үшін көші-қон мәселесі оң шешілсе Қазақстанға қоныс аударамыз деп жүргендер баршылық [18].

Қорытынды. Біріншіден, Бай-құлақ элементтері атанып ату жазасы мен ит жекенге жер аударылудан қашқан байлар мен ишан, молдалар, малдан айырылып елді жайлаған аштық ажалының құрығынан аман қалудың амалымен ата қоныстарын тастап шекара асып, жат жерге ауа көшіп қоныс аударуға мәжбүр болғандарды ОГПУ құжаттарында: «ұйымдасқан бандылар тобы» деп тіркеді. Сондықтан оларды бандылық топ ретінде жазалап, қарусыздарды атып жойып отырды;

Екіншіден,Тәжікстан жерінен қазақтардың кейін оралуы 1960-шы жылдарға дейін тоқтамады;

Үшіншіден, Тәжікстаннан түгелдей қайтпай, Қазақстанға келе алмай сол жерде қалған қазақ ұлтының өкілдері әлі де бар;

Төртіншіден, 1933 жылдың ақпанында жаңа басшылықтың келуімен байланысты БК(б)П Қазақ өлкелік Комитетінің кеңейтілген VI пленумы өткен екі-үш жылдан кейін 400 мыңнан аса ауа көшкендерді ата қоныстарына қайтару, колхоздарға орналастыру мүмкіндіктері жасалды. Өкінішке қарай ауа көшкендерді туған жеріне қайтару істері күрт үзілумен байланысты толық аяқталмады. Л. Мирзоян басшылығының өзі саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Тек бұл жұмыстардың ұйымдастырылуының екінші кезеңі кейінірек, 1950 жылдардың ортасынан бастап, 1960 жылдары қайта жалғасты;

Бесіншіден, жаппай коныс аудару қазақтардың ұжымдық наразылық пен ұжымшар құру саясатына қарсылық білдіру формаларының бірі болды және аштықтан аман қалудың бірден-бір амалы болғандығын зерттеулер нәтижесінде дәлелденді;

Алтыншыдан, нәубет жылдары қасірет шегіп тағдыр тәлкегімен мәжбүрліктен жат жерді паналаған қазақ халқының тектілігі мен рухының мықтылығының тарихының баяны;

Жетіншіден, отаншыл, елжанды босқыншылыққа ұшыраған ұлтымыздың ата мекеніне ұрпағымен оралған тарихы. Бұл нәубет жылдарының қасіретке толы қазақ тарихының бір парасы болып қала бермек [19; 20].

Пайдаланған әдебиеттер

1 Исенов Ө.И., Купенов Б.Қ. Тәжікстан республикасына 1920-1930 жж. коныс аударған қазақ босқындары: олардың бейімделуі // Отан тарихы. – №3 (99) 2022. – 96-105 б.

2 Нуралиев Абдусаттор. Казахи Таджикистана. – Душанбе. Истеьдод. – 2016. – 160 с.

3 Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві (ӨРОМА), –721-қор, 314-тіркеу, 315 – іс, 349-356 парақ.

4 Нұртай Лаханұлы.«Тәжікстандағы қазақ жастары ана тілін білмейді» 31 қаңтар 2017 жыл. https://www.azattyq. org/a/tajikistan_ kazakh_ people/ 2826 9359.html

5 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты / Правда о голоде 1932–1933 годов / Аяған Б.Ғ., Қыдыралина Ж.Y., Ауанасова А.М., Қашқымбаев А.Н., Анафинова М.Л., Ілиясова К.М.; Б.Ғ. Аяганның редакциясымен. – Алматы: ЖШС Литера-М, 2012. – 336 б.

6 ҚР Маңғыстау мемлекеттік орталық архиві (ҚР ММОА), 17 - қор, 11 - тіркеу, 257 - іс.

7 Исенов Ө.И. XX ғ. 20-30 жж. ауа көшкен босқындар жайынан. // Taisoigan. kz Өлке тану. Шежіре. Жаңалықтар. http://taisoigan.kz/tarikh-lketanu/article_post/hh-g-20-30-zhzh-aua-köshken-bosk,yndar-zhajynan: Жарияланған уақыты: 30.10.2021 жыл.

8 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997 – 320 б.

9 Исенов Ө.И., Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы ашаршылық пен босқыншылық (1920 ж. соңы - 1930 ж. басы). // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршы.Тарих сериясы. – №3 (106). – 2022. – Алматы: Қазақ университеті. – 145-157 б.

10 ҚР Атырау мемлекеттік орталық мемлекеттік архиві (ҚР АтМОА), 31-қор, 1-тіркеу, 79 - іс.

11 Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 30-қор, 7-тіркеу, 100 - іс, 217-219 парақ.

12 Татимов М.Б. Демографические последствия перегибов в коллективизации:

«белые пятна» в исторической демографии Казахстана. Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы. – Алма-Ата: Гылым, 1990. – 200 с.

13 ҚР ОМА. 5-қор. 16–тіркеу, 365–іс, 2, 3, 5, 10-пп.

14 Тарихы терең Тәжікстан. https://e-history.kz/kz/news/show/1530/ 10 ақпан 2018 жыл.

15 Мұхит асқан қазақ қызы америкада 101 жасқа толды. (01. 06.17). // https: // youtu.be/GpONGyrdTE4

16 Тәжікстан қазақтары өзбекше оқудан қашып, Қазақстанға оралмақшы. //https:// vk.com/wall-75031742_55240

17 Ақтөбе МОА. 13-қор, 3-тіркеу, 64 - іс, 9-18 парақ.

18 Ерлік Ержанұлы. Тәжіктер арасында біздің түбіміз түрік дейтіндер аз емес. // https: // alashainasy.kz/society/tajkter-arasyinda-bzdn-tubmz-turk-deytnder-az-emes-61680/

19 Исенов Ө.И. XX ғ. 20-30 жылдары Тәжікстан республикасына қоныс аударған қазақ босқындары: тағдыры және олардың бейімделуі// «Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. XX века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, Р.Ж. Байдалы. – Алматы: Литера-М, 2021. – 296 б. – 101-118 б.

20 Исенов Ө.И., Зулгараев Р. Босқындар тарихы - қазақ тарихының қаралы беттері (XX ғасырдың 20-30 жылдары) //«Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. XX века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, Р.Ж. Байдалы. – Алматы: Литера-М, 2021. – 296 б. – 219-230 б.

4.6 Түрікменстан республикасына қоныс аударған қазақ босқындарының тағдыры мен олардың бейімделуі

Р.Ж. Байдалы

Қазақтардың Түрікмен жеріне қоныс аударуы негізінен 1920 жылдың соңы мен 1930 жылдардың басында жұт, кәмпескелеу, ұжымдастыру салдарынан болды. Қазан төңкерісіне дейін Маңғыстауда 24 болыс болса, солардың екеуі Батыс Түрікменстанда орналасқан еді. Ал ашаршылық жылдары Маңғыстау қазақтарының 75 пайызы сыртқа босып, Шағадам, Айдын, Қазаншық, Ұзынсу, Іскендр, Көктепе, Апғабад, Байрамалы, Тежен жолымен шұбырған елдің біразы осы аралықта тұрақтап қалды. Тұрақтамағандары Ауған, Иран еліне жетті [1, 13б.]. Осы кезде Жем, Сағыз, Ақтөбе өңірінің қазақтары да атамекендерін тастап кетіп, Қарақалпақстан жеріне, Бесқалаға (Ташауыз, Хожелі, Үргеніш, Көнеүргеніш, Қоңырат), өзбек, тәжік, жеріне Шарджау облысының Қарабекауыл, Саят, Дейнеу, Дарғаната, Қызылаяқ, Керкі мекендеріне аяқ іліктіріп, түрікменнің Эрсары, Сарық, Салур руларымен тіл табысып, қоян-қолтық араласып кетті. Қазіргі кезде Мары уәлаятының Жолөтен, Тақтабазар, Күшкі аудандарында «Калимор», «Шеминобит», «Пограничник», «Красное знамя», «Комсомол» деп аталатын совхоздар болса, осы шаруашылықтардың негізін қалаған

қазақтар еді. Біз айтып отырған босқыншылықтың ұзаққа созылғандығының, елдің әр жерде бытырап қалуының белгісі – соңғы кезге дейін Красноводскіден Шарджауға дейінгі аралықта қазақтар кездеспейтін бірде-бір ауыл болған жоқ. Енді ғана қазақтар атамекенге қайта оралуда.

1930 жылы 24 қарашада ОГПУ өкілеттілігінің «Қазақ жерінен қазақтың көшуі жөніндегі арнайы мәліметі бойынша» деген архив дерегінде: «Көшіп кету тоқтамай тұр, әсіресе шекаралас аудандардан көп кетуде. Гурьев, Орал, Қарқаралы және Петропавл округтерінен соңғы кездері ішкі көшіп кетулер орын алуда. Халық Сырдария округінен Өзбекстан мен Қырғыз жеріне көшуде. Оның негізгі себебі – байлардың астық дайындаудан және салған салықтан қашуы. Көшіп кетушілер орташалар мен кедейлерді «жақсы билік», «өмір сүру үшін жақсы жер» табамыз «Біз кеткеннен кейін жергілікті билік бар ауырпалықты кедейлер мен колхозшыларға»– сендерге түсіреді–деп үгіттейді» – деп жазылған. Біз бұған қоса жергілікті жердегі ауылдық аппарат жұмысшыларының теріс іс әрекеті жағдайды онан әрі күрделіндіріп жіберді-деп айта аламыз. Сонымен қатар бұрынғы Гурьев және Орал округінің территориясында мал азығының болмауы да жергілікті қазақтың жаппай көшуіне әкеліп соқты. Толық емес мәлімет бойынша 15 қарашада Орал округінен басқа аудандарға 10 000 шаруашылық олардың 60 пайызы орташалар мен кедейлер болған. Гурьев округі Ақтөбе жерінен малға жем-шөп болмағандықтан көшіп кетуші 500 шаруашылықтың мақсаты Түрікменстанға жету болған [2, 178-184 п.]. Біздіңше ашаршылыққа дейін ру ақсақалдары бастап күші барлар малымен көшсе, кейін 1931-1933 жылдар аралығында ұрпағын аман алып қалу үшін көрші елдерге босып кетті. Сонымен қоса біз бұл жерде көрші елдермен салыстырғанда Қазақстанда халықтан астық жинау мен әр түрлі шикізаттардан салық алу саясатының шектен шыққанын көреміз.

Келесі архив құжатында 1930 жылдың көктемінен 1931 жылдың қаңтары аралығында толық емес есеп бойынша 34 577 шаруашылық көшкені көрсетілген. Қазақтардың ел ішінде көшуі бір ауданнан бір ауданға басталса, сыртқа кетуі Қазақстаннан тыс Өзбекстан, Түрікменстан және Қытайға дейін жалғасқан. Көшу жыл бойы тоқтамай шілдеде 43, 2 пайызға, қарашада 31, 6 пайызға көтерілген. Бұрынғы Гурьев округінен 500 шаруашылық, ал, Ақтөбе округы Табын ауданынан (нақты саны көрсетілмеген) халық Түрікменстанға жаппай көшіп кеткен. Ақтөбе ауданы тұрғындарының аштықтың салдарынан көрші Орск ауданына көшуі күшейе түскен. Мәселен №27 ауылдың 10 шаруашылығы азықтың болмауынан Орск қаласына көшіп кетсе, №23 ауылдан 10 отбасы Ақтөбе қаласына Химкомбинаттың құрлысына жұмыс істеу үшін кеткен. Дәл сондай жағдайда №2, №35 ауылдардан шаруашылық тұрғындары жейтін нан қорының болмауынан көше бастаған. Ақтөбе округінің Шыңғырлау ауданынан мемлекеттік салықтан қашып күзде 151 шаруашылық, Теңіз ауданынан 38 шаруашылық, Темір ауданынан 461 шаруашылық, Ойыл ауданынан №10 ауыл түгелімен көшіп кеткен. Ал, Елек ауданы мал тапсырмау үшін жасырынса, осы ауданның №41 ауылының 9 дәулеттілері, №19 ауылдың 29 бай шаруашылығы алдын ала малдарын сатып, Түрікменстанға өтіп кеткен. Табын ауданының тұрғындары Аманша Қандыбеков пен Тұмышев Жаңбыр Түрікменстанға көшер алдында халыққа жақын арада әртүрлі жүн, ет, шөп тағы басқа салықтар салынады, сол себептен күйреуден аман қалудың жалғыз жолы – Түрікменстанға көшу деп үгіттеген. Осы ауданның №1, №3 ауылдарының дәулетті байлары Түрікменстанға көшіп, сол жақта малдарын сатып, тұрғылықты жеріне кедей болып оралған [3, 1-12 п.].

1928 жылы қазіргі Маңғыстау жерінде жұттан басталған ашаршылық 1930 жылы ары қарай жалғасса, Қазақстанның біраз өңірінде ашаршылық сол жылы басталғанын аңғарамыз. Азық-түлік тапшылығы, малына беретін қыстық жем-шөбінің болмауы ашаршылыққа ұшырай бастаған шаруашылықтарды көршілес өңірлерге күші барда көшуге мәжбүр етті. Бір жағынан жергілікті билік үстін-үстіне әртүрлі салықтар сала бастады. Шектен шыққан ұжымдастыру мен салық саясаты жүргізілгендіктен шаруашылықтардың алды аштыққа душар болып, адамдардың жеке бастары қуғынға ұшырай бастады. Сол уақытта Түрікмен, Өзбекстан, Қарақалпақ және Қырғыз жерінде дәл қазақ даласындағыдай ұжымдастыру жүргізілген жоқ. Бұны көшіп- қонып жүрген қазақ шаруалары білді. Қазақ шаруаларының алғашқы кезде көшіп кетуі Кеңестік билікке қарсылықтың бір формасы еді. Мәселен 1931 жылдың 15 сәуіріндегі мәлімет бойынша Түрікменстан мен Қырғызстан территориясына көшіп кетуді ұйымдастырушылар «Қазақстанда мал салығы алынады ал, Түрікменстан мен Қырғызстанда өмір сүруге болады» - деп насихат жүргізген. «Біз өз тарапымыздан үкімет пен партияның саясатын, байлармен күресті, таптықты түсіндірудеміз, сіздер де Қазақстаннан көшіп барушыларды ұйымдастырушы байларға қатаң шара қолданып, салық салып, репрессия жүргізуді өтінеміз» – деген Исаевтың жеделхатында Орталық Комитеттің Орта Азия бюросы мен Түрікмен және Қырғыз еліне жолданған [4, 10 п.].

Келесі құжаттан көретініміздей 1931 жылдың 7 маусымындағы ОГПУ мәліметі бойынша егін егілмей, жоспар орындалмай жатты. Астықтың болмауынан Ақтөбе ауданының 3 колхазының 2634 гектар жеріне егін себілген жоқ. Преснов ауданы № 11 ауыл кеңесі егін егуден бас тартса, Троицк селосының тұрғындары жаппай көтеріліп тұқымдық астық талап еткен. Қазалы, Адамовск аудандарының колхозшылары тұқымдық астықтың бір бөлігін жеп қойып, егілген егіннің шығысы өте нашар болған. Әсіресе шекара бойындағы шаруашылықтар көшіп кеткен. Олар қарулы қарсылық көрсетті деген мәлімет бар. Мәселен, «Орал округі Тайпақ ауданынан 70 шаруашылық Самарск ауданына көшіп кетпекші болды, ұймыдастырушысынан бір мылтық тәркіленді» дейді [5, с. 141-142].

Түрікменстанның Көне-Үргеніш ауданында Адай руының 1278 шаруашылығы қоныстанған, оларда 4230-түйе, 726-жылқы, 4243-ұсақ малдары бар. 1931 жылдың қыркүйегінде сол қоныс аударған шаруашылықтан №13, №14 екі ауыл кеңесі құрылды. Орталық Комитет БК(б)П Орта Азия бюросының қазақ көшіп келушілерін бұрынғы жерлеріне көшіру туралы шешімін Көне-Үргеніш ауданының партия ұйымы орындаған жоқ. Олар Адайларға жер, шабындық, нан, өндірістік тауарлармен қамтамасыз етуге уәде берген. Көне-Үргеніш ауданының билігі көшіп келушілерден кооперациялық жарна, отын салығын жинағанына қарап отырсақ, Түрікмен билігі оларды тұрғылықты жерге орналастырмақшы. Қазақ үкіметінен Қазақ Атқарушы Комитетінің хатшысы Асылбеков бастап келген комиссия көшіп келушілердің жағдайымен танысып, суықтың түсуіне, малдың арықтауына байланысты оларды Көне-Үргеніш ауданында тұрақты қалдырып, Түрікменстанның азаматтығын беруді ұсынып, оларға кең қолданыстағы тауар мен малын сақтап қалу үшін шара қолдануды ұсынады. Түрікменстан билігі мұндай ұсыныстан бас тартты. Бұл сұрақ бойынша мәселе шешілмей онсызда қиындықтағы қазақтың жағдайы күрделене түсті [6, 9 п.]. Бұл сол кездегі Қазақ үкіметінің басшысы Голощекинге жіберілген мәлімет. Біз мұнан Қазақстандағы жағдайдан Түрікменстандағы жағдайдың біршама жақсы болғанын аңғарамыз. Түрікмен үкіметінің қуғын-сүргіннен, шектен шыққан ұжымдастырудан бас сауғалап көшіп келген адай руының қазақтарын қабылдағанын көреміз. Бұл құжаттан комиссия басшысы Асылбековтың өз жерінен ауып кеткен қазақтарды қыстың күні кері қарай қайтадан

күштеп көшіруге болмайтынын түсініп, сол уақытта ең дұрыс шешім қабылдағанына көз жеткіземіз.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін де Орталықтың теперіштерінен оқшаулау қалған Түрікмен елінде отызыншы жылдардағы үрдісті өзгерістер дендеп ене қойған жоқ-ты. Сондықтан, Түрікменстанның Шағадам, Байрамалы, Тәжен, Бесқала төңірегіне қоныс аударғандардың жағдайлары оншалықты жаман бола қойған жоқ. Олар тұрмыс-салттары мен діні, тілі де егіз қозыдай ұқсас өзбек, түрікмен ұлттарымен тіл табысып, тез сіңісіп кеткен еді.

Жаңа дәуірге аяқ басқан Түрікмен Республикасы Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында жергілікті кадрлар тапшылығын қатты тартты. Өндіріс пен шаруашылыққа, саясатқа басшылық жасайтын білікті азаматтар саусақпен санарлықтай еді. Республикалық Орталық атқару комитетінің тұңғыш төрағасы Нәдірбай Айтақов Маңғыстаудың Ақшұқыр ауылында туып-өскен болатын. «Кетікте» білім алған ол қазақ ағайындарының қадір-қасиетін жақсы білетін басшы еді. Ол Түрікменстан үкіметінің басшылығына сайланғаннан кейін Маңғыстаудан білікті азаматтарды қызметке шақырды. Сондай шақырумен келген ағайынды Сәду мен Құрбан Оңғалбаевтар Түрікменстанда басшы қызметтер атқарды [7, 19б.].

Атамекеннен 1928-1932 жылдар аралығында көшкен қазақтар Бесқалаға шаршап-шалдығып, ауру мен аштыққа ұшырап жеткен. Қолынан малы алынған қазақтар әуелгі әзірде егін салу, жер өңдеу сияқты шаруашылықтың жайын білмегендіктен әрі жаңа қоныстың жеріне, суына, ауасына бірден жерсінбегендіктен көп қиындықтар көреді. Мал түрлі ауруға ұшырап қырылып қалады. Бесқалаға қоныс аударғандар арасында ашаршылық кең тарайды. Бұрындары қорқынышты аты ғана естілетін: безгек, шешек, тырысқақ сияқты жұқпалы аурулар шығып, жас балалар көп шетінейді. Бір қап астық үшін үй жиһаздарын түгел берген отбасылар кейін жалаңаш қалған екен. Сондай қиындықтардың болғанына қарамастан ашаршылықтан құтылудың жолын табуға Түрікменстан өкіметі көп жәрдем бергенін айтуға тиіспіз. Олар босқын қыр қазақтарын отырықшы болуға, колхозға мүшелікке кіріп жер өңдеуге шақырды. Ондай отбасыларға жер, астық, тұқым, жер өңдейтін құрал-сайман берілді. Сол кездегі «Қосшылар одағы» да қазақтардың егін шаруашылығымен айналасуына көмегін аямаған. Көзкөрген ақсақалдардың айтуына қарағанда, алғашқы колхоз-совхоздар Ақтөбе, Ташауыз, Көнеүргеніш, Тагта, Жыланды аудандарында құрылған. Көшіп келуші қазақтар Ақтөбе ауданының «Сегіз аттық» деген жерінде құрылған алғашқы совхозға көптеп кірген. Бірақ, бұл совхоз көп ұзамай тарап кеткен. Себебі, тап сол жерде: «1931 жылғы Адай көтерілісіне қатыстың» деген жаламен Маңғыстаудан қырдан барған қазақтардың 300-ге жуығын ГПУ жендеттері атып, қырып тастағанын ел ұмыткан жоқ еді.

1932-1933 жылдары Көнеүргеніш ауданында: «Қызыл ту», «Қызыл әскер», «Стаханов», «Байрам Тағанов», «Буденный», «Жданов», «Көрелде», «Қызыл Москва», «Қызыл бәйге», «Қызыл шарқ», «Киров», «Карл Маркс» аттарындағы колхоздар қалыптасқан. Оларға тек Маңғыстау мен Үстірттен көшіп барған қазақтардың отбасылары мүше болған. Шаруашылықтар негізінен мақта, бидай егумен, жылқы, қой, сиыр өсірумен айналысқан [8, 26 б.].

Бесқала жеріндегі қазақ азаматтары, ауыл ақсақалдары бас болып, бір ұжымда және бір ауылда шоғырланып, бір-біріне неғұрлым жақын орналасты. Себебі қазақтарды шоғырландыра жайғастыру-ана тілінде оқытатын мектептер ашудың, қазақтың ұлттық сат-дәстүрлерін сақтаудың, той мерекелерді бірге өткізудің қажетті шарттары еді. Мұның өзі атамекеннен алыста, жат жерде жүргендер үшін өмірлік қажеттілік болатын. Мұндай жағдайға жергілікті өкімет те қарсы болмаған [8, 27 б.]. 1945 жылы, 4 қыркүйекте Түрікменстан Республикасы Ташауыз облысы Көнеүргеніш

ауданында дүниеге келген Аймағамбетов Үсенбай берген дерекке сүйенсек, Қоян жылы Жем, Сағыз, Құлсары, Мақаттан көшкендерді Аманбай Жетемісұлы бастаған. Бұл 1927-1928 жылы болып тұр. «Біздің аталарымыз бай болған, малын айдап Бейнеу ауданы, Сам деген жерден көшкен. Әкем бес ағайынды болған (1896 жылы дүниеге келген әкем 1957 жылы қайтыс болды.). Бесеуі де бірге көшкен. Сөйтіп ер-азаматтардың арқасында жол бойындағы басмашылардан аман қалған.

Сол кезде тіпті бір батпан жүгеріге қыздарын беріп қыстап шыққандар да болыпты. «Әкем шойын қазанды жамап, тас диірмен істеген. Етікшілік өнері де болған. Ақысына жұрт қолындағы барын берген. Ол кісі туған жерінен жұт, үкіметтің қысымын көргендіктен ғана кеткен. 1960 жылы Көнеүргеніш қаласына қоныстандық. Мен 1970 жылы Түрікменстандағы Калинин атындағы ауыл шаруашылық институтын бітіріп, «Түрікменсельхозтехника» мекемесінде жұмысшы, инженер-механик, бас механик болып жұмыс істедім. 1980-1987 жылдар аралығында Көнеүргеніш ауданында Ауыл шаруашылық техникалары мекемесінде бас экономист, аудандық әкімшілікте нұсқаушы, училище директоры, аудандық әкімшілікте партия комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқардым. 2003 жылы Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданына көшіп келдік», – дейді.

Ол кісінің айтуынша қандастарымыз 1960 жылдардан бастап Қазақстанға алдымен Мырзашөлге, 1968 жылдардан Бейнеуге көшіп келе бастаған. Ал, өзінің барлық туыстары Қазақстанға оралған. «Біз тұрған Түрікмен жерінде төрт-бес үй қазақ отбасылары көшпей қалған. Екі жыл болды Түрікменстанмен қатынасымыз нашар, өлім-жітімге бара алмай жатырмыз» – дейді.

Ақсақалдың айтуы бойынша бес баласы да жоғары білімді. Түрікменстанның жоғары оқу орын бітірген. «Сол Түрікмен жерінде балаларымды үйлендіріп, қыздарымды тұрмысқа бердім. Құдаларымның, келіндерімнің ұлты қазақ, бәрі осында. Балаларым орыс мектебін бітірді. Ол жақта орыс, қазақ, өзбек және түрікмен мектептері болды. Кеңес одағы ыдырап Түрікменстан тәуелсіздігін алғаннан кейін басқа тілдегі мектептер жабыла бастады. Мектептегі оқушыларға түрікменнің ұлттық киімін киюді талап ете бастады. Содан кейін қазақтар Қазақстанға көше бастады» – дейді [9].

Түрікмен елінің ішкері аймағына орналасқан Мары, Байрамалы өңіріне Маңғыстау қазақтары патша үкіметінің кезінде 1911 жылғы жұттан көшіп барған. Кейін 1928 жылы Маңғыстауда жұт қайталанғанда қайта көшкен. Сол төңіректерде 500 қазақ отбасы мекен етіпті. Ауып көшуге мүжбүр болған қазақ ағайындар аштықтан аман қалып, өкіметті құрысуға атсалысып, әртүрлі салада жауапты қызметтер атқарыпты. Мал шаруашылығын өркендетуге айрықша үлес қосып, Социалистік Еңбек ері атанған Өсербай Құлбатыров, Кеңес Бірқұлақов, Түйеші Төлендиев, Нұрберген Қарабасов сынды озат мамандар шыққан. Сонымен қатар 1928 жылы Форт-Александровскіден Байрамалыға бұрын Қазақстанда Ойыл партия мектебін бітірген Тоқмағамбет Нұрмағамбетов Шымшықтыдағы партия ұйымының жетекшісі болды кейінгі жылдары Байрамалы мен Түрікмен-Қалада, Мары ауданы парткомында хатшылық қызмет істеген. Баласы бүгінде Ақтау қаласында тұрады [10, 48б.].

Мысалы, 1947 жылы 9 тамызда Түрікменстан Республикасы Ташауыз облысында дүниеге келген тарихшы Жұпбанов Қыдырбай ақсақалдан алынған мәліметті келтірсек, «1960 жылы Қызылқопын ауылындағы № 17 жеті жылдық, 1964 жылы Байрамтаған колхозындағы №49 қазақ орта мектебін бітірдім. Сол жылы өзім оқыған мектепте бастауыш сынып мұғалімі және пионер вожатый ретінде жұмыс істей жүріп, 1966 жылы Чаржау қаласындағы В.И. Ленин атындағы Түрікменстан

педагогикалық институты тарих-филология факультетінде сырттай оқып, оны 1972 жылы аяктадым.

Институтта көп казак балалары түрікмен тілінде оқыдық, бізге екі қазақ оқытушысы: Ғали Сағынаев тарих ғылымдарының кандидаты, географиядан Тәжіғұл Мұсағұлов сабақ берді. Бұл кісілер Түрікменстанға бұрын келгендер. Сол оқып жүрген кезімде мені 1969 жылы ауылдан төрт шақырым жердегі Түрікмен колхозындағы №13-ші 8-жылдық мектепке оқу бөлімінің меңгерушісі етіп жіберді. Ауылдан мектепке қатынау қиын болғандықтан жұмыстағыларға Қазақстанға көшемін деп, бірақ көшпей 1973 жылы ауданның ауыл шаруашылық өнімдерін дайындайтын мекемеде «Дайындаушы» болып жұмысқа орналастым.

1977 жылы мені автодүкен меңгерушісі етіп тағайындады. 1984 жылы Түрікменстаннан Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында тұратын немере ағамыз Өмірзақ Жолмағамбетовтың жанына – Қазақстанға Бейнеу ауданына көшіп келдік. Бұл жерде мұнай газ экспедициясының Бейнеудегі бөлімшесінде қойма меңгерушісі қызметін атқардым. 1993 жылы Мұнайлы ауданы Қызылтөбе ауылындағы №18 орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болдым. Қазіргі таңда зейнеткермін. Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы және «Қандастар» кеңесінің мүшесімін.

Біздің әулетіміз 1930 жылдары колхоздастыру кезінде қазіргі Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Табын ауылынан малды бермеу үшін Самның құмын жағалап, Бейнеу арқылы Түрікменстанға өтіп, Большевик колхозының Тоқтыбай жеріне табан тірепті. Онда әр ру жиналған екен, біздің үлкен кісілеріміз сол жерге тұрақтапты.

Әкем екі ағайынды 1900, 1902 жылғы Жұпан және Жолмағамбет. Әкемнің інісі Жолмағамбет әскери батолонға кетіп содан оралмаған.

Әкем Түрікменстанда еңбегіміздің арқасында аштықтан аман қалдық» – деп отыратын дейді.

«Мен Түрікменстанда туылсам, ағам Жұпанов Молақбай 1924 жылы Ақтөбе облысы қазіргі Байғанин ауданы Сам деген жерде дүниеге келген. Ол Түрікмен жерінде алғашқы колхоздың құрылғанын алғашқы мектептің ашылғанын көрді. Педучилищені бітіріп, ауылдық мектепте мұғалім болып жүргенде Ұлы Отан соғысына қатысты. Соғыстан кейін Түрікменстанға оралып, ауылда мектеп директоры, колхоз бастығы қызметтерін атқарды. Ол сол уақытта Көне үргеніш ауданының «Байрам Таганов» колхозын басқарып тұрғанда сол колхоздың сегіз жылдық мектебін орта мектепке жеткізіп, аудандағы басқа колхоздағы қазақ балалары үшін интернат салғызды. Ол туған жерден жырақта бөтен елде жүрген қазақ балаларының өз ана тілінде білім алуына қамқорлық жасады», – дейді [11] Қыдырбай ақсақал.

Түрікменстанның Орталық партия комитетінің хатшысы Сәду Оңғалбаев Ташауыз округінде жергілікті жағдайды жақсы білгендіктен, Маңғыстау жерінен көшіп келгендерді коныстандыру бойынша 1931 жылдың қыркүйегінде іссапармен болып, округтердегі аудандарды аралап, ашаршылық боскындарымен жүзбе-жүз кездесіп, колхозға кірген отбасылардағы әрбір жанға 20 килограммнан астық бергізді. Республикалық кордан жіберілетін астықтың, ұнның киім-кешектің мөлшерін екі-екі жарым есе көбейтуді үкіметтен сұрады. Қыс түскенше Ташауыз үшін бөлінген азық-түліктің толық тасылуын, олардың қоймаларға жиналуын қамтамасыз етті. Әке-шешесі өлген жетімдерді балалар үйіне тапсырды. Осы округте 30-ға жуық колхоз құруға мұрындық болды. Жаңадан құрылған колхоздарға мектептер ашып, мұғалімдерді шақырып, аудан орталықтарынан дәрігерлердің келіп тұруына жағдай жасады. Жалпы ол ашаршылықты тоқтатып, ашарлық боскындарын

орналастыру бойынша төтенше уәкіл ретінде осындай мәселелермен айналысты. 1932 жылы Түрікмен Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне жоғарылап елге деген қызметін жалғастырды [12, 66-69 б.].

Түрікменстанда Одақ тарағанға дейінгі ресми мәліметтер бойынша 89 мың қазақ тұрып келген екен. Бір айта кететін жай, Түрікменстандағы қалалар мен үлкенді-кішілі кенттердің қай-қайсысында да «Қазақ ауылы» деп аталатын шағын аудандар әліге дейін кездеседі, тіпті, сол «ауылдарда» бірде-бір қазақ отбасы тұрмаса да, дәл осылай «Қазақ ауыл» атанып келеді. Қазақтардың әу баста қоныстанған кезде жұптарын жазбай, ағайын-туыстарымен бірлікте отырғанына бұл да бір дәлел.

Түрікменстанда соңғы жылдарға дейін 40-тан астам қазақ мектептері жұмыс жасап келсе, қазір бұл көрсеткіш мүлдем азайып кеткендігін айту керек [7, 20 б.]. Мұның басты себебі – қазақтардың атажұртқа қайта оралуында.

Архив құжаттарынан көргеніміздей Қазақстан үкіметі көршілес республикаларға көшіп, босып кеткен қазақ босқындарын елге қайтару мәселесімен үнемі айналысты. Оларды Қазақстанның барлық облыстарына орналастырып, өндірісте, ауыл шаруашылығында жұмыс істетті. Жағдай тұрақтала бастаған соң Қазақстанның өз ішінен алғашқы тұрғылықты мекендеріне көшуді мәселе етіп қоя бастады. Бұл сөзіміздің дәлелін Қазақ елінің Орталық атқару Комитетінің Төрағасы Ұ. Құлымбетовтың 1937 жылдың 22 маусымындағы мәлімдемесінен көруге болады. «ҚазЦИК-ке қазақ азаматтарынан, бұрынғы қоныс аударушылардан, қазіргі кезде бұрынғы тұрғылықты жерлеріне көшуге ниет білдірген Қазақстан ішінде шаруашылық тұрғыда ұйымдастырылған азаматтардан көптеген өтініштер келіп түседі. Алайда, әр түрлі сылтаулармен жергілікті ұйымдар олардың, әсіресе малдың кетуіне жол бермейді. Өз аудандарына қоныс аударғысы келетіндердің арасында мемлекет есебінен мақта және қызылша аудандарында ұйымдастырылған бұрынғы көшіп келгендер бар, оларда қоғамдық малдың үлестік басымен қатар жеке пайдалануында да бірнеше мал басы бар. Бұл мәселе бойынша арнайы шешім қабылдап, партиялық және кеңестік бағыттағы орындарға нұсқау берген жөн болар еді. Атап айтқанда, мен техникалық дақылдар аудандарынан тыс орналасқан колхозшыларға, егер олар теміржолмен байланысты болмаса, өз аудандарына көшуге рұқсат беремін деп ойлаймын. Бұған қатысты Жарғының талаптарына сәйкес әрекет ету керек екені түсінікті. Техникалық дақылды аудандарда қоныс аударушыларға қатысты жаппай түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оларға қолайлы жағдай жасау керек» [13, 39 п.] – дейді ол.

Қазақтардың атажұртқа ат басын бұруы тарихи бірнеше кезеңдерден тұрады. Мұның да тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық себептері жеткілікті. Қазақстан тарихында «жылымық» атанып жүрген 1950-1960 жылдардың орта тұсында Иран, Ауған елдеріндегі отандастарымыз атамекенде қалған туыстарымен хат-хабар алмасуға мүмкіндік алды. Алыс шетелдердегі жерлестеріміз атажұрттағы әрбір жаңалыққа еленде́й құлақ түріп, ел мен ел арасындағы саяси ахуалдарды қас қақпай қадағалап, көңіл сарабына салып отырды. Шетелдердегі бауырларымыздың өтініш-тілектеріне орай: «Отан» қоғамы, «Біздің Отан» газеті, «Шалқар» радиобағдарламасы дүниеге келіп, Қытайдағы 600 мыңның үстіндегі отандастарымыздың бергі бетке үдере қоныс аударғаны – осы тұс.

1960 жылдардың бас кезінде Маңғыстау түбегінен мұнай селі атқылап, өндірісі өрлеген кезде Түрікменстанның мұнай кәсіпшіліктерінде, химия өнеркәсібі салаларында еңбек етіп жүрген жерлестеріміз ойланбастан атажұртқа ат басын

бұрды. Олар, негізінен, Жаңаөзен, Ақтау қалаларының іргетасын қалап, Жетібай жеріндегі «қара алтын» қазынасын игеруге атсалысты.

Соғыстан кейінгі жылдары Красноводск ауданының Қызылқия деген жерінде уран кені ашылып, қазақтардың көпшілігі осы кеніште еңбек еткен болатын. Бұл кен орны 1964 жылы жабылды да көптеген қазақ отбасылары жаңа ашылып жатқан Маңғыстау өндірістеріне келді. Олар, негізінен, Ақтау қаласы түбіндегі уран кенішіне орналасты.

Ұлы көштің легі Кеңестер Одағы деп аталатын ұлы держава ыдыраған тұста ерекше күшейді. Маңғыстау облысы бойынша көші-қон және демография жөніндегі басқармаға тіркелген оралман бауырластарымыздың санына назар аударсақ, Маңғыстауға 1992-2002 жылдар аралығында барлығы – 41024 адам келген, соның 23756-сы Түрікменстаннан келген ағайындарымыз екен [7, 21 б.]. Оның бір себебін Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданында тұратын Сәрсенбибі Кушурова:–«Ал, біздің Түрікменстаннан көшіп кетуімізге мына оқиға себеп болды. 1992 жылы 6 мамырда күйеуім Өтешов Еламан бір мекемеге жұмысқа шықпақшы болып, арызын жазып келе жатқанда көшеде бір топ болып тұрған түрікмен жігіттерінің «Тәуелсіздік алдық, енді қазақтың малы да, дүниесі де, керек болса қатыны да біздікі» – деп айтып тұрғанын есітіп қалыпты. Намыстанып кетіп қолына тас алып, төбелеспекші болады да, олар көп, мен жалғызбын деп райынан қайтады. Осы оқиғадан кейін ол бізге енді Түрікменстанда қалуға болмайды екен, көше алмай қаламыз – дегенді кесіп айтты. Содан 1992 жылы 19 майда үйді де, жайды да, отбасылы болған балаларды да қалдырып, жүкті бір машинаға тиеп, өз күшімізбен елге көшіп келдік. Орналасып алғаннан соң сол жылы балаларды, тұрмыстағы қыздарымызды отбасыларымен елге көшіріп алдық [14]»-деп еске алады.

Биыл 2021 жылдың 13 мамырында Түрікменстаннан 250-ден астам қазақ тарихи отаны – Маңғыстауға, Жаңа Өзен қаласына пойыз арқылы көшіп келді [15].

2020 жылы 1700-ден астам қандасымыз көшіп келді. Оның 1025-і Түрікменстаннан, 629-ы Өзбекстаннан, Ираннан 44, Ауғанстаннан 19 адам қоныс аударған. Олардың Маңғыстау облысы бойынша қоныстану көрсеткішін төмендегі кестеден көруге болады [16].

1 кесте. Маңғыстау облысы бойынша Орта Азия республикаларынан келген қандастар (2020 ж.) [16].

Аудан атаулары	Саны
Мұнайлы ауданы	1117
Ақтау қаласы	329
Бейнеу ауданы	186
Қарақия ауданы	62
Түпкараған ауданы	37
Жаңаөзен	5
Маңғыстау ауданы	1

Қарап отырсақ, Мұнайлы ауданы көш бастап тұр. Қазіргі жаһандық пандемияға байланысты шекаралар жабылғандықтан көшіп келушілердің санының саябырлағанын аңғаруға болады. Сонымен қатар Маңғыстау жеріне көшіп келушілердің көпшілігі Түрікменстан елінен екендігін айтқымыз келеді. Сол Түрікменстан жерінен көшіп келушілердің санының артуы сол елдегі саяси жағдайға байланысты екенін тұспалдаймыз.

Жалпы 1992 жылдан бастап Маңғыстау облысына 133 мыңнан астам қандас оралған.

Қорыта айтқанда қазақтар Түрікменстан жеріне Маңғыстаудан 1928 жылдары, ал Қазақстанның басқа өңірлері мәселен Ақтөбе облысы Байғанин ауданынан 1930 жылы коныс аударған. Кейінгілері ашаршылық салдарынан туған жерінен босып кеткен. Соның өзінде дәстүрді сақтап, ауыл – ауыл болып ру ақсақалының басшылығымен көшкен. 2021 жылдың шілде айында Маңғыстау облысына Түрікменстаннан көшіп келгендерден алынған сұхбатымызды сараласақ барлықтарының руы Адай. Жұт және ашаршылықтан көшіп барған қазақтар Түрікмен жерінде колхоздастыру жұмысына араласқан. Сол жерде оларға «Адай» көтерілісіне қатысты, бай баласы т.б. айыптар тағылып, 1937-1938 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған. Олар Екінші дүниежүзілік соғысқа Түрікмен жерінен аттанып, жеңіске де үлестерін қосты. Кейін Н.С. Хрущевтің билігі тұсында ғана олар Қазақстанға, соның ішінде Маңғыстауға көшіп келе бастады. Ал, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ көші қайта жанданды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жетекбай Б. Қазақтардың Түрікменстанға қоныстануы. Кітапта: Балқан тауға барған ел (Маңғыстау қазақтары - түрікмен жерінде)-энциклопедиялық жинақ. Құрастырған М. Жетекбаев. – Ақтау, «Бабамұра-М», 2006 ж. – 392 б.

2. ҚРПА 719 қ. 2-т. Іс-126. 178-184 п.

3. ҚРПА 141 қ. 1-т. Іс-5076. 1-12 п.

4. ҚРПА 141 қ. 1-т. Іс-5062. 10 п.

5. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы Том 3. Конец 1930-1933. – М., 2000. – С. 141-142.

6, ҚРПА. 144 қ. 1-17. Іс-465. 9 п.

7. Інірбайұлы Е. Түрікмен ауып, Иран барған... Кітапта: Балқан тауға барған ел (Маңғыстау қазақтары – түрікмен жерінде)-энциклопедиялық жинақ. Құрастырған М. Жетекбаев – Ақтау, «Бабамұра-М», 2006 ж. – 392 б.

8. Алиманов О. Маңғыстау қазақтары Бескала жерінде. Кітапта: Балқан тауға барған ел (Маңғыстау қазақтары – түрікмен жерінде)-энциклопедиялық жинақ. Құрастырған М. Жетекбаев. – Ақтау, «Бабамұра-М», 2006 ж. – 392 б.

9. Аймағамбетов Үсенбай. – мәлімет беруші. Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, 2021 жылдың 26 шілдесі.

10. Ахметов С. Мары, Байрамары қазақтары. Кітапта Балқан тауға барған ел (Маңғыстау қазақтары – түрікмен жерінде) – энциклопедиялық жинақ. Құрастырған М. Жетекбаев. – Ақтау, «Бабамұра-М», 2006 ж. – 392 б.

11. Жұпбанов Қыдырбай – мәлімет беруші. Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе ауылы 2021 жылдың 26 шілдесі.

12. Алиманов О. Ағайынды Оңғалбаевтар. Кітапта Балқан тауға барған ел (Маңғыстау қазақтары- түрікмен жерінде)-энциклопедиялық жинақ Құрастырған М. Жетекбаев - Ақтау, «Бабамұра-М», 2006 ж. – 392 б.

13. ҚР ОМА 5 қ, 1-21, іс-200, 39 п.

14. Кушурова Сәрсенбибі. Мәлімет беруші. Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, 2021 жылдың 26 шілдесі.

15. Асылбек Б. «пойыздан түсе сала жерді сүйдім». Түрікменстан қазақтары тарихи отанына қалай оралды?https://www.azattyq.org/a/31259587.html Тіркелген күні, 17 мамыр 2021 ж.

16. Қандасымыз көшіп келді // https://mangystautv.kz/kz/news/society/1737-kandasymyz-koship-keldi. Тіркелген күні, 22 қаңтар 2021 ж.

ҚОРЫТЫНДЫ

Монографияны жазу барысында нақтылағанымыз: кеңестік биліктің тәркілеу, отырықшыландыру, ұжымдастыру, өндірістендіру, астық пен ет тапсыру және т.б. науқандарын жүргізу кезіндегі халықтың барлық дерлік әлеуметтік топтарының өкілдерін жайпап кеткен жазалаулауларынан жапа шеккендер – кеңестік биліктің құрбандары болып табылады. Солардың ішінде тәркіленуден қашқан байлар мен кулактар, шаруалар көтерілістеріне қатысқандар, сол көтеріліске қатысқандарды басып-жаншудан қашқан көтерілісшілердің отбасы мүшелері, алым-салық мөлшерінің көптігінен қолындағы барынан айрылып, ашаршылыққа ұшырау негізінде қайыршыланған, өлгендерінен қалғандары жаппай босқыншылыққа ұшыратқан халықтың барлық әлеуметтік топтарының өкілдері (ішінде жаңа құрылған колхоздардың колхозшылары да) және т.б. бар. Міне осы топтың өкілдерінің барлығының мәжбүрлі көші-қонын Кеңес билігіне қарсы наразылығынан туған қарсылық қозғалыстарының бір түрі деп атаймыз.

XX ғ. 20 жж. соңы – 30 жж. басындағы бір-бірімен жалғасқан мәжбүрлі көші-қонның немесе босқыншылықтың бастамасы – сырт елдерге қоныс аударуға мәжбүр болғандардың алғашқы легіне тәркілеуден қашқан ірі байлардың, орташалар мен кулактардың көші жатады. Ол көшпен астасып жалғасқан екінші толқын – халық көтерілісіне қатысқандардың жазалаудан қашып, шетел асқандарының көші, кеңес билігінің құрығынан құтылмасын білсе де, мал-жанын сақтамақ болып ауа көшкендердің легі. Бұл үрдіс біртіндеп жаппай халықтық сипатқа ие болды. Себебі, 1931 ж. егіннің шықпай қалуынан, мал басының күрт кемуінен, салық мөлшерінің өсуінен төлеуге күші жетпей, күн-көріске қажетті азығы таусылған халық Қазақстанның өн бойында ел ішілік және сыртқа көш сипатындағы көші-қон толқынының жаңа түрін - босқыншылықты туғызды. Бұл көш экономикалық жаңынан тиімсіз, қаржылық жағынан қамтамасыз етілмеген, құқықтық жағынан ешбір еленбеген, саяси жағынан билікке қарсылық түріндегі көшу болды.

Ұлттық белгісіне орай кемсіту, босқын қазақтарды барған жерлерінде адам құрлы көрмей, шыбындай қырылғанын да елең қылмау, тек өліктерін қала ішінен алыстату үшін, арбаға салып алып кетіп топтап көму және т.б. жағдайлар орын алды. Ғасырлар бойы дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысып келген қазақтардың жартысына жуығының жойылуының негізгі себебі Кеңестік биліктің қазақ ұлтының даму серекшеліктерін ескермей жүргізген саясаты. Сондықтан осы жылдардағы халықтың негізгі бөлігі ашаршылық пен босқыншылыққа ұшырады.

1920 жж. соңы – 1930 жылдардың басындағы қазақтардың мәжбүрлі қоныс аударуы кеңестік кезеңдегі қазақтардың алғашқы ірі қоныс аударуы болды. Қашып, көшіп барған жерлерде қазақтың қырылуы, қайғылы тағдыры жүрек сыздатады. Өз кезегінде жергілікті билік пен халық қолдан келгенше көмек көрсетті. Қазақстанмен іргелес өңірлерде ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті дамыту қазақ босқындарын жұмысқа орналастыруға ықпал етті және оларға өмір сүруге мүмкіндік берді. Өз кезегінде қазақ босқындары қазақ диаспорасының дамуына, сондай-ақ барған өңірлерінің әлеуметтік-демографиялық және экономикалық процестеріне елеулі үлес қосты.

Өкінішке орай, қазақ босқындарының, олардың ашаршылыққа дейінгі және одан кейінгі тағдырларының есебі жүргізілмеді, сондықтан осы монографиядағы мәліметтерді орындаушылар босқындардың ұрпақтарынан, туыстарынан, достарынан, бірге жұмыс істеген әріптестерінен сауалнама жүргізу арқылы анықтады. БАҚ материалдары бойынша қазақ босқындары мен олардың

ұрпақтарының бірнеше жарқын өкілдерін табуға мүмкіндік туды. Байқағанымыз босқындардың көптеген ұрпақтары өздерінің отбасылық тарихының егжей-тегжейін білмейді.

Ашаршылық кезінде шетелге ауған босқын қазақтардың бірі - жоба орындаушысы З.К. Курмановтың туған әжесі – Талас жерінен баспана мен Отанын тапқан Қапаш Бийменова болды. Ақпаратты анасынан там-тұмдап жинаған ғалым ашаршылық жылдарындағы босқыншылық тарихын ашуға өз үлесін қосты. Әжесі (74 жасында қайтыс болған), Киров ауданы «Бақайыр» колхозының мүшесі болды. Осы тау айылынан аты аңызға айналған Айтматов Джамила шыққан екен.

Қазақ босқындарының арасынан белгілі ғалым, Қырғыз КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Анварбек Хасанов шықты. Ол 1914 жылы Семей облысының Маршан ауылында дүниеге келген. 1934-1938 жылдары тарих факультетінде оқып, Қырғызстандағы тарих ғылымдарының алғашқы кандидаттарының бірі болды. 1965 жылы Қырғызстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды. Өмірінің соңына дейін 1984 ж. КМУ-де кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді. Қырғыздардың көрші халықтармен қарым-қатынасы тақырыбы бойынша маманданған. Жақында жерлестері оған Семей қаласында ескерткіш орнатты.

Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаевтың өмір эпосы да Ашаршылық кезеңімен және Қырғызстанның тарихымен байланысты. Ол Талдықорған облысы Қаратал ауданы Кальпе ауылында дүниеге келген. Ұжымдастыру жылдарында Кемел Тоқаевтың отбасы ашаршылық салдарынан Отанынан кетуге мәжбүр болды. «Отбасылық кеңесте, – деп жазады «Әке туралы» кітабында Қазақстан Президенті Қасымжомарт Тоқаев, – Фрунзе қаласына жетіп, қазақ ұрпағын жоя жаздаған аштықтан құтылуға тырысу туралы шешім қабылданды. Фрунзеге дейінгі жол ұзақ және ауыр болды» [70]. Кемел Қырғызстанда 10 жыл тұрып, содан кейін отанына оралып, майданға кетіп, Қазақстанның өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін алғанға дейін өмір сүрді.

Өткен қорқынышты қайғы енді идеологияның немесе мемлекеттік құпияның объектісі бола алмайды. Ата-баба жады, ежелгі ата-баба культі өтірікке жол бермейді. Біз осы кеңестік «саяси экспериментте» қаншама әкелеріміздің, аналарымыздан, туыстарымыздан, жақындарымыздан айырылдық. Біз жаңа адамды тәрбиелеу және жаңа қоғам құру бағытында жүре отырып, сұмдық эксперименттердің тарихын ашып, дамыған елге тиесілі қадамымызды бастап кеттік.

Бұл монография 2020 ж. жұмысы басталған «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшпелілері: орналасуы мен бейімделуі» жобасы аясында дайындалды. Келесі, 2021 жылдан бастап Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандарды ақтау тапсырмасына қатысты республикалық, өңірлік, қалалық мемлекеттік комиссиялар жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін есімдерін, тарихын анықтау жұмыстарын жүргізуде. Солардың ішінде ауа көшкен босқындар тобы бар. Сол босқындардың ішінде арнайы саяси әрекетіне қатысты ресми жазаланғандары, қуғын-сүргінге ұшырағандары бар. Босқындардың осы тобы арнайы шешім негізінде жазаланған болғандықтан, олар ақтау үдерісіне кіреді. Мемлекеттік комиссияның тапсырмасынан бір жыл бұрын бастаған ізденіс жұмыстарымыз осы комиссияның мақсатымен сәйкес келді. Себебі біздің жобаның нысанының бірі ашаршылық жылдарында ауа көшкен босқындар мәселесі болып табылады. Осыған орай айтатынымыз - босқыншылыққа ұшырап, ауа көшкендердің

басым көпшілігі қуғын-сүргінге ұшырағандар тобы ретінде есептелінгенімен, арасында ауа көшкені үшін арнайы жазалау, сот шешімі болмағандықтан, оңалту-ақтау үдерісіне есімдері кіргізілмейтін бөлігі бар. Әрине, босқындар ішіндегі қызметтеріне, іс-әрекеттеріне байланысты қамауға алынып, арнайы жазалау шешімдері қабылданған жекелеген адамдарға байланысты «ақтау», оңалту шаралары жүргізіледі. Тұтастай босқыншылыққа ұшырағандарды толығымен ақтау үдерісіне кіреді дегенмен, олардың өзін толық анықтау мүмкін болмай тұр. Сондықтан, тарихи әділдік үшін, зобалаң жылдар құрбандары ретінде атын атап, түсін түстеп, ата-баба дәстүрімен құран бағыштап, құрмет көрсету сауапты іс болар еді. Мысалы, Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің қорларынан[1] сол кездегі Қызылорда округының ауыл-ауылдары бойынша ауа көшкендер (откочевники деп берілген) тізімі кездесті.

Дүние жүзінде 5,5 млн адам тұратын қазақ диаспорасының өкілдері өмір сүреді және жұмыс істейді.

Биыл Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайының өткеніне 30 жыл толды. 1992 қыркүйек – қазан айларында өткен әлем қазақтарының тұңғыш басқосуы әртүрлі жағдайда шетелге кеткен қазақтар ұрпақтарының тарихи отанына қайта оралуының жаңа кезеңін бастады. Тәуелсіздік қазақ ұлтының бас қосуына әкелді. Ұлы көш басталды. Қандастар мен диаспора мәселесінің тарихы өзінше бір төбе, айтпағымыз, осы көш сонау ашаршылық жылдары босқын болып кеткендердің «тарихи жарасының» жазылуына, олардың ұрпақтарының бірқатарының тарихи отанына қайта оралуы арқылы ұлттық жадыда сақталынған тарихи әділетсіздікті жеңуге жол ашты.

Себебі ашаршылық жылдарында мәжбүрлі көшкендердің ұрпақтарының өз ата-бабаларының кіндік қаны тамған жерге қайта оралуы - тарихи әділдіктің орын алуы болып табылады. Шетелдегі қазақ диаспорасының бір бөлігі нәубет жылдары ауа көшкендердің ұрпақтары болып табылады.

Сонымен, ашаршылық тақырыбының зерттелмеген тұстары жеткілікті. Күні бүгінге дейін негізінен ауызша жеткен мағлұматтарға сәйкес, босқындардың жолда қырылуы көп орын алған. Ресми кеңестік өкіметтің заңдық бақылау аймағынан шығып кеткен соң олардың одан ары көшу-босу бағыттары Қытай (ол арқылы бірнеше бағыт шығады), Қырғызстан, Сібір аймағы, Еділ бойы, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Ауғанстан мен Иран және т.б. болды. Босқындардың кеткендегі саны, межелі жерге жеткендегі саны, жолда қырылғандардың (көш кезінде өлгендер мен бұзақылар ретінде атылғандар, қарақшылар қолынан қаза тапқандар, сол жылдардағы табиғи өсім, барған жерлерде сүйектері қалғандар т.б.) саны әлі де нақтылауды қажет етеді. Себебі зерттеу барысында «босқындар» тақырыбының барлық қырын бір зерттеуде ашу мүмкін еместігі анық болды. Сонымен бірге, босқындар тізімі көптеген архивтерде кездесті. Олардың өзін жинақтап беру бірнеше томға созылатын құжаттар жинағын шығаруды қажет екендігі көрінді. Қайткенмен де, олардың аттары «Қаралы кітаптан» орын алуға толығымен құқықты!

А.И. Құдайбергенова

[1] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві. 33 к. 1 т. 176 іс.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

АЕМБ – Атқарушы еңбек мекемелері басқармасы
АКСР– Автономиялық кеңестік социалистік республикасы
АҚШ - Америка Құрама Штаттары
АХК – Ағарту Халық комиссариаты
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
БашАКСР – Башқұрт Автономиялық кеңестік социалистік республикасы
БК(б)П – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы
БК(б)П АК – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының аудандық комитеті
БКП (б) ОК – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық комитеті
БКП (б) Қырғыз облкомы – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы Қырғыз облыстық комитеті
БЛКЖО - Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы
БМСБ (ОГПУ) – Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (Объединенное государственное политическое управление)
БМСБ ӨӨ (ПП ОГПУ) - Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың өкілетті өкілі (Полномоченный представитель Объединенного государственного политического управления)
БОАК – Бүкілодақтық атқару комитеті
ВДНХ – Выставка достижений народного хозяйства
ГУЛАГ – Главное управление лагерей
ГПУ – Государственное политическое управление / Мемлекеттік саяси басқармасы
ДнепроГЭС - Днепр гидроэлектр станциясы
ДСХК – Денсаулық сақтау Халық комиссариаты
ЕҚК - Еңбек және Қорғаныс Кеңесі
Еңбек ХК – Еңбек халық комиссариаты
ЖЭС – Жылу-электр станциясы
Зав. –заведующий
Ив. – Иван
ҚАКСР – Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республиикасы
КОКП – Кеңес Одағы коммунистік партиясы
КСРО – Кеңестік социалистік республикалар одағы
КСРО ҒА – Кеңестік социалистік республикалар одағының Ғылым академиясы
КФФҚ - Кино-фото-фоно құжаттар
ҚазАКСР – Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республиикасы
ҚазАКСР БМСБ ӨӨ - Қазақ автономиялық Кеңестік Социалистік Республиикасы Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының өкілетті өкілі
ҚазАКСР ХКК - Қазақ автономиялы кеңестік социалистік республикасының Халық комиссарлар кеңесі
ҚазКСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚазОАК – Қазақ Орталық атқару комитеті
ҚОПК Қазақ облыстық партия комитеті
Қазөлкеком – Қазақ өлкелік комитеті
ҚАҚСР - Қазақ автономиялы кеңестік социалистік республикасы
ҚарМУ – Қарағанды мемлекеттік университеті
Қаржы ХК – Қаржы халық комиссариаты

ҚҚАКСР – Қаракалпақ автономиялы кеңестік социалистік республикасы

Қырғыз АКСР ХКК ХАК – Қырғыз автономиялы кеңестік социалистік республикасы

МБСБО – Мемлекеттік біріккен саяси басқарма органдары

МҚК – Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті

ММУ – Мәскеу мемлекеттік университеті

ММХҚИ – Ресей Федерациясының Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институты

МТС – Машина-тракторлы станция

Наркомздрав – Народный комиссариат здравохранения

Наркомснаб – народный комиссариат снабжения

Нацмен – национальные меньшинства

Ниж.-Волжелдорстрой – Нижне-Волжский железно-дорожное строительство

ОАӘО – Орталық Азия әскери округы

ОАК – Орталық атқару комитеті

Обком – Облыстық комитет

ОГПУ - Объединённое государственное политическое управление

ПП ОГПУ – Полномочное представительство Объединённого государственного политического управления

ООБМА – Орынбор облыстық біріккен мемлекеттік архиві

Оргнабор – Организационный набор

Ортазбюро – Орталық Азия бюросы

Өлкелік КК През. - Өлкелік комиссарлар кеңесінің президиумы

Помгол – Помощь голодающим

Рабфак – рабочий факультет

РИК – Районный исполнительный комитет

РККА – Рабоче-крестьянская Красная армия

РКФСР – Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы

РМӘСТА – Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві

ХКК – Халық комиссарлар кеңесі

ХШЕБ – Халық шаруашылығы есебінің басқармасы

ШҰАА (СУАР) – Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы (Синьцзян-Уйгурский автономный район)

ІІХК – Ішкі істер халық комиссариаты

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ 3

КІРІСПЕ 5

1 ТАРАУ XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘЖБҮРЛІ КӨШІ-ҚОНЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік мәселелері (Құдайбергенова А.И.) 10
1.2 Отандық және шетелдік тарихнамада қазақ босқындары мәселесінің зерттелуі (Мамытова С.Н.) 19
1.3 Шетелдік тарихнамада қазақ босқындары мәселесінің зерттелуі (Кубеев Р.Д.) 26
1.4. Зерттеудің дереккөздері 35
1.4.1 Қазақстан архивтеріндегі ашаршылық пен босқыншылық тарихына қатысты құжаттар (Исенов Ө.И.) 35
1.4.2 Қырғызстан архивтеріндегі қазақ ашаршылығы тарихының деректері (Курманов З.К.) 39

2 ТАРАУ XX Ғ. 30-ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘЖБҮРЛІ КӨШІ-ҚОНЫ

2.1 Қазақ даласындағы ашаршылық және онымен күрес (Исенов Ө.И.) 47
2.2 Қазақстандағы шаруалар көтерілістері және мәжбүрлі көш 71
2.2.1 Қазақстандағы 1929-1932 жж. шаруалар көтерілістері және қазақтардың ауа көшуі - халық наразылығы (Құдайбергенова А.И.) 71
2.2.2 «Ауа көшу» немесе 1930 жж. көтерілісшілердің шекарадан өтуі (Мұсағалиева А.С.) 84
2.3 Биліктің ашаршылықтан қашқан босқындарды қайтару мәселесіне орай жүргізген саясаты (Құдайбергенова А.И.) 94
2.4 Қазақстандағы ашаршылық пен босқыншылықтың демографиялық салдарлары (Құдайбергенова А.И.) 105

3 ТАРАУ XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ РЕСЕЙДІҢ ІРГЕЛЕС АУМАҚТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ

3.1 Ресей аймақтары бойынша қазақ босқындарынының орналасу ерекшеліктері (Қозыбаева М.М.) 117
3.2 Батыс Сібірдегі босқын қазақтардың бейімделу мәселелері (Қозыбаева М.М.) 125
3.3 Қазақтардың Алтай өлкесіне мәжбүрлі түрде қоныс аударуы (Мамытова С.Н.) 132
3.4. Еділ бойындағы босқын-қазақтар (Кубеев Р.Ж.) 144

4 ТАРАУ XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ

4.1 Қазақ босқындарының Орта Азия республикаларындағы орналасуы мен бейімделуі (Құдайбергенова А.И.) 157
4.2 Қырғызстандағы қазақтың аш босқындары (Курманов З.К.) 167
4.3 Өзбекстанда қазақ босқындарын орналастыру мәселелері (Құдайбергенова А.И.) 194
4.4 Қарақалпақ жеріне қоныс аударған қазақ босқындарының қоныстануы мен бейімделуі (Байдалы Р.Ж.) 208
4.5 Тәжікстан Республикасына қоныс аударған қазақ босқындары: олардың бейімделуі (Исенов Ө.И.) 218
4.6 Түрікменстандағы қазақ босқындарының орналасуы (Байдалы Р.Ж.) ... 243

ҚОРЫТЫНДЫ 252
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР 255
МАЗМҰНЫ 257

Құрастырушылардан: Титулды беттегі фотосуреттер Орынбор облысының біріккен мемлекеттік архивінің (Орынбордағы Қызыл кресттің ресейлік қоғамы. Тамыз, 1933 ж.) [Орынбор облысының біріккен мемлекеттік архиві, Фотоқор. 3 т. Т. 3. П-3364] және Павлодар облыстық мемлекеттік архивінің [ПОМА. 1508 қ. 1 т. 4-15 іс.] қорларынан алынды.

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары»

ҰЖЫМДЫҚ МОНОГРАФИЯ

«Мадияр» ЖК типографиясы

Теруге 21.10.2022 берілді. Басуға 26.10.2022 қол қойылды.
Пішімі 70*100 1/16. Қаріп түрі «Times New Roman»
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 16.1
Таралымы 1000 дана.